

Мұрат НҰРМҰХАНБЕТҰЛЫ

A portrait of Murtan Nurmukhanbetuly, a middle-aged man with dark hair, wearing a black suit jacket over a white shirt and a light-colored tie. He is looking slightly to the left of the camera with a neutral expression. The background is a dark brown wall with intricate, repeating geometric patterns in a lighter shade of brown.

*Сұлденүде*

**ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАНЫМ!**

**Мұрат НҰРМҰХАНБЕТҰЛЫ**

**ГҮЛДЕНУДЕ  
ЕГЕМЕНДІ  
ҚАЗАҚСТАНЫМ!**





ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5Қаз)  
Н 86

**Нұрмұханбетұлы М.**

Н 86 **Гүлденуде егеменді Қазақстаным!** – Алматы:  
«NURBOOK» баспасы, 2023. – 624 б.

ISBN 978-601-06-7692-3

Бұл кітап ақын, ұлтқа үлесін қоссам деген адал ниетті азаматтың Отанға деген ыстық ықыласынан туған өлең-жырлары мен дастандарынан тұрады. «Отанды сүйеманынан» деп асыл дініміздің өзі нұсқау жасайды. Автор сол мақсатпен тебірене жыр толғатқаны көрініп тұр.

Кітап барша оқырманға арналады!

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-06-7692-3

© Нұрмұханбетұлы М., 2023  
© «NURBOOK» баспасы, 2023

## АВТОРДАН

*Алпыстан асып ақсақал боп,  
ұрнаққа айтар сөзім бар.*

*Абайдай ұрнағыма сөз қалдырып,  
жақсы еді-ау, әттеген-ай өлу деген.*

*Әсет Н.*

Бабалар аңсаған ғасырлар бойы тәуелсіздікке де қол жеткізгенімізге бірнеше жыл болды. Қазақстанды мекендеген жүзден астам ұлттардың ауызбірлігінің, білек түріп еңбек еткен тірлігінің арқасында зор табысқа қол жетті.

Кей мемлекеттер көп ұлтты Қазақстан халқынан береке-бірлігінен үлгі алуда.

Қазақ ұлтының ұлылығына, даналығына, еңбекқор тектілігіне көзі жетіп зор табысына көңілдері толды.

Сириядағы қақтығыстар әлем халқын алаңдатып өтіп жатқанына Елбасымыздың еңбегі зор.


Елбасымыз алпауыт мемлекеттерді атом деген тажал қарудан бас тартуға ауызбірлік, береке бірлікке шақыруда. Әділдік адамдық даналығының арқасында Қазақстанды әлем танып егемендігін мойындап Қазақстанның беделі артуда.

Әр түрлі себептермен тарыдай шашылған қандастарымыз атамекені Қазақстанына оралып жатыр. Егеменді ел болғасын ата жұртына арман болған, тас болып бекітілген шекара есігі ашылды, бұдан артық бақыт барма?! Егемендіктің бағасын, қадірін білсе екен дейміз. Атамекеніндегі қандастары құшақ ашып қарсы алуда. Шет елдердің тәрбиесін алған, өзге орта да тәрбиеленген қандастарымыздың мінез-құлқында азда болсын өзгешелік болатыны көпке аян. Сондықтан да, көп мінеп сынамай төзімді болған дұрыс қой, – деп ойлаймын. Ата жұртым деп аң-

сап, сағынып, қандасым деп бүйрегі, қаны бұрмаса келмес еді. Сондықтанда атамекенім, қандасым деп соққан жүректерін нағыз қазақылық тектілік парасаттылықпен, жүзшілдікке, рушылдыққа бой алдырмай, мәдениеттілікті сақтап, бауырмашылдықты, адамдықты көрсетіп көмектескен дұрыс ақ. «Бөлінгенді бөрі алады», – деген ата бабаларымыздың нақыл сөздерін ұмытпайық. Ата жұртым деп келгесін пенделік бос сөздерге бой алдырмай, ата жұртының гүлденуіне үлес қосқан дұрыс ақ. Көп ұзамай ақ ата мекеніндегі қандасқа бауыр басып кетеріне ешкімнің де күманы болмас. Жер жүзіндегі барлық қазақ баласы бір көк тудың астына жиналса деп армандайсың. «Көп қорқытады, терең батырады» – демекші халқымыздың өсіп-өнгеніне, көбейгеніне не жетсін. Әрбір қазақ баласы бір-біріне бауырмал болып, жалғызым деп тұрса арман жоқ. Адам баласының мәдениеті көтеріліп, ғылым дамығанда, тоғышарлық надандықтардан аулақ болса, жаңалыққа, ғылымға, білімге құштар болса екен дейсің. Шетелдердегі қандастарымыз өгейлік көрмесе тілін, дінін жоғалтып алмаса екен дейсің.

Егемендік халқымыздың басына қонған бақ, ырыс, құт-береке, ынтымақ-бірлік. Басымызға қонған баққа даналықпен, тектілікпен, ауызбіршілікпен әркезде ие болайық. Ие болуға дана халқымның ақыл-ойы тектілігі де, естілігі де жетеді деп ойлаймын. Ақын жазушыларыңыз көбейіп, халқын ойлайтын, береке-бірлікті ойлайтын, тілін дінін ойлайтын, елдікті ойлайтын, маңызды жақсы шығармаларымен қуанта берсін! Ақын жазушыларын қолдайтын, оқырмандары да көбейе берсін демекпін. Шын көңілмен жүректен шыққан халқым деген ақсақалдық сөзімді жырларымды өздеріңізге тарту етемін!

*Ақ тілекпен ақындарыңыз,  
Мұрат Нұрмұханбетұлы*



**Егемендіктің отыз жылдығымен  
құттықтаймын!**

Егемендікке отыз жыл,  
Болып қапты-ау тез демде.  
Шын бақыт қой, ұқсақ бұл,  
Қазақстан танылып әлемге.

Отызға кепті қыз бен ұл,  
Сол кезде келген дүниеге.  
Отар ел боп, болмай құл,  
Білімнен болмай еш кем де.

Жүздерінен шаттықты,  
Қуанасың көргенде.  
Болсын дейсің бақытты,  
Дұрыс деп өсіп-өнген де...

Болашағым жарқын деп,  
Қазағым менің сенгенде.  
Азаматтық ойға кеп,  
Қиындықты жеңгенде.

Елдік жәйін тым ойлап,  
Толғанатын сәт келгенде.  
Терең ойға тек бойлап,  
Қазақстаным менің дегенде.

Отар болмай жат елге,  
Сақтағасын елдікті.  
Болады ғой бақ деуге,  
Көрсеткесін ерлікті.

Жоғалтпағасын бірлікті,  
Ұрпақтың қамын тек жеуде.

Көрсетіп ерлеп тірлікті,  
Ер Қазағым ерлеуде.

Жүргеннен соң шыңды алып,  
Шыңға құлаш сермеуде.  
Ерлігімен ой салып,  
Намысты қолдан бермеуде.

Отан деп өмір сүргесін,  
Кеудесін бос кермеуде.  
Адамдықты сақтап жүргесін,  
Қақысын адам жемеуде.

Сақтағасын тек бақты,  
Бос сөздерге ермеуде.  
Көрсетіп жүрегі тым ақты,  
Болдым, толдым демеуде.


Ерлігін әлем таныды,  
Татығасын ер деуге.  
Сөзіне де тым нанды,  
Адалынан асты тек жеу де...

Ғашық болғасын өмірге,  
Адамдықты көрсетіп.  
Қарағасын көңілге,  
Әлем тек жүр үлгі етіп.

Даналықпен ерлікпен,  
Гүлденуге көңіл бөлгесін.  
Табысқа болғасын қол жеткен,  
Көрсеткесін биік өресін.

Жолсыз жерден жол салып,  
Ерлері білек түргесін.





Шыңдарды биік тек алып,  
Отан деп өмір сүргесін.

Түзей алды тұрмысты,  
Ел болғасын егемен.  
Сақтады бақ пен ырысты,  
Бағымыз бар дегенмен.

Гүлденуге тырысты,  
Даналықты көрсетіп.  
Жақтырмағасын ұрысты,  
Зор табысқа жүр қол жетіп.

Егеменді ел болып,  
Әлем таныды Қазақты.  
Көңілдері тым толып,  
Ұлт екен деп бақытты.

Көрсеткесін жақсы тым затты,  
Текті екенін тым білді.  
Төмендетпегесін ер атты,  
Бағалап тым көзге ілді.

Егеменді ел болып,  
Күн шыққасын жарқырап.  
Көңілде өзі тек толып,  
Өзендер аққасын сарқырап.

Ер Қазағым бұл күнге,  
Оңайлықпен жеткен жоқ.  
Қосылғанмен тек үнге,  
Болған жоқ әркез қарын тоқ.

Сан ғасырлар жаулары,  
Алғасын сан қыспаққа.



Бітпеген ешпір даулары.  
Таласқандай тым таққа.

Ұлан байтақ далаға,  
Түскесін тек көздері.  
Не дерсің іші алаға,  
Арсыз болғасын өздері.

Үйір болғасын жалаға,  
Тектіні де тек сөгіп.  
Жаны ашымай балаға  
Жүргесін тек қан төгіп.

Адамдыққа ойы жетпеді,  
Сыйламағасын ер ұлтты.  
Арамзалығы бойдан кетпеді,  
Үйіргесін қара тек бұлтты.

Шапқанменен ала алмай,  
Байтақ жер түсті қымбатқа.  
Қан шашқамен ұялмай,  
Лайық болмай ер атқа.

Байтақ жер де қала алмай,  
Күлкі болып дос-жатқа.  
Адамдығы еш қалмай,  
Тартқасын жаман тым затқа.

Ер халықты Қазақтай,  
Арсыздықпен сыйламай.  
Шапты ғой еш қиналмай,  
Қазақтай халықты қонақжай.

Егеменді елдікті,  
Қимағасын ер Қазаққа.



Көрсетсе де ерлікті,  
Көз алартқасын тек баққа.

Сан ғасырлар түссе де,  
Ер бабалар қыспаққа.  
Қан шашып жауы іссе де,  
Ие болды тек баққа.

Қазағым болды бақытты,  
Егемендік алып бұл күні.  
Өмірді сүріп шаттықты,  
Азаматтық шығу да тек үні.

Атқарып зор міндетті,  
Отанға көрсету де адалдық.  
Елдікке бұрып тек бетті,  
Көрсету де адамдық.

Тізгін тигесін тым қолға,  
Байтақ дала гүлденді.  
Түскеннен соң ақ жолға,  
Азаматтық тек ойға енді.

Егеменді елдігім,  
Бақты қалай байласын ?!  
Отар қылар енді кім,  
Асыра алмас айласын!

Көрсетіп іші аланы,  
Мұртты қалай майласын?  
Ұлан байтақ даланы,  
Кісімсіп қайтіп жайласын?

Елімнің жоғалмай бірлігі,  
Домалауда өрге тым тасы.



Азаматтық болғасын тірлігі,  
Елдігім деп анық тынбасы.

Отыз жылдықты тойлауда,  
Ел болғасын ер халығым.  
Елдікті тым ойлауда,  
Қазақтай асыл алыбым.

Елдікке бетті бұрғанда,  
Басылмас еш талабым.  
Текті ұлтым тұрғанда,  
Мұқалмас менің қаламым.

Толғанамын жыр жазып,  
Тебірнетін келгесін заманым.  
Адамдықтан жүрмегесін еш азып,  
Адамға түзу аманым.

Бабалардың да ерлігін,  
Шығармағасын еш ойдан.  
Сақтай біліп бірлігін,  
Арды жоғалтпағасын еш бойдан.

Таңдағасын ақ жолды,  
Байтақ жерді құлпыртып,  
Көңілде өзі тек толды,  
Қазағым сөзде тек тұрып.

Адамдықты сақтауда,  
Астанадай қала сап.  
Зор сенімді ақтауда,  
Ер Қазағым шыңдарды ап.

Елдік деп ойды шолғасын,  
Халқым болсын бақытты.



Адамдығына көңіл толғасын,  
Өмір сүрсін тек шаттықты.

**Адамзат, бауырымсың менің жақын**

О, адамзат сіздерсіздер жақыным,  
Сіздер барда басылмас еш қарқыным.  
Мың толғанып жырды жазып келемін,  
Отаным деп көрмегесін еш тыным.

Жүректегі арналады бар жырым,  
Тек сіздерге айтылады тек сырым,  
Адам болып келгеннен соң өмірге,  
Азаматтық көрінсінші тек қырым.

Құрметтесем төмендемес еш құным,  
Азаматтық деп ойлаймын тым мұным...  
Адамдықты жүрейінші тек сақтап,  
Адамзатқа айтылғасын тек шыным.

Азаматтық болғасын тым ұққаным,  
Қиындықтан болмағасын бұққаным.  
Азаматтық адамдықты тек сақтап,  
Дұрыс-ақ қой көңілдерден шыққаным.

Дұрыс-ақ қой сөзімде айтқан тұрғаным,  
Адамдарға бүйректі тек бұрғаным.  
Адамзатқа амандықты тек тілеп,  
Сауықты да бірге дұрыс құрғаным.

Бұл өмір де көп қой менің арманым,  
Адамдықты көрсетпек боп қармандым.  
Болашаққа қарағасын үмітпен,  
Жарқынына болашақтың тек нандым.





Адамзатқа бұрғаннан соң тек қаным,  
Көңілдерді еш жарамас жыққаным.  
Бүлікшілер отты қойса бүлдіріп,  
Адамдарға ашиды ғой тым жаным.

Отты қойса бүлікшілер мұңайтып,  
Үгіттерін жүрсе егер тек айтып,  
Сақтығыңды қалай ғана жоғалтып,  
Жайбарақат жүре аласың тым қайтып?!

Жүреді ғой көңілде өзі тек қалып,  
Жас ұрпаққа жүргесін тек ой салып.  
Азаматтық адамдықты көрсетіп,  
Жүрмек болып жүргесін тек шыңды алып.

Адамзатты бауырым деп ұққасын,  
Жүргесін де тым бағалап тек басын.  
Амандықты әр кезде де тек ойлап,  
Көрмесем деп ойлағасын көз жасын.

Қойынға да тастарын тек тыққасын,  
Қансыздықпен көңілдерді жыққасын.  
Көңіл жүрер қалай ғана еш қалмай,  
Көргендей боп жүргеннен соң шын қасын.

Құлақ асқан тым дұрысқой жөн сөзге,  
Айтқан дұрыс шындықты да тек көзге.  
Азаматтық адамдықты тек сақтап,  
Ойламаған тым дұрыс қой ой өзге.

Адамзатты әр кезде де құрметтеп,  
Адамдарды тек жүрейік «бауыр» деп.  
Қол ұшын да қысылғанға тек созып,  
Адамдық қып жүрейікші қамын жеп.



Адамдық пен зор үлесті тек қосып,  
Сириядай кетпесін деп ел босып.  
Атқаратын шаруалар көп жетерлік,  
Шаруалар да жатпағасын еш тосып...

Азамат боп ойлайық тек адамдық,  
Жүргеннен соң еш ойламай жамандық.  
Адамзаттың амандығын ойлайық,  
Жүргеннен соң еш көрсетпей надандық.

Бар әлемге танылғанда отаным,  
Адамзаттың ерлегені мақтаным.  
Адамдықтың білгесін тым қымбатын,  
Азаматтық үнді дұрыс қатқаным.

Нағыз адам бейбіт күнді ұнатқан,  
Азамттық болғасын тек үн қатқан,  
Адамдарды құрметтеп тек жүргесін,  
Болмағасын ешкімдерге тас атқан.

Адамзатты болмағасын еш сатқан,  
Болмағасын бос сөздерді еш шатқан.  
Азаматтық адамдығын жөн көріп,  
Адамдығын етесіңғой тым мақтан.

Адам болып келгесін бұл өмірге,  
Қараған да дұрыс қой тым көңілге.  
Қарап тұрсаң өмір де өзі тым ғажап,  
Адамдықты сақтайық тек өмір де.

Қиындықты жеңе алып тек бірге,  
Бауырлықпен жақын болып тым ірге.  
Барды салып жүрейкші аман боп,  
Білек түріп, дәнді егіп тек жерге.



Азаматтық адамдықты көрсетіп,  
Адамзатқа жақсылықты тек етіп.  
Шыңдарды алып жүрейкші тек ерлеп,  
Барды салып зор табысқа қол жетіп.

Адамды ойлау азаматтық міндетім.  
Қайтпас менің адамдық қып еш бетім.  
Жер бетін де жүрсінші қан шашылмай,  
Жас сәбилер болмасыншы еш жетім!

Адамзатты ойласын дос жатымыз,  
Адамбыз ғой, жаман емес затымыз.  
Бауырлықты сақтайықшы өмірде,  
Адам деген биіктесін атымыз!

### Жаңа жыл

О, жаңа жыл келдің бе шыңды асып,  
Барды салып рухтарды көтерем деп.  
Келгеніңе қалды ғой көңіл тасып,  
Шат қылып жүректерді гүлдеңттің кеп.

Қарсы алды жолыңды елім тосып,  
Азаматтық жүргесін үнді қатып.  
Жүргеннен соң Отанға үлес қосып,  
Жарқырап жүргеннен соң таңы атып.

Бақты ашып, болшы жыл берекелі,  
Ырыспенен қуантшы бақ әкеліп.  
Бұдандағы танылсын Қазақ елі,  
Өркениетті елдермен тез теңеліп.

Ел іргесі жүрмесінші еш теңселіп,  
Даналықты көрсетіп тек жүргесін.



Уақыт та өткенмен аттай желіп,  
Отаным деп өмірді тек сүргесін.

Биіктерді жүргесін әркез алып,  
Қарсы алып өзіңді жүрғой тойлап.  
Ерлігіне жүр әлем де тым таң қалып,  
Елдігін жүргеннен соң әркез ойлап.

Ер Қазағым көрсеткесін даналықты,  
Егеменді елдігін гүлдеткесін.  
Әлемге де танытқасын ер халықты,  
Ер екенін әлемде тым білгесін.

О, жаңа жыл әкелдің бе жаңалықты,  
Ер халқыма әкеліп зор табысты.  
Сыйлағасын ер ұлтым дәстүр салтты,  
Әлемге де естіртті тек табысты.

Қарсы алдық өзіңді құшақ ашып,  
Бағымыз да жүргесін әр кез жанып.  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір қашып,  
Отанымды жатқасын әлем танып.

Әлем танып ерледі ер Қазағым,  
Елдігім деп көрмегесін ешбір сасып.  
Ерлейтұғын дегесін келді шағым,  
Қиындықтан көрмегесін ешбір жасып.

О, жаңа жыл қадамың құтты болсын,  
Одан сайын көбейсін табысымыз.  
Зор табысқа әркез де көңіл толсын,  
Әлемге де естілгесін дауысымыз.

Барды салып елімнің ашшы бағын,  
Беделін одан сайын тым көтеріп.

Ерлердің биіктетіп мінген тағын,  
Адамдықтан жүрмегесін еш өзгеріп.

Бақты ашып ұзарта бер әркез қолды,  
Егеменді ел болып бақ қонғанда.  
Құдіретіңмен аша бер әркез жолды,  
Әлем танып бұл күн де бақ жанғанда.

Барды салып шыңды асып келгенің де,  
Қарсы алған да жолыңды сенің тосып.  
Пайдаң тисін бақ жанып әр кез елге,  
Отанға жүрейік тек үлес қосып.

Аяз ата жарқылдатып ақ сақалды,  
Бар дәмдісін жүр ғой әне үлестіріп.  
Қатарыңның тек ерлеп бол деп алды,  
Ақ тілекті білдіріп жаймен жүріп.

Тым ерлеп көрсетеді жомарттықты,  
Жаңа жылда келгесін сұрап қалды.  
Өмір сүрсін дегесін тым шаттықты,  
Ақ ниетті көрсетіп жомарт шалды.

О, жаңа жыл болшы жыл берекелі,  
Ұлан байтақ даламыз тым гүлденсін.  
Құшақ ашып қарсы алды Қазақ елі,  
Әкелді деп бақ ырысты тым сенгесін.

Зор табыспен береке құт әкеліп,  
Ер халқымды тым ерлеп қуанта бер.  
Ел іргесі жүрмесін еш теңселіп,  
Одан сайын құлпырып, гүлденсін жер.

Байтақ жерді жүргесін тек гүлдентіп,  
Отаным деп ақсыншы маңдайдан тер.  
Зор табысқа жүргесін тек қол жетіп,  
Білек түріп болайық нағыз бір ер.



## Қаратал

Сарылдап аққан Қаратал,  
Тіл үйірген суың бал.  
Сәнге бөлеп өзіңді,  
Жағаңдағы қалың тал.

Айдыныңда жүзіп қаз,  
Ағасың тасып болса жаз.  
Нуыңда бұлбыл тым сайрап,  
Естіледі сұлу саз.

Жастарың көп өнерпаз,  
Таланттарың емес аз.  
Тал құрағың сыбдырлап,  
Көрсетеді саған наз.

Қараталым дарасың,  
Тасты да тасып жарасың.  
Қарық қылып елімді,  
Қандырып шөлді барасың.

Жалт жұлт етіп ағасың,  
Барды салып бағасың.  
Сусындарды қандырып,  
Тым еліме жағасың.

Ерлігіңе саласың,  
Мың алғысты аласың.  
Қандырғасын сусынды,  
Қай өзеннен қаласың?

Сен елімнің бағысың,  
Тау қопарған ағысың.  
Байтақ жерді жайқалтып,  
Естілген көпке дауысың.

Аз емесқой табысың,  
Алынды ғой талай шың.  
О, Қаратал, өзіңе,  
Айтамыз ғой алғыс мың.

Балығың тайдай тулайды,  
Көгіңде құстар зулайды.  
Балықты іліп шағалаң,  
Айдының да шулайды.

Бұлбұлдар сайрап нуыңда,  
Көтеріліп көкке буың да.  
Елімнің сенсің ырысы,  
Балығың шоршып суың да.

Аққаннан соң сарқырап,  
Айдының күнмен жарқырап.  
Гүлденгесін байтақ жер,  
Қабақтар да жадырап.

Болмағасын тарлығың,  
Қарық қылып барлығын.  
Кенелгесін байлыққа,  
Риза ғой халқым.

Қараталым – алыбым,  
Бар екен ауыз салымым.  
Бұзылмай келеді арқанда,  
Азаматтық қалыбым.

Басылмай ешбір талабым,  
Қатардан қайтіп қаламын?  
Отаным деп барды сап,  
Қайтіп шаршап таламын?

Алғыс айтам саған мың,  
Арқанда жүрмін болып тың.



Отан деп білек түргесін,  
Алытуда биік шың.

Маңдай терге малынып,  
Биік шыңдар алынып,  
Тастөбедей ауылым,  
Өсуде үйлер салынып.

Елдікті жүргесін тым ұғып,  
Ездік қып жүрмегесін еш бұғып.  
Егемендігім деп тек елім,  
Көңілдерден жүр тек шығып.

Жағаңдағы Тастөбем,  
Еш ауылдан емес кем.  
Тастөбемде шыр етіп,  
Бұл дүниеге келіп ем.

Бергеннен соң өзің дем,  
Орын таптым өмірден.  
Азамат болдым, ой түйіп,  
Шыға біліп көңілден.

Өзгенікін жүрмей малданып,  
Бағымыз жүр тым жанып.  
Бұл күндері халқымды,  
Әлем де жүр тым танып.

Ерлігіне тым нанып,  
Азаматтық сырға тек қанып.  
Қазақстанға жетуді,  
Жүргеннен соң арман қып.

Көтерілді көңілім.  
Құлпырып тым өңірім.  
Бақытты өзімді сезінем,  
Гүлденіп тым өмірім.

Қараталым – өзенім,  
Мен өзіңе сенемін.  
Шөлікесем тым қанып,  
Отаным деп келемін.

Азаматтық ойға енемін,  
Орындалып дегенім.  
Білегімді тек түрдім,  
Ұрпақ қамы боп жегенім.

Бақытқа мен кенелдім,  
Еңбегіммен елендім.  
Жүрекпен жазып жырымды,  
Надандықты жерледім.

Шыңға құлаш сермедім,  
Бос сөздерге ермедім.  
Ерлей алып Отан деп,  
Намысты қолдан бермедім.

Гүлденгенін көріп жерімнің,  
Ерлегенін көріп елімнің.  
Азаматтық жүкті көтердім,  
Қайыспағанын қалап белімнің.

Қараталым арқаңда,  
Қызғалдақ өсіп бар маңда.  
Сусынды тек қандырып,  
Шат болып тұрам әр таңда.

Бақыт тілеп бар жанға,  
Бұра да біліп тым қанға.  
Өркениетті елге жетпек боп,  
Қолды созам арманға.



Ойым да тым биіктеп,  
Азаматтық ойға кеп.  
Білек түріп барды сап,  
Жүремін тек елдік деп.

Бақытты неткен ер едім,  
Отаным менің тек дедім.  
Тілегесін тек бақытты,  
Ұрпақтың қамын тек жедім.

Арманға қолым тек жетіп,  
Жүрмегесін қыр кетіп.  
Зор алғысты айтқасын,  
Жүрейін сені жыр етіп.

Қолдағасын халығым,  
Басылмай ешбір талабым.  
Егеменді ел болып,  
Жырлайтын келді заманым.

Көтерілді көңілдер,  
Қараталым, тасып аға бер.  
Рух беріп халқыма,  
Ұзарсын тым өмірлер.

Болайын тек нағыз ер,  
Отан деп ағып маңдай тер.  
Қандыра бер сусынды,  
Гүлденсін тек байтақ жер.



**Мың толғанып ойлаймын елдігімді**

Мың толғанып ойлағасын елдігімді,  
Құттықтаймын отыз жылмен ұлы елімді.  
Отаным деп жүргесін барды салып,  
Ерлік іске байлағасын тым белімді.

Ер қазағым көрінгесін бар қырымен,  
Дәріптеуге тырысамын тек жырыммен.  
Отан деген жетістігін жырға қосып,  
Азаматтық бөлісемін тек сырыммен.

Егеменді елдікке қойғасын ден,  
Түрлі өнімдер жайқалды даламда ен.  
Ерлегенін әлем көрді ер халқымның,  
Гүлденде алып шыққасын тек көңілден.

Даналық қып ойды түйіп бұл өмірден,  
Жетістікті жырға қосып жырлайын мен.  
Егеменді ел болған да бақыт қонып,  
Елдік үшін дұрыс қой тек ерлеген.

Нағыз ерлер еңбек етіп ерінбеген,  
Ер болғасын еңбектен жерінбеген.  
Өркениетті елге барды сап жетеміз деп,  
Білек түріп жүрегімен Отан деген.

Азаматтық айта алып әр кез сөзді,  
Ерлеріне жеткізе алып халқым көзді.  
Басынан сан нәубеттер өтседағы,  
Қиындыққа ер қазағым шыдап төзді.

Егеменді ел боларын жүрді сезіп,  
Тектілікпен надандықтан әркез безіп.  
Отаным деп білек түріп барды салды,  
Ездік қылып жүрмегесін малтаны езіп.



Ел болғасын еңбегі тым еленіп,  
Жарқынына болашақтың жүр ғой сеніп.  
Егеменді ел болып бақ қонғасын,  
Отаным деп шыңды алу да көңілденіп.

Азаматтық жүргесін тым ой еніп,  
Тынысымыз қалғандай бұл күн кеңіп.  
Отанымыз жүргесін сенім артып,  
Қиындықты жүргесін әр кез жеңіп.

Ер халқымның басынан не өтпеді,  
Асылдықпен ездікті еш етпеді.  
Ерлік етіп елдікті сақтағасын,  
Өздерінен ешқашан қыр кетпеді.

Отаным деп ұрпағының қамын жеді,  
Қауіптен де жасқанбай «Отан» деді.  
Қиындыққа кездескен төзе білді,  
Текті ұлтым неткен өзі батыр еді!

Әлем танып ел болғасын жетті көзім,  
Тектілікпен қиындықты жеңді төзім.  
Отанымды әлем де бағалауда,  
Дәлелді ғой сондықтан айтқан сөзім.

Ұлан ғайыр көз тартады байтақ далам,  
Шаттанып мен далама көзді салам.  
Өзі батыр, еңбекқор халқым барда,  
Өркениетті елдерден қайтіп қалам?

Сондықтан да маңдайды терге малам,  
Қалайша ел болғанда шаршап ,талам?  
Барды салып ерлік етіп ел қорғаған,  
Бабалардан нағыз батыр үлгі алам.



Ақыны боп елдікке қояйын ден,  
Мастандырмай жүргесін атақ пен шен.  
Азамат деп жүргенде халқым сеніп,  
Адамдықтан жарамас ерге өзгерген.

Нағыз ерді адастырмас түзу жолы,  
Барды салып соқса да дауыл долы.  
Бабалар аңсағанмен жете алмаған,  
Ұрпағының ұлы елдікке жетті қолы.

Ұлан байтақ даламыз болмай қолды,  
Қазақстан егеменді, ұлы ел болды.  
Түрлі өнімдер алқаптарда ырғатылып,  
Қырманнар да бұл күнде дөнге толды.

Отанды гүлдеткесін халқым сүйіп,  
Төбеміз де жүргендей көкке тиіп.  
Қазақстан егеменді ел болған соң,  
Ұлы елдік деп жүрміз ғой ойды түйіп.

Шындарды алып асқасын талай белден,  
Талаптанып қалмаймыз деп ешбір елден.  
Қазағым ұлы халық болғаннан соң,  
Өз орнын таба білді тек өмірден.

Азаматтар қиындықтан жүрмей бұғып,  
Отаным деп ерлеуде сөзден шығып.  
Егеменді ұлы елдіктің тым маңызын,  
Даналықпен жүргесін жақсы ұғып.

Бас айналып тұрғандай қонған бақтан,  
Жаратқаным айырмасын ынтымақтан.  
Зор табыстар бірліктің арқасы ғой,  
Қазақстан – Отанымды етем мақтан.



Көп ұлтым көрсетуде тек бірлікті,  
Білек түріп еткесін тым тірлікті.  
Тым адал болғаннан соң отанына,  
Азаматтық көрсеткесін тіршілікті.

Отыз жылда істелінді талай ерлік,  
Айта берсек зор табыс тым жетерлік.  
Тек осылай жүрейік шыңды алып,  
Ерлігіміз болсын тек ерлік дерлік.

Білек түріп жүрейік еңбек етіп,  
Қырымыз жүрмегесін ешбір кетіп.  
Даналықпен әр кезде бірлікті ойлап,  
Зор табысқа жүрейік әр кез жетіп.

### **Жамбыл атаға арналады**

О, Жамбыл ақын атамыз,  
Жыр арнап үн қатамыз.  
Егеменді елдікті,  
Жырламай қайтіп жатамыз?

Түспегесін бағамыз,  
Азаматтықпен жағамыз.  
Ел болғасын егемен,  
Шыңға қанат қағамыз.

Егемендікке нанамыз,  
Биік болғасын санамыз.  
Ел болғасын тәуелсіз,  
Жалындап жүрек жанамыз.

Шындарды биік аламыз,  
Маңдайды терге маламыз.

Өркениетті елдерден,  
Қалайша біз қаламыз?

О, Жамбыл ата данамыз,  
Қайтіп сөзден танамыз?  
Жырыңызды оқысақ,  
Шөліркесек, қанамыз.

Ойымыз да биіктеп,  
Жүргеннен соң елдік деп.  
Әр кезде де жүреді,  
Азаматтық ойға кеп.

Білекті тек түргесін,  
Отан деп өмір сүргесін.  
Зор сенімді тым ақтап,  
Азамат боп жүргесін.

Болмағасын еріншек,  
Толғандырып келешек.  
Көп істі жүрміз тындырып,  
Гүлденсін деп отан тек.

Ер халқым жүр тек ерлеп,  
Надандықты тым жерлеп.  
Білек түріп еңбек қып,  
Жүргесін ұрпақ қамын жеп.

О, Жамбыл ата бабамыз,  
Бәйге атындай шабамыз.  
Еңбекпенен бірлікпен,  
Бақытты тек табамыз.

Сіздерден үлгі аламыз,  
Өзге елден қайтіп қаламыз?



Толғанып жиі жыр жазып,  
Ұрпаққа ойды саламыз.

Маңдайды терге маламыз,  
Қалайша шаршап таламыз?  
Қызмет етіп Отанға,  
Ешкімге жоқ наламыз.

Кенді де жерден қазамыз,  
Жырды да жиі жазамыз.  
Толғанғасын елдік деп,  
Адамдықтан қайтіп азамыз?

Жүрмегесін сенделіп,  
Бақытқа жүрміз кенеліп.  
Тыныс та өзі кеңейді,  
Көп елмен елім теңеліп.

Еңбегіміз еленіп,  
Азаматтық ойға еніп.  
Егеменді елдікке,  
Жүргеннен соң тек сеніп.

Ойымыз тек ұлы елдік,  
Жасқа да біраз біз келдік.  
Егеменді ел болып,  
Жасалу да сан ерлік.

Көрсете алып тек бірлік,  
Жаман емес бұл тірлік.  
Ұлы елдіктің жолында,  
Керек қой әр кез білгірлік.

Өзгені жүрмей күлдіріп,  
Жүрмегесін еш бүлдіріп.

Бұл күндері бақ жанып,  
Азаматтықты жүрміз білдіріп.

Құлаққа сөзді ілдіріп,  
Түзу жолмен тек жүріп.  
Барлық ұлттар қолдауда,  
Елдікті құлақ тым түріп.

Қарайды ғой күн күліп,  
Жүрмегесін дүрлігіп.  
Егемендік алған соң,  
Жүргеміз жоқ сүрлігіп.

Қалғандай өзі өң кіріп,  
Сүттей кетпей еш іріп.  
Ұлы істерді атқарып,  
Көп ұлтым жүр бірігіп.

Бабаларға жүрміз ас беріп,  
Жат әдеттен тым жеріп.  
Тектілікті көрсетіп,  
Бос сөзге жүрмей еш еріп.

Адамдықтан жүрмей өзгеріп,  
Бәле жала жүрмей еш теріп.  
Отанды ойлап тек ерлер,  
Кеудені жүрмей бос керіп.

Егемендікті тым ұғып,  
Көрсетпей ездiк еш бұғып.  
Көрсете алып бірлікті,  
Көңілден жүр тек шығып.

Даналықпен жүр ой салып,  
Әлем де жүр таң қалып,



Жүргеннен соң халығым,  
Биіктерді тек алып.

Айырмасын бірліктен,  
Ұлы елдік деген тірліктен.  
Жамбыл ата жетеміз,  
Ауызбірлік, тірлікпен.

Жөн сөздерге ерейін,  
Маржанын сөздің терейін.  
Ұлы істерді барды сап,  
Жырлап сізге берейін.

Сүйінбайдан бата алған,  
Көп ішінде ән салған.  
Ақын едіңіз сіз ұлы,  
Жиі атыңыз аталған.

Өнеріңіз мақталған,  
Арыңыз бойға сақталған,  
Ащысы мен тұщысын,  
Бұл өмірдің тата алған.

Ақынсыз көпке ұнаған,  
Озбырлықты сынаған.  
Сабасына сан түскен,  
Жауыңыз да жынданған.

Ақын едіңіз тынбаған,  
Шындықты тек жырлаған.  
Айтысқа түсіп сан тойда,  
Нағыз ақын атанған.

Адамдықты бойға сақтаған,  
Зор сенімді ақтаған.



Жамбыл – нағыз ақын деп,  
Халқыңыз тек мақтаған.

Небір дүлдүл жеңілген,  
Жеңілдік деп берілген.  
Көріне біліп биіктен,  
Едіңіз тек ерлеген.

Намысты қолдан бермеген,  
Бос сөздерге ермеген.  
Ақын едіңіз тым шыншыл,  
Зұлымдықты жерлеген.

Жауына да сөзі өткен.  
Ақын едіңіз жыр төккен.  
Жырламақ боп жүруші ем,  
Өзіңізді мен көптен.

Ақын едіңіз ісі өнген,  
Қауіпте талай сан төнген.  
Шындықты айтып озбырға,  
Емес едіңіз сіз көнген.

Ұрпақтың қамын жегесін,  
Толғанатын жасқа келгесін.  
Бата берген Сүйінбай,  
Нағыз ақын дегесін.

Болғасын сіз ерлеген,  
Халқыңыз да ер деген,  
Бермес еді батасын,  
Болса сізге сенбеген.

Жолбарысыңыз күзеткен,  
Ерлік істі бірге еткен.



Ақын едіңіз киелі,  
Қисықтарды түзеткен.

Сөкпейсіз ғой бос тектен,  
Болғасын ездер кер кеткен.  
Түзу жолға салғасыз,  
Қашқаннан соң еңбектен.

Азаматтық қашпай міндеттен,  
Айнымай алған еш беттен.  
Шындарды алып өмірде,  
Арманға енді қол жеткен.

Тіл табыса алып тек көппен,  
Айтыста едіңіз тер төккен.  
Даланың жібек самалы,  
Бетіңізді еді тек өпкен.

Ой түйе білгесін өмірден,  
Шыға да білгесін көңілден.  
Ақын едіңіз атақты,  
Жүректерге үңілген.

Ерлерді түзеп бүлінген,  
Ерлігіңіз еді білінген.  
Жамбыл болып жас кезден,  
Болғасын көзге ілінген.

Тұлпардай шауып бүгілген,  
Қарсылас жаннан түңілген.  
Тас тұяқтан от ұшып,  
Шыдамай тастар үгілген.

Атағыңыз шырқап тым кеткен,  
Халқыңыз мақтан тек еткен.



Ақынсыз ғой бақытты,  
Арманына қолы тек жеткен.

Қайтқан жоқсыз еш беттен,  
Айнымай асыл сіз тектен.  
Бос сөздермен жел сөзге,  
Жоқсыз ғой сіз ілескен.

Айдарынан самал тым ескен,  
Халықтың қамын бір жескен.  
Ақынсыз ғой сіз ұлы,  
Озбырдың жолын сан кескен.


Азаматтық көкей тым тескен,  
Үлкендер ісің жөн дескен.  
Азаматтық жауапты,  
Шығармағасын еш естен.

Едіңіз тек ерлеген,  
Жырменен ақыл тек берген.  
Қолдан намыс бермеген,  
Сіздей ақ болсын ер деген.

Білінді таңның атқаны,  
Сан құстар үнін қатқаны.  
Мерейіңіз биіктеп,  
Білінеді бара жатқаны.

Жоғалып жанға батқаны,  
Ащыны да татқаны.  
Жамбыл ата болдыңыз,  
Халқыңыздың мақтаны.

Зор сенімді тек ақтап,  
Адамдықты тым сақтап.



Жырға қосып сізді мен,  
Жүрейін әр кез ардақтап.

Елдік дейді нағыз ер,  
Отаным деп ақсын тер.  
Ұрпағыңыз тым сізді,  
«Нағыз ақын, батыр» дер.

Көтерілді көңілдер,  
Ұзарды және өмірлер.  
О, ақын баба киелі,  
Ұрпағыңызды қолдай бер.

Босқа ақпай маңдай тер,  
Гүлдену де байтақ жер.  
Жамбыл ата болайық,  
Өзіңіздей нағыз ер.

Айта біліп сынымды,  
Ұрпаққа айтайын шынымды.  
Шындықты тек жырлайын,  
Көрмей ешбір тынымды.

Сөздер айтып ұғымды,  
Болсын әркез жұғымды.  
Түсірмес ешбір құнымды,  
Дұрыс көріп мұнымды.

Аштым біраз сырымды,  
Көрсетіп ақын қырымды.  
Аяқтайын осымен,  
Жамбыл баба жырымды.

**Бауыржан батыр атаға арналады**

Бауыржан ата ержүрек,  
Жібермеген жауға кек.  
Жауларын әркез қуған ғой,  
Ерлікті сақтап бойға тек.

Азаматтық жүргесін ойға кеп,  
Жалындап жүргесін Отан деп.  
Батыр болғасын бұқпаған,  
Жүргесін ұрпақ қамын жеп.


Отан деп белді буғасын,  
Халқы үшін туғасын.  
Тынышталған көңілі,  
Жауларын тек қуғасын.

Ананың көріп көз жасын,  
Ойламағасын өз басын.  
Аямаған жауларын,  
Білгеннен соң шын қасын.

Жақтырмағасын ынжықты,  
Болғасын батыр шын мықты.  
Нағыз батыр болғасын,  
Бетке айтқасын шындықты.

Аққа болғасын әр кез жақ,  
Ерлікпен қонған басқа бақ.  
Ер болғасын жүректі,  
Отанға болған жүрегі ақ.

Жауына болған әр кез сақ,  
Қызықтырмай тәж бен тақ.  
Ерлікпенен өмірде,  
Өтсін дегесін жастық шақ.



Көтермегесін мұрынды.  
Ұқ дегесін сырымды.  
Қызмет қып Отанға,  
Көрмегесін тынымды.

Айтамын деп шынымды,  
Көтере біл деп сынымды.  
Көрсеткесін адамдық,  
Дұрыс ұқ деген мұнымды.

Болғаннан соң жан-жақты,  
Көрсеткен жүрегі тым ақты.  
Теңдігін әр кез сақтаған,  
Болсадағы тым атақты,

Естісе де мадақты,  
Мақтан қылмағаған еш тақты.  
Асылдықпен әр кезде,  
Танытқасын ер Қазақты.

Сөзінен болғасын танбаған,  
Қиялы көкте самғаған.  
Жүрегі от боп жалындап,  
Кезі аз боп жанбаған.

Өмірге құмар қанбаған,  
Бос сөздерге нанбаған.  
Жақтырмаған бос сөзді,  
Шындықты айт деп тек маған.

Ерлік етіп шындаған,  
Көк болаттай сынбаған.  
Батыр болып өмірде,  
Ерлігімен ұнаған.



Ұрпақтың қамын жегесін,  
Отаным менің дегесін.  
Азаматтық алғасын,  
Әр кезде де тек есін.

Қуған жауын ұрандап,  
Ақ семсері жалтылдап,  
Ерлігімен әр кезде,  
Биік деген қамалды ап.

Қос жанары жарқылдап,  
Қырандай даусы саңқылдап.  
Жауын ерлеп қуғасын,  
Шошыған жауы қалтырап.

Нағыз батыр болғасын,  
Ерлігіне көңіл толғасын.  
Ғашық болғасын өмірге,  
Азаматтық ойды шолғасын.

Болғасын бойда мол талап,  
Азаттықты тек қалап.  
Жауын қуған ер болып,  
Кіргенде жауы анталап.

Көздері тым қанталап,  
Жемек болғасын тым талап.  
Атып өртеп жүргесін,  
Өздерін ерге тым балап.

Жүрегі тым жалындап,  
Жауларын жүрген жөнге сап.  
Жеңгенінше бел шешпей,  
Алмастан еш дамылдап.



Ерлік іске тек барған,  
Болғасын тек топ жарған.  
Бабалардың ерлігі,  
Болғасын бойға дарыған.

Досқа ағынан жарылған,  
Жауына тек тарылған.  
Азаматтық міндеттен,  
Ерлік етіп арылған.

Батыр болып жаралған,  
Қамалдарды тек алған.  
Сондықтан да ерлігі,  
Жадында ұрпақ тек қалған.

Жеңілгесін жауы тек қашқан,  
Болғасын тым қан шашқан.  
Бауыржандай ерлер тек,  
Жауды жеңіп бақ ашқан.

Жаудан жерді босатқан,  
Қансыздық ісі тым батқан.  
Жауды қуып батырлар,  
Азаматтық үнді тек қатқан.

Батырдың жүгін арқалап,  
Жеңісті ерлер тек қалап.  
Батыр ерлер болған соң,  
Халқы да мыңға тек балап.

Ер халықтан туғасын,  
Ерлікке белін буғасын.  
Сан елді алған құтқарып,  
Жауын жеңіп қуғасын.



Денелерін оқ тесіп,  
Жауының жолын тек кесіп.  
Батыр деген ат алған,  
Бағалағасын ер десіп.

Ерлерменен кеңесіп,  
Халықтың қамын бір жесіп.  
Жауын қуған ер болып,  
Ерлерменен бірлесіп.


Мұз қатқанмен сіресіп,  
Солайша жаумен тіресіп.  
Жауын тыққан көріне,  
Ер бола біліп күресіп.

Оралып елге дін аман,  
Өтсе де бастан зар заман.  
Фашизмнің қанды ісі,  
Болсадағы тым жаман.

Аман-сау елге оралып,  
Тас қамалды тек алып.  
Жеңгеннен соң жауларын,  
Халық жайы оңалып.

Аман сау батыр елге кеп,  
Батыр деп халқы тым елеп.  
Батасын беріп үлкендер,  
Батасымен жебеп тек желеп.

Жарасын жүрек тек емдеп,  
Жүрген екен батыр еркелеп.  
Шыңдарға биік талпынып,  
Жүргесін Отан, халқым деп.



Отанға қызмет етем деп,  
Азаматтық тек ойға кеп.  
Бауыржан батыр атанып,  
Ұрпақтың жүрген қамын жеп.

Жау жүрек батыр атанып  
Жүрмегесін мастанып,  
Ер болғасын бос сөзден,  
Жүргесін тек сақтанып.

Ұнатпағасын сатқанды,  
Өтірікке судай аққанды.  
Бауыржан батыр атанып,  
Қазағының болды мақтаны.

Батырды кейде шалғанмен,  
Сынағанын көңілге алғанмен.  
Бауыржан ата мән бермей,  
Ісі болмағасын жалғанмен.

Бітімге келмей езбенен,  
Адамдықты сезбеген.  
Тілін, дінін сыйламай,  
Кеуде қағып «мен» деген.

Түйреген ғой сөзбенен,  
Көргеннен соң көзбенен.  
Мінін айтып көзіне,  
Болғасын еш төзбеген.

Тектіні де шалғасын,  
Көңіліне тым алғасын.  
Көңілі тек жай тапқан,  
Азаматтық ойды салғасын.

Бола білген ерлеп кең,  
Адамдық деп қымбат ең.  
Адал болып жүрген соң,  
Көре білген бәрін тең.

Қызықтырмай тақ пен шен,  
Кеуде қағып демей мен.  
Ер жүрек батыр болған соң,  
Ой түйе біліп өмірден.

Шыға да біліп көңілден,  
Әр кезде де жөн білген.  
Әділ жанды жақтаған,  
Нағыз ерді көзге ілген.

Халқын ойлап тек жүрген,  
Оң сөзге құлақ тек түрген.  
Халқына батыр атанып,  
Ер болып өмір тек сүрген.

Ұнатқан тек шындықты,  
Көрсен де сан сұмдықты.  
Болғаннан соң нағыз ер,  
Жақтырмаған ынжықты.

Батыр болғасын тым мықты.  
Адамдықты тек ұқты.  
Өзін дұрыс ұстады,  
Айтқасын тек шындықты.

Жақтады әркез халығы,  
Қазақ деген алыбы.  
Батыр десе де мастанбай,  
Сақталды батыр қалыбы.



Болмады ешбір мендігі,  
Сақталып әр кез теңдігі.  
Ерлігімен ұрпаққа,  
Бола білгесін тек үлгі.

Аңсады атар тек күнді,  
Шығарып ерлік тек үнді.  
Айта білді тайсалмай,  
Көзгеде әр кез тек мінді.

Естілді тек ер аты,  
Болғасын жақсы тым заты.  
Ер болып туып өмірде,  
Танытты нағыз Қазақты.

Үлгі боп үлкен жасына,  
Қатал боп жауға қасына.  
Ерлігін халқы бағалап,  
Ескерткіш қойды басына.

Домалатып өрге тасын да,  
Халығы болып басында.  
Өлді деуге қия алмай,  
Құрметтеп берді асын да.

Өмірдің жоқ қой еш шегі,  
Болғасын асыл шын тегі.  
Батырым деп қазағы,  
Бағалану да ерлігі.

**Қараталды жағалаймын мұңайған да**

О, Қаратал ақындықпен түскен көзге,  
Жыр жазған жандар аз ба менен де өзге?  
Жазсам ба деп ойлаймын жазбасам ба,  
Қалсам егер мұңайып бос бір сөзге.

Кей жандарды жүрген де санап ерге,  
Халқы үшін келген деп бұл өмірге.  
Азамат боп ойламай ұлы елдікті,  
Зорға сыйып жүргесін байтақ жерге.


Ие болып жүрсе де мүміндікке,  
Бой алдырып жүргесін тек күдікке.  
Еш қызартпай жүргесін бұл қылығы,  
Тұрмағасын бұл қылығы ешпір түкке.

Ел болса да айықпай мастығынан,  
Елдігіңді болмағасын еш ұғынған.  
Егеменді ел болғанда бұл өмірдің,  
Қашқалақтап жүргесін шындығынан.

Адамдығың жүрмегесін ішке кірмей,  
Қызып апта жүргесін бәрі бірдей.  
Егеменді елдігінің қымбаттығын,  
Надандық қып жүргесін ешбір білмей.

Маскүнемдік әдетіне әр кез салып,  
Ездігінен жүргесін көңіл қалып.  
Барды салып жүрмегесін елдігім деп,  
Інілері жүрмегесін үлгі алып.

Маскүнемдік әдетін ешбір тыймай,  
Ішкіштігін жүргесін ешбір қимай.  
Егеменді ел болса да бақыт қанып,  
Надандық қып жүргесін есті жимай.



Азаматтық жүргесін сөзде тұрмай,  
Ар-ұяттан болғасын мүлдем жүрдай.  
Ауласында домалап жатқаннан соң,  
Елдігіне жүргесін бүйрек бұрмай.

Надандыққа қаламын ішті тартып,  
Азамат деп жүрген де сенім артып.  
Білек түріп, «Отаным» деп жүрмегесін,  
Елдігім деп жүрмегесін еш жарытып.

Елдігім деп толғанып тым жүргенде,  
Отаным деп өмірді де тек сүргенде.  
Ауыр ойдан жүремін теңселгендей,  
Оң сөзге де құлақты тым түргенде.

Іште аласын кей пенденің тым білгесін,  
Сүрінгенге шат болып тек күлгесін.  
Тәлтіректеп мас болып ыржалақтап,  
Бос сөздерді құлаққа тек ілгесін.

Егеменді елдігің ішке кірмей,  
Оң сөздерге жүргесін құлақ түрмей.  
Тектіні де, асылды да тек өсектеп,  
Ездікпенен жүргесін тыныш жүрмей.

Еш ойламай жүргесін адамдықты,  
Ездікпенен көрсеткесін надандықты.  
Қансыздықпен ойлағасын жамандықты,  
Еш ойламай жүргесін амандықты.

Сыйламай да жүргесін еш заңыңды,  
Гүлдентсем деп жүрсең де тек маңыңды.  
Көп болғасын өзінің іште аласы,  
Атырғысы келмегесін еш таңыңды.

Болмағасын қанша іше де еш тоятын,  
Ішкіштігін болмағасын еш қоятын.



Көз қызарып, араққа құмартқасын,  
Жат қылықты болмағасын еш жоятын.

Адамдықты жүрмегесін еш жақтырып,  
Елдігіңе жүрмегесін бас қатырып.  
Ауызға келгенді айтып, ішіп алып,  
Маңайына жүрмегесін таң атырып.

Асылды да жүрмегесін еш бағалап,  
Маскүнемді жүргесін тек жағалап.  
Қалтасынан бөтелкені көріп қалса,  
Соңнан қалмай жүргесін тек ағалап.

Нағыз ерге кімдер жүрер ездi балап,  
Болмағасын бойын да ешбір талап.  
Арақпенен шарапты тек өмірде,  
Өлермен боп жүргесін әркез қалап.

Адамдығы жүргесін бойда қалмай,  
Оң сөзге де жүргесін құлақ салмай.  
Көрсеткесін өмірде надандықты,  
Ұяттығын жүргесін көңілге алмай.

Тым үйір болғаннан соң асқа дайын,  
Еш ойламай жүргесін елдік жайын.  
Қалай ғана көңілің тым қалмасын,  
Ұяты да азайғасын барған сайын.

Болмағасын Отаным деп тебіренетін,  
Адамдыққа болмағасын ой жететін.  
Мастығына мастанып кісімсініп,  
Болмағасын сөзіне еш сенетін.

Көрсете алмай жүргесін жүрегі ақты,  
Бос селтеңмен өткізгесін жастық шақты.



Нағыз ерді көрсете алмай бұл өмір де,  
Байлағандай жүргесін әркез бақты.

Надандығын көңілге тым алғасын,  
Көңілде өзі өзінен тым қалғасын.  
Қараталды толғанып жағалаймын,  
Толғаныстан мида өзі тым талғасын.

Жүргеннен соң кеудені ой басқандай,  
Толғана алмай жүргесін алжасқандай.  
Қараталды жағалаймын тебіреніп,  
Толқынына көз салып мұңдасқандай.

Толғанамын толқынымен кеңескендей,  
Болғаннан соң самал лебі тым ескендей.  
Көк толқыны толғансам ой салғандай,  
Тебіреніп толғанғаның жөн дескендей.

Азаматтық көкейімді тым тескендей.  
Болмағасын жолымды еш кескендей,  
Отаным деп жүргесін мың толғанып,  
Отан жайын өзіммен бір жескендей.

Рух беріп, тасып, шапшып сыр ашқандай,  
Сеніп айтсаң сырыңды емес еш шашқандай.  
Азаматтық көрсетіп толғана алсаң,  
Сырласудан емес өзі еш қашқандай.

Одан сайын биіктеп оймен өрең,  
Жағасын да толғанып жазсаң өлең.  
Мың толғанып барды сап шабыттансаң,  
Өзіне келмейді еш өзендер тең.

Мың толғанып ұқса деп ер жігітке.  
Шапшып ағып баулитындай тек ерлікке.





Шақырғандай бірге өзімен ұлы елдікке,  
Жыр жазбассың дейтіндей мәңгілікке.

Қайыспасын дейтіндей белің жүкке,  
Пенделіктер тұрмағасын ешпір түкке.  
Нағыз ақын бол дейтіндей бұл өмірде,  
Азаматтық ие бол деп мүмкіндікке.

Тасып, ағып, рух беріп қайрайтындай,  
Бұлбұлы да, нуы да сайрайтындай.  
Ернеуінен жатқасын асып-тасып,  
Қүдіретімен бағыңды емес байлайтындай.

Тебірентіп, жыр жаз деп қоймайтындай,  
Қасиетін бойындағы жоймайтындай.  
Ақындар да саф ауасын жұтқанменен,  
Шабыттанып ешқашан тоймайтындай.

Үйір болмай жүргесін дайын асқа,  
Амандықты тілейтіндей әр кез басқа.  
Толғандырып бар шабытты беретіндей,  
Шабыт беріп несі бар деп жыр жазбасқа.

Шапшып ағып Қараталым, шабыт беріп,  
Жағасын да жүремін кеуде керіп.  
Азаматтық одан сайын ойға еніп,  
Бос қиялдың жетегіне кетпей еріп.

Шағала да жүргесін жиі сүңгіп,  
Жас толқыннан ақ шабақты кетіп іліп.  
Шағалалық ерлігін көрсеткесін,  
Сүңгігесін ұстарын да жақсы біліп.

Қаратал жатсадағы шапшып тасып,  
Ернеуінен ақса да тасып асып.



Шабакты іліп ерлігін көрсеткесін,  
Су тасу деп жүрмегесін ешбір сасып.

Шабакты іліп ерлігін көрсеткендей,  
Жас толқыннан емес өзі сескенгендей.  
Өмір үшін күрескесін барды салып,  
Ерлігіне өзінің тәнті еткендей.

Өте қымбат өмірде қысқа мына,  
Тасыса да тимейтіндей еш шамына.  
Ерлік істі сақтағасын тек жадында,  
Шағалалық кіріскендей тым қамына.


Толғана алмай жүргенде қыр кеткендей,  
Бос бір ойлар тәлкі мазақ тым еткендей.  
Мың толғанып Қараталдан рух алып,  
Зор табысқа қайтамын қол жеткендей.

Шағала да сүңгігесін жиі төніп,  
Қиындыққа жүрмегесін ешбір көніп.  
Көкек те балапанын тек тойдырып,  
Барды салып жүргесін өсіп өніп.

Өмір үшін күрескесін жанталасып,  
Шабакты іліп жүргесін ерлігі асып.  
Қорқу, үрку кірмегесін еш ішіне,  
Қаратал ақсадағы шапшып тасып.

Көрсетпей сүңгігесін жасықтықты,  
Ерлей алып жүргесін болып мықты.  
Бетінен қайтпағасын су тасу деп,  
Көрсетпей ілгеннен соң ынжықтықты.

Өмір үшін күрескенін көзбен көріп,  
Ерлігіне қарағасын көңіл бөліп.



Риза боп ерлігіне тек қайтамын,  
Мыңғырып та жүргесін малдар да өріп.

Тынысым да жүргенде тарылғандай,  
Кеуде басқан мұң наладан арылғандай.  
Мың толғанып қайтадан тебіреніп,  
Қайтамын тым ағымнан жарылғандай.

Тез арада қалғасын бойды тіктеп,  
Отаным деп жүргесін тек елдік деп.  
Мұңайғанға боламын қызарғандай,  
Ұрпақтың да жүргесін тек қамын жеп.


Құстардың да көргесін ерліктерін,  
Көргеннен соң көзбенен тірліктерін.  
Рухтары жүргесін еш басылмай,  
Баса алмай да жүргесін желіктерін

Шабыттанып, тебіреніп қаламды алып,  
Қараталдың құдіретіне тым таң қалып.  
Мың толғанып, елдік деп жыр жазамын,  
Биік шыңға қайтадан көзді салып.

Жалындап жүрегім де от боп жанып,  
Азаматтық жүрмегесін сөзден танып.  
Қараталым рухты бергеннен соң,  
Құдіретіне жазамын мүлдем нанып.

Өнеріммен жүрмек боп топты жарып,  
Қайтадан кеткендей боп қол ұзарып.  
Жыр жазамын батылдыққа әр кез барып,  
Қараталдың ерлігі маған дарып.

Бетінен болмағасын еш қайтқандай,  
Рух беріп болмағасын мұңайтқандай.



Күн де нұрын шашқасын биігінен,  
Мың алғысты боламын тек айтқандай.

Жарқырап шығысымнан таңым атып,  
Жүрегіме жүргенде қатты батып.  
Қайтадан биік шыңға көзді салып,  
Азаматтық жүремін үнді қатып.

О, Қаратал жағалайын жиі барып,  
Рух алып жүрейін топты жарып.  
Қараталым – өзенім деп жағаласам,  
Тасып аққан ерлігің жүрсін дарып.

Азаматтық болғасын тым жаққандай,  
Бәле жала жүрмегесін еш баққандай.  
Қырандардай жүрейін дүр сілкініп,  
Шыңға көз сап, қанатымды тек қаққандай.

Ұрпағыма үлгі өнеге тек берейін.  
Азаматтық, адамдықты жөн көрейін.  
Мұратыңды толғандыр шабыт беріп.  
Барды салып ер жүгін көтерейін.

Ерлей алып жүргесін бұтақ жайып,  
Бос сөздерге жүмейін еш мұңайып.  
Шыңды алуды әр кезде армандайын,  
Мұңайғанды көрейін әр кез айып.

О, Қаратал мен өзіңді бағалаймын,  
Елдігім деп тек қана жағалайын.  
Егеменді ел болғанда бақыт қонып,  
Отаным деп жыр жазып дем алмайын.

Ғажаптарға мен өзіңді тек балайын,  
Биік шыңға көзімді тек салайын.

Білек түріп ел болғанда барды салып,  
Биік деген шыңдарды тек алайын.

### Әкім ініме

О, Әкім інім, жігіттер мешіт салып,  
Басшылық қып жүрсіздер қолға алып.  
Егемендік алғасын бақыт қонып,  
Мұз боп қатқан кеткендей сең қозғалып.

Қиындықтың барлығы артта қалып,  
Ер Қазағым маңдайды терге малып.  
Білек түріп ерлікті тек ету де,  
Гүлденіп келеді ғой іс оңалып.

Құрылыстар да жатқасын алып қарқын,  
Аамат боп білгесін сөздің нарқын.  
Жігіттерге қолдауды тек көрсетіп,  
Білек түріп жүрсіздер шат боп жарқын.

Құрылысшыға жүрсіздер рух беріп,  
Керегесін жатқасын тез көтеріп.  
Тектілікпен дінді де қолға алғасын,  
Бос сөздерге жүрмегесін ешбір еріп.

Атқара алып жүргесін зор міндетті,  
Отанға жүргеннен соң бұрып бетті.  
Барды салып білекті түргеннен соң,  
Зор табысқа бұл күнде қол да жетті.

Ер халқымның ерлік ісі байқалғандай,  
Ерлігімен жүргесін шыңды алғандай.  
Биік деген жүргесін шыңды алып,  
Ерлігіне әлем де өзі таң қалғандай.



Ер халқымның болғасын талабы зор,  
Жалқаулық та болғасын басқа тек сор.  
Отанды гүлдеңтпек боп жүргеннен соң,  
Ұрпағымыз болмайды ешқашан қор.

О, әкім інім биіктерді әр кез алып,  
Биік шыңға жүрейікші көзді салып.  
Барды салып озық елге тез жетейік,  
Әлем де өзі жүрген де тым таң қалып.

Ер халқым да білгесін шыққан күнді,  
Азаматтық шығару да жарқын үнді.  
Саясаттың ықпалымен тым тежелген,  
Қолға алуда бұл күн де ерлеп дінді.

Түзетпек боп барды сап кейбір мінді,  
Шығартпай да келгесін жарқын үнді.  
Барды салып кей мінді түзету де.  
Тым сарғайып күткесін жарқын күнді.

Опа шекпес ешкім де дінсіздіктен,  
Қолға түскен айырылмайық мүмкіндіктен.  
Ер Қазағым мешіттерді тек салу да,  
Егемендік келгесін көптен күткен.

О, әкім інім көрінейік тек биіктен,  
Қайтара алмас ешкім де енді беттен.  
Өркениетті елдерді қуып жетіп,  
Зор табысқа дұрыс қой әр кез жеткен.

Егемендік алғасын заң өзгеріп,  
Мешіттерде қуантады бой көтеріп.  
Мұсылмандық бірлікке шақырады,  
Тәубе деймін барлығын көзбен көріп.

Сан ғасырлар қауіптер ұлтқа төніп,  
Ер бабалар озбырлыққа жүрмей көніп.  
Ерлей алып сақтағасын байтақ жерді,  
Арқасында жүрміз ғой өсіп өніп.

Ұлан байтақ даланы қалған сақтап,  
Азаматтық зор сенімді әр кез ақтап.  
Жауларына байтақ жерді бермегесін,  
Бабаларды сөйлейміз ғой әр кез мақтап.

О, әкім інім тоқтамасын құрлысымыз,  
Ерлік іс деп ұғайық тым мұнымыз.  
Отаным деп білек түріп барды салсақ,  
Бұдандағы түзеледі тұрмысымыз.

Азаматтық жауапты еш ұмытпай,  
Жүргеннен соң сөзімізді ешбір жұтпай.  
Білек түріп Отан деп барды салсақ,  
Қалай ғана жүреміз ойдан шықпай.

Еңбектері ерлердің елену де,  
Зор сенімге сондықтан тек ену де.  
Егемендік алғасын бақыт қонып,  
Жарқынына болашақтың тым сенуде.

Жүргеннен соң Отанның тым қамын жеп,  
Азаматтық жүргесін тек ойға кеп.  
Барды салып Отанды гүлдетейік,  
Тек осылай жүрейік Отаным деп.

Қазақстан озық елмен тез теңелсін,  
Теңелетін заманы шын келгесін.  
Байрағымыз көгімізде тым биіктеп,  
Қазақстан көгінде желбіресін!



## Қаңтар оқиғасына арналады

Егеменді елдікке,  
Жеткен де ерлеп Қазағым.  
Мән беріп тым бірлікке,  
Ашылды дегенде тым бағым.

Егеменді ел болып,  
Сынбайды деген де еш сағым.  
Көңілде өзі тым толып,  
Төмендемес дегенде еш тағым.

Отаным менің өрлейтін,  
Келді деген де заманым.  
Заман туды деген де ерлейтін,  
Арқасы дегенде аманым.

Шықты дегенде күніміз,  
Биік шыңды тек алып.  
Естілді дегенде үніміз,  
Маңдайды терге тым малып.

Отаршылдықтан құтылып,  
Көрсеткенде ерлікті.  
Мәңгі қалмай тұтылып,  
Ойлағанда елдікті.

Азаматтық көрсетіп тірлікті,  
Дән еккесін тек жерге.  
Сақтай алып бірлікті,  
Айналғасын ұлы елге.

Қиындықты талай өткеріп,  
Әлем танығанда Отанды.  
Үлгі-өнеге тек беріп,  
Бағалағанда бар жанды.



Тасаларға тығылған,  
Терорист деген сұм шықты,  
Болмағасын ұғынған,  
Ойлағасын сұмдықты.

Қаламайтын сауыңды,  
Екі көзі қанталап.  
Дәлелдеп нағыз жауыңды,  
Басып кіретін анталап.

Жүргесін тек от қойып,  
Өртегесін бақша-бауыңды.  
Асыңа да алып тым тойып,  
Шығарғасын дауылды.

Тонайтұғын тек талап,  
Олжаны оңай білгесін.  
Қорқаулықты тек қалап,  
Жоғалтқасын тым есін.

Адамдық болмағасын ісінде,  
Амандықты қайтіп қаласын?  
Батырмақ болғасын тісін де,  
Көрсеткесін іштің аласын.

Егеменді елдігің,  
Болғасын оған бір тиын.  
Ұнамағасын бірлігің,  
Ауыртпағасын еш миын.

Қойынға тасын тыққасын,  
Дайындағандай боп тым сыйын.  
Көргендей боп тым қасын,  
Кезде мынау тым қиын.

Қанды шашып жүргесін,  
Өзінше болып тым мықты.



Бос сөзге құлақ түргесін,  
Қаламағасын шындықты.

Араққа да алып тым тойып,  
Жүргесін тек бүлдіріп.  
Көлікпен үйге от қойып,  
Қансыздығын жүргесін білдіріп.

Жүргесін шағып сындырып,  
Жау екенін білдіріп Отанға.  
Жүргендей бір іс тындырып,  
Жаны ашымағасын еш жанға.

Кете жаздап тек қырып,  
Жететіндей боп арманға.  
Ар-ұятты тым сырып,  
Қолы былғанғасын тым қанға.

Жатпағасын іш бұрып,  
Ұятыңды еш білмей.  
Жүрмегесін сөзде еш тұрып,  
Құлаққа сөзді еш ілмей.

Тасалар да жасырып,  
Жүргеннен соң тек бойды.  
Арамзалық жоспар тек құрып,  
Адамдық ойламай еш ойды.

Ойлағасын қансыздық,  
Терористтігім дұрыс деп.  
Көрсеткесін арсыздық,  
Жатпағасын қамды жеп.

Ел болғасын егемен,  
Жүргесін тым ұнамай.  
Болғасын қамды жемеген,  
От қойғасын қызармай.

Ит жеккенге айдалған,  
Ел боламыз деп арыстар.  
Ерлікке тек сайланған,  
Мол болғасын бойында ар.

Ел боламыз деп егемен,  
Қас батырға айналған.  
Отаршылдық дұрыс демеген,  
Болғасын бағы байланған.

Жүрмегесін бақты ашып,  
Зығырданы еді қайнаған,  
Көздері тым от шашып,  
Бармақтарын еді шайнаған.


Ел болам деп ақса да,  
Бастан да қызыл қандары.  
Бәле жала жапса да,  
Ашымаса да жандары.

Егемендік үшін барды сап,  
Ататынын біліп таңдары.  
Жүрсін деп ұрпақ биікті ап,  
Отаршылдың ұнамай заңдары.

Елдігім деп бабалар,  
Азаматтық үн қатқан.  
Жабылғасын жалалар,  
Жүрегіне тым батқан.

Ұлан байтақ далаға,  
Болғасын жауы көз сатқан.  
Не десін іші алаға,  
Зұлымдықпен тек атқан.

Елдігіңді егемен,  
Болмағасын ұнатқан.



Ұлы халық демеген,  
Дана халықты жай жатқан.

О, жастарым ермендер,  
Терорист деген бәлеге.  
Тізгінді қолдан бермендер,  
Қансыздығы мәлім әлемге.

Бәле-жала термендер,  
Көңілдерді қалдырып.  
Еріп кеуде кермендер,  
Қолдарын қанға малдырып.

Арам асты жемендер,  
Сіңбейді ол еш бойға.  
Бүлікшілік дұрыс демендер,  
Елдікті алып тек ойға.

Бүлікші боп от қойып,  
Ешқашан ел болмаспыз.  
Кездескенді тек жойып,  
Ел болып еш оңбаспыз.

Араққа да тым тойып,  
Еліңді жүрсең үрпитіп.  
Ұятты мүлдем тым қойып,  
Ер болмассың еш бүйтіп.

Ел болғанда егемен,  
Болмаңдар еш бүлікші.  
Бүлікшіні ер демеген,  
Болғасын ала тар іші.

Жатқанда әлем тым танып,  
Қазақстанның біліп бағасын.

Болашаққа тым нанып,  
Жыртпайық адам жағасын.

О, жастарым ерлейік,  
Қауіп төнбесін елдікке,  
Бірлікті сақтап ел дейік,  
Тым мән беріп бірлікке.

Бүлікшіге жүріңдер алдырмай,  
Отанға білдіріп ақтықты.  
Көңлді жүріңдер қалдырмай,  
Естен шығармай сақтықты.

Өмір сүріңдер бақытты,  
Зар күйге еш салдырмай.  
Заман да мынау шаттықты,  
Көзді жасқа малдырмай.

Мынау ғажап өмірде,  
Отаныңды қорғаңдар.  
Ынтық болып өмірге,  
Бүлікші еш болмаңдар.

Азаматтық көтеріп жүгіңді,  
Өтеңдер тек борышты.  
Болыңдар тым білімді,  
Азамат болып тым мықты.

Бағалап шыққан күніңді,  
Өмір сүріңдер Отан деп.  
Құрметтеп ана тіліңді,  
Жүріңдер тым қамын жеп.

Әр кезде де қымбат қой,  
Егеменді елдігің.



Гүлдену болсын әр кез ой,  
Отанға керек ерлігің.

Басымыздан ұшпасын,  
Ел болған да қонған бақ.  
Бүліктің қауіпін ұққасын,  
Болайықшы әр кез сақ!

Ел болғасын ес жинап,  
Көрінейік биіктен.  
Жанымызды тым қинап,  
Жеткеніміз де еңбекпен.

Өзгенің ақысын жемейік,  
Адамдықты сақтап тек бойға.  
Бүлікшілікті дұрыс демейік,  
Адамдықты алып тым ойға.

Не жетеді өмірде,  
Еңбекпен көрсең күніңді.  
Ғашық болып өмірге,  
Азаматтық шығарсаң үніңді.

Болсаң егер білімді,  
Жүрсең егер Отан деп.  
Сатпаймын деп тілімді,  
Жүрсең егер қамын жеп.

Қазақстан танылып,  
Айналғанда ұлы елге.  
Ерлік істі тек қылып,  
Еңбек ұшпасын еш желге.

Қорғай біліп Отанды,  
Көрсетейік нағыз адамды.

Гүлденуде егеменді Қазақстаным!

Сыйлай біліп бар жанды,  
Анық басып қадамды.

Көрсетейік даналық,  
Айырып жақсы жаманды.  
Көрсетпейік аңғалдық,  
Бағалай біліп заманды.

Сақтай алып бірлікті,  
Биіктетейік көк туды.  
Отан деп істеп тірлікті,  
Тыңдамайық еш қуды.

Қауіпті тыңдамаңдар үгітті,  
Терористті дос санап.  
Болғасын тым күдікті,  
Жүретұғын тек қанап.

Айырылғасын тым ардан,  
Терористікті тым қалап.  
Итереді тек жардан,  
Сүрінгенді жегесін тек талап.

Жүрерсіңдер арандап,  
Сенсеңдер айтқан сөзіне.  
Өздерін жүріңдер жөнге сап,  
Шындықты айтып көзіне.

Елдігің болар тас талқан,  
Аңғалдықты көрсетсең.  
Елдігіңе бол тек қалқан,  
Жарасады ерлік тек етсең.

Қой терісін жамылған,  
Терористің біл барлығын.



Сәті келсе жабылған,  
Көрсеткесін іштің тарлығын.

Көрсеткесін тексіздік,  
Кімдер жүрер үлгі алып.  
Көрсетіп тек естілік,  
Жүрейік жөнге тек салып.

Жүрген жерін бүлдіріп,  
Бүлдірдім деп күлгесін.  
Жау екенін білдіріп,  
Арамзалықты білгесін.

Бола біліп сабырлы,  
Көрсетейік ерлікті.  
Ұнатпай бос дабырды,  
Ойлайық тым елдікті.

О, жастарым жүріңдер,  
Үйір болмай еш дауға.  
Отан деп өмір сүріңдер,  
Тойтарыс беріп тек жауға.

Жерің болғасын кең байтақ,  
Болыңдаршы өте сақ.  
Халқымның бұл күн ісі айғақ,  
Ұшпасын қонған басқа бақ.

Қолды болмасын кең далаң,  
Терористке жүрмеңдер еш нанып.  
Суға толып сай салаң,  
Жүріңдер әркез сақтанып.

Жауыңа ұнар талассаң,  
Арамзалығы көп ішінде.





Сөзіне еріп алжассаң,  
Көрсетеді күшін де.

Ер халқың бар Қазақтай,  
Даласы бр кең жатқан.  
Болғасын тым қонақжай,  
Бейбіт күнді ұнатқан.

Бола біліп келеді,  
Адам деген атқа сай.  
Әлем бұл күн еледі,  
Ұлы екенін ұмытпай.

Қазақстанның беделі,  
Күннен күнге артқасын.  
Танытқасын ұлы елді,  
Азаматтары үнді қатқасын.

Арамдығы жоқ ешкімге,  
Сақтағасын адам қалыпты.  
Басынбасын ешкім де,  
Қазақтай ұлы халықты!

Нығайтып тым елдікті,  
Қорғайық ел мен жер-суды.  
Сақтап әркез бірлікті.  
Биіктетейік көк туды!



## Соғыс ардагерлеріне арналады

Фашизмді жеңіп кеп,  
Барды салды Отан деп.  
Гүлдеңтпек боп даласын,  
Шаруа десе елендеп.

Жалқаулықты ұнатпай,  
Қарын сипап, бос жатпай.  
Ер атағы төмендеп,  
Қалатындай таңы атпай.


Бос сөздерді еш шатпай.  
Өзгенікене көз сатпай.  
Білек түріп барды сап,  
Ерлікті жүрді тоқтатпай.

Келмеген ерді жоқтатпай.  
Тіл мен дінін еш сатпай.  
Ерліктерін көрсетті,  
Бос сөздерді еш шатпай.

Арам асты еш татпай,  
Жүргеннен соң еш батпай.  
Көтергесін ер жүгін,  
Қайыспады болаттай.

Қалқын жүрді мұңайтпай,  
Бос сөздерді еш айтпай.  
Елдік жайын тек ойлап,  
Алған беттен еш қайтпай.

Қиындықтан еш саспай,  
Жүргеннен соң алжаспай.  
Тектілікті көрсетті,  
Түзу жолдан адаспай.



Сақтағасын тым арды,  
Ерлік етіп топ жарды.  
Білек түргесін Отан деп,  
Қолдары да ұзарды.

Төсті емес еді қағатын,  
Халқына болғасын жағатын.  
Адамдығымен көрініп,  
Болмағасын бәле бағатын.

Іштің болмағасын аласы,  
Ешкімде болмағасын жаласы.  
Еңбектері тек жанды,  
Істің де болмағасын шаласы.


Бола біліп адам баласы,  
Суға толып сайы мен саласы.  
Тез арада-ақ гүлденді,  
Ұлан байтақ даласы.

Биік болғасын санасы,  
Қуанды көріп анасы.  
Басшы болып та басқарып,  
Елінің де болды данасы.

Бағаланып тым басы,  
Өрге домалап тек тасы.  
Халқына етті қызмет,  
Келгенінше шамасы.

Анық басқасын қадамды.  
Биіктетем дегесін санамды.  
Сүйгеннен соң Отанын,  
Көрсетті нағыз адамды.

Білемін дегесін шамамды.  
Айырғасын жақсы жаманды.



Биіктерді тек алды,  
Түсініп қиын заманды.

Болмағасын жасыған,  
Күштері еді тасыған  
Фашизмді де жеңгесін,  
Бес қаруын асынған.

Болғасын тым басынған,  
Баладай көріп жассынған.  
Қансыздығын тоқтатпай,  
Ақсадағы қызыл қан.

Шошынса да көрген жан,  
Баға кетіп адамнан.  
Жастайынан қиылып,  
Көз жұмса да ерлер сан.

Жендеттер еді жанды алған  
Сөздері де еді тым жалған.  
Адамдық кеткесін бойынан,  
Қанға еді тым малған.

Болмаса да бақ жанған,  
Айыздары тым қанған.  
Қансыз болғасын шетінен,  
Сөздерінен тез танған.

Фашизмді жеңіп кеп,  
Жүргеннен соң тек ерлеп.  
Қиындықты жеңе алып,  
Ұрпақтың жүрді қамын жеп.

Ер жүгі түспей мойнынан,  
Адамдығы кетпей бойынан.  
Гүлденуге қойды тек денді,  
Азаматтық кетпегесін ойынан.

Ер болғасын көреген,  
Ойды түйіп өмірден.  
Ерлігін тек көрсетті,  
Шыға да біліп көңілден.

Халқы да еді сыйлаған,  
Сөздеріне еді иланған,  
Отаным деп, халқым деп,  
Болғасын жаны қиналған.

Болғаннан соң шыңды алған,  
Көрген жан еді таң қалған.  
Шетінен ер болғасын,  
Ерлігімен еді ой салған.

Ерлігімен жүргесін таңданып,  
Азаматтық, адамдықты аңдатып.  
Атын шегіп ап арбаға,  
Жолды бара жататын шаңдатып.

Азаматтық жүргесін үн қатып,  
Ер жүгі жүрмегендей еш батып.  
Қиындықты жүретін сездірмей,  
Ерлікті жүргесін ұнатып.

Арба үстінде де әндетіп,  
Өнеріне көпті тәнті етіп.  
Қалғандай боп іш пысып,  
Алысқа дауыстары тым жетіп.

Ардагерлердің ерлігі,  
Ұрпаққа үлгі бүгінгі.  
Қайыспады белдері,  
Болса да ауыр ер жүгі.

Отан деп соғып жүрегі,  
Халқының болып тірегі.



Шыңды алғасын жалындап,  
Қабыл болды тілегі.

Жақсы болғасын тым тегі,  
Отанға сіңді еңбегі.  
Білек түргесін Отан деп,  
Ұрпақтың қамын тек жеді.

Ездікті еш етпеді,  
Адамдықтан кетпеді.  
Қиындықты кездескен,  
Әр кезде де тек жеңді.

Ер болғасын өздері,  
Елдік болып сөздері.  
Гүлдентсем деп Отанды,  
Шыңға түсті көздері.

Азаматтық шығарып тек үнді,  
Егемендік аңсап тым күнді.  
Елдікті тек ойлады,  
Қызықтырмай шаттық бір күнгі.

Сақтай алды бірлікті,  
Көрсетіп ерлік, ірілікті.  
Жүрді тек ой салып,  
Азаматтық көрсетіп тірлікті.

Болғасын жүрек тым түгі,  
Мойыта алмады ер жүгі.  
Ардагерлердің арқасы,  
Зор табысымыз бүгінгі.

Аша білгесін тек бақты,  
Болғаннан соң жан-жақты.  
Ерліктерін көрсетіп,  
Көрсеткесін жақсы тым затты.

Қысқа өмір де қымбатты,  
Халқына көрсетіп тек ақты.  
Фашизмді де жеңе алып,  
Төмендетпегесін ер атты.

Болғасын ер батырлар,  
Арыстандай атылар.  
Ұрпағы естен шығармай,  
Ерлігін үлгі тек қылар.

Аян ғой шыңды алғаны,  
Ерлікпен ойды салғаны.  
Болсыншы тек аман-сау,  
Арамыз да аз қалғаны!


### **Нағыз жігіт бол деуші еді әкеміз**

Нағыз жігіт өмірде,  
Бол деуші еді әкеміз.  
Ұл әкелдім деп өмірге,  
Қоштайтұғын шешеміз.

Ұнағасын өзіне,  
Бұл өмірде тым ерлік.  
Құлақ асқасын сөзіне,  
Азаматтық керек деп тым тірлік.

Бақыт тілеп халқына,  
Ойлағасын тек бірлік.  
Адал болғасын салтына,  
Көрсеткесін тек ірілік.

Азаматтық жүргесін,  
Көкейін әр кез тек тесіп.



Отан деп өмір сүргесін,  
Жүргесін елі ер десіп.

Азаматтықпен түсіп тек көзге,  
Жүргесін білек тек түріп.  
Үйір болмай бос сөзге,  
Жүргесін өмір тек сүріп.

Ерлегесін тым атағы,  
Шыңға да шырқап кеткесін.  
Ашылғасын тым бағы,  
Зор табысқа қолы жеткесін.

Ауылды да басқарған,  
Жан болғасын жас кезде.  
Болғасын дұрыс атқарған,  
Ынтық болғасын өмірге.

Көрсеткесін ерлікті,  
Ер халқы да ер дегесін  
Ойлағасын елдікті.  
Ұрпақтың қамын жегесін.

Ер қылады тым ерлік,  
Биіктетіп тым ойды.  
Көтертіп те ауыр жүк,  
Түзетеді тым бойды.

Болғасын жігіт тым текті,  
Жастарға үлгі болады.  
Ұнатқасын еңбекті,  
Ісіне көңіл толады.

Көрсетіп тек ерлікті,  
Биіктерді алады.



Болғасын жүрек тым түкті,  
Қатардан қайтып қалады.

Қызмет етіп Отанға,  
Маңдайды терге малады.  
Жақсылық тілеп бар жанға,  
Азаматтық ойды салады.

Бала кезде жыласақ,  
Қабақ шытатын әкеміз.  
Көздің жасын бұласақ,  
Кімге өзі деп сенгенбіз.


Сөгуге қатты қия алмай,  
Жылады деп еркеміз.  
Адамдығын тия алмай,  
Еркеледі деп кенжеміз.

Ақтамағандай сенімін,  
Әкеміз ептеп жаситын.  
Болғаннан соң ерге мін,  
Емес еді көңіл таситын.

Жігіт болады деген де,  
Көрсеткендей ездiкті.  
Қамымызды жеген де,  
Көрсетпегендей жігітті.

Көңіліне алғасын,  
Үзгендей боп үмітті.  
Көңілі ептеп қалғасын,  
Келтіргендей күдікті.

Қалғандай боп танымай,  
Бас аяққа қарайтын.



Жүргендей намыс жанымай,  
Іс емес деп жарайтын.

Жігіт болады деп жүргенде,  
Көтереді деп ер жүгін.  
Ұрпақ деп өмір сүргенде,  
Көрмегесін жүрек еш түгін.

Қалай тұрсын қиналмай,  
Ақтамағасын сенімін.  
Бақырғасын ұялмай,  
Шығармағасын ер үнін.

Қалғандай боп шамданып,  
Көре алмай нағыз жігітті.  
Жүрген де ұлға тым нанып,  
Күткендей боп үмітті.

Қалғандай сырға тым қанып,  
Алып ойға күдікті.  
Кеткендей сөзден тым танып,  
Құлаққа аспай үгітті.

Шығарады дегенде,  
Азамат болып атымды.  
Қамымызды жегенде,  
Істі көрмей татым ды.

Тіктеуші едік кеудені,  
Кейігесін күрсініп.  
Ер боламын деп тек енді,  
Қателікті түсініп.

Денені тез ақ тік ұстап,  
Жүргендей ерлік тек етіп.

Әскерлерге тым ұқсап,  
Жігіт болуға тым бекіп.

Тұрмаса да әкеміз,  
Ашуланып тым зекіп.  
Үндемесе де шешеміз,  
Адамдыққа ой жетіп.

Шыбықты ат қып шапқылап,  
Жүргеннен соң тек мініп.  
Құрбыға қарды атқылап,  
Жүргесін де ерсініп.


Жігіт болуға тырысып,  
Алушы ек есті тез жиып.  
Тұрып алмай қырсығып,  
Еркелікті тым тиып.

Әке сөзін тым тыңдап,  
Құлаққа алып тым құйып.  
Өзімізді тым шыңдап,  
Тыңдап сөзін тым ұйып.

Әкемізде тұратын,  
Ерледі деп жымыңдап.  
Бүйректі бізге бұратын  
Тұрмағасын ыржыңдап.

Жылитын әке тым түсі,  
Жігітті нағыз көргендей.  
Ұлының ұнап бұл ісі,  
Ерлеріне тым сенгендей.

Ерлік іске өмірде,  
Жүргесін ойды бөлгендей.



Ынтық болғасын өмірге,  
Ездікке болмағасын көнгендей.

Көргендей ісін жігіттің,  
Күткеннен соң зор үміт.  
Бірі қалмай күдіктің,  
Болады деп ер жігіт.

Жылытатын тез жүзді,  
Батыр болсын дегесін.  
Баптағасын тек бізді,  
Қамымызды жегесін.

Әкенің сөзін түсініп,  
Бетімнен мен қайтпадым.  
Жүрмесін деп күрсініп,  
Екі сөзді айтпадым.

Орындап әке арманын,  
Отанға қызымет тек еттім.  
Түсініп жүрек тым жанын,  
Зор табысқа тек жеттім.

Чемпион боп та күрестім,  
Түріп тастап білекті.  
Барды салып тірестім,  
Балуандармен де жүректі.

Жүргеннен соң төс қақпай,  
Жүрмегесін еш бөсіп.  
Ауыздан бәле еш бақпай,  
Азаматтық көкей тым тесіп.

Бос орынсыз мін тақпай,  
Сыйладым тек ер басын.





Жат қылықтар еш жақпай,  
Домаласын деп өрге тек тасын.

Отанның қамын ерлермен,  
Жүргеннен соң бір жесіп.  
Ойды түйіп өмірден,  
Мақтағанға кетпей еш есіп.

Теңдігімді сақтадым,  
Көрсете алып адамдық.  
Сенімді де ақтадым,  
Баса біліп қадам нық.

Көрсетпек боп ерлікті,  
Жүрмегесін бұғынып.  
Қолдағасын бірлікті,  
Адамдықты ұғынып.

Қарсыласты сыйладым,  
Жықсамдағы күресіп.  
Жөн сөзіне иландым,  
Азаматтық көкей тым тесіп.

Күрессем де белдесіп,  
Қарсыластың білдім бағасын.  
Жықсамда жүрдім елдесіп,  
Жыртпағасын еш жағасын.

Қиналсам да тым қатты,  
Кілемде жүрдім сездірмей.  
Көрсетпек боп ер Қазақты,  
Көрсетіп ездiк бездірмей.

Батыр атақ бере ме,  
Халқың да ерін сынамай.



Сөзіңе айтқан сене ме,  
Өнерің жүрсе ұнамай.

Зор табыста келмейді,  
Жаның сенің қиналмай.  
Қалай сені ер дейді,  
Шыңды жүрсең еш алмай.

Қарсыласты қайтып жеңесің,  
Тер төкпесең шынықпай.  
Демейді саған шын ерсің,  
Жүрсең егер мұны ұқпай.

Шұғылданып тер төктім,  
Чемпион боп ұялмай.  
Кейбір ездi мен сөктім,  
Азаматтықты тия алмай.

Чемпион болу неткен бақ,  
Болғасын күрес киелі.  
Босқа өтпейді жастық шақ,  
Қолдаса егер тек елі.

Қорғаған байтақ даласын,  
Бабалар білек күшімен.  
Ерлікке баулып баласын,  
Дәлелдеп ерлік ісімен.

Басынған жауын тек қуған,  
Дәлелдеп әркез ерлікті.  
Ерлікке белді тек бұған,  
Ойлағасын тек елдікті.

Сақтай біліп бірлікті,  
Байтақ жерді қалдырған.

Көрсетіп ерлік тірлікті,  
Жауына емес алдырған.

Ойласа егер тек басты,  
Шат болып бұлай жүрер ме ек?  
Адалынан ішіп тек асты,  
Бақытты өмір сүрер ме ек?

Надандықты көрсетіп,  
Ерлік істі білер ме ек?  
Армандарға қол жетіп,  
Құлаққа сөзді ілермек?


Байтақ жерді қалдырып,  
Ұлы шаруа тындырған.  
Жау шапты сол кездерде,  
Ер сөзін де тек тұрған.

Болмаған жаудың мазағы,  
Шеттерінен ер болған,  
Ұрпақтың бар тым бағы,  
Ерлігіне көңіл тек толған

Ел сенімін жүргесін,  
Әр кезде де тек ақтап.  
Отан деп өмір сүргесін,  
Ерлікті бойға тек сақтап.

Жадымда сақтап келемін,  
Әкенің айтқан мен сөзін.  
Чемпион боп та ерледім,  
Тыңдағасын тым өзін.

Ерлік іске өмірде,  
Жеткізбек боп тым көзін.



Келгесін ұл боп өмірге,  
Шығармақ боп ерлік үн.

Құмар болдым ерлікке,  
Болғасын ездiк ерге мiн.  
Ұқсайын деп жiгiтке,  
Атырмақ боп ерте күн.

Өзiмдi өзiм шыңдадым,  
Дұрыс деп ойды салғаным.  
Әке сөзiн тыңдадым,  
Шыңдарды дұрыс деп алғаным.

### Тұманбай ақын ағаға арналады

Тұманбай аға ақын едi, тiрлiгiнде тым мықты,  
Ақын болып жаза алған өмiрдегi шындықты.  
Ақындығын көрсете алды даналықпен өмiрде,  
Ғашық болып бұл өмiрге жүрегiмен ынтықты.

Жақсы жырды жаза бiлiп, бола бiлiп ұқыпты,  
Ақын болып сөзiнен де әр кезде де тек шықты.  
Тектiлiгiн даналығын халқым деген өмiрде,  
Халқы да жырын оқып, жүрегiмен тым ұқты.

Биiктердi ала алды, болғаннан соң тым тектi  
Азаматтық орындады тiрлiгiнде мiндеттi.  
Жаза алып асыл жырлар, мың толғанып жүрекпен,  
Тұманбайдай шын ақынын қазағына тәнтi еттi.

Сан арудың жүрегiне жырыменен гүл ектi,  
Жырын жазып ұнатқан соң тiрлiгiнде еңбектi.  
Алынбайтын асуларды биiк деген ала алды,  
Тұманбайдай ағалар тек қиындықты жеңбек-тi.



Зор табысқа ақындықпен талабымен қол жетті,  
Бұра біліп Қазағына азамат боп тек бетті.  
Азаматтық даналығын жырыменен көрсетті,  
Асыл жырын қалдыра алып ұрпағына тек кетті.

Мақтан көрмей өмірдегі бар абырой-атақты,  
Мың толғанып жырын жазды, бола біліп жан жақты.  
Тұманбай боп тектілікпен жүргесін еш мастанбай,  
Одан сайын аша білді басқа қонған тым бақты.

Мақтан көрмей өмірдегі атақ абырой табысты,  
Тұманбай боп шығарса да, ақындықпен дауысты.  
Атақ абырой жетеді ғой бір басына өмірде,  
Жыр бәйгеде тек көрсетті дүлдүл болып шабысты.

Барды салып елендетіп бермегесін намысты,  
Жырын оқып ұлы елі де ғажап сырға қанысты.  
Даналықпен жырын жазып көздеріне түскесін,  
«Ақын екен, дана екен» деп, оқыған жан нанысты.

Ой салатын жырларына тез арада-ақ көз түсті,  
Тым асығыс жазбағасын ғажап жырын ат үсті.  
Азаматтық, адамдықты жүргеннен соң бағалап,  
Даналықпен білгеннен соң әр кезде де ұлы істі.

Ағамыздай ақын сирек, дүлдүл ақын атақты,  
Ақын болып көтере алды ердің жүгін, мадақты.  
Нағыз дарын ақын болды тірлігінде өзінің,  
Дарынымен даналықпен таныта алды қазақты.

Ойы биік ақын еді, даналықпен жан-жақты,  
Көтере алған ағамыз ғой, басқа қонған шын бақты.  
Тұмағамыз жүре алды кемеңгер боп, ақын боп,  
Жыр жолына арнады ғой, бар ғұмырын жас шақты.

Ақын еді дарын болып халқы үшін шын туған,  
Сондықтан да жастайынан өнер жолын тым қуған.



Ақын болып көріне алды азаматтық тұрғыдан,  
Жырын жазып сан ерлікке болғасын тек бел буған.

Даласындай ақын аға, дархан еді, кең еді,  
Тау даласын ғажаптарға жүрегімен теңеді.  
Өмірдегі қиындықты қарсы алды тайсалмай,  
Тұманбайдай ағалар тек қиындықты жеңеді.

Ақын болып намысты да қолдан ешбір бермеді,  
Кей пендедей өсек-аян, бәле-жала термеді.  
Асыл жырды жүрегімен жаза білді тым анық,  
Тектілікпен, асылдықпен бос сөздерге ермеді.

Атақ-абырой бұл өмірде еңбекпенен келеді,  
Ақыным деп туған халқы тірлігін де еледі.  
Қалдырады-ау қапыда тым сан соқтырып сұм ажал,  
Өмір де өзі желісті аттай тоқтамастан желеді.

Сан түрлі ой толғандырып кейде басқа енеді,  
Өткеніне бұл өмірден зорға адам сенеді.  
Тұмағамыз тірлігінде ақын болып жарады,  
Мың толғанып жырын жазған нағыз ақын ер еді.

Тірлігінде таныта алды Тұмағамыз шын ерді,  
Жырыменен ұрпағына үлгі-өнеге тек берді.  
Ақын болып жырын жазып, аяқты да нық басты,  
Азамат боп төге біліп, маңдайдан да тым терді.

Барды салып тірлігінде ерлік істі еткесін,  
Жырыменен сусындатып туған халқын кеткесін.  
Тұмағаның орны бөлек қайталанбас өмірде,  
Сан арманға азамат боп тек қолы да жеткесін.

Қимайтұғын ағамыз еді қалды ғой тым іш ашып,  
Арамызда кеше жүрген жанарынан нұр шашып.  
Тұмағаның сенгің келмейді өткеніне өмірден,  
Ажал келсе құтыла алар бұл өмірде кім қашып?



Азамат боп ерлігіне жүргенменен тым басып,  
Биік деген шыңдарды алып жүрседағы тек асып.  
Ажал келсе бұл өмірден қымай қымай кім өтпес,  
Тым жалындап жүрседағы бойындағы күш тасып.

Қымағасын қаламызғой шыныменен тым сасып  
Аяқ асты өткеннен соң түсіне алмай шын жасып  
Қолдан қайыр болмағасын іштей өзі тым тынып,  
Жер шұқылап қаламызғой желкені де тым қасып.

Біліп өткен ағамыз еді даналықпен сөз парқын,  
Сақталады жадымызда бейнесі де тым жарқын.  
Шабыттанса ақын еді-ау жүрегімен жыр төккен,  
Дүр сілкініп жоталанып ала тұғын тым қарқын.


Қарата алып ауызына да Қазақтайын ер халқын,  
Азаматтық бұзбағасын тектілікпен еш қалпын.  
Даналық пен ақындықты көрсете алды өмірде,  
Азаматтық адамдыққа болмағасын еш салқын.

Тым толғанып айтушы еді жүрегімен сырларын,  
Талай талай оқыдық қой, сырлы ғажап жырларын.  
Тұманбайдай ағалар тек жүрегімен жыр жазып,  
Көрсетеді бұл өмірде азаматтық қырларын.

Даналықпен ақын еді-ау сенетұғын таңына,  
Азаматтар жиналатын шын дарындар маңына.  
Дүлдүл еді-ау жыр бәйгеде жүйрік салмас алдына,  
Сан жүйрікті қалдыратын қиналмай-ақ шаңына.

Ақын болып туғандай еді халқының тым бағына,  
Тектілікпен көз салмайтын ешкімдердің тағына.  
Ой салатын жырлар жазып тектілікпен ұрпаққа,  
Кей ездердей сүйенбейтін тілі менен жағына.

Қайталанбас ақын еді-ау қолын созған арманға,  
Жырлайтұғын ақын болып келгендей еді заманға.



Қош бол енді, ақын аға, тамылжытып жыр жазған,  
Жырларымен жақын болған даналық пен адамға.

Азаматтық ой болғансоң жыр жазғасын санамда,  
Жүрек от боп тым жалындап кейбір кезде жанам да.  
Жыр арнаймын ағаларға азаматтық тұрғыдан,  
Мың толғанып тебіреніп ұлы ісіне нанам да.

Сондықтан да сүрінбесін еш уақытта қадам да,  
Жыр жазуға жетсе болды әр кезде де шамам да.  
Тұмағадай жыр жазайық қолды созып арманға,  
Арман көп-ау бұл өмірде Отаны бар адамда.

Асыл аға, жыр жазайын оқуға тым татымды,  
Адамдықпен сендіре алып досым менен жатымды.  
Мың толғанып ағалардың мен де жолын қуайын,  
Еш ұмытпай тектілікпен адам деген атымды.

Жаратқаным ой бергесін өте биік адамға,  
Мән беремін адамдықпен басқан әрбір қадамға.  
Азаматтық ойды түйіп жырыңызды оқимыз,  
Ұқсауға тым тырысқасын сіздердей ақын ағаға.

Ала алған деп бұл өмірде ақындықпен шыңдарын,  
Азаматтық сақтаған деп бойдағы да тым арын.  
Нағыз ақын шын дарын деп бағалаймыз біз сізді,  
Болғаннан соң бұл өмір де нағыз ақын сіз дарын!

### Солдат сағынышы

Бізді де шақырып әскерге,  
Бозбала боп жүргенде.  
Болмағасын ерліктен,  
Елдігім деп еш кем де.

Жалындап ем тым мен де,  
Жігіт болды дегенде.  
Сеніммен қарап тым күнге,  
Ерлейтін жасқа келгенде.

Шашты алды тақырлап,  
Жүрген кезде былқылдап.  
Шашты алғасын жалтыр бас,  
Күнмен жүрді жалтырап.

Жүрген кезде қыз таңдап,  
Құрбы біткен талтаңдап.  
Сақтай біліп әдепті,  
Сөйлегенде сөзді аңдап.

Азамат болып, ой түйіп,  
Бұл өмірді тым сүйіп.  
Махаббаттың отына,  
Жүргенде жүрек тым күйіп.

Жүрген кезде шат болып,  
Тым жалындап іш толып.  
Ақ бас шыңды көзбенен,  
Жүрген кезде тек шолып.

Көрсеткендей тым ерлік,  
Шыдатпай бойда тым желік.  
Құрған кезде құрбылар,  
Тым жалындап серілік.



Жігіттерді сапқа тұрғызып,  
Сауықты жүрмей құрғызып.  
Тәртібі қатал болғасын,  
Мойынды жүрмей бұрғызып.

Көрсеткендей қаталдық,  
Отанға керек деп адалдық.  
Жақпағасын шалалық,  
Ұнамай ешпір балалық.

Мән бергізбей селтеңге,  
Арқаны салғызбай еш кеңге.  
Жігіт болдың дегендей,  
Келгесін ұл боп өмірге.

Аттанатын кез келіп,  
Жүріп алмай теңселіп.  
Білек түріп жүргесін,  
Зор жауапты біз біліп.

Құлаққа сөзді тым іліп,  
Кей құрбылар шат күліп.  
Ресейді бетке алып,  
Аттанып едік тиеліп.

Азаматтық ойға еніп,  
Ер дегесін тым сеніп.  
Қиындықты жүргесін,  
Әркезде де тек жеңіп.

Ресейді алып тым бетке,  
Адал боламыз деп міндетке.  
Жүргесін тек тебіреніп,  
Ұқсағасын жігітке.

Аттанып едік толғанып,  
Жүрмегесін сөзден еш танып.





Отанды ойлап жүргесін,  
Жүрек те өзі тым жанып.

Ойды түйіп өмірден,  
Шыға біліп көңілден.  
Балалық бойдан қалғасын,  
Бос сөзге емес ек еш ерген.

Болмағасын кеуде бос керген,  
Азаматтыққа едік ой бөлген.  
Міндетті өтеуді өмірде,  
Болғасын тым жөн көрген.


Жайына қалып серілік,  
Жалындатқан тым желік.  
Ерлеуге тек бел буып ек,  
Істемек боп сан ерлік.

Киіп алып етікті,  
Көрсетпек боп жігітті.  
Білекті тым түріп ек,  
Ойлағасын елдікті.

Қайрай түсіп жігерді,  
Көрсеткесін шын ерді.  
Саппенен тек жүгіріп,  
Ағызып ек маңдай тым терді.

Ерлегенді жөн көріп,  
Қиындыққа жүрмей еш көніп.  
Азаматтықты көрсетіп,  
Жүргеннен соң іс өніп.

Солдаттар еш тынбады,  
Сағымыз еш сынбады.



Борыштарын тек өтеп,  
Командир сөзін тыңдады.

Солдат болып жіптіктей,  
Шынығу да еш бітпей.  
Ұзаққа да жүгіріп,  
Азамат болып біз діңдей.

Кей түндері көз ілмей,  
Шаршауды да еш білмей.  
Өтегесін борышты,  
Қиындығын жүрдік білдірмей.

Көрсетіп ездiк күлдірмей,  
Жүргеннен соң бүлдірмей.  
Солдаттар тек ерледі,  
Нағыз батыр шын ердей.

Қолдан намыс еш бермей,  
Бос сөздерге еш ермей.  
Міндетті өтеп жүргесін,  
Ездiк істі жөн көрмей.

Бос сөздерді сөйлемей,  
Бір біріне «әй» демей.  
Сақтағасын тәртіпті,  
Сотқарлық ойға еш келмей.

Қиындықты еш елемей,  
Қалай жүрсін ерлемей?!  
Көрсеткесін ерлікті,  
Кімдер жүрсін ер демей!

Ерлейтұғын келіп тым кезге,  
Мазақ болмағасын кей езге.



Қаратпағасын еш жерге,  
Ұқсағасын нағыз шын ерге.

Жуық болмай бос сөзге,  
Қызықтырмай іс өзге.  
Азаматтықты тек сақтап,  
Ерлікпен түстік тек көзге.

Карабинді асынып,  
Жүрмегесін жассынып.  
Болса егер жауымыз,  
Жүрер дегесін басынып.

Аямасына көз жетіп,  
Жүрмегесін қыр кетіп.  
Мишеньді жатып дәл көздеп,  
Мерген болуға тек бекіп.

Азаматтыққа ой жетіп,  
Сөйлемегесін еш көкіп.  
Фашизмді жеңген ерлердің,  
Ерлігін жүргесін үлгі етіп.

Азаматтық ойды түйгізіп,  
Отанды қымбат сүйгізіп.  
Азаматтық ерлікке,  
Басты жүргесін игізіп.

Теңізде де жүрдік шомылып,  
Малтығасын ысылып.  
Акуладан да қорықпады,  
Кей солдаттар таң қылып.

Жүрдік әркез шынығып,  
Керектігін тым ұғып.



Ер болғасын шетінен,  
Қиындықтан жүрмей бұғынып.

Көңілдерден тек шығып,  
Азамат болуға ынтығып.  
Ер екендерін жүрді көрсетіп,  
Көңілді жүрмей еш жығып.

Көрсете алып өздерін,  
Дұрыс сөйлеп сөздерін.  
Ер болғасын ерлікке,  
Жеткізді тек көздерін.

Өздерін тым шыңдады,  
Командир сөзін тыңдады.  
Нағыз солдат тез-ақ боп,  
Барды салып шыңдады.

Міндетті өтеп тынбады,  
Сақтары еш сынбады.  
Солдат болу, ер болу  
Өздеріне тым ұнады.

Бой алдырмай күдікке,  
Тұрмағасын еш түкке.  
Қайыспады белдері,  
Мойындағы еш жүкке.

Азамат бұл дегенде,  
Ерліктен болмай еш кенде.  
Намысқа ерлеп тырысты,  
Солдат деп бұлар сенгенде.

Дайындықпен өтіп әр күні,  
Азаматтық шығып тек үні.

Ер болғасын шетінен,  
Өткізбеді бос күнді.

Білекті ерлеп түргесін,  
Отан деп өмір сүргесін.  
Азаматтық алып тым есін,  
Отанын қорғап жүргесін.

Жүрсе де елді сағынып,  
Жүрмеді еш шағынып.  
Әскердің қатал заңына,  
Жүргеннен соң бағынып.

Жөн-жосықты білгесін,  
Құлаққа сөзді ілгесін.  
Аулақ ұстамай іргесін,  
Ерлік істер кез келгесін.

Мерзім де келіп қайтатын,  
Достарға қош деп айтатын.  
Өтегесін борышты,  
Төмендетпей солдат еш атын.

Жігіттермен қоштасып,  
Жүргесін күште тым тасып.  
Өтей алғасын борышты,  
Жүрмегесін еш жасып.

Босағасын мойын тым жүктен,  
Қарағасын ата-анаң үмітпен.  
Өтеп келеді деп борышын,  
Болғасын үйде тым күткен.

Қайтуға елге жиналдық,  
Қия алмай ептеп қиналдық.



Қайтсақтағы ауылға,  
Ерлеріне иландық.

Достарды еш қия алмай,  
Азаматтықты тия алмай.  
Өтегесін ерлеп міндетті,  
Езуімізді де жия алмай.

Елге барамыз деп ұялмай,  
Қанатымыз еш талмай.  
Адал атқарсақ та міндетті,  
Бара атқандай ек сия алмай.

Өтегесін борышты,  
Солдат болып тым мықты.  
Көрсетпегесін ынжықты,  
Ұнатқасын шындықты.

Жүргесін білек тек түріп,  
Неше күндей жол жүріп.  
Ауылға да жетіп ек,  
Азаматтық ішке тым кіріп.

Келгенімізді білдіріп,  
Құлаққа сөзді ілдіріп.  
Келгеннен соң тым ерлеп,  
Жүрмегесін күлдіріп.

Баласы кеткен аттанып,  
Келгесін әкем шаттанып.  
Бетімізден сүйіп еді,  
Бағы кеткендей тым жанып.

Кірген сәтте-ақ тез танып,  
Ерлегенімізге тым нанып.



Солдат болып келгесін,  
Қалғандай сырға тым қанып.

Келгесін өтеп міндетті,  
Болғасын тым ізетті.  
Риза болып еді әкеміз,  
Көрсетіп жақсы тым текті.

Міндетті әкеме баяндап,  
Сөйлеп ем сөзді абайлап.  
Ризадай тым әкем,  
Түсіндіргесін тым жайлап.


Отырғасын сөзді тым тыңдап,  
Ерлікті жүргесін тек таңдап.  
Ерлікке көңілі толғандай,  
Отырып еді жымыңдап.

Ұлдары келіп әскерден,  
Ой түйгесін өмірден.  
Риза боп отырғаны сезіліп,  
Әр сөзіме қойып ден.

Келмегесін сайрандап,  
Жүрмегесін тайраңдап.  
Ұлдарым келді дегендей,  
Биік деген шыңдарды ап.

Өсірдім деп ер қылып,  
Ерлегесін іші тым жылып.  
Міндетті өтеп келгесін,  
Міндеттен келді деп құтылып.

Қабакты емес шытқандай,  
Көңілді емес жыққандай.



Болғаннан соң көңілден,  
Міндетті өтеп шыққандай.

Болмағасын бұққандай,  
Ерлігімізді ұққандай.  
Алады деп шыңды да,  
Қиын көрмей ешқандай.

Сөзді емес жұтқандай,  
Адамдығымен ұтқандай.  
Текті нағыз ерлерді,  
Азамат деп қадір тұтқандай.

Емес кінә таққандай,  
Емес бәле баққандай.  
Міндетті өтегені ұлының,  
Жүрегіне тым жаққандай.

Жарқырап таңы атқандай,  
Ақсақалдық үнді қатқандай.  
Көз жұмғаны анамның,  
Жүрегіне бірақ батқандай.

Жоқтығы тым сезіліп,  
Отырып ек жүрек езіліп.  
Көз жұмғасын мәңгілік,  
Келмейтінін тым біліп.

Жүрер ед деп көзге іліп,  
Ұлым келді деп шат күліп.  
Сұм ажалдың ісінен,  
Отырып ек түңіліп.

Інілерім өсіп өзгерген,  
Бойлары да теңелген.

Мұрт та шығып кейбірі,  
Менен де ұзын серейген.

Жігіт болып тез демде,  
Ұқсап нағыз жігітке.  
Түн болғанда серуендеп,  
Шығатындай көшеге.

Шаштары түсіп желкеге,  
Айналғандай еркеге.  
Еркелеп кейде жүргенмен,  
Мән беретіндей ертеңге.


Ақылдан емес еш кем де,  
Ер болады деуші ем өскенде.  
Үлкендерді тек сыйлап,  
Қақпайтындай еш кеуде.

Қарындастар да тым текті,  
Болғасын тым әдепті.  
Сәлемді беріп өтеді,  
Көрсеткесін тек ізетті.

Өткенменен кідірмей,  
Қарайтындай білдірмей.  
Сақтықты тым көрсетіп,  
Жүргесін еш білдірмей.

Тұрғындар ұқсап шын ерге,  
Асфальт төсепті көшеге.  
Көрсеткесін ерлікті,  
Малынып маңдай тым терге.

Жуық болмағасын бос сөзге,  
Шындықты айтқасын тек көзге.



Туған жер ыстық болғасын,  
Тең келмейтіндей жер өзге.

Көшеде шаммен жарқырап,  
Келгеннен соң аңқылдап.  
Сағынғасын ауылды,  
Көзді тартып жарқылдап.

Қарап едім таңырқап,  
Жүрмегесін жабырқап.  
Естіркендей дауысын,  
Қараталда ағып сарқырап.

Ерліктері шығарып аттарын,  
Таңданып доспен жаттарын.  
Тұрғындардың жарқын жүздері,  
Көрсеткесін жақсы заттарын.

Болмағасын ерлер бос кеуде,  
Тұрғасын азамат тек деуге.  
Еңбектерін бағалап,  
Дұрыс қой азамат тек деуде.

Ұқсағасын шын ерге,  
Қаратпағанмен еш жерге.  
Біздің қатар жүретін,  
Көрінбейді көшеде.

Жан-жаққа көбі кеткендей,  
Сайрандайтын кезі өткендей.  
Көтеріп тек ер жүгін,  
Зор табысқа қолдары жеткендей.

Інілерге жол беріп,  
Бос сөзге кетпей еш еріп.



Ерлікке жүргесін қолды ысып,  
Адамдықтан жүрмей өзгеріп.

Жүрмегесін бос сенделіп,  
Толғайтындай жас келіп.  
Желісті аттай уақыт,  
Өткеннен соң тез желіп.

Үлгі-өнеге тек беріп,  
Кеудені жүрмей бос керіп.  
Гүлдентуге бел буып,  
Жүрмегесін бос сөзді еш теріп.


Азаматтықты ұқтырып,  
Жүргесін сөз де тек тұрып.  
Ауданға шақырып ед бас тілші,  
Жақсы өтегесін іш бұрып.

Шығарып еді газетке,  
Мақтап жазып бір бетке.  
Өтеді деп тым шетте,  
Ұқсады деп жігітке.

Тартқасын жақсы тым текке,  
Адал болды деп міндетке.  
Араласып кеткесін,  
Келе салып еңбекке.

Ұятты байламай еш белге,  
Зор сенім ұшпай еш желге.  
Борышты жақсы атқарып,  
Атақ әкелді деп тым елге.

Ұқсады деп шын ерге,  
Қаратпады деп еш жерге.



Атқарғасын борышын,  
Малынып маңдай тым терге.

Ауданның беделін көтеріп,  
Азаматтықтан жүрмей өзгеріп.  
Аман-сау елге оралып,  
Қуандық деп көз көріп.

Көтерді деп беделді,  
Қуантты деп тым елді.  
Әр кезде де ерлікке,  
Байлады деп тым белді.

Жүргеннен соң тым елеп,  
Келді деп ед тым ерлеп.  
Адамдықты бойдан жоғалтпай,  
Жүргесін ерді тек ер деп.

Жүрмегесін ербеңдеп,  
Бос сөз сөйлеп кердеңдеп.  
Азаматтықты көрсетіп,  
Жүргесін Отан қамын жеп.

Ой-санамыз биіктеп,  
Бос сөзге жүрмей еліктеп.  
Келгеннен соң ой түйіп,  
Жүргеннен соң елдік деп.

Отаным қымбат дегесін,  
Ой биіктеп келгесін.  
Барды салып Отан деп,  
Қиындықты жеңгесін.

Болғасын үнді қататын,  
Бос сөзді емес ек шататын.

Егеменді елдік кеп,  
Таңымыз болғасын ататын.

Емес едік жататын,  
Тілді емес ек сататын.  
Ұлтпен тілдің тағдыры,  
Жүрекке болғасын бататын.

Әскери міндет көзді ашып,  
Бос сөздерден тек қашып.  
Әскери құпияны сақтап ек,  
Жүрмегесін сыр шашып.

Күшіміз де тым тасып,  
Жүрмек болып шыңды асып.  
Келгенненсоң солдат боп,  
Жүрмеп едік еш жасып.

Газетке жазып ед үлгі етіп,  
Азаматтық бойда тым жетіп.  
Мерейді тым өсіріп,  
Адамдықтан жүрмей еш кетіп.

Жазсадағы тым мақтап,  
Зор сенімді тек ақтап.  
Адамдықты бойыма,  
Жүріп едім тым сақтап.

Толғандырғасын ел жайы,  
Жақсы болсын деп жағдайы.  
Қызмет етіп жүріп ем,  
Жарқырап тусын деп айы.

Отан деп білек түріп ем,  
Барды салып жүріп ем.

Жарқырап шығады деп күніміз,  
Егемендік келерін біліп ем.

Еңбек етіп демалмай,  
Жұмыстан да еш қалмай.  
Отан деп өмір сүргесін,  
Адал асты жеп ұялмай.

Жүргеннен соң күш тасып,  
Жүрмегесін еш жасып,  
Қараталда аққасын,  
Ернеуінен тек асып.

Жүрмегесін еш сасып,  
Ерлігіме тек басып.  
Азамат болуға тырысып,  
Жүрмегесін алжасып.

Отау тігіп ем үй болып,  
Көңілде өзі тым толып.  
Ұрпақ келіп өмірге,  
Азаматтық жүріп ем ой шолып.

Біліп қиын заманды,  
Айырып жақсы-наданды.  
Тектілікті көрсетіп,  
Сыйлап едім адамды.

Ақысын ешкімнің жемесе,  
Тектіні надан демесе.  
Жүріп едім ер деп тек қолдап,  
Адамдықты көрсетіп ерлесе.

Жүргесін жазып жырымды,  
Халқыма ашып сырымды.

Өмірге қонақ болғасын,  
Азаматтық көрсетпек боп қырымды.

Пенделікке бүйректі еш бұрмай,  
Сауықты орынсыз еш құрмай.  
Азаматқа ұят болар деп,  
Сөзін де жүрсе деп еш тұрмай.

Адамдықты жүрейін деп тым сақтап,  
Зор сенімді жүрейін деп тек ақтап.  
Өмірдегі момын мен асылдарды,  
Жүргеннен соң тек жақтап.


Жүрмегесін бос ыржақтап,  
Тексіздікті көрсетпей қылжақтап.  
Бөсіп кетпей жүріп ем,  
Азамат деп жүрсе де тым мақтап.

Құрметтегесін адамды,  
Анық басып қадамды.  
Биіктетіп тым ойымды,  
Көтермек болып санамды.

Еңбегіміз еткен ақталып,  
Адамдығымыз бойда сақталып.  
Жарағасын ер Қазағым,  
Биік шыңды жүр тек алып.

Оң сөзді құлаққа тек іліп,  
Отанның қымбаттығын тым біліп.  
Егеменді ел болып,  
Бұл күнде жүрміз шат күліп.

Азаматтық көкей тым тесіп,  
Ұрпақтың қамын тек жесіп.



Әлем білгесін Отанды,  
Айдардан жүр самал тым есіп.

Ойлағасын тым елдікті,  
Баса біліп желікті.  
Қолдағасын әлем де,  
Көрсетейік ерлікті.

Шығармай еш бүлікті,  
Азаматтық істеп тірлікті.  
Гүлденсін деп Отаным,  
Сақтайықшы тым бірлікті!

### Құрдастарға

О, менің жүрегі ақ құрдастарым,  
Қадірлі ғой әр кезде тым бастарың.  
Құрдастықты келесіңдер сақтай алып,  
Біраз жасқа келсе де тым жастарың.

Ерлейтұғын келгесін замандарың,  
Ел болып орындалды армандарың.  
Отанды тырыстыңдар гүлдентуге,  
Мол болғасын бойдағы әр кез арың.

Ерлік іске келесіңдер әр кез бастап,  
Биік шыңға жүргесін көзді тастап.  
Өрге қарай домалады тек тастарың  
Мың теңгені жүрмегесін басқа жастап.

Адамдықты сақтадыңдар еш жоғалтпай,  
Қалатындай жоғалтсаң таңың атпай.  
Алған беттен жүргесін ешбір қайтпай,  
Жарадыңдар бос сөзді ешбір айтпай

Мастандырмай өздеріңді байлық барлық,  
Келесіңдер барлық ұлтқа етпей тарлық..  
Егеменді бұл күні ел болғасын,  
Түсінгенге бұл істерің тым құптарлық..

Ерлегемең сезіледі азайғаның,  
Болмаса да сөздеріңнен еш тайғаның.  
Қиындыққа болмағасын мұңайғаның,  
Қуантады бұтақты тым жайғаның.

Сондықтан да өздеріңе сыр ашамын,  
Сыр ашудан қалайша мен қашамын.  
Отаным деп жүргесін халқымды ойлап,  
Бос орынсыз қалайша сыр шашамын?!


Құрдасым деп келгесін әр кез іздеп,  
Кеуде қағып жүрмегесін ешбір біз деп.  
Өздеріңе әр кезде ризамын мен,  
Адамдықты көрсеткесін тек іздеп кеп.

Адамдық қып жүргесін әр кез елеп,  
Оң сөзбенен жүргесін жебеп-желеп.  
Еш ұмытпай жүргесін сәлем айтып,  
Жан дос болып жүргесін қамды тек жеп.

Құрдасым сендерсіңдер шын достарым,  
Жөн сөзіңді аныққой тек қоштарым.  
Дастарқанның басында сендер барда,  
Тым аянғой рухтанып сөз бастарым.

Көрсеткесін өздерің ақ пейілді,  
Шеттеріңен болғасын тым мейірімді.  
Қалай ғана риза мен болмайын,  
Азаматтық шығарғасын әр кез үнді.

Баса біліп жүргесін бос желікті,  
Азаматтық көрсеткесін тек ерлікті.



Құрдасым деп әзілдеп қалжыңдаса,  
Қалай ғана көтермессің еркелікті?!

Азамат боп ойлағасын тым елдікті,  
Елдігім деп көтергесін әр кез жүкті.  
Елдік үшін белдері еш қайыспай,  
Көрсете алып жүргесін ер жігітті.

Әзілдерің жүргесін тек жарасып,  
Көңілге де жүргесін тек қарасып.  
Көптен көрмей басты қосқан отырыста,  
Ымырамен жүргесін тек тарасып.

Кеудені де жүрмегесін ешбір басып,  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір жасып.  
Әзіл-қалжың болғасын орныменен,  
Өзен судай жүргесін көңіл тасып.

Сөйлегесін көңілдерді көтермелеп,  
Құрдасым деп жүргесін бақыт тілеп.  
Құрдастарды жүргесін дос деп елеп,  
Азаматтық көрсеткесін әр кез ерлеп.

О, құрдастар өздеріңе мен ризамын,  
Азамат боп ойлағасын ұрпақ қамын.  
Құрдасым деп жүргесін әр кез сыйлап,  
Қиналғанда қастарыңнан табыламын.

Сыйласқасын несіне шағынамын,  
Келмеді деп қалайша қағынамын.  
Жүріңдерші тек осылай жиі келіп,  
Көп көрмесем өздеріңді сағынамын...

Азаматтық адамдыққа ынтығамын,  
Көңілінен елімнің тек шығамын.  
Құрдасым деп, адам деп келгеннен соң,  
Қалай ғана көңілді мен жығамын?!



Азаматтық, адамдық деп мұны ұғамын,  
Құрдас барда қалайша мен бұғамын?  
Құрдастарым көрсеткесін тектілікті  
Қалаймын ғой ұшпауын бастан бағын!

Адамдықтың ойлағасын әр кез жағын,  
Құрдастарым көрсеткесін жүрек ағын.  
Бақытпенен шаттықты тек тілеймін,  
Қалағасын сынбауын құрдас сағын.

О, құрдастар жарасады әзілдерің,  
Көтеріңкі жүргесін көңілдерің.  
Отанды гүлдетуге үлес қосып,  
Бақытты боп ұзақ болсын өмірлерің.


Отаным деп анық қой тек ерлерің,  
Одан сайын гүлденіп байтақ жерің.  
Осылайша Отаным деп барды салып,  
Аға берсін гүлденіп маңдай терің.

Еске алып жүрейік жастық шақты,  
Ұшырмай жүргеннен соң бастан бақты.  
Адамдықты көрсеткесін тек өмірде,  
Мақтан қылмай жүргесін мінген тақты.

Тия біліп дүниеге құмарлықты,  
Көрсетпей келесіңдер жат қылықты.  
Бақыт, шаттық тілегесін барлық жанға,  
Көрсетіп келесіңдер арлылықты.

О, құрдастар келесіңдер сақтап арды,  
Отанды гүлдетем деп салып барды.  
Азаматтық адамдықты көрсете алып,  
Бағалап келесіңдер құрдастарды.

Ерлік іске шақырғасын тек жастарды,  
Жарыстар да ерлей алып топты жарды.



Ағалардың сөздерін тыңдағасын,  
Азамат боп ерлегесін қолы ұзарды.

О, құрдастар аман боп қалғандарың,  
Ерлік іспен ойды дұрыс салғандарың.  
Егеменді елдігім деп биік шыңды,  
Дұрыс-ақ қой әлі де тек алғандарың.

Құрдасым деп сыйлай бер, бір-біріңді,  
Тек осылай сақтай алып бірлігіңді.  
Сақтай алсақ бастан да бақ ұшпайды,  
Азаматтық көрсете бер тірлігіңді.

Бағалап жарық шыққан тым күніңді,  
Азаматтық шығара бер тек үніңді.  
Ұлан байтақ жерімді гүлдентем деп,  
Бойдағы да дүзей біліп кей мініңді.

Отаным деп жүріңдер аман болып,  
Азаматтық тек осылай ойды шолып.  
Ақсақалдық тек осылай көрсете алып,  
Ерлігіңе жүрсінші көңіл толып.

Азамат боп ұмытпай құрдастықты,  
Отаным деп болыңдаршы әр кез мықты.  
Амандықты тілеймін өздеріңе,  
Елдікті ойлап болыңдаршы тым бақытты.

### Жеңгеме

Бота көзді сұлу едің ақ жеңгем,  
Бауырыма жүруші едің беріп дем.  
Құрбыға да болғаннан соң тым сыйлы,  
Қатардан да болмағасын ешбір кем.

Ата-анаң да қақпаушы еді бетіңнен,  
Серуендеп те жүруші едің еркіңмен.  
Қалам алып жүргеннен соң жыр жазып,  
Ақындықпен ой түйгесін өмірден.

Ата анаңның іштері де еді кең,  
Еркелеткен жалғызы едің еркесі ең,  
Тіл алыпта елгезек боп жүргесін,  
Орындайтын ата-анаң да не десең.

Ару едің айдарынан желі ескен,  
Ешкімдер де болмағасын жол кескен.  
Білім қуып жүргеннен соң барды сап,  
Азаматтық көкейді еді тым тескен.

Қызықты еді жастық шақта тым неткен,  
Армандарға талпыныспен қол жеткен.  
Отаным деп жүргесін тек толғанып,  
Емес еді даналықпен қыр кеткен.

Ару едің болашаққа тек сенген,  
Болмағасын кеуде қағып мен деген.  
Жүрегіңе ғашық болып, шоқ түсіп,  
Болғаннан соң үй болуда ойға енген.

Бауырымды құлай менің сүйіп ең,  
Көкейіңе жақсы ойларды түйіп ең.  
Жырды арнап жүруші едің толғанып,  
Махаббаттың отына да күйіп ең.

Жырыңменен сырыңды едің білдірген,  
Жыр да арнап, емес едің күлдірген.  
Жиі-жиі бауырыма жыр арнап,  
Оң сөзіңді құлаққа едің ілдірген.

Жырларыңмен рухты едің тек берген,  
Оң сөздерге болғаннан соң тек ерген.



Бауырым да жүруші еді жалындап,  
Рухтанып кеудесін де тек керген.

Адамдық қып жүргеннен соң жөн біліп,  
Жырларыңды құлағына тым іліп.  
Қол ұстасып айлы түнде жүргесін,  
Тек сырласып жүруші еңдер шат күліп.

Биік шыңға жүргеннен соң көз салып,  
Жүрмек болып жүргеннен соң тек алып,  
Қыл өтпестей болғаннан соң тым тату,  
Көңілдер де жүрмеуші еді еш қалып.

Текті едің бауырыммен тек жүрген,  
Оң сөзіне құлағыңды тек түрген.  
Дұрыс шешім жүргеннен соң қабылдап,  
Өмірді де тым дұрыс деп бір сүрген.

Қараталды тым сырласып жағалап,  
Шын жүрекпен бір-біріңді бағалап.  
Ғашық болып жүргеннен соң жұп жазбай,  
Жүрмеуші еді ешкімдер де табалап.

Болғаннан соң бойда өзі мол талап,  
Бір-біріңді асылдарға тек балап.  
Адамдықтан жүргеннен соң еш азбай,  
Амандықты бір-біріңе тек қалап.

Жүрегін де жандырғасын жырыңмен,  
Жүректегі назды, сырлы сырыңмен.  
Бауырым да құлай қатты сүйіп ед,  
Көрінгесін тек адамдық қырыңмен.

Бауырым да азамат еді іші кең,  
Өзіменен жүруші еді көріп тең.  
Қызғалдақтай тым құлпырып шат едің,  
Тым қымбаты боғаннан соң өмірде ең.

Азаматтық ойды түйіп өмірден,  
Тектілікпен шыға біліп көңілден.  
Жүруші едің бауырыма назданып,  
Сөздеріне жүргеннен соң қойып ден.

Тым шат күліп жүргеннен соң назданып,  
Бақтарың да жүргеннен соң тым жанып.  
Қол ұстасып бірге шат боп жүргесін,  
Бір біріңе жүруші еңдер тек нанып.

Көкке қарап жүрмегесін паңданып,  
Бос сөздерге жүрмегесін шамданып.  
Отауды да тікпек болып бел буып,  
Тек сырласып жүріп еңдер қамданып.

Көңілде өзі жүрмегесін еш суып,  
Ерлер жолын жүргеннен соң тек қуып.  
Көрсете алып жүргеннен соң тектілік,  
Надандыққа жүрмедіңдер еш жуып.

Махабатқа мас едіңдер өздерің,  
Таусылмайтын сырларың мен сөздерің.  
Бір біріңе сөйлеуші еңдер сызылып,  
Сыр ұқтырып тұрушы еді көздерің.

Алаулаушы ед көз ұшында қызғалдақ,  
Тұрғандай боп өздеріңе қол бұлғап.  
Жүрек шіркін қызғалдаққа ынтық қой,  
Мөлдір көздер қарағандай жаудырап.

Елестейді сол бір шаттық күндерің,  
Тым шат болып шығатұғын үндерің.  
Махаббаттың отына тым мас болып,  
Ғашық болып бір-біріңе жүргенің.

Бауырыма сезілуші ед сенгенің,  
Орындалып жүргесін тек дегенің.



Ұнаушы еді көрген жанға тым қатты,  
Қамдарыңды бір-біріңнің жегенің.

Көрмесендер едіңдер ғой сағынған,  
Табиғаттың заңына тым бағынған.  
Қол ұстасып жүргеннен соң шат болып,  
Емес еңдер ешкімге де шағынған.

Жас едіңдер жастық буға мас болған,  
Көңілде өзі қызығына тым толған.  
Отауды да жүргеннен соң тікпек боп,  
Азаматтық едіңдерғой ой шолған.

Сұқ көздерден емес еңдер қысылған,  
Қала да оқып, болғасын да ысылған.  
Бір біріңді жүрдіңдер ғой мұңайтпай,  
Жастық жалын болғасын тым шат қылған.

Жас едіңдер, батылдыққа бара алған,  
Болмағасын көңілде өзі еш қалған.  
Шын жүрекпен бір-біріңді сүйгесін,  
Сөздерінде жоқ еді ғой еш жалған.

Тым жалындап қол ұстасып жүрдіңдер,  
Бір-біріңе құлақты тек түрдіңдер.  
Бір-біріңе адалдықты көрсетіп,  
Тым шат болып мәнді өмірді сүрдіңдер.

Көздеріңе бір-біріңді ілдіңдер,  
Жүрек сырын сүйгеннен соң білдіңдер.  
Қол ұстасып бірге шат боп жүргесін,  
Әзіл сөзге тым шат болып күлдіңдер.

Жүргеннен соң арманға қол жеткендей,  
Жүрдіңдер ғой ерлік істі еткендей.  
Сүйгеннен соң жан-жаққа еш қарамай,  
Бас қосуға көңілде еді кеткендей.

Көп ұзамай болды үйлену тойларың,  
Бір-ақ жерден шыққандай еді ойларың.  
Жас едіңдер онда екеуің өрімдей,  
Үйлесімді еді бір-біріңе бойларың.

Жүрдіндер ғой топты жарып жұптасып,  
Асылдықпен жүрмегесін еш жасып.  
«Қосағыңмен қоса ағар» деп үлкендер,  
Риза болып тұрып еді құптасып.

Көңілде өзі көтеріліп тым тасып,  
Бас қосқасын мерей де өзі тым асып.  
Құрбылар да құптағасын жүрекпен,  
Аяқты да жүрдіндер ғой нық басып.

Алаулап ед қызғалдақтай жүздерің,  
Тым бақытты шат едіңдер өздерің.  
Түсе беріп бір-біріңе көздерің,  
Мақұл болып бір-біріңе сөздерің.

Тең қосқан деп табиғатта өздерін,  
Қадап еді талай жандар көздерін.  
Басты қосқан өздеріңе сұқтанған,  
Естіп едім кей жандардың сөздерін.

Сол сөздерден сескенгендей жүрегім,  
Өздеріңе амандықты тіледім.  
Туған қайның болғаннан соң өзіңнің,  
Бос сөздерді құлағыма ілмедім.

Қыркүйектің қоңыр салқын сол түні,  
Қуанышта шек жоқ еді сол күні.  
Толқып еді қуаныштан жүрегім,  
Естіліп те музыканың сазды үні.

Шаттық кернеп жүрегімді бір түрлі,  
Естіліп ед жүрегімнің лүпілі.



Екеуіңе бақыт, шаттық тілеп ем,  
Өмірдегі бар бақытты мен күллі.

Амандықты өздеріңе ойлап ем,  
Терең ойға мен де бірге бойлап ем.  
Көппен бірге мен де мәз боп, шат болып,  
Төбем көкке тигендей боп тойлап ем.

Әжейлер кеп шашып еді шашуын,  
Алғандай боп сәл жастардан ашуын.  
Бастарға да зор конфеттер тигесін,  
Білмеп еді қайда қалай қашуын.

Алдыдағы қимағасын астарын,  
Ұстап еді қолыменен бастарын.  
Көзбен атып әжейлерді жақтырмай,  
Көргендей боп отырып еді қастарын.

Кей арулар көрсетпей көз жастарын,  
Төмендетіп тастағандай бастарын.  
Кей шатақтар отырып еді аларып,  
Сайлағандай отырғасын тастарын.

Бұл қылығы болмаса да құптарлық,  
Әжейлерге көрсеткендей іш тарлық  
Қалып еді әжейлерді ұнатпай,  
Мастандырып жүргесін де тым барлық.

Бас киімді бастағы да тым дүзеп,  
Сақтықта өзі тез арадақ ойға кеп.  
Өздерінше отырып ед күбірлеп,  
Бұл қылығы әжейлердің ұят деп.

Айтылып ед домбырамен бет ашар,  
Атылып ед тарс тұрс етіп шампандар.  
Музика ойнап ән қалықтап сол түні,  
Әнді шырқап би билеп ед сал жастар.





Ақыл айтып бақ тілеп ед үлкендер,  
Айтылып ед жылы жылы тілектер.  
Сері жастар ән жырына басқасын,  
Шырқалып ед таң атқанша ән күйлер.

Жанып от боп одан сайын жүректер,  
Қабыл болып үлкен айтқан тілектер.  
Сері жастар әнді шырқап, би билеп,  
Тойдың сәнін кіргізіп еді жігіттер.

Жүрседағы шекеден де ағып тер,  
Болғаннан соң шетттерінен нағыз ер.  
Көңілдер де болмағасын күдіктер,  
Гүлденсін деп жүргеннен соң байтақ жер.


Өнерлерін көрсетіп еді ерге сай,  
Қарын сипап жүрмегесін бекер, жай.  
Адамдықты бойларына тек сақтап,  
Зор үлесті қосқасын тек ұмытпай.

Кімдер жүрсін, өздерін тек ер тұтпай,  
Сөздерін де жүргеннен соң еш жұтпай.  
Кіргізіп еді тойдың сәнін сал жастар,  
Той дегенде жүргесін де ас батпай,

Билегесін аула алдын шаңдатып,  
Өнерімен жүріп еді таңданып.  
Қайтып еді үйлеріне ақ тер боп,  
Тым жарқырап шыққаннан соң таң атып.

Адамдықты жүргеннен соң ұнатып,  
Қызыққа да жүргеннен соң тым батып.  
Ақ тілекті білдіргесін ән шырқап,  
Азаматтық жүргеннен соң үн қатып.

Жыр жазу да жүргеннен соң ойға кеп,  
Жүргеннен соң нағыз ерлер елім деп.



Сол бір шаттық күндерді тым сағынып,  
Жыр жазамын көз алдыға елестеп.

Сан шаттықтар басымыздан өткесін,  
Қызығымен бізді де шат еткесін.  
Жүремін ғой толғанып, тым тебіреніп,  
Бізге де өзі ақсақалдық жеткесін.

Азайғандай жалындайтын шаттығым,  
Басылғандай бұл күндері аптығым.  
Өткен күнді сағынамын еске алып,  
Өткеннен соң жалындаған жастығым.

Сан арманға жеткенменен қолдарың,  
Танылғанмен оңдарың мен солдарың.  
Бұйрығына бағынғанмен жүректің,  
Екі айрылды сүйгенменен жолдарың.

Керек еді тым бақытты болғаның,  
Болдым мен деп болмағасын толғаның.  
Ақын болып бұл өмірде толғанып,  
Ұнап еді жиі ойды шолғаның.

Өздеріңнен күтіп едім үмітті,  
Жүректерің болғаннан соң тым түкті.  
Қол ұстасып өмір бойы жүреді деп,  
Еш ойламай жүргеннен соң күдікті.

Жазғанына тағдырдың мен не дейін,  
Ерте өткесін бауырымды іздеймін.  
Тым шаттықты жастық кезді сағындым,  
Өмір қымбат бауыр қымбат тек деймін.

Жоқтығына жүреді ғой іш күйіп,  
Азаматтық жүргеннен соң ой түйіп.



Жүремін ғой тым толғанып тебіреніп,  
Бұл өмірді жүргеннен соң тым сүйіп.

Жастық шақты жырлап мен де өтейін,  
Жете алмаған арманға тек жетейін.  
Өткен күнді еш ұмытпай еске алып,  
Жыр қалдырып соңыма да кетейін.

Азаматтық жүргеннен соң ойға кеп,  
Мың толғанып жүргеннен соң халқым деп,  
Гүлдентсем деп Отанымды тек жүрмін,  
Ұрпағымның жүргеннен соң қамын жеп.

Өткен күндер көз алдыға елестеп,  
Таңданамын қалайша тез өтті деп.  
О, жеңешем өткен күді еске алдым,  
Біраз жасқа қалғаннан соң мен де кеп.

### Жастарға

О, жастарым жалынды,  
Маңдайды терге тек малған.  
Жолсыздан жол салынды,  
Болғасын тек шыңды алған.

Келесіңдер салып барыңды,  
Болмағасын шаршап еш талған.  
Сақтағасын арыңды,  
Көңілде емес еш қалған.

Астанадай қала да,  
Ерлегесін салынды.  
Гүлденді ғой дала да,  
Шыңдар да биік алынды.



Жақсы деймін бұл күні,  
Сұрағанға қалымды.  
Шыққасын жастар тек үні,  
Кетірмей суға салымды.

Отан деп жырлар жазамын,  
Барды салып толғанып.  
Адамдықтан қайтып азамын,  
Ұлы істерді қолға алып.

Егеменді елдіктің,  
Мұның бәрі арқасы.  
Арқасында ерліктің,  
Бағаланды ер басы.

Егеменді елдік деп,  
Ерлердің анық тынбасы.  
Гүлденту тек ойға кеп,  
Сақтары анық сынбасы.

О, жастарым зор сенімді,  
Барды салып ақтаңдар.  
Гүлдентем деп жерімді,  
Адамдықты бойға сақтаңдар.

Ер бабалар тектіні,  
Бұл өмірде ұнатқан.  
Тыңдамаған естіні,  
Жүрегіне тым батқан.

Көріне алған ерлікпен,  
Айырылмаған еш бақтан.  
Жауды жеңген бірлікпен,  
Болсадағы төс қаққан.

Болсадағы қызыл көзін,  
Жауламақ боп шел басқан.





Қожасындай санап өзін,  
Кең даланың алжасқан.

Жауларының арсыздығы,  
Жүрегіне тым батқан.  
Қанға құмар қансыздығы  
Болғасын да тым мақтан.

Ер бабалар ер болғасын,  
Басынбаған жаулары.  
Ездікпенен болмағасын,  
Бір біріне даулары.

Түзу болған ақ тілекпен,  
Бір-біріне аманы.  
Сыйласқасын естілікпен,  
Мойытпаған заманы.

Азаматтық адамдықпен,  
Басқаннан соң қадамды.  
Гүлдентуге қойғасын ден,  
Сыйлағасын адамды.

Бір-бірінің көңілдерін,  
Даналықпен аулаған.  
Қорғағасын байтақ жерін,  
Қызғалдақтар қаулаған.

Тек алаулап көзді тартып,  
Көздерді тым жаулаған.  
Қолдарды да тым ұзартып,  
Жүректерді баураған.

Бабаларға өзі батыр,  
Келмегесін жауы тең.  
Қаһарланса кімдер татыр,  
Ерлігі де өміршең.



Адамдарды алаламай,  
Көргеннен соң бәрін тең.  
Жаулық істі еш қаламай,  
Болғаннан соң іші кең.

Ұлан байтақ қорғап жерді,  
Көрсеткесін ерлігін.  
Таныта алып нағыз ерді,  
Көтергесін ер жүгін.

Қанды төгіп ұрпағы үшін,  
Тілегесін шат күнді.  
Қорғағасын салып күшін,  
Шығарғасын тек үнді.

Көрсеткесін ерліктерін,  
Жауын қырдан асырған.  
Сақтай алып бірліктерін,  
Жауына емес бас ұрған.

Адамдығын сақтай алып,  
Халқына бүйрек тек бұрған.  
Жауларын тек жөнге салып,  
Сөздерін де тек тұрған.

Мың толғанып ұрпақ жайын,  
Болғаннан соң ойлаған.  
Үйір болмай асқа дайын,  
Терең ойға бойлаған.

Азаматтық адамдықты,  
Әр кезде тым қалаған.  
Бола алғасын нағыз мықты,  
Елі де ерге балаған.

Болғаннан соң адамдықты,  
Бойларынан жоймаған.

Жоя біліп надандықты,  
Талпынуды қоймаған.

Атқаратын істер көп қой,  
Ел болғасын егемен.  
Биіктеді сана мен ой,  
Бағымыз бар дегенмен.

Ел болғасын егеменді,  
Маңдайды терге малайық.  
Түрейік тек білекті енді,  
Барымызды салайық.

О, жастарым жүрмеңдерші,  
Бүлікшіге еріп шоқ басып.  
Отаным деп ерлеңдерші,  
Жүргенде бойда күш тасып.

Тізгінді қолдан берсеңдер,  
Қайтып жүрер бақ асып.  
Бүлікшіге ерсеңдер,  
Халқың қалар тым жасып.

Тым түседі көңілдері,  
Жанарларын мұң басып.  
Қысқарғандай өмірлері,  
Жастар жүрсе алжасып.

Егеменді ұлы елдіктен,  
Қаламыз деп айырылып.  
Басқа сор боп тым желіккен,  
Қалар деп қанат қайырылып.

О, жастарым шыңды алып,  
Тек осылай ерлеңдер.



Маңдайды терге тек малып,  
Шыңға құлаш сермендер.

Гүлдентем деп байтақ жерді,  
Етіңдер тек еңбекті.  
Ойлай біліп келешекті,  
Көрсетіңдер шын ерді.

Жеткізеді зор табысқа,  
Білекті түрсең тек еңбек.  
Тырысыңдар тым намысқа,  
Отаным деп әр кез тек!

### Қарлығаш ұя салғанда

Қарлығаш салды ұяны,  
Қорамыздың ішіне.  
Болмағасын зияны,  
Сенгендей боп күшіне.

Төзімді болғасын тым өзі,  
Балшықты тістеп тісіне.  
Тасығасын жанып тым көзі,  
Таңданып ек ісіне.

Асырмақ боп жүзеге,  
Ата-аналық міндетті.  
Ұрпақ әкелмек боп өмірге,  
Ерлік істі тым етті.

Ұқсап өздері шеберге,  
Емес ешбір ерінер.  
Малынса да тым терге,  
Еңбектен емес жерінер.





Екеуі балшық тек тасып,  
Пысықтығын көрсетті,  
Айласы да тым асып,  
Ақылы да тым жетті.

Көрмегесін еш жасып,  
Балшықты тасып тынбады.  
Ерлігіне тым басып,  
Барды салып шындады.

Салып алса ұясын,  
Жанатынын біліп тым бағы.  
Балапаны болса сыятын,  
Сынбайтындай еш сағы.

Ерлігімен өзінің,  
Ата-анама ұнады.  
Арқасында тірліктің,  
Сағы да еш сынбады.

Қоршауға биік шығып ап,  
Тамылжытты сан жырды.  
Барды салып әнге сап,  
Көрсете алып сан қырды.

Шығып алып биікке,  
Жырлауды ойға түйгендей.  
Рухтанып биікте,  
Өмірді ғажап сүйгендей.

Салуға ерік бергесін,  
Төбесі көкке тигендей.  
Аулақ ұстамай іргесін,  
Мың алғысын үйгендей.

Сүп-сүйкімді тым өзі,  
Жақсылықты білгендей.



Жеткеннен соң тым көзі,  
Болғасын көзге ілгендей.

Адамға жақын болғасын,  
Көрсеткендей сан қырды.  
Көңілге жыры толғасын,  
Ұғып ек ғажап тым сырды.

Күн де нұрын шашқасын,  
Көтеретіндей көңілді.  
Жырымен сырды ашқасын,  
Гүлдентпек боп өмірді.

Сескенбей еш адамнан,  
Жақындығын білдірді.  
Жырлағасын қызып қан,  
Жырымен көзге ілдірді.

Сүйгеннен соң еңбекті,  
Сақтай біліп сабырды.  
Болғаннан соң тым текті,  
Ұнатпай еш дабырды.

Қораға сап ұясын,  
Барды салып бітірді.  
Ойламай тек өз басын,  
Ер екендерін білдірді.

Балапанын басып шығарды,  
Ұясын да тапжылмай,  
Ерлік іске тым барды,  
Қалай қойсын таң қылмай.

Балапандары көрінді,  
Сүйкімді боп өздері.  
Сүйгеннен соң өмірді,  
Тым жәудіреп көздері.



Кішкене көзі мөлдіреп,  
Анасын күтіп тосқасын.  
Жем береді деп анам кеп,  
Жылтыңдатып тым басын.

Ерлігі баба тым дарып,  
Анасы тасыды тек жемін.  
Қанаты ауа тек жарып,  
Алмады өзі еш демін.

Тойғызбақ боп тек тасып,  
Қанаты еш талмады.  
Ерлігіне тым басып,  
Балажандығы қалмады.

Шаршағанын өзінің,  
Көңіліне алмады.  
Арқасын да төзімнің,  
Ерлігі бойдан қалмады.

Тасыса да қиналып,  
Көрсетіп жақсы тым тегін.  
Өсеріне иланып,  
Сіңіре білді еңбегін.

Көзге түссе көбелек,  
Құйылып іліп әкетті.  
Етіп солай зор еңбек,  
Өтеді тым міндетті.

Тынбай кезіп даласын,  
Ерлікті өзі тек етті.  
Асырауға баласын.  
Ойы да өзі тек жетті,

Көрсеткесін тектілік,  
Көрсетпей істің шаласын.



Көрсеткесін естілік,  
Тойғызды тек баласын.

Жемін әкелгесін жер кезіп,  
Жемек болып дәмді асты.  
Енесі келгенін тез сезіп,  
Шырылына тым басты.

Өңеші қызыл көрініп,  
Қарындары тым ашып,  
Ашқарақтығын білдіріп.  
Тұрса да күн нұр шашып.

Балапандары өсті күн санап,  
Ұясында тек тойып.  
Жатқандай боп биікті ап,  
Ұшуға тек ден қойып.

Қанаттары қатайып,  
Күннен-күнге тез өсті.  
Көрмегесін бақ тайып,  
Ұядан шығарып тек төсті.

Анасымен бойлары,  
Тез арада-ақ теңелді.  
Ұшу болып ойлары,  
Байлағандай тым белді.

Кез келгесін ұшатын,  
Қанатын қағып сайланды.  
Жиі қағып қанатын,  
Қарлығашқа ер айналды.

Ұясында тым бұғып,  
Бұрынғыдай жатпады.  
Ұшу керектігін тым ұғып,  
Бекер үнді қатпады.



Мысық жүрді көз салып,  
Ұясына жете алмай.  
Жүргесін қанға тек малып,  
Ұяты да еш қалмай.

Қос құлағын жымқырып,  
Екі көзін тым тікті.  
Ауызға түспей дым құрып,  
Ішке сырды тым бүкті.

Жүргесін көзін тым қадап,  
Жақындады ұрланып.  
Өзін ерге тым санап,  
Түсі де тым сұрланып.

Көздері де тым жанып,  
Екі көзі қанталап.  
Жүргесін қанға тым қанып,  
Өзін ерге тым балап.

Тілінен де суы ағып,  
Келгеннен соң тым бұғып.  
Көзіменен тым бағып,  
Дұрыс деп мұны тым ұғып.

Жамандығын біліп ойының,  
Қарлығаштар сақтанды.  
Аласасын білмей бойының,  
Ұнатқасын жас қанды.

Анасы тым сұстанып,  
Қанатымен сабады.  
Жемек болғасын ұрланып,  
Қылығынан деп табады.

Қарлығаш біткен ортаға ап,  
Қанатпен ұрып қамады.



Ерлігіне тым ақсап,  
Сақтығынан танбады.

Ұры мысыққа жабылып,  
Тығылғанша қалмады.  
Қуатын жауы табылып,  
Қанаттары талмады.

Көргендей боп шын қасын,  
Ысылдап тым шүйілді.  
Мысықтың ұрып тым басын,  
Қабақтары түйілді.

Қанатпен ұрып қуғасын,  
Көңілідері жайланды.  
Ер болып тым туғасын,  
Қууға тек сайланды.

Момақан боп жүрсе де,  
Қарлығаштар нанбады.  
Жемек боп білек түрсе де,  
Мысықтың бағы жанбады.

Қызықтырмай жүргесін,  
Балапандардың аманы.  
Шиқылға құлақ түргесін,  
Сезіліп ойдың жаманы.

Жабайы мысық болғасын,  
Ашылғасын араны.  
Ұяны көзбен шолғасын,  
Көрсеткесін қаны қараны.

Зорға деп жаны қалғасын,  
Тасаға барып тығылды.  
Өздерін жөнге салғасын,  
Жүндері тым жығылды.

Кішкене боп қарлығаш,  
Таң қылды тым ерлікпен.  
Мысықтарды жүрген аш,  
Жемек болып желіккен.

Жүріп едік тек қуып,  
Жабайы мысық аңдыса.  
Ұяға көр деп сен жуып,  
Обал болар деп қан қылса.

Жоғалтпай біз де сақтықты,  
Ашпап едік ауызды.  
Көрсеткендей боп ақтықты  
Қуғандай боп жауызды.

Анасы да сезгендей,  
Ұшыруға тым асықты.  
Малтаны емес езгендей,  
Асығып тым аптықты.

Ойлағасын мысықтар,  
Балапанға қастықты.  
Ететінін біліп зар,  
Көрсетсе егер жасықты.

Балапандарын өзінің,  
Етсем дегесін бақытты.  
Арқасында төзімнің,  
Күнге де жетіп шаттықты.

Қарлығаштар қаптап кеп,  
Әкетіп еді ұшырып.  
Қамдарын да тым-ақ жеп,  
Мысықтар жүргесін құтырып.

Көрсете алып бірлікті,  
Бұрғаннан соң бүйректі.



Ұйымшыл боп істеп тірлікті,  
Болғасын асыл тым текті.

Мысықтарға жүргесін,  
Жібермей өздері еш кекті.  
Текті боп өмір сүргесін,  
Ұнатқасын еңбекті.

Бірліктерімен өзінің,  
Тастап еді таңдантып.  
Қырағылығымен көзінің,  
Жүргендей еді үн қатып.

Риза болып ек бірлікке,  
Әкеткесін жиылып.  
Сүйсінгесін тірлікке,  
Қарап едік іш жылып.

Көрсеткесін тектілік,  
Тектілігіне иландық.  
Көрсетіп біз де естілік,  
Құрметтеп тым сыйладық.

Жақындығын тым біліп,  
Көмекті еш тимадық.  
Қарлығаш деп көзге іліп,  
Жамандыққа қимадық.

Көрсетіп тек адамдық,  
Мысықтардан күзеттік.  
Болады деп надандық,  
Адамдықты тек еттік.

Қарлығаштарға тимедік,  
Өніп-өссін дегесін.  
Қансыздықты сүймедік,  
Қамдарын да жегесін.





Амандықты тек тіледік,  
Иттік іс деп болсақ жау.  
Жат бір ойды білмедік,  
Болсын дегесін аман-сау.

Қораға салғасын ұясын,  
Жақсылыққа баладық.  
Көрсетпей іштің аласын,  
Амандықты тек қаладық.

### **Киесі ғой кең даланың, киіктерді атпайық!**

Киесі ғой тым киіктер ұлан байтақ даланың,  
Көз тартатын тым жусанды сайы менен саланың.  
Көрік беріп жүрседағы ұлан байтақ далаға,  
Дәмді асына айналып жүр іштері кей аланың.

Отанының байлығына жүрмегесін жаны ашып,  
Браконьерлер жүргесін тек тексіздікпен қан шашып.  
Азаматтық адамдықты жүргеннен соң еш ұқпай,  
Зор жауаптан жүргеннен соң арсыздықпен тек қашып.

Ар-ұяттан жүргеннен соң әр кезде де тек безіп,  
Аң мен құсты атқаннан соң кең даланы тек кезіп.  
Азамат боп жүрмегесін ұлы елдікті тым ойлап,  
Адамдықты жүрмегесін тексіздікпен еш сезіп.

Қансыздықпен көрсеткесін төмендігін сананың,  
Ақылын да еш тыңдамай ата менен ананың.  
Өсірсе де барды салып ұрпағым деп аялап,  
Істерін де еш істемей халқым деген дананың.

Азайғанын білседағы бұл күндері санының,  
Қиылғанын көрседағы тым ертерек жанының.



Қалтырамай қолдары да атқаннан соң дәл көздеп,  
Көрседағы денесінен аққанын да қанының.

Болғаннан соң өзі арсыз, бес қаруын сайлаған,  
Қансыздықпен қанды төгіп бақтарын тек байлаған.  
Құныққасын байлыққа тым шел басқасын көздерін,  
Адамдықты жоғалтқасын жыртқышқа тым айналған.

Көрген кезде киіктерді көздері тым жайнаған,  
Көргендей боп нағыз жауын зығырданы қайнаған.  
Кеткендей боп тым өштері өзі маңғаз киікте,  
Сұлатса да емес ешбір саусақтарын шайнаған.

Қансыздығын көңілге еш болмағасын алмаған,  
Болмағасын адамдығы бойын да еш қалмаған.  
Егеменді елдігім деп жүрмегесін толғанып,  
Азаматтық адамдық ой болмағасын салмаған.

Ел болғанда ұят-ақ қой жат қылықты қоймаған,  
Арсыздықты, қансыздықты бойдан ешбір жоймаған.  
Бас пайданы ойлағасын көз қызарып көргенде,  
Қорқаулықпен ұят-ақ қой көз қызарып тоймаған.

Азамат боп байлығына жатпағасын іш бұрып,  
Іске асырып арам ойын тұзақты да тым құрып.  
Қансыздықпен көрген сәтте көздері де тым тұнып,  
Азаматтық сөздерін де жүрмегесін еш тұрып.

Қансыздықпен жүргесін тек қолын қанға матырып,  
Қалай жүрсін аң мен құстың таңдарын тым атырып?!  
Азаматтық зор жауапты мойындағы еш сезбей,  
Қорғаймын деп бастарын да жүрмегесін қатырып.

Иттік ісін жүргесін тек жүргендей боп ұқтырып,  
Қару алып аң мен құсын жүргеннен соң тек қырып.  
Атқаннан соң қолы да тек қалтырамай қан болып,  
Қорқаудай боп жүргесін тым көз қызарып құтырып.





Дайын асқа жүргесін тек көз қызарып құнығып,  
Азаматтық адамдықты жатпағасын ұғынып.  
Көрсеткесін өмір де тым тексіздікпен арсыздық,  
Аң мен құсты атқасын тек көз қызарып бұғынып.

Ұлан байтақ даласының болсадағы иесі,  
Қалтырамай қолдары да атады демей киесі.  
Адамдығы болса егер қансыздық қып атар ма еді,  
Отан сүйген ерлер болса дұрыс өзі тым есі.

Нағыз ерлер болса егер елдігім деп ой түйген,  
Отаны мен кең даласын болса егер шын сүйген.  
Адамдығын көрсетіп тек болса егер қорғайтын,  
Ыстығы мен суығына болса егер тым күйген.

Көрсеткесін қансыздықты кімдер одан үлгі алған,  
Иттігінен болғасын тек көңіл де өзі тым қалған.  
Отаным деп нағыз ердей болмағасын қорғаған,  
Қансыздықпен болғасын тек қолын қанға тым малған.

Арсыздығы жүрегіне болмағасын батқандай,  
Қансыздығын көргесін тек төсті қағып мақтандай.  
Иттік ісі жүргесін тек жүрекке тым жаққандай,  
Отаным деп болмағасын үнді ешбір қатқандай.

Ұлтымыздың байлығығой аңмен құстар киіктер,  
Барын салып қорғап келеді азаматтар нағыз ер.  
Аң мен құсты жүрейікші барды салып тек қорғап,  
Бұдандағы гүлденсінші көзді тартып байтақ жер.

Егеменді елдігім деп ақсыншы тек маңдай тер,  
Алға басқан аяқ та өзі жүрсінші өзі кетпей кер.  
Өркениетті елдерге тез барды салып жетейік,  
Ел болғанда бола алып бұл өмірде нағыз ер.

Азаматтық ерлік іспен ақталсын тек үміттер,  
Ерлікпенен жойылып тек бойдағы тым күдіктер.



Ұлан байтақ даламызды сүйеікші жүрекпен,  
Нағыз ерлер білек түріп әр кезде де Отан дер.

Қолдан намыс ер бабалар еш уақытта бермеген,  
Ер болғасын бос сөздеге еш уақытта ермеген.  
Асылдықпен жүрмеген еш киіктерін қырып сап,  
Бөсіп, есіп ешқашан да ессіздік қып жүрмеген.

Азаматтық, адамдық керек әр кез тек деген,  
Ойлағасын амандықты тым қамдарын тек жеген.  
Бойға сақтап адамдықты көрсеткесін тектілік,  
Қолдағасын халқы да тек әр кезде де ерлеген.

Мылтық алып нағыз ерлер киігін қанға малмаған,  
Сақтағасын адамдықты қансыздан тәлім алмаған.  
Қорықшыларды қорғаған аң мен құсқа жаны ашып,  
Бірге атып киікпенен зар күйге де салмаған.

Адамдықты көрсетіп қамдарын да жегесін,  
Құс пен аңды барды сап қорғау керек дегесін.  
Даласының аң-құсын қорғап әр кез жүргесін,  
Көрсеткесін адамдықты ісі қалай өнбесін?!

Бар болғасын қансыз да аң мен құсын ататын,  
Табиғатын байлығын арсыздықпен сататын.  
Жоғалтқасын бойынан азаматтық тым арды,  
Қансыздығы жүрекке болмағасын бататын.

Жырға қостым түңіліп көңілге тым алғасын,  
Иттік ісін көз көріп көңіл де тым қалғасын.  
Ақсақал боп бұл күнде амандықты ойладым,  
Мың толғанып күніне ұрпаққа ойды салғасын.

Даламызда өссінші мыңғырып киік көбейіп,  
Жайылатын өрісі бұдандағы тым кеңейіп.



Риза болар жас ұрпақ болса егер аман-сау,  
Барды салып қорғасақ жүрмейді бізге еш кейіп.

Даналықты көрсете алып қолды қанға малмайық,  
Адамдықты көрсетіп қансыздан үлгі алмайық.  
Аң мен құстар білейік Отанымыздың байлығы,  
Барды салып көбейтіп өркениетті елден қалмайық!

Ел болғасын егеменді керек-ақ қой даналық,  
Азаматтық көрсете алып аша біліп жаңалық.  
Қорғаудың да керектігін аң мен құсты ұға алып,  
Қорғағанды қолдағасын әр кезде де тым халық.

Ел байлығын қорғайықшы қырағы боп болып сақ,  
Адамдықпен жүрегіміз болғаннан соң Отанға ақ.  
Сақтай алсақ біз ұрпаққа аң мен құсты байлықты,  
Ұша қоймас басымызға еш уақытта қонған бақ.

Ерлей алып ойлағасын ер Қазағым елдікті,  
Отаным деп көрсеткесін бұл күн де тек ерлікті.  
Амандығын аң мен құстың ел болғасын тым ойлап,  
Даналықпен ойлайықшы бірлікпенен тірлікті.

Елдік келіп білгеннен соң жарқырап таң атқанды,  
Қою керек қарын сипап іссіз, қамсыз жатқанды.  
Табиғатты барды салып жүрейікші тек қорғап,  
Азаматтық дұрыс көріп әр кезде үн қатқанды.

Даламызда көбейсінші киігіміз тек жосып,  
Қару алып атпайықшы, кетпесінші еш босып.  
Барды салып аң мен құсты қорғап әр кез жүрейік,  
Егеменді елдікті ойлап зор үлесті тек қосып!



## Кеңірдектің кеңдігін тимаған – бәлеге жолығар

О, інішек кеңірдегің екен тым кең,  
Азамат деп жүрсем сені ойы терең.  
Ашқарақ боп ойламайсың қанағатты,  
Қысқа ма еді сенің де ой мен өрең?

Ұлтты ойламай ойлайсың өз басыңды,  
Бағаламай жалындаған еш жасыңды.  
Отанға еткен еңбегің зая кетер,  
Адалынан ішпесең еш асыңды.

Ашқарақ боп ойлай бермей кеңірдекті,  
Отанды ойлап, азамат болшы текті.  
Егеменді ел болу да оңай емес,  
Азаматтан талап етеді зор еңбекті.

Кей пендедей ынсапты кетпе ұмытып,  
Азамат деп жүргенде адам тұтып.  
Зор сенімді артқанмен ер халығы,  
Қашып жүр ғой шетелге қойып жұтып.

Сескентеді дүниеге тоймайтының,  
Аждаһадай жұтуды қоймайтының.  
Тектілікпен тез арада-ақ есті жинап,  
Жат қылықты бойдағы жоймайтының.

Дүние десе қызарып екі көзің,  
Елдік жайлы болмағасын айтқан сөзің.  
Дүниеге құнығып көзің жанып,  
Елдік жайын ойламайсың ешбір өзің.

О, інішек ұят қой сенің мұның,  
Бүйте берсең төмендейді мүлдем құның.  
Кеңірдектің кеңдігі аз болғандай,  
Көкшиіп те жүреді ғой көкке мұрның.





Жат қылығың тастады сескендіріп,  
Адамдығың жатпағасын ішке кіріп.  
Биік шыңды алғандай шіренесің,  
Үлкен шаруа жүргендей-ақ тек бітіріп.

Сақтай алмай жүргесін теңдігіңді,  
Көрсете алмай жүргесін кеңдігіңді.  
Егеменді ел болып бақ қонса да,  
Ойламай жүргеннен соң елдігіңді.

Азаматтық шығармай еш үніңді,  
Бос сөзбенен өткізгесін тек күніңді.  
Тектілер мен асылдардан үлгі алып,  
Түземей жүргеннен соң еш мініңді.

Ақылды емес екеніңе жетті көзім,  
Кеуде қағып жүргесін тек деп өзім.  
Қанағатсыз өмірдегі кей пендеге,  
Айтқанменен жүрғой өзі өтпей сөзім.

Надандығы жүргесін бойдан кетпей,  
Адамдыққа жүргесін ойы жетпей.  
Үлкендер де бетке мінін айтқанменен,  
Айтқанменен жүргесін сөзі өтпей.

Ел болған да керекқой есті жию,  
Кеңірдектің кеңдігін керек тыю.  
Тектілік пен жат қылықты тыя алып,  
Ортаға да керек қой әр кез сыю.

О, інішек ойлай біл қанағатты,  
Елдікті ойлап төмендетпей адам атты.  
Ер қазағың әр жайдың жөнін білген,  
Көрсете алып әр кезде жақсы затты.

Бағалап та өмірді тым қыбатты,  
Кең пейілін көрсеткен болмай қатты.



Үлкендердің көңілдері еш қалмаған,  
Риза қып жүргесін дос пен жатты.

Кеңірдектің кеңдігі түпке жетер,  
Дүниеге қызықтырып одан бетер.  
Аждаһадай түгімен жұта берсең,  
Азаматтық адамдық қырың кетер.

Ақ жолыңмен жүрсең тек елің мақтар,  
Зор сенімді азамат деп әр кез ақтар.  
Азаматтық ұлы ісіңді мақтан етер,  
Жөн білетін азамат деп әркез жақтар.

Жүрегіңмен Отаныңды әр кез сүйіп,  
Азаматтық жүрші тек ойды түйіп.  
Ер халқыңа жүрсінші пайдаң тиіп,  
Пайдаң тисе зор алғысты жүрер үйіп.

Бата алсаң жүрмейді қырың кетіп,  
Зор табысқа жүреді қолың жетіп.  
Егеменді ел болған да білек түріп,  
Барды салып жүрші тек ерлік етіп.

Ел болғанда шыңды алайық даналықпен,  
Барлық ұлтты сыйлай біліп адамдықпен.  
Ісіміз алға баспас тек басты ойлап.  
Барды салып күресейік надандықпен.

Тіл табысып мекен еткен барлық ұлтпен,  
Таныс болып шығып жатқан жаңалықпен.  
Көсегеміз көгермеген отар ел боп,  
Отаршылға сеніп қалып аңғалдықпен.

О, інішек ерлік іспен тек дәлелдеп,  
Барды салып жүрейік әркез ерлеп.





Қазақстан егеменді ел болғасын,  
Гүлденге алып жүрейік тек елдік деп.

Білек түріп маңдайды терге малып,  
Ерлей алып жүрейік шыңды алып.  
Елдікті ойлап қанағатты еш ұмытпай,  
Азаматтық жүрейік ойды салып.

### Ана тілің мақтанышың

Ана тілің, түсінсең құдіретің,  
Отаныңа бұрылып жүрсе бетің.  
Тектілікпен әр кезде тілмен сөйлеп,  
Тілді сыйлау азаматтық тым міндетің.

Ана тілің ғажап қой көзге ілетін,  
Әзілдесіп құрбымен шат күлетін.  
Өмірге одан сайын іңкәр болып,  
Құдіретімен көп жайды тым білетін.

Ана тілің мақтанышың бағың,  
Сынбайды сөйлесең ешбір сағың.  
Көзіңді ашып алысты жақын қылады,  
Сөйлесең қарыспайды ешбір жағың.

Ана тілің қойдырады ойынды,  
Көк алмаға толтыртпайды қойынды.  
Азамат қып өзіңді тез есейтіп,  
Көп шаруаға бұрдырады мойынды.

Ана тілің биіктеді ойынды,  
Ойың тұрмақ биіктеді бойынды.  
Ана тілмен сөйлей алып тойласаң,  
Гүлдентеді жүрекпенен тойынды.



Ана тілің тіліңді бал татырады,  
Құдіретімен азаматтық үн қатырады.  
Армандаған биігіңді тек алдырып,  
Жарқыратып таңыңды тез атырады.

Ана тілің құдіретімен ой салады,  
Нағыз ерлер сондықтан шыңды алады.  
Ана тілмен толғанып жырды жазсаң,  
Өшпейтұғын соңың да жыр қалады.

Ана тілің жат қылықты тыйдырады,  
Балалық-шалалықты қидырады.  
Ойыңды биіктетіп тез есейтіп,  
Сыймай жүрген ортаға сыйдырады.

Ана тілің біле білсең мақтанышың,  
Ана тілмен сөйлесең аласың шың.  
Шын жүрекпен толғанып сөйлей алсаң,  
Дана болып жүз жастада да боласың тың.

Ана тілмен сөйлегенің тектілігің,  
Құрметтесең сезілер естілігің.  
Ана тілде кітапты көп оқысаң,  
Ой биіктеп болады көп білімің.

Ана тілің дана қылады оқырманды,  
Гүлдендіріп, нұрландырып әр кез жанды.  
Азаматтық ойды тек түйдіргесін,  
Бармақ тістеп соқпайды ешбір санды.

Ана тілге жүрмегін қабақ түйіп,  
Тектілікпен, мәрттікпен жүргін сүйіп.  
Ана тілді әркезде тым бағалап,  
Суығы мен ыстығына жүргін күйіп..

Ана тілің аузыңды жаптырмайды,  
Ана тілдей тіл әлемнен таптырмайды.

Нағыз ерлер бағасын білгеннен оң,  
Ана тілін қанаттыға қақтырмайды.

Ана тілің шыңға қанат қақтырады,  
Азаматтық адамдықты жақтырады.  
Мәрттігімен өзінің кеңдік жасап,  
Таңыңды да тым ерте атырады.

Ана тілмен таза сөйле тілім десең,  
Мәрттікпенен ешкімге кетпес есең.  
Азаматтық адамдықты білер ішің,  
Ана тілді қадірлеп тек сөйлесең.

Ана тілмен сөйлесең білімдісің,  
Құрметтесең алға басар әр кез ісің.  
Ана тілдің құдіреті мен киесімен,  
Ісің тұрмақ оңалар көрген түсің.

Ана тілің ешкімнен кем қылмайды,  
Ана тілмен білгесін әр кез жайды.  
Құдіретімен өзінің сыр ұқтырып,  
Жарқыратар аспандағы күн мен айды.

Ана тілің сөйлесең надан қылмас,  
Сондықтан да бағалайды кәрі мен жас.  
Ана тілмен тым таза сөйлей алсаң,  
Тым қадірлі болады әр кезде бас.

Ана тілің басқа қонған бағың,  
Сөйлесең сынбайды ешбір сағың.  
Ана тілді өмірде тек құрметте,  
Қадірлесең биіктейді әр кез тағың.

Ана тілің қанатыңды жаздырады,  
Білімді ғып жерден алтын қаздырады.



Құдіретімен ойыңды биіктетіп,  
Адамдықтан қалай ғана аздырады?

Ана тілің жүрегіңді жандырады,  
Өмірдегі талай сырға қандырады.  
Тектілікпен көрсеткесін мәрттігіңді,  
Азаматтық сөзден қалай тандырады?

Ана тілің жүрегіңді гүлдендіреді,  
Гүлдендіріп далаңды да түрлендіреді.  
Жүрегің тым гүлденіп нұрланғасын,  
Азаматтық-адамдық ой енеді.

Ана тілің құдіретімен ой салады,  
Ой салғасын нағыз ерлер шыңды алады.  
Ана тілмен сөйлегесін қанаттанып,  
Нағыз ер деп қатары таң қалады.

Ана тілің мақтанышың беделің,  
Құрметтесең сыйламай ма тым елің?!  
Азамат боп беделін тек көтерсең,  
Қайыспайды ауыр жүктен еш белің.

Ана тілің жарқыраған жарық күнің,  
Азаматтық шыққасын жарқын үнің.  
Ана тілмен тек сөйлеп мың толғансаң,  
Түзеледі болса егер бойда мінің.

Ана тілің адамдықтан аздырмайды,  
Өзгеге ор еш уақытта қаздырмайды.  
Азаматтық, адамдықты көрсеткесін,  
Құлашыңды қалай ғана жаздырмайды?!

Ана тілің жарыстарда оздырады,  
Оздырып айға құлаш создырады.



Құдіретімен өзінің оздырғасын,  
Қалай ғана аздырып тоздырады.

Ана тілің бағыңды тек ашады,  
Ашқаннан соң жанарың нұр шашады.  
Айың да өзі жарқырап тек туғасын,  
Бақ пен ырыс қалайша тым қашады.

Ана тілің шыңға көз салдырады,  
Көз салдырып шыңды да алдырады.  
Биік деген шыңды да алдырғасын,  
Көңіліңді қалайша қалдырады?!


Ана тілің – қымбатың, білсең бағың,  
Сөйлесең сынбас ешқашан сағың.  
Ана тілмен сөйлеумен тым таза,  
Өтсінші өмірде бар шағың.

Ана тілің өмірде беделің,  
Сөйлесең силайды бар елің.  
Ана тілді құрметтеп тек сөйле,  
Қайыспас жүктен де еш белің.

Ана тілің өмірде мақтаның,  
Азаматтық үнді дұрыс қатқаның.  
Сөйлеуге тым таза тек тырыс,  
Болмағасын тіліңді сатқаның.

Ана тілің таптырады жолды,  
Таптырғасын ұзартады қолды.  
Ана тілмен сөйлегесін ой биіктеп,  
Көз ашылып, танысың оң мен солды.

Ана тілің жүректі жандырады,  
Жандырып көп сырға қандырады.



Жүректі құдіретімен баурағасын,  
Құдіретіне өзінің нандырады.

Ана тілің жоғыңды таптырады,  
Күншілдердің аузын да жаптырады.  
Ана тілмен сөйлеген нағыз ерлер,  
Ерлей алып сөзін де тек тұрады.

Ана тілің адамдықты ұқтырады,  
Ұқтырғасын сөзді қалай жұттырады.  
Топ жарғызып әр кезде ұттырғасын,  
Азаматқа нағыз бір тұттырады.

Ана тілің биіктетеді ойыңды,  
Азайтады селтендеткен тойыңды.  
Құдіретімен өзіңнің көзіңді ашып,  
Азамат қып түзетеді бойыңды.

Ана тілің өмірде көп береді,  
Гүлдеңтсін деп әр кезде байтақ жерді.  
Ой салғасын өзіңе ойды өсіріп,  
Танытасың ерлік қып нағыз ерді.

Ана тілің тым қымбатың,  
Жақсы болса әр кез затың.  
Ана тілді тым құрметте,  
Болғаннан соң адам атың.

### Өзімменен сырласу

О, Мұратым келесің толғанумен,  
Қиын деген шаруаны қолға алумен.  
Гүлдеңтсем деп жүргесін Отанымды,  
Жырды жазып келесің ой салумен.

Азаматтық әр кезде ойға енгесін,  
Ұрпақ қамын толғанып тек жегесін.  
Теңдігіңді сақтай алып толғанасың,  
Жарқынына болашақтың тым сенгесін.

Азаматтық жүргесін тек ойға кеп,  
Шын жүрекпен жүргесін Отаным деп.  
Көмек қолды жүргенің әр кез созып,  
Ұрпақ қамын жүргесін әр кезде жеп.

Барды салып келесің, басып алға,  
Көзді салып сұлу аққан Қараталға.  
Отаным деп тек осылай барды салшы,  
Ұқсамай жүргеннен соң ынжық шалға.


Амандықты тек тілеп кәрі жасқа,  
Үйір болмай келесің дайын асқа.  
Мынау ғажап өмір де өзі қысқа,  
Ауыртпалық түссе де талай басқа.

Бұл өмірге келмегесін сен де босқа,  
Барлық жанды жүргенің санап досқа.  
Біраз жасқа келсең де аңғалдық қып,  
Алданып та жүресің кей жылпосқа.

Аңғалдық қып сақтықты ойға алмай,  
Сенгіштігің жүргесін бойдан қалмай.  
Кеңдік қылып жүргесін тек кешіріп,  
Жүргеннен соң зар күйге ешбір салмай.

Адамдықты жүрмесе де еш түсініп,  
Бос сөзіне жүрсе де тым ісініп.  
Қояды деп жүргенің үміттеніп,  
Сөйлесе де мылжыңдап, білгішсініп.

Надандығы жүрсе де ішке сыймай,  
Жамандыққа жүргенің ешбір қимай.



Ақ жолға түсіруге тырысасың,  
Адамдықты жүргесін ешбір тыймай.

Болсадағы шатақты шығаратын,  
Арсыздыққа тексіздікпен тек баратын.  
Өмірде болғаннан соң ойы саяз,  
Өнерімен болмаса да топ жаратын.

Болмаса да тектілерден үлгі алатын,  
Болмағасын надандығы еш қалатын.  
Көрсетпей тектілікті жүрседағы,  
Тектілерді болса да тек шалатын.

Тексіздікпен көрсеткесін іште аласын,  
Тектіге де жапқасын тек жаласын.  
Су айналмас болғасын тым іші тар,  
Адамның сыйламайтын еш баласын.

Азаматтық көрсетпей көз қарасын,  
Жүректерге салғасын тек жарасын.  
Адалдықты адамдықты еш білдірмей,  
Жақсы жаман айырмай еш арасын.

Арсыз да бар байқамасаң талап жейтін,  
Қорқаулық қып өздері тек жүрмейтін.  
Көрсетіп жүргеннен соң надандықты,  
Жөн сөзіңе құлақты еш түрмейтін.

Адамдық қып өмірді еш сүрмейтін,  
Арсыздықты тексіздікті дұрыс дейтін.  
Сырты жылтыр болғанмен іші ала,  
Жылтырап көрсеткенмен адам кейпін.

О, Мұратым ойлағасын әр кез елді,  
Гүлдетуге байлағасын мықтап белді.





Қазақтай ер халықтан туғаннан соң,  
Бүлікшіден сақтанатын кезің келді.

Дегенменен ақынсың ғой жаның сірі,  
Халқым деп жүргесін жүрсің тірі.  
Баяғыдақ төмпешік боп жатар ма едің.  
Кей ынжықтың өмір де болсаң бірі.

Жырды жазып келесің ғой күресумен,  
Кей ездермен тым сатқын тіресумен.  
Отанды ойлап жүргесін халықты ойлап,  
Ездік қылып жүрмегесін бос есумен.


Сақтанып та келесің өсек сөзден,  
Өсек айтқан жала жапқан кейбір езден.  
Отаным деп сақтығыңды еш жоғалтпа,  
Күншілдер бар, ұяттан мүлдем безген.

Адамдықты болмағасын ешбір сезген,  
Бос сөзімен болғасын малтаны езген.  
Бар болғасын іші тар кей күншілдер,  
Арақ ішіп, өсек айтып үйді кезген.

Бос сөз айтып жүргесін даурыққандай,  
Надандық қып, басты бекер ауыртқандай.  
Мінді түзеп болмағасын сауыққандай,  
Мінді айтқанмен бетіне жауыққандай.

Ер халқыңның әлемге де аты тарап,  
Биік шыңды алғасын ерлеп жарап.  
Ер Халқыңды әлем де тым бағалады,  
Ерлігінен үлгі алғын әр кез қарап.

Бағаларын бергесін әлем сынап,  
Азаматтық адамдық ерлігі ұнап.



Отанына жүргесін қызмет қып,  
Еңбек етіп жүргесін әр кез шындап.

Үлкен сөзін жүргесін әркез тыңдап,  
Жүргеннен соң өздерін ерлеп шындап.  
Отаным деп білекті тек түргесін,  
Жүргеннен соң әр кезде биік шыңды ап.

Жүрмегесін ездік қып еш ырғалып,  
Маңдайларын жүргесін терге малып.  
Егеменді ел болғасын бұл күндері,  
Білекті де түргесін барды салып.

Азамат боп ойла тым елдігіңді,  
Елдігім деп көрсетіп ерлігіңді.  
Жүргенің әр кезде де дұрыс болар,  
Азамттық көрсетіп тек тірлігіңді.

О, Мұратым дұрыс қой талпынғаның,  
Орындалсын дегесін тек арманың.  
Егеменді ел болып бақ қонғанда,  
Ерлік істі дұрыс қой тек қылғаның.

Еңбегіңді болмағасын бұлдағаның,  
Сөзіңнен де болмағасын еш танғаның.  
Мың толғанып халқыңды ойлағасын,  
Түзу жолды дұрыс қой таңдағаның.

Айырғасын жақсы-жаман тек арасын,  
Нағыз ерлер білдіреді көзқарасын.  
Азаматтық жүргесін жөн сөзді айтып,  
Жүректің де жазады тек жарасын.

Нағыз ерлер ойламайды қара басын,  
Адалынан ішкесін әр кез асын.

Жүрегімен Отанын шын сүйгесін,  
Ерлік істі қалайша тек қылмасын.

Қалай ғана жүреді ерлік етпей,  
Биігіне қалай жүрсін қолы жетпей?  
Еңбек етіп жүргесін барды салып,  
Тектілік қып жүргесін қыры кетпей.

О, Мұратым толғана бер Отаным деп,  
Жүргеннен соң ұрпақтың тек қамын жеп.  
Жүрегіңмен тек сүйші Отаныңды,  
Азаматтық жүргесін тек ойға кеп.

Көз жұмғасын мәңгілік шықпас үнің,  
Үн қатпасаң көп болғаны бойда мінің.  
Жырды жазшы елдігіңе пайдаң тисін,  
Жарқырап тұрған кезде шығып күнің.

Нағыз бір азаматтың шығар үнін,  
Кей пенденің бетіне айтып мінін.  
Білек түріп барды сал тірі кезде,  
Халығыңның жарқырат шыққан күнін.

Азаматтық міндетті жақсы біліп,  
Бос сөздерді жүрмегесін құлаққа іліп.  
Күндеріңді өткізбе бос ырғалып,  
Жүрмегесін ездiк қып шат боп күліп.

Ұят болар батылдыққа еш бармасаң,  
Барды салып Отан деп топ жармасаң.  
Кім біледі ішіңде не жатқанын,  
Азаматтық үніңді шығармасаң.

Білек түріп барды сап шыңды алмасаң,  
Даналық қып жас ұрпаққа ой салмасаң.

Отанымды барды сап гүлдентем деп,  
Маңдайыңды терге де еш малмасаң.

Бала емессің, езу жимай шаттанатын,  
Шыбықты ат қып, кеуде қағып мақтанатын.  
Жүрегіңмен сүйгесін Отаныңды,  
Қарайғаннан ез емессің сақтанатын.

Қымбаттығын Отаныңның жүрші ұғып,  
Отаным деп жүргесін жүрмей бұғып.  
Жүрмегесін болдым деп кеуде қағып,  
Адамдықпен көңілден жүрші шығып.

Көрсетіп жүргеннен соң әркез төзім,  
Кеуде қағып демегесін ешбір өзім.  
Отаным деп келесің ғой жыр жазумен,  
Дегеннен соң ұрпаққа қалсын сөзім.

Көп нәрсеге бұл күнде жетті көзің,  
Ұрпағыңа арналғасын айтқан сөзің.  
Мың толғанып жүргесін кітап жазып,  
Толғанумен келесің әр кез өзің.

Желісті аттай барады өтіп өмір,  
Барды салып Отан деп білекті түр.  
Бұл өмірде Отан қымбат болғаннан соң,  
Білек түріп барды сап өмірді сүр.

Бір тынбастан сыртылдап сағат та тұр,  
Тұрған жоқ қой айналып бекерден құр.  
Сондықтан да арқаны кеңге салма,  
Барды салып, Отанға бүйректі бұр.

Сыртылдап еш білдірмей айналады,  
Атқаруға өз міндетін сайланады.

«Сәл кідір», – деп айтуға бата алмай,  
О, Мұратым тілің неге байланады?

Қарысқандай аша алмай еш жағыңды,  
Төмендетіп жіберердей тым тағыңды.  
Уақытқа не дерсің өтіп жатқан,  
Жақ ашсаң ұшырардай тым бағыңды.

Боз кілемде жыққанмен балуандарды,  
Маңдайдан тер тамшылап салып барды.  
Тоқта деуге сағатқа еш батпайсың,  
Азаматтық жоғалтардай бойдағы арды.


Түрі жоқ қой сыртылдап тоқтайтұғын,  
Болсаңдағы көзіңді оқтайтұғын.  
Құрбылардың бірге өскен кейбіреуін,  
Көз жұмғанын болсаң да жоқтайтұғын.

Гүлдентуге тырысқасын байтақ жерді,  
Ағызғасын «Отан» деп маңдай терді.  
«Ақыным» деп аузыңа қарағасын,  
Даналықты көрсетші, нағыз ерді.

Барды салып түзеші, кейбір мінді,  
Азаматтық шығарып әр кез үнді.  
Бірлікті ойлап, күнді өткіз мағыналы,  
Босқа өткізбей бағалап әрбір күнді.

Адамдықпен қарай біліп тым көңілге,  
Адам болып келгесін бұл өмірге.  
Түнгі ұйқыңды төрт бөлші гүлдентсем деп,  
Отанды ойлау жарасқасын нағыз ерге.

Қартайдым деп жасыма, тек жалында,  
Асатұғын әлі көп шың алдыңда.



Отаныңмен ойлағасын ұрпағыңды,  
Жүрсінші тек гүлденуде тек жадыңда.

Отаныңа барды сап қос үлесті,  
Бұл өмірде нағыз ер болсаң есті.  
Ұрпақпенен ойлағасын келешекті,  
Ел болғасын азаматтық көкей тесті.

О, Мұратым жүрмеші еш жайланып,  
Ел болғанда жүрмесін бақ байланып.  
Жалындашы Отаным деп барды салып,  
Гүлденуде деп Отанымды жүр сайланып.

Ел болғанда азаматтық әр кез керек,  
Даналық қып сондықтан болшы зерек.  
Ұрпағым деп барды сап, жыр жазғасын,  
Отаным деп соқсыншы әр кез жүрек.

Бойыңа сақтай біліп адамдықты,  
Отаным деп сақтай біліп тым намысты.  
Жырды жазып жүрші тек ерлей алып,  
Адамдық қып тек мінеп надандықты.

Адамдардың бауыр санап тек барлығын,  
Нағыз ерлер көрсетпейді іш тарлығын.  
Гүлденуде деп жүргесін Отанды ойлап,  
Нағыз адам көрсетеді арлылығын.

О, Мұратым барды сап ал алғысты,  
Отаным деп сақтай біліп тым намысты.  
Жырды жазып жүрші тек ерлей алып,  
Барды салып өмір де боп табысты.

## Бұлбұлға

О, бұлбұл құс сайрайсың тым бағыңда,  
Бұлбұл болып жаралғасын сен бағыңа.  
Нуыңда да жыр жырлайсың құйқылжытып,  
Сайрайтұғын болғасын дер шағыңда.

Қонып алып жапырақты бұтағыңа,  
Отырғандай сезінесің сен тағыңда.  
Сайрауда өзі өмірде міндетіндей,  
Сайраудан талмайтындай еш жағыңда,

Шаттықты сайрай түсші заманыңда,  
Тым жалындап шабыттанып аманыңда.  
Ұлы елім де жырларыңды тыңдасыншы,  
Жырыңменен көркі кірсін даламның да.

Егіншілер түрен салып жүр ғой тыңға,  
Білек түріп санағасын өзін мыңға.  
Жырыңменен көңілдерін тек көтерші,  
Ерлік етіп жүргесін қарап шыңға.

Төзе біліп жүргесін әр кез сынға,  
Көз жеткізіп жүргесін әр кез шынға.  
Жырларыңнан жүр ғой әне шабыт алып,  
Ой түйдіріп жырлағасын ұғатынға.

Еңбек етіп құлақ түріп жырларыңа,  
Көзі жетіп жүректегі сырларыңа.  
Бұлбұл құс деп жүргесін тек бағалап,  
Тәнті болып бұлбұлдық қырларыңа.

Риза боп түрлі жырды салғаныңа,  
Мәңгілікке бұлбұл боп қалғаныңа.



Сондықтанда мен өзіңе таңданамын,  
Сан жүректі тым баурап алғаныңа.

О,бұлбұлым сайрай бер тамылжытып,  
Кең тыныстап, таза ауа – кәусар жұтып.  
«Бұлбұлым» деп бағалап жүрейінші,  
Әр кезде де өзіңді жыршы тұтып.

Жырлашы, құйқылжытып дамылдамай,  
Жырды жазып жүрейін мен де қалмай.  
Ақын болып мен де өзі жаралғасын,  
Жарамайды өзіңнен үлгі алмай.

Құлақтарға жағымды жырың қандай,  
Жырларыңа жүремін ғашық жандай.  
Жазиралы даламды гүлдендіріп,  
Ғажап жырың естіледі тек армандай!

Сұқтанып бар тіршілік қарағандай.  
Сан көңілді көтеруге жарағандай.  
Құйқылжытып жырлағасын бұлбұл атың,  
Тез арада-ақ көпке атағың тарағандай.

Бұлбұл құссың, жырлауға жаралғандай,  
Асылдықпен сан ерлікке бара алғандай.  
Құйқылжытып сан түрлі жырды жырлап,  
Бар тірлікке ғажап жырың ой салғандай.

О,бұлбұл құс, мақтанымсың әр кез менің,  
Жырларыңды тыңдайын ұйып сенің.  
Жырыңменен жүректерді гүлдендірші,  
Саулығы да қымбат қой әр кез денің.

Жырларыңа жүрейін құлақ түріп,  
Жыр жазғасын толғанып әр кез жүріп.



Келесің ғой шабытыма шабыт қосып,  
Жүрейінші жырды тыңдап өмір сүріп.

Жаралғаннан ғашықпын жыр мен әнге,  
Ғажап жыр да ие ғой тым көп мәнге.  
Сондықтан да жыр жырлап ерлей берші,  
Жазиралы даламды бөлеп сәнге.


Ән-жырыңмен көтере бер көңілдерді,  
Одан сайын ұзартып өмірлерді.  
Бұлбұл атты сақтай бер әр кезде де,  
Жырыңменен жандырып жүректерді.

Ерлік іске жұмылдырып тек ерлерді,  
Түрдіре бер еңбекке білектерді.  
Жырменен де барды сап рух беріп,  
Жырды жырлап орындай бер тілектерді.

О, бұлбұлым сайрай бер, тамылжытып,  
Тек осылай көңілден әр кез шығып.  
Жырыңменен даламды гүлдендірдің,  
Бағанды сондықтан да жүрмін ұғып.

Жырлай берші ұлы елдікке үлес қосып,  
Бар тіршілік тыңдасын құлақ тосып.  
Рухтанып жырларыңды тыңдасыншы,  
Аң мен құс та даламда жүрген жосып.

Барды салып жырлай бер биігіңде,  
Жырлау болып тек қана түйсігіңде.  
Көріне бер бұлбұлдық тым қырыңмен,  
Жалындаған шабытты тек күйіңде!



## Асқар досы сүрінгенде, көмек қолды созбады

Аяғын шығарса да досы,  
Асқар көмек қолды созбады.  
Осал деп өзі тым осы,  
Жарыста деп озбады.

Бір аяқты шығарып,  
Жатыр деп өзі қиқайып.  
Жүргендей өзі топ жарып,  
Шығарғанын көріп тым айып.

Шығарғасын аяғын,  
Сөзінен де тез тайып.  
Қара деп қолда таяғын,  
Елге де жүрді тым жайып.

Жүргенін қара деп ақсаңдап,  
Сұқ саусақпен көрсетті.  
Жүр деп өзі қисаңдап  
Жан досын тым күлкі етті.

Сұрамады еш хәлін,  
Аяғын шығарып алса да.  
Кетіріп суға тым салын,  
Көңілі тым қалса да.

Ауырсынып аяғын,  
Жиі үйінде жатса да.  
Қолға ұстап таяғын,  
Жанына қатты батса да.

Көмекті еш бермеді,  
Болсадағы жан досы.  
Оң сөзге еш ермеді,  
Білінді деп тым босы.

Келседағы көңілге,  
Ұят мұны көрмеді.  
Жараспаса да еш ерге,  
Өзімдіке жөн деді.

Орындалғандай арманы,  
Азаматтық үнді қатса да.  
Мазақтау болып ұққаны,  
Жарқырап таңы атса да.

Сау кезінде топ жарып,  
Жүрседағы тек ерлеп.  
Ерлікпен қолы ұзарып,  
Достары жүрсе де тек ер деп.

Көріп досын ақымақ,  
Сөйледі тым табалап.  
Болсадағы жүрегі ақ,  
Бойында жоқ деп еш талап.

Аяғын шығарғасын басынып,  
Шыға келді болып жау.  
Жүргендей боп жассынып,  
Емес деп оның есі сау.

Сүрінгенде болмай жақ,  
Шығарғандай жүрді дау.  
Сындырды деп болмай сақ,  
Сақтықты керек деп ұмытпау.

Көрсетпеді тектіні,  
Сүрінгенде тым қолдап.  
Көрсетпеді еш естіні,  
Сәлемін де тек жолдап.

Бола қалып тым аңқау,  
Білмеген болып ерлігін.



Болсын демей есен-сау,  
Көтерсе де ер жүгін.

Сенгендей боп өзіне,  
Сөйлегесін мылжыңдап.  
Достары тым сөзіне,  
Жүрсе де тым тыржыңдап.

Көбейді деп ақсақтар,  
Ақсаңдап жүрген көшеде.  
Сақтамағасын бойға ар,  
Қаратқандай өзін тым жерге.

Жүргеніне ақсаңдап,  
Жүрсе де досы шамданып.  
Түзу жолды тек таңдап,  
Ерлікке жүрсе де қамданып.

Тектілікпен сөзінен,  
Жүрмегесін еш танып.  
От ұшқындап көзінен,  
Жазыларына тым нанып.

Ғашық болғасын өмірге,  
Жүрегі де тым жанып.  
Келгеннен соң көңілге,  
Сырына достың тым қанып.

Басын жүрді тым шайқап,  
Ақсағасын, күлгесін.  
Асқар досын тым байқап.  
Досының ішін білгесін.

Аулақ ұстап іргесін,  
Қамды болмағасын жегендей.

Өсектеп тек жүргесін  
Болмағасын текті дегендей.

Жинағандай болды тез есін,  
Жазылуға тез асығып.  
Іші тарға не десін,  
Сөзді жүрмегесін еш ұғып.

Көрсеткесін іштарлық,  
Жүргенін сезді көре алмай.  
Ісі болмағасын құптарлық,  
Күншілдігі жүргесін еш қалмай.

Белгілі болды тым сыры,  
Арамзалықты көрсетіп.  
Азаматтық көрінбей еш қыры,  
Досты жүргесін күлкі етіп.

Сұрайды деп тек көме,  
Ақсағасын қашқасын.  
Ойлағасын басын тек,  
Ішкі сырын ашқасын.

Сау кезінде көмекті,  
Сұрағанмен жиі өзі.  
Болмағасын тым текті,  
Әжуа болды тек сөзі.

Өсек сөзді, бос сөзді,  
Жүргесін тым жақтырып.  
Алақтатып тым көзді,  
Таңды жүрмегесін атырып.

Аяғын емдеп Болатбек,  
Күннен-күнге айықты.  
Сабырды сақтап бойға тек,  
Сөзді сөйлеп байыпты.



Көрсетпегесін ынжықты,  
Баламады еш бойын.  
Таяғын тастап шынықты,  
Асырмақ іске тым ойын.

Жеткізейін деп тым көзін,  
Екен деп өзі кім мықты.  
Мазақ қылғасын тек өзін,  
Білсін деп достар шындықты.

Кеуде қақпағасын деп өзім,  
Терге малды маңдайды.  
Болғасын бойда мол төзім,  
Ерлігімен қақтырды таңдайды.

Аяғын алса да шығарып,  
Сақтады бойға сабырды.  
Жүргесін тек топ жарып,  
Ұнатпай бос дабырды.

Үлкеннің сөзін тыңдады,  
Шектен жүргесін еш шықпай.  
Шұғылданып өзін шыңдады,  
Қиындықтан еш бұқпай.

Шыңға жүргесін көз салып,  
Тыңдамады ез сөзін.  
Әлі-ақ жүрем деп шыңды алып,  
Баптағасын тым өзін.

Сақтай білгесін теңдігін,  
Көрсетпегесін пенделік.  
Көрсетті тек кеңдігін,  
Ойдан көрсетпей кенделік.

Алғысқа жүргесін кенеліп,  
Азаматтығын көрсетіп.



Жүрмегесін іссіз сенделіп  
Қайдан жүрсін қыр кетіп?!

Көрсетті ердің данасын,  
Азаматтық шыққасын тек үні.  
Биіктетіп жүргесін санасын,  
Жарқырап шыққасын тек күні.

Сауығып таяғын тастады,  
Шыққан аяғы тез бітіп.  
Ерлікке қайтадан бастады,  
Емдетіп аяғын тым күтіп.


Болатбек дегенмен жарады,  
Кетпегесін еш жүнжіп.  
Атағы қайтадан тарады,  
Тұлпарына қайта тек мініп.

Көкпарды бөсіп тартам деп,  
Асқар да аяғын шығарды.  
Болмағасын өзін де еп,  
Сақтамай бойға еш арды.

Сақтық жатпаса да ойға кеп,  
Көрсетпек боп нағыз жігітті.  
Сүрінгенді жүргесін тек күндеп,  
Ақтамағасын еш үмітті.

Ақсақтарды жүргесін тек мінеп,  
Болғасын сөзі күдікті.  
Жүрмегесін бақ тілеп,  
Болмағасын жүрегі тым түкті.

Адал атқармағасын міндетті,  
Көрсетпегесін еш тектілік.



Қалыққа бұрмағасын еш бетті  
Болмағасын өзін де естілік.

Жақсылықты жүрмегесін еш біліп,  
Аз болғасын өзін де адамдық.  
Құлаққа сөзді жүрмегесін еш іліп,  
Қайдан болсын досқа адалдық?!

Үзеңгі де аяқ қап,  
Асау аты тым сүйретті.  
Ездігін жүргендей көңілге ап,  
Сүйреткесін қыр кетті.

Іс істемегесін ерге сай,  
Білмегесін еш сыйды.  
Жүрмегесін ешбір жай,  
Зорға деп өзі ес жиды.

Тырнақ астынан кір іздеп,  
Сүрінгенді жүргенде сөз қылып.  
Жүргесін де тек біз деп,  
Қайдан жүрсін іш жылып.

Көкпарды тартып тындырды,  
Бекболаттай болам деп.  
Ерді де жаңа сындырды,  
Астындағы аты сүйрелеп.

Өзі асау болғасын,  
Басқа ұрғасын жыны кеп.  
Семіріп әбден тойғасын,  
Бауырға түсіп тепкілеп.

Бөсемін деп тым Асқар,  
Басқа бәле тым тілеп.





Тарта алмаса несі бар,  
Өзін түлен түрткілеп.

Қойды тез-ақ ыржаңын,  
Шайқалтқасын тым миын.  
Шығарып жолдың тым шаңын,  
Алғандай болды тым сыйын.

Қасқа аты сүйретіп,  
Жинағасын зорға есін.  
Адамдықты үйретіп,  
Кім екенін білгесін.


Асқар күлгеніне өкінді,  
Өзінің де келіп басына.  
Бойдағы біліп көп мінді,  
Достары келмей қасына.

Шығарса да аяқты,  
Жаны қалғанға қуанды.  
Бекболаттан алам деп таяқты,  
Жас баладай жуанды.

Жүрген де тілмен тым шағып,  
Орақ орып тілімен.  
Күншілдігі жүрген де тым жағып,  
Жұрдай екені білініп білімнен.

Деп жүргенде ермін мен,  
Сүрінгенге кеуде тым қағып.  
Ойды түймей өмірден,  
Ауыздан да бәле тым бағып.

Сақтамағасын теңдікті,  
Қайдан ойласын бірлікті.



Көрсетпегесін кеңдікті,  
Отан деп қайдан істесін тірлікті?!

Жүрген де есіріп тек жүрмей,  
Досын да жүрген де мазақ қып.  
Оң сөзге құлақты еш түрмей,  
Жүрмегесін сөзде еш тұрып.

Өзінің де келіп басына,  
Досының сұрап алды таяғын.  
Әлі де қарамай жасына  
Көкпар тартып шығарып аяғын.

Сауында көтергесін тек мұрын,  
Адамдығы жоқ деп еш мұның.  
Азаматтық көрсетпегесін еш қырын,  
Құрбыға жоқ деп еш құның.

Ойлағасын өз басын,  
Жақсылықты ез деп білмейтін,  
Мазақ қылғасын құрдасын.  
Құрбысы жоқ деп күлмейтін.

Достың да еш білмей бағасын,  
Айтқасын келгенді ауызға.  
Жыртпақ та болғасын жағасын,  
Сыйдырам деп қауызға.

Сау кезде «нәнмін» деп іскесін,  
«Ақсақ» деп мазақтады кей досы.  
Кәріпшілік басына түскесін,  
Асқарма деп сүрінбейтін шын осы.

Ойлағасын өзінің тек пайдасын,  
Шамасына жүргесін қарамай.

Асырып та жүргесін айласын,  
Бір ауыз жылы сөзге жарамай.

Көшеде де жүргесін қисаңдап,  
Ақсақтығымен көзге өзі тым түсіп.  
Ақсақтықты алғандай тым таңдап  
Досқа күліп жүргенде тым ісіп.

Сөйлемей сөзді де еш аңдап,  
Ақсақтарға жүрген де тым күліп.  
Ақсады деп жүргенде ыржаңдап,  
Жөнді жүрмегесін еш біліп.


Өкініп бармақты шайнады,  
Мазақ қып досына күлем деп.  
Зығырданы тым қайнады,  
Түсініп бәрін басқа кеп.

Жүргенінде тым асып,  
Тау қопарып жүргендей.  
Қос аяқты нық басып,  
Адал боп өмір сүргендей.

Мазақ қып досты алжасып,  
Адамдықты болмағасын білгендей.  
Көңілі судай тым тасып,  
Сүрінгенге жүргенде күлгендей.

Жүріп еді желке тым қасып,  
Қателікті кеш ұғып.  
Іріңдеп көзі тым жасып,  
Көңілден жүрмегесін еш шығып.

Ісіне қатты қызарды,  
Жүремін дегенде сүрінбей.



Сақтамағасын еш арды,  
Қателігін тым білмей.

Керегі жоқ еді мақтанның,  
Кеуде қағып менмін деп.  
Не екенін білді шатқанның,  
Сүрінгесін тым басқа кеп.

Қысқа өмірде тым білді,  
Адамдықтың артығын.  
Оң сөзді құлаққа тек ілді,  
Баса біліп аптығын.

Қателескенін тым ұқты,  
Адамдықтың біліп керегін.  
Айтпақ боп тек шындықты,  
Бағаламақ боп достың еңбегін.

Бекболаттан үлгі алып,  
Көрсетпек болды ерлікті.  
Тектілігіне таң қалып,  
Отанға етпек боп еңбекті.

Досының ерлігіне көз жетіп,  
Адал атқарды міндетті.  
Достарына жүрді үлгі етіп,  
Қалқына бұрып тек бетті.

Асқар көрсетті тектіні,  
Достарын етпей еш мазақ.  
Көрсете алып естіні,  
Боламын деп ер Қазақ..

Бекболаттай барды сап,  
Асқар да тек шынықты.

Жүрмек болып биікті ап,  
Жазылуға тез ынтықты.

Барды салып өмірде,  
Боламын деп ұқыпты.  
Ғашық болып өмірге,  
Жігіт боламын деп тым мықты.

Күлгенін Болатбек білсе де,  
Асқарға еш күлмеді.  
Сүрінгенде күлсе де,  
Тексіздікті білмеді.

Адамдық келіп ойына,  
Мазақтау ойға келмеді.  
Адамдықты жинап бойына,  
Мазақтадың мені демеді.

Әділдікті ұнатпай,  
Көрсетсе де қарауды.  
Азаматтық үн қатпай,  
Шығарса да тым дауды.

Көмек қолды тек созды,  
Қымбат деп достық адамдық.  
Адамдығымен тек озды,  
Көрсеткесін досқа адалдық.

Текті болғасын тым өзі,  
Ұнамады еш арамдық.  
Елдік болып тек сөзі,  
Көрсетпеді надандық.

Сүрінгенді сылтау қып,  
Күндегенмен күншілдер.

Адамдықты тек ұғып,  
Болғасын өзі нағыз ер.

Ғашық болып өмірге,  
Болатбек сүйді Отанды.  
Көрсетіп үлгі-өнеге,  
Сыйлағасын бар жанды.

Отанды ойлап толғанды,  
Гүлдетуді тек ойлап.  
Орындамақ боп арманды,  
Терең ойға тек бойлап.

Шақырды тек бірлікке,  
Ойлағасын елдікті.  
Азаматтық шақырып тірлікке,  
Ұнатқасын бірлікті.

Адамдығымен өмірде,  
Қатарынан асқасын.  
Адам боп келгесін өмірге  
Аяқты нық басқасын.

Сұрады әр кез тек хәлін,  
Жүрмегесін есіріп.  
Кетірмей суға еш салын,  
Қателігін достың кешіріп.

Тектіменен тексіздің,  
Арасы болғасын жер-көктей.  
Ісін істемей ессіздің,  
Досын жүрді кекетпей.

Қонақ деп адам өмірге,  
Адамдықтан жүрді еш кетпей.

Қарап әр кез көңілге,  
Жүрді мазақ еш етпей.

Азаматтық, адамдық,  
Адамға болғасын міндеттей.  
Басып әр кез қадам нық,  
Жүргесін еш қыр кетпей.

Жүректерге жүргесін үңіліп,  
Сақтамады ішке кек.  
Жүрмегесін еш күліп,  
Амандықты тіледі әркез тек.

Асқардай досты сатпады,  
Жақсы оқып, көп іс тындырып.  
Бос сөздерді шатпады,  
Ауласын да таза ұстап, сыпырып.

Достарға көрсетті үлгіні,  
Қиындықты жеңе алып.  
Азаматтық шығарып тек үнді,  
Адамдығымен жүрді ой салып.

Гүлдентемін деп Отанды,  
Маңдайынан тер ағып.  
Сыйлағасын бар жанды,  
Азаматтығымен тым жағып.

Ойлағасын тым елдікті.  
Азаматтық көрсетті бар қырды,  
Көрсеткесін ерлеп тірлікті,  
Бірлікке елін тек шақырды.



## Сәкен құрдастың алпыс жылдығына арналады

Алпысқа келіп қапсың, Сәкен құрдас,  
Ақсақал боп қалыпты ғой, ағарып бас.  
Жастықпенен жалындап жүруші едің,  
Жалынына жастықтың едің-ау мас.

Той дегенде, батпаушы еді өзіңе ас,  
Жалындап жүргеннен соң болғасын жас.  
Арулардың көңілін жықпаушы едің,  
Кеудеңдегі жүрегің емес қой тас.

Жүргеннен соң арулар да сәлем айтып,  
Алған беттен жүрмеуші едің ешбір қайтып.  
Азамат боп сөзіңде тек тұрғасын,  
Ездік қылып жүрмеуші едің еш мұңайтып.

Тым жалындап еді ғой, ойың айда,  
Жігіт кезгі қап-қара шашың қайда.  
Егделік кеп біздің де шаш ағарып,  
Тым оңып тұрған жоқ қой біздің жайда.

Жастық шақты айтқанмен жоқ-ау пайда,  
Жастық өтіп барамыз ба, болып майда.  
Жастық шақты толғанып айтқаныңда,  
Батпай жүр ме өзіңе ас пен шай да?

Ақсақал боп, төбеңдегі шаш азайып,  
Жалтырайды еш оны көрмей айып.  
Қап-қара боп бұрынғыдай жалтылдамай,  
Алпысқа кеп болыпты көзден ғайып.

Жүргенменен тым өзің бұтақ жайып,  
Жүрмесең де «кәртейдім» деп еш мұңайып.  
Қара шаштың төбеңде бірі қалмай,  
Егделік кеп жоғалғандай бағы тайып.



Аз болғандай жүргесін тіс кетиіп,  
Шекеңнен қарамайсың еш шекиіп.  
Сайрандаған заманың өте шығып,  
Жүрмегесін төбең де көкке тиіп.

Ақсақалдық жүргесін ойды түйіп,  
Ұрпақтарың жүргенмен алғысты үйіп.  
Алғыс алып, ұл қыздан жүргенменен,  
Егделікке жүргендей ішің күйіп.

Айнаға да едің ғой көп қарайтын,  
Тым жиі болғаннан соң шаш тарайтын.  
Шашты тарап түніменен жортуылға,  
Серілік қып болғасын тек жарайтын.


О, құрдасым ақсақалдық жасқа келіп,  
Уақытты өте шығып аттай желіп.  
Кейбір кезде тебіреніп,, тым толғанып,  
Толғаныстан жүреміз ғой тым теңселіп.

Бұрынғыдай жүрмесек те кеуде керіп,  
Бос сөздерге жүрмегесін ешбір еріп.  
Толғанып жақсы жырлар жазсам деймін,  
Ұрпағыма жүрсем деп үлгі беріп.

Пенделік қып жүрмегесін күжірейіп,  
Үлгі-өнеге көрсетпесек жүрер кейіп.  
Алпыс жасқа келгенге тәубе деймін,  
Таяқ ұстап жүрмегесін жота еңкейіп.

Жастық шақты көз алдыға елестетіп,  
Жүреміз ғой бас қосылса әңгіме етіп.  
Өткен күнді ойға жиі түсіреміз,  
Ақсақалдық бұл күн де жасқа жетіп.

Тым жалындап құрбылар да еді сенгіш,  
Қиялға да тез арада-ақ еді енгіш.



Азамат боп жүрекке үңілгесін,  
Жанған отты жүректегі біліп тек іш.

Бағы жанып жүруші еді құрдастардың,  
Мақтаны болғасын да тек қыздардың.  
Тым жалындап жастық кезде сайрандаған,  
Жөні бөлек екен ғой жан достардың.

Мың толғанып жүрміз ғой егделік кеп,  
Адал асты алдыдағы тек ішіп-жеп.  
Немерелер асыр салып жүргеннен соң,  
Амандыққа жүреміз ғой тек тәубе деп.

Дүр сілкініп шыңдарға қарап алып,  
Егделікке жүрместен ешбір налып.  
Күніне мың толғанып ой шоламыз,  
Жүрмек болып ұрпаққа ойды салып.

Ерлік іске жүргесін әр кез бекіп,  
Жүргендейміз ерлік іске тәнті етіп.  
Кеше ғана асыр салған бала едік,  
Толғантады жастық шақ өтіп кетіп.

Бала кезде мінгесіп ап-асау тайға,  
Қағынып жүргеннен соң жүрмей жайға.  
Орғыса да өжеттік қып қорықпаушы едік,  
Ой шұқырға қарамай терең сайға.

Тым жалындап қызықпай тәж бен таққа,  
Зор сеніммен қарағасын болашаққа.  
Жүргендей боп жүруші едік ерлік етіп,  
Ие болып жүргесін қонған баққа.

Ұрпақтың енді ойлаймыз болашағын,  
Ашылуын қалағасын әркез бағын.



Көңілдерін қалдырмауға тырысамыз,  
Сындырмауға тырысып әр кез сағын.

Немеренің қалаймыз ғой шаттанғанын,  
Қаламай болымсызға мастанғанын.  
Ақылды, тым білімді азамат боп,  
Ұлы істерге қалаймыз ғой қамданғанын.

Қалаймыз ғой іссіз, қамсыз жатпағанын,  
Қолды жайып өзгеге көз сатпағанын.  
Естілік пен денсаулықты сақтай біліп,  
Ащы судан қалаймыз ғой татпағанын.

Ұлы істерге қалаймыз ғой аттанғанын,  
Қарайғаннан қаламай сақтанғанын.  
Азаматтық зор сенімді әр кезде де,  
Отаным деп қалаймыз ғой ақтағанын.

О, құрдасым жастық шақ өте шығып,  
Өмір сырын бұл күнде жүрміз ұғып.  
Егемендік ұлы елдікті ойлағасын,  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір бұғып.

Еңбек етіп жүрміз ғой білек түріп,  
Атқара алып ұлы істі жаймен жүріп.  
Адамдықты теңдікті сақтағасын,  
Бұтақ жайып жүрміз ғой өмір сүріп.

Білек түріп, еңбек етіп, күн батырып,  
Жыр жазады құрдасың таңды атырып.  
Даналардай күніне мың толғанады,  
Жүрмегесін бос сөздерге бас қатырып.

О, құрдақ, керек қой азаматтық,  
Азаматтық сондықтан үнді қаттық.



Егеменді ел болғанда жалқаулық та,  
Ерлерге болады деп ақымақтық.

Еңбекпенен келеді ғой әр кез шаттық,  
Адамдарға көрсетпедік ешбір жаттық.  
Дастарқаннан бірліктің арқасында,  
Сан рет бас қосылып дәмді таттық.

Отырыста әңгіме қып өткен күнді,  
Серуендеген еске алып айлы түнді.  
Мәз болып құрбылар да тым шат болып,  
Бас қосқанда шығарады жарқын үнді.

Азаматтар болғасын ой салатын,  
Жігіттер ғой жастық шағын еске алатын.  
Жалынымен жастықтың шайқағасын,  
Көтеріліп көңілдері тым қалатын.

Сондықтан да өткен күнге оралайын,  
Еске алып, толғанып, сөз қылайын.  
Амандықты тілегесін құрбыларға,  
Азаматтық, адамдықты тек қалайын.

Жастық шақты қалайша еске алмайын,  
Жалындап қатарымнан еш қалмайын.  
Бетке де кейде мінді айтқаннан соң,  
Жырымменен қалайша ой салмайын?!

Азамат боп шыңдарды тек алайын,  
Шындықты айтып ұрпаққа ой салайын.  
Азаматтық көрсетіп ерлей алса,  
Өздерін нағыз ерге тек балайын.

Құрбылар да еді ғой тым жорытқан,  
Жортуылдан емес еді еш зорыққан.

Жортуылдап түніменен болғаннан соң,  
Жортуылды еді ғой бір қорытқан.

Жортуылдап емес еді еш торыққан,  
Айсыз түнде емес еді еш қорыққан.  
Алған беттен ешқайсы қайтпаушы еді,  
Тұлпарларын болғасын тек орғытқан.

Аруларға жүргесін бірге деп жан,  
Тым жалындап жүргесін тасып та қан.  
Арман қуып жүргесін жастықпенен,  
Құрбылар да тым өзі көп еді арман.

Жиі жасап құрбылар бастаңғыны,  
Жасамаса бұзылардай бойда сыны.  
О, құрдасым шараптан татпағасын,  
Кей сотқардың жүруші еді ұстап жыны.

Жөнге салу керек деп қысып мұны,  
Ішпегеннің жоқтай боп ешбір құны.  
Тиіп кетіп жүргесін кей құрбының,  
Бетке басып айтқасын кейбір сыны.

Тойып алып жүргесін ішіп, есіп,  
Азаматтық жүрмегесін көкей тесіп.  
Дегдарлық қып арақты татпағаның,  
Кей сотқардың жүргендей боп жолын кесіп.

Және де жүруші едің шылым шекпей,  
Сабыр сақтап сөйлегесін артық кетпей.  
Шылым шекпей арақты татпағасын,  
Жақтырмай қалушы еді сотқарлар кей.

Қараушы еді өзіңе тым аларып,  
Иттк іске жүргесін әркез барып.



Бабалардың азаматтық қасиеті,  
Жүрмегесін бойына ешбір дарып.

Пысқырып та қарамаушы ең сен араққа,  
Тектілікпен сүйенбей тіл мен жаққа.  
Арақ ішпей өзіңді ұстай біліп,  
Басқа қонған ие болып әр кез баққа.

Ұстамдылық жарасады азаматқа,  
Лайықты бола алып адам атқа.  
Арақ ішіп, денсаулықты құртып алсаң,  
Түседі ғой денсаулық тым қымбатқа.

Түсінгесін емес едің араққа әуес,  
Болғаннан соң өзің де ақыл мен ес.  
Кей бөспеге тым мүлдем ұқсамаушы едің,  
Тойып алса жүретін көрсетіп сес.

Ішпегенді алатын іш деп қысып,  
Тойып алып жүргесін іші пысып.  
Ішкендікті жүргесін ерлік санап,  
Шатақ іздеп жүргесін қолды ысып.

Құрбыларға жүргесін арақ іш деп,  
Ішпегенді жүргесін ез деп тілдеп.  
Момындарға тізесін батырғасын,  
Ішкізбек боп жүргесін әр кез күштеп.

Ездік қылып жүргесін иттік істеп,  
Арамзалық жүргесін тек ойға кеп.  
Ой болғасын ішпегенді тек ішкізу,  
Амандықты жүрмегесін ешбір тілеп.

Тым араққа жүргесін ұсталғандай,  
Аяқтары жүргесін тұсалғандай.



Адамдықты қалай ғана жүрсін ұғып,  
Інілері болмағасын үлгі алғандай.

Тажалдығын білсе де бой алдырып,  
Құрбының да көңілін тым қалдырып.  
Сөрелер де тұрғасын тым мөлдіреп,  
Тажалына жатпағасын ми талдырып.

Арақпенен жүргесін қызып сауда,  
Мас болғасын баста өзі қалып дауда.  
Достарын да қасындағы еш танымай,  
Айналғасын көзі аларып тез-ақ жауға.


Тажал арақ тажалдығын жасырғандай,  
Жүргеннен соң кей жастар бас ұрғандай.  
Кейбір жастар араққа тым құнығып,  
Шекелерің еді ғой тасқа ұрғандай.

Сөздерінде емес еді еш тұрғандай,  
У-араққа жүргесін іш бұрғандай.  
Үлкендер де зияндығын айта-айта,  
Діңкелері еді ғой құрығандай.

Шыныменен еді араққа құныққандай,  
Тажалдығын емес еді тым ұққандай.  
Адам тұрмақ иттер де масты көрсе,  
Ұясына еді ғой тым бұққандай.

Адамдықты болғасын ұмытқандай,  
Жүректерге еді ғой тым батқандай.  
Ауағада тарағасын арақ мұңкіп,  
Емес еді ешкім де ұнатқандай.

Қызып алып құрбыға да ұрынғасын,  
Мас болғасын сыйламай құрбы басын.



Өзі ұқсап арақты ішпегесін,  
Көргендей боп жүргесін нағыз қасын.

Қызық жоқтай арақтан басқа өзге,  
Азаматтық араласпай ешбір сөзге.  
Бөтелкені қойынға тығып алып,  
Ішкіштікпен жүргесін түсіп көзге.

Құрбылар да жүргенмен жиі сөгіп  
Қызып алып жүргесін күнде бөгіп,  
Діңкелері еді ғой құрығандай.  
Анасы да жүргесін жасын төгіп.

Зәм-зәм су деп жүргесін тойып, мақтап,  
Адамдықты жүре алсын қайтіп сақтап?!  
Азаматтық ,адамдық ішке кірмей,  
Қызып алып жүргесін ыржалақтап.

Үлкенді де жақтырмай бетке айтқан,  
Алған беттен емес еді ешбір қайтқан.  
Аштықты да, соғысты да – бәрін көрген,  
Ардагердің өзінде еді тым мұңайтқан.

Бөтелкеге болғасын көзді сатқан,  
Жарқырап емес еді таңы атқан.  
Домалап аулада да жатқаннан соң,  
Жүрегіне ата-ананың еді батқан.

Ар-ұят көп ішкесін болсын қайдан,  
Қызып алып жүргесін ашып майдан.  
Құрбысы да жүргесін ішті тартып,  
Құрбыға да тигесін бекер жайдан.

Шет елдердің арағы тез-ақ жаулап,  
Арақпенен жүргесін көңілді аулап.



Мейманына арақты құймай қойса,  
Құймадың деп жүргесін көрсе даулап.

Бір ішкіштің көріп едім алжасқанын,  
Ішпедің деп жағаңа жармасқанын.  
Ішкендіктің түсінбей әбестігін,  
Мастықпенен түсінбей құрбы жанын.

Көрсеткендей өзіңе қызу қанын,  
Сендейлердің көргем деп талай санын.  
Тым басынан асырып ішкеннен соң,  
Көріп едім адамдықты ұмытқанын.

Зор сенімді болмағасын еш ақтайтын,  
Арақты ішіп болғасын ыржақтайтын.  
Шекеге тиседағы тым сүрініп,  
Ішпейтінге ішпеді деп кек сақтайтын.

Намыс қылып жүрмейтін ешбір мұны,  
Құрбылардың қызартпай ешбір сыны.  
Түзелудің орнына мінді түзеп,  
Ішпегенге жүргесін келіп жыны.

Қансыздықпен болғасын міз бақпайтын,  
Ішпейтіндер арақты еш жақпайтын.  
Қысқа ойлап, араққа салынғасын,  
Кезі жоқ еді ішпегенге мін тақпайтын.

Құрбының ойламайтын амандығын,  
Көрсеткесін ортаға да надандығын.  
Азаматтық істемей еш тірлікті,  
Сездіргесін ойының да жамандығын.

Ішкізбек болып еді сені күштеп,  
Ішпегенді жүргесін тек езің деп.



Аузыңа жүргеннен соң татып алмай,  
Жағаңа жармасып еді тым жыны кеп.

Құлаққа ілмегесін іш дегенді,  
Озбырлық қып ұнатқасын күштегенді.  
Қансыздықпен ішпегенді жағадан алып,  
Қорқытып ішкізгесін ішпегенді.

Ер болғасын сөйлемей сөзді жұтып,  
Ездік қылып сөйлемей шатып-пұтып.  
Арақ ішпей жүргенді тектілік қып,  
Ездікпенен жүрмегесін үлгі тұтып.

Жағаңа жармасқасын иттік істеп,  
Құрдасым арақ ішпей жүр деп ерлеп.  
Арашалап қолдарынан алып едім,  
Жағаңа жармасқасын тым дікеңдеп.

Өздерін тастап едім ұрсып жерлеп,  
Надандыққа, озбырлыққа тым жыным кеп.  
Бетке мінді жасырмай айтқаннан соң,  
Қызарғаннан тұрып еді қатты терлеп.

Азаматтық сөздерін тек жұтқасын,  
Озбырлық, қараулықпен тек ұтқасын.  
Ішпейтұғын азаматты көріп тек жау,  
Құрметтеудің орнына қор тұтқасын.

Оң сөзді де теріс деп тек ұққасын,  
Жат қылығы шет елдердің тым жұққасын.  
Өздерінен бірақ та зорды көрсе,  
Тасасына қызармай тек бұққасын.

Теуіп кетіп жүргесін ішіп асын,  
Тектілерді деген оймен басынбасын.



Надандық, күншілдік, іштарлықпен,  
Қойынға жүргеннен соң тығып тасын.

Көргендей боп жүргесін нағыз қасын,  
Баста бағын қалайша қызғанбасын.  
Ішпейтінді қалайша етпесін сөз,  
Күншілдікпен іштарлықты тек қылғасын.

Сөздері де болғасын өтірік жалған,  
Ішпедің деп жағаға еді қолды салған.  
Көзімменен иттіктерін көргеннен соң,  
Шыныменен еді сонда көңіл қалған.


Иттіктерін едім сонда көңілге алған,  
Кей тұмсықты болғасын қанға малған.  
Мастықтарын озбырлығын көргеннен соң,  
Ішпейтінді болғасын әр кез шалған.

Көзбен көріп озбырлық, тексіздікті,  
Ұят кеткен көргесін бетсіздікті.  
Түзу жолға өздерін салып едім,  
Азаматтық пайдаланып мүмкіндікті.

Көрсетіп ем ездерге ер жігітті,  
Қаны қара болғасын тым күдікті.  
Күншілдік, озбырлықты көрсеткесін,  
Азаматтық көтерсін қайтып жүкті.

Азаматқа ұят қой болған жасық,  
Жасық болсаң басынар озбыр-пасық.  
Адамдығын көрсетер нағыз ерлер,  
Азаматтық адамдыққа болып асық.

Сотқарларға не болады берсең тізгін,  
Көріп тұрып жол беру ерлерге мін.



Озбырлықты көрсетіп жүргеннен соң,  
Момындарға қалайша шығарар күн.

Адамдықты болғасын бұрмалайтын,  
Сөздерін де болғасын тұра алмайтын.  
Құрбыға да жүргесін итттік істеп,  
Болғасын надандығы еш қалмайтын.

Отанды ойлап мандыта ма екі жүзді,  
Кеу де қағып жүргесін біл деп бізді.  
Үлкенге де жүргесін әй деп сөйлеп,  
Көрсетіп жүргеннен соң көргенсізді.

Кей ынжықтар ішкесін «іш,іш» десе,  
Басты шұлғып жүргесін таяқ жесе.  
Іш десе де өзін де ішпегесін,  
Қол салып кеткендей боп қатты есе.

Сасқандай еді, өздерінен зор шыққасын,  
Жәбірлеуге бермесімді тым ұққасын.  
Сүмірейіп тұрып еді қорғағасын,  
Көңілдерді өздері тым жыққасын.

Адамдық қып өзінді ер тұтқасын,  
Адамдықпен әр кезде тек ұтқасын.  
Алдыға сап өздерін қуып едім,  
Азаматтық сөзін де тек жұтқасын.

Еш сыйламай жүргесін құрбы басын,  
Қойынға да жүргесін тығып тасын.  
Ішпейтұғын құрбыларға тісті қайрап,  
Көргендей боп жүргесін нағыз қасын.

Қызып алып ұмытқасын адамдықты,  
Іштарлық қып ойлағасын жамандықты.

Бұзылғасын араққа тым салынып,  
Көрсеткесін құрбыларға надандықты.

Көз жетіп ед, іші аланың барлығына,  
Су айналмас іштерінің тарлығына.  
Өздері ішкеннен соң ішпегендер,  
Жүргендей-ақ құлақ аспай жарлығына.

Ойларының таңданып ем қысқасына,  
Азаматтық ой келмей еш басына.  
Тоғысарлық надандық тексіздікпен,  
Санағасын ішпегенді тек қасына.


Ұят-ақ қой адамдықты сақтамаған,  
Азамат боп зор сенімді ақтамаған.  
Іштарлықпен сотқарлар қол салғанда,  
Ұят еді азамат боп жақтамаған.

Дұрыс қой бос сөздерге ермеген де,  
Шыңға құлаш дұрыс қой сермеген де.  
Азаматтық көрсетіп әр кезде де,  
Қолдан намыс дұрыс қой бермеген де.

Кей бөспелер жарамай арашаға,  
Қарағандай еді ғой тамашаға.  
Тұрғандай боп таса да айыз қанып,  
Азаматтық түсседағы мүлдем баға.

Жаны ашымай жүргесін ешбір жанға,  
Құрбылары боялса да қызыл қанға.  
Азаматтық адамдықты ұмытқасын,  
Кіргізуге бола ма адам санға.

Жігітпін деп сонда да бөсетұғын,  
Кеуде қағып ұялмай есетұғын.



Асылдардай өздері болмағасын,  
Тектілердің жолдарын кесетұғын.

Көрсеткенмен сотқарлар қатты сесін,  
Өткізіп қойғандай боп бірдемесін.  
Алып едім өздерін сонда қысып,  
Зор шыққасын жиғандай ед тез-ақ есін.

Момындарға жүргесін есіп-бөсіп,  
Өтірік бөссе қалатындай шені өсіп.  
Жүрген жері болғасын шатақ-ұрыс,  
Сотқарлықпен жүргесін отты көсіп.

Белдескесін ауданға да кейде барып,  
Бабалардың ерлігі бойға дарып.  
Өзімнен үлкенмен де күрескесін,  
Жас болсам да жүргесін топты жарып.

Үндемесең жүретін бар басқа шығып,  
Өзі зордан жүргенмен қорқып бұғып.  
Іздегені бәле жала болғаннан соң,  
Адамдық қып жүрмегесін жайды ұғып.

Дұрыс көрем өмірде ішпегенді,  
Адамдардың қамын да тым жегенді.  
Тексіздікпен ішпегенді жағадан ап,  
Жақтырмай жүргеннен соң іш дегенді.

О, құрдасым дұрыс қой ішпегенің,  
Азаматтық адамдық қой бұл дегенің.  
Адамдықты әр кезде көрсете алып,  
Ұрпақ қамын дұрыс қой тек жегенің.

Қателігін істерінің тым ұққасын,  
Азаматтық адамдықты ұмытқасын.

Білгеннен соң ештеме шықпайтынын,  
Зытып еді өздерінен зор шыққасын.

Адамдықпен емес еді ой шолғадай,  
Тойып алып жүргесін тым толғандай.  
Өздеріне адамдықты ұғындырып,  
Азаматтық едім сонда ой салғандай.

Еді сонда көңілім тым қалғандай,  
Достықтары болғасын тым жалғандай.  
Ішпейтұғын азаматты құрбыларын,  
Әуелі жүргеннен соң тек шалғандай.


Бойларынан көрмегесін адамшылық,  
Надандықпен болғасын ісі былық.  
Қылығынан түңіліп іш тартып ем,  
Тым өзіңе көрсеткесін озбыр қылық.

Ішпегенді езге еді балағандай,  
Итше қауып еді сонда талағандай.  
Салынып ішкеннен соң арақ жеңіп,  
Адамдықты емес еді қалағандай.

Су айналмас не дерсің іші тарға,  
Тексіздікпен адамдыққа әр кез зарға.  
Асылды да тектіні де тек шалатын,  
Күншілдікпен жүретін тиіп арға.

Итергендей жүргесін құрбыны орға,  
Түсемін демейтұғын темір торға.  
Надандықпен өмірде сөзді ұқпайтын,  
Тәлтіректеп жүргесін өзі зорға.

Сотқарлардың біліп едім жақсы сырын,  
Ақындардың құлақ сап қайтсын жырын.



Тоғышарлық надандығын білдіргесін,  
Ішпедің деп көрсеткесін иттік қырын.

Қараулық қып өзіңе жабылғасын,  
Сан момынның тұмсығын қан қылғасын.  
Жәбірлеуге мен өзінді бермеп едім,  
Қиналған да қасыңнан табылғасын.

Құрдасым деп жаныңды алып қалып,  
Өздерін жіберіп жөнге салып.  
Ерлік іске жүргесін белді буып,  
Қолдарын жүргеннен соң қанға малып.

Ұрсып-сөгіп жіберіп ем бәрін қуып,  
Өздерінен тым қатты көңіл суып.  
Жұдырықты шошаңдатып ішпегенге,  
Бұдан былай иттік қып көр деп жуып.

Қылықтары озбырлығы ішке сыймай,  
Сотқарлықты жүргесін ешбір тыймай.  
Адамдықты сақтаған құрбыларды,  
Жамандыққа жүргесін ешбір қимай.

Ол кездері жайлаған кез маскүнемдік,  
Тоқтатуға жоқ еді еш мүмкіндік.  
Егемендік алғасын бет бұрыс боп,  
Тажалдығын арақтың тым түсіндік.

О, құрдасым келесің әлі татпай,  
Мөлдіреп тұрсадағы ешбір батпай.  
Тура жолмен келесің әлі жүріп,  
Арақ-шарап дегенді еш ұнатпай.

Азамат боп келесің көзді сатпай,  
Ішпегенді кей ездердей көзбен атпай.





Еңбек етіп әлі күнге бір тынбайсың,  
Жүре алмайсың азаматтық үнді қатпай.

Арақ ішсең, қашады бақ пен ырыс,  
Оңалып, түзелмейді ешбір тұрмыс.  
О, құрдасым әр кезде тек осылай,  
Отанды гүлдетуге әр кез тырыс.

Арақ – тажал, салтымызға әркезде жат,  
Амандық пен денсаулық ерге қымбат.  
Үйір болып араққа ұсталғасын,  
Тез арада-ақ төмендейді адамдық ат.


Боздағым деп сан ана зар жылады,  
Зар жылап көздің жасын тым бұлады.  
Аңғалдықпен құнығып көп ішкесін,  
Азғындатып арақ-тажал мас қылады.

Адамдықпен дұрысқой өмір сүрген,  
Есті азамат оң сөзге құлақ түрген.  
Нағыз ерлер әр кезде түзу сөйлеп,  
Үлгілі боп ортасына әркез жүрген.

Халқына көрсете алып жарқын жүзді,  
Азаматтық көрсетер салып ізді.  
Адамдықты көрсетіп тек жүрейік,  
Ұрпағымыз сөкпесін кейін бізді!

О, құрдасым араққа бой алдырмай,  
Көңілдерді келесің еш қалдырмай.  
Барған үйің жүрмейді арақ іздеп,  
Келесің әбігерге еш салдырмай.

Азаматтық іс істеп ерлерге сай,  
Сан істерді атқардың жүріп-ақ жай.



Келесің ішпегесін еш сүрінбей,  
Азаматтық адамдықты еш ұмытпай.

Бар болса да пендеде ойы жаман,  
Демейтұғын азаматты болсын аман.  
Арамзалық надандығын еш қоймайтын,  
Болсадағы бұл күнде шат бір заман.

Сондықтан да қалайша мақтамайын,  
Адамдықты қалайша сақтамайын.  
Тектілікпен арақты ішпегесін,  
Жырға қосып неге сені жақтамайын?

Нағыз ерге өзінді тек балайын,  
Амандықты өзіңе тек қалайын.  
Азаматтық тұрғыдан көрініп тек,  
Әлі де ал, шыңдардың сен талайын.

Тектілерді дұрыс қой, қорғағаным,  
Момындарға жүргесін ашып жаным.  
Азаматты әр кезде тек қорғайын,  
Адамдықты жарамас ұмытқаным.

Асфальтпен тек жүйткісін жигулиің,  
Арқасында жаман емес көңіл-күйің.  
Бұдандағы шаңырағың тым биіктеп,  
Немереге толы болсын әр кез үйің.

О, құрдасым емессің ойдан кенде,  
Еңбек етіп келесің ерлеп сенде.  
Отанға адал еңбек тек етейік,  
Ақын болып толғанайын әр кез менде.

Ақсақал боп толғанатын келдіғой кез,  
Өмірде барады ғой өтіп тым тез.

Қазақтай ер қалықтан туғаннан соң,  
Тек осылай жат қылықтан әр кезде без.

О, құрдасым білесің ғой ердің құнын,  
Сондықтан да көтеремін құрбы сынын.  
Отанын, туған жерін сүйгеннен соң,  
Құрдасың айтады ғой әр кез шынын.

Азаматтық жүргесін ойға енгендей,  
Ақсақал боп толғаныста көбейгендей.  
Азаматтық адамдықты көрсете алсаң,  
Сөзіңе халқың да тым сенгендей.

О, құрдасым емеспіз, енді бала,  
Ұят болар ісіміз болса шала.  
Надандықтан жүрейік әр кез жеріп,  
Ұлан байтақ гүлденсін деп байтақ дала.

Көп нәрсеге бұл күнде жетті көзім,  
Айтатұғын халқыма көп қой сөзім.  
Ақсақал боп Отанға керекпіз ғой,  
Жоғалмасын бойдағы әр кез төзім.

Құрдасың үлгіліні үлгі етуде,  
Зор табысқа бұл күнде қол жетуде.  
Нағыз ерлер Отанына қызмет қылып,  
Атақтары шыңға шырқап тек кетуде.

Күш жұмсайық, Отанды гүлдетуге,  
Тырысайық ерлік істі тек етуге.  
Өркениетті елдерге барды салып,  
Құлшынайық, талпынайық тез жетуге.

Халқымның атағы жүрсін тарап,  
Ақсақал деп үлгі алсын ұрпақ қарап.



Арақ ішпей осылай үлгілі боп,  
Ақсақал боп жүре бер әр кез жарап.

Қуантады жүргенің арақ ішпей,  
Түсінгенге мұның өзі дұрыс істей.  
Жат қылыққа жүргесін бой алдырмай,  
Ішпегесін келеді бағаң түспей.

О, құрдасым ризамын мен өзіңе,  
Жырға қосып шындықты айтам тек көзіңе.  
Жүргесін де арақты татып алмай,  
Азамат боп тұрғасын да тек сөзің де.

Толғанатын бұл күнде келді жасым,  
Үлгі етіп, мүмкін емес сөз қылмасым.  
Отанды ойлап тебіреніп халықты ойлап,  
Аман болшы, бақытты боп тек құрдасым!

Құтты болсын айтарым, алпыс жасың,  
Өрге қарай домаласын әр кез тасың.  
Егеменді елдігіңді тек гүлдентіп,  
Халқыңа сыйлы болсын, әр кез басың.

### **Өсек айтпай сақта, інім, елдігіңді!**

О, інішегім, ерніңе ернің жұқпай,  
Көз қызарып жанады өсек десе.  
Қой дегенмен жүргенің ешбір ұқпай,  
Озғандарға жібергендей қатты есе.

Көңілдерден жүргесін ешбір шықпай,  
Ойды түймей жүргесін бұл өмірден.  
Қалай ғана жүресің көңіл жықпай,  
Адамдықпен шықпағасын еш көңілден.

Ұнатқасын өмірде өсек сөзді,  
Еш көрінбей жүргесін адамдықпен.  
Күндегесін жеткізбей ешбір көзді,  
Күйе жағып жүргесін надандықпен.

Еш айырмай жаққасын ақ қарасын,  
Адалынан жесе де тауып асын.  
Даналықпен айырмай еш арасын,  
Төмендетіп жүргесін ердің басын.

Көрсетіп жүргеннен соң іш тарлықты,  
Көргендей боп жүргесін нағыз қасты.  
Көрсете алмай жүргесін арлылықты,  
Атқандай боп жүргесін әр кез тасты.


Барды салып сен де оз қатарыңнан,  
Білек түріп, еңбек етіп қолдан келсе.  
Азаматтық айрылмай еш арыңнан,  
Елдік деген еңбегіңді тым елесе.

Еңбегіңмен жүр әр кез еліңе ұнап,  
«Нағыз ер» деп ер халқың көзіне ілсе.  
«Батыр» атақ береді елің сынап,  
Азаматтық ерлігіңді сенің білсе.

Нағыз ер деп жерге еш қаратпайды,  
Даналығын тектілігін көрсете алып.  
Бос сөздерді ер халқың жаратпайды.  
Азаматтық жүргесін ойды салып.

Сотқың да өзі қолыңнан ешбір түспей,  
Сөйлесесің құлағыңа алып қысып.  
Жат қылығың өзіңе дұрыс істей,  
Өсек айтпай қалғандай ішің пысып.

Құлағыңа сотқың да өзі тым жабысып,  
Өсегіңе бойы да оның үйренгендей.



Қалғандай құлағыңмен тез табысып,  
Өсекті естіп ғажап бір күйге енгендей.

Араққа да алғасын қатты тойып,  
Өсек айтып жүргенің тым мылжыңдап.  
Өсегіңмен жіберердей төбені ойып,  
Мазаны алып жүргесін тек ыржыңдап.

Арақ пенен өсекті мүлдем қойып,  
Жөн сөздерді дұрыс қой жүрген тыңдап.  
Жат қылықты бойдағы мүлдем жойып,  
Өзіңді-өзің шұғылданып жүрші шыңдап.

Өсек айтпа, кей өсекші келіндердей,  
«Жігіт» деген бар емеспе сенің атың.  
Ел болғанда көрінші, нағыз ердей,  
Азамат боп сүйсінсін дос пен жатың.

Ер бабалар өтті емеспе ат үстінде,  
Ерлік етіп, тек қорғап ел мен жерін.  
Азаматтық болғасын әр ісінде,  
Жан аямай төгіп те қан мен терін.

Елдігім деп ерлік қыл, інім, ұқсаң,  
Бабалардай көрсете алып нағыз ерді.  
Ел болғанда жарамайды қорқып, бұқсаң,  
Білек түріп гүлдентші байтақ жерді!

Ер бабалар өмір сүрген мағыналы,  
Өмірге келгеннен соң бір-ақ рез.  
Халқын ойлап болғасын тым саналы,  
Жеңіп шыққан болса да тым қиын кез.

Сондықтан да көрсетпе ішкі аланы,  
Елдігім деп бос сөзден әр кезде без.





Өсек айтып, жаппағын еш жаланы,  
Өсек айтар надандық пен күншілмен ез.

Жарамайды, ұят қой інім мұның,  
Тектіні де, асылды да өсектейсің.  
Бүйте берсең, болмайды ешбір құның,  
Бедел түсіп, бір күні опық жейсің.

Тектілер де жүргені ешбір жақпай,  
Ездікпенен жетпегесін еш құнына.  
Жүрген дұрыс ауыздан бәле бақпай,  
Өзі ғажап өмірде қысқа мына.

Өсектеген ұят қой көзің жетпей,  
Тым анық білмегесін ақ-қарасын.  
Әділдік қып жүрген дұрыс ездiк етпей,  
Ағайынның суытпай еш арасын.

Тіршілікте жүрген дұрыс сыйлап басын,  
Адамдығын көрсеткесін, үлкендігін.  
Ұрпағына бергесін ақ батасын,  
Отаным деп көтергесін ердің жүгін.

Тектілерден жүрген дұрыс үлгі алып,  
Зор пайдасы адамдарға тек тигесін.  
Азаматтық жүргесін ойды салып,  
Жүрегімен халқын тым сүйгесін.

Отаным деп жүргесін өмір сүріп,  
Азаматтық әр кез де ой түйгесін.  
Елдігім деп жүргесін білек түріп,  
Зор алғысты елі де тым үйгесін.

Еңбек етіп, маңдайды терге малып,  
Ұрпақ қамын барды сап тек жегесін.



Өсекші боп жүрмегесін ешбір шалып,  
Шын жүрекпен Отаным тек дегесін.

Өсек сөзді кімдер өзі ұнатады,  
Өсекшіден аулақ ұстап тым іргесін.  
Жат қылығы жүрекке тым батады,  
Өсек айтып өмірді тек сүргесін.

Тектілер жүр жүректерге тек үңіліп,  
Жөн сөздерді құлаққа тек ілгесін.  
Өсек сөзден жүреді тым түңіліп,  
Жиркенішті екенін тым білгесін.

Жаны да қас болғасын тым өсекке,  
Айналысып жүргесін келелі іспен.  
Уақытты өткізбей бекер, текке,  
Өсек айтып болмағасын ісіп піскен.

Ойы таяз пенде айтады көп өсекті,  
Іші де тар болғасын екі жүзді.  
Айтпас еді болса егер өзі текті,  
Өсекші боп көрсетпес еді көргенсізді.

Озғандарды жүргесін көре алмай,  
Толғандай боп жүргесін іші кекке.  
Надандығы жүргесін ешбір қалмай,  
Көңілі де жоқ болғасын еш еңбекке.

Қатардан да жүргесін әр кез қалып,  
Озғандығын жақтырмай нағыз ердің.  
Өсегімен жүргесін мазаны алып,  
Көңілінен шығады ол кімдердің?

Өсек айтпай жүрген дұрыс, сақтап арды,  
Азаматтық көрсетіп елдікті ойлап.



Отаным деп білек түріп салып барды,  
Терең ойға жүрген дұрыс әр кез бойлап.

Айналысып жүрген дұрыс келелі іспен,  
Азаматтық – адамдықты көрсете алып.  
Өсек сөзден тым қатты бедел түскен,  
Өсекшіден жүргесін көңіл қалып.

Азамат боп түзеші бойда мінді,  
Бақ қонып егеменді ел болғанда.  
Азаматтық шығарып әр кез үнді,  
Елдікке өзі көңіл де тым толғанда.

Өсекпенен қой енді бос сөзіңді,  
Егеменді елдігімді гүлдетсем деп.  
Қырандардай шыңға сал тек көзіңді,  
Азаматтық жүрсін тек ойыңа кеп.

Ел болғанда дұрыс ұста тым өзіңді,  
Даналық қып, дұрыс сөйлеп, мағыналы.  
Асылдықпен айта біл оң сөзіңді,  
Биік ойлы бола біліп тым саналы.

Даналық қып өсек сөзден тез арылып,  
Адамдықты бойыңа жүрші сақтап.  
Ер халқыңа ағыңнан тек жарылып,  
Зор сенімін халқыңның жүрші ақтап.

Ел болып ерледі ғой біздің халық,  
Асылдықпен көрмегесін еш тарылып.  
Бастан өткен сан нәубетті ұмытпалық,  
Егеменді көп күткенде тым сарылып.

Даналықпен сыйлай біліп жанды барлық,  
Бақ қонып ел болған да егеменді.



Озғандарға көрсетпей еш іштарлық,  
Бос сөздерді қояйық інім, енді.

Ісіміз болсыншы енд, тым құптарлық,  
Гүлдептпек боп жүргесін байлап белді.  
Елдік үшін жатқанда шығып жарлық,  
Нағыз бір ерлейтұғын шын сәт келді.

Отанын ойлайды ғой нағыз ерлер,  
Отаным деп күніне мың толғанғасын.  
Одан сайын гүлденсін тым байтақ жер,  
Білек түріп ер халқым шыңды алғасын.


Ел болғанда айта біл оң сөзіңді,  
Азамат боп көрсете алып адамдықты.  
Көрсете алып азамат боп тым өзіңді,  
Ерлей алып жерлеші надандықты.

Ел болғасын жарқырап күнің шықты,  
Өсек сөзден аулақ ұста тым бойыңды.  
Ер болшы айтатұғын тек шындықты,  
Аудара алып елдікке тек ойыңды.

Бақ қонып ел болғанда егеменді,  
Өсек сөзден дұрыс қой жиренгенің.  
Елдігіңе аударып шындап денді,  
Азаматтық дұрыс қой ойға енгенің.

Білек түріп Отан деп барды салып,  
Тектілерден дұрыс қой үйренгенің.  
Болашағым жарқын деп шыңды алып,  
Дұрыс-ақ қой жарқынына тым сенгенің.

Күндегенің жарамас көре алмай,  
Отан деген асылдар мен тектілерді.



Күншілдігің бойыңнан ешбір қалмай,  
Жала жауып күндегенің небір ерді.

Білек түріп алдыңа жанды салмай,  
Одандағы гүлдеңтші байтақ жерді.  
Ерлемейсің маңдайды терге малмай,  
Отаным деп ағызшы маңдай терді.

Егеменді елдікке бұршы бетті,  
Отаным деп білек түріп, барды салып.  
Азаматтық атқарып зор міндетті,  
Ерлік етіп жүрші тек шынды алып.


Халықты ойлап, сақта енді теңдігіңді,  
Ер халқыңды жатқанда әлем танып.  
Барлық ұлтқа көрсете біл кеңдігіңді,  
Отаным деп намысыңды жүрші жанып.

Білек түріп Отаныңды тек гүлдеңтіп,  
Өсек айтпай ағыңнан жүр жарылып.  
Зор табысқа жүрсінші қолың жетіп,  
Жат қылықтан бойдағы тек арылып.

Ел болып танығанда оң-солыңды,  
Пенделік қып жүрмеші еш тарылып.  
Анаң сенің күткенде тым жолыңды,  
Ұлым менің келеді деп тым сарылып.

Сенімді ақтап жүрші, інім, ерлік қылып,  
Ұл тудым деп зор үмітті тым күткенде.  
Ерлігіңе жүрсінші іші жылып,  
Зор табысқа қолда өзі тек жеткенде.

Бұл өмірде не жетеді тектілікке,  
Адамдарға істейді жақсылықты.



Өсек айтпай шақырады тек бірлікке,  
Асылдықпен көрсетпей жат қылықты.

Мынау ғажап өмірде, тіршілікте,  
Адамдыққа не жетеді тым бірлікке?  
Өсекпенен өткізбей күнді текке,  
Зор сеніммен қарайық келешекке!

Нағыз ердің, бірлік болар, айтқан сөзі,  
Елдігім деп шақырғасын ынтымаққа.  
Ешкімдерді сөз етпес жетпей көзі,  
Ие болып бастағы қонған баққа.

Ел болғанда керек емес өсек-аян,  
Отаным деп дұрыс қой жөн сөзді айтқан.  
Еңбекті ет, Отаныңа тисін пайдаң,  
Алған беттен жараспас енді қайтқан.

О, інім өркениетті елге тез жетейік,  
Елдігім деп биіктетіп ой-сананы.  
Отаным деп ерлік істі тек етейік,  
Бауырмал боп көрсетіп ер дананы.

Күлетінге еліктемей, сүрінгенге,  
Отан үшін жүрейік шыңды алып.  
Не жетеді адамдықты білдіргенге  
Азаматтық, адамдықпен ойды салып.

Ел болған да сөйлейік сөз маңызды,  
Егеменді ойлағасын тым елдікті.  
Шығып жатқан сыйлайық заңымызды,  
Елдік үшін көрсетіп тек ерлікті.

Ер халқыма керек емес еш өсектің,  
Елдігім деп одан да белінді бу.  
Отаныңа сіңсінші зор еңбегің,  
Желбіресін биіктеп көгіңде ту!

**Әлжанов Нығымет құрдасыма  
арналады**

О, құрдасым келдің ғой сен ауылға,  
Бермек болып сәлемді дос бауырға.  
Нағыз ер болғаннан соң бұл өмірде,  
Төзе біліп өмірдегі тек ауырға.

Азамат боп сезіледі жарағаның,  
Жарасады сәндеп шашты тарағаның.  
Сезіледі және де отырыста,  
Оң көзбенен достарға да қарағаның.


Дұрыс-ақ қой тектілікпен ой салғаның,  
Азамат боп биіктерді тек алғаның.  
Аз байлыққа өмірдегі еш мастанбай,  
Адам болып қуантады тек қалғаның.

Болмағасын пенделік қып жалынғаның,  
Сөзіңнен сезілмейді налығаның.  
О, құрдасым шаршама, тек ерлей бер,  
Болмағасын бос қиялға салынғаның.

Бұл өмір қайта айналып бізге келмес,  
Келеді десек айналып ешкім сенбес.  
Тұлпар уақыт атша желіп өтіп жатыр,  
Көрінгенмен жастық шақ болып елес.

Жастық өтіп келдік қой біраз жасқа,  
Егделік кеп кей құрбым болып қасқа.  
Сақал мұрт та қап-қара ағарғандай,  
Ауыртпалық түскесін талай басқа.

Шаттанып, мәз боламыз амандыққа,  
Ақсақал боп қарсы тұрып надандыққа.



Немереге ата боп жүргеннен соң,  
Мән бергесін азаматтық адамдыққа.

Келеміз ғой бос сөзге еш мән бермей,  
Бос сөздерге жүргесін ешбір ермей.  
Азаматтық – адамдықты сақтағасын,  
Тектілікпен жүргесін өсек термей.

Бақилық боп бұл күнде кей құрбы жоқ,  
Толғанғанда қаламын ғой басқандай шоқ.  
Еске алып кейбір кезде мұңаямыз,  
Болғанменен әр кезде қарнымыз тоқ.

Ерлік істі болмайды ғой сөз қылмасқа,  
Зор еңбекпен қонғасын бақыт басқа.  
Әліде келеміз ғой еңбек етіп,  
Үйір болып жүрмегесін дайын асқа.

Өзің келіп қалдық қой дабырласып,  
Кеудені жүрген кезде мұң, ой басып.  
Алыс жерден келгесін ат арытып,  
Келдің ғой биік шыңды асуды асып.

Тастөбеңді сезіледі сағынғаның,  
Сонда да сезілмейді шағынғаның.  
Қалта толып теңгеге жүрседағы,  
Көрінбейді кей қулардай қағынғаның.

О, құрдасым дегенмен бар ғой бағың,  
Болмаса да астыңда биік тағың.  
Өскен жерді іздейтін құрбыларды,  
Ақыл толған бұл күнде дер бір шағың.

Сөйлесең де, сөйлейсің сөзді бағып,  
Болдым мен деп сөйлемеісің кеуде қағып.

Оң сөзін құрбылардың мақұлдайсың,  
Қараулық қып сөйлемейсің кінә тағып.

Сол қылықпен жүрсің ғой көпке жағып,  
Жүрмегесін құрбыларды тілмен шағып.  
Тау қопарып келгендей құрбыларға,  
Өтірікті айтатын бар судай ағып.

Құрбыларың көтереді жүрсеңде айлап,  
Аралай бер достарыңды жүріп жайлап.  
Қонақжай болғаннан соң біздің Қазақ,  
Төрден орын береді саған сайлап.


Сараңдық қып қоймайды бақты байлап,  
Мейман болып қайтасың, мұртты майлап.  
Асылдық пен тектілікті сақтағасын,  
Тындырғасын әрбір істі жүріп жайлап.

Достарың ғой сыйласуға тек жарайтын,  
Адамдықпен көңілге тым қарайтын.  
Дастарқанның басында өткенді айтып,  
Бірлікті ойлап ымырамен тек тарайтын.

Азаматтық болғасын үн қатқандай,  
Таңдары да барлығының ерте атқандай.  
Егеменді ел болғанда ерлей алып,  
Бос сөздерді емес қой еш шатқандай.

Дархандықпен емес қой тарылғандай,  
Тым өзіңе ағынан жарылғандай.  
Келем деген өзіңді ұзақ күтіп,  
Жолыңа ұзақ қарап сарылғандай.

Өзіңді қарсы алды ғой құшақ ашып,  
Жүрмегесін мейманынан ешбір қашып.



Қонақжай Қазақтығын сақтай біліп,  
Орынсыз жүрмегесін сырды шашып.

Өткен күнді отырғасын сөз етісіп,  
Бас қосылып құрбы келіп бір жетісіп.  
Құрбыларда сөйлесе де аңдап сөйлеп,  
Адамдықтан көрмегесін еш кетісіп.

Егделік кеп құрбылар ысылғандай,  
Сөз сөйлесе емес қой қысылғандай.  
Амандықта сағынысып жүздескесін,  
Бұдан артық болады бақыт қандай!

Амандыққа бұл өмірде не жетеді,  
Асылдарын халқым да үлгі етеді.  
Басты қосып жастық шақты еске алсаң,  
Жанарды мекендеген мұң кетеді.

Құрбылардың дұрыс қой тек келгені,  
Өскен жерін, құрбыларын елегені.  
Ұмытып құрбыларын менмендік қып,  
Дұрыс қой неге барам демегені.

Құрбылардан емес қой сөз қалғандай,  
Жастық шағын барлығы еске алғандай.  
Бас иіп, өскен жерге келгендігің,  
Жастар тұрмақ үлкенге де ой салғандай.

Азамат боп қайтпасыншы ешбір бетің,  
Түсінем ғой азаматтық бұл міндетің.  
Егеменді ел болғасын бұл күндері,  
Атқаратын істері көп ер жігіттің.

Өз борышын ұмытпайды ерлер текті,  
Туған жерге жүреді ғой бұрып бетті.



Азаматтық, адамдық, бауырмалдық,  
Қалайша толғантпайды ер жігітті?!

Жүргеннен соң терең ойға бойлағандай,  
Орынсыз емеспіз ғой тойлағандай.  
Көңілдерді көтеріп тастадың ғой,  
Адамдықты жүргесін ойлағандай.

Әр сөзіңе құрбылар иланғандай,  
Құрметтеп сондықтан да силағандай.  
Құрдастарың болғасын тым қонақжай,  
Достықтарын сақтай алып жиналғандай.


О, құрдасым тектілікпен уақыт тауып,  
Өскен жерге жүргесін көңіл ауып.  
Тастөбеге достарды іздеп тағы келдің,  
Асатұғын асуларды көрмей қауіп.

Әкеңнің де басына қайттың барып,  
Омбылап көлігіңмен қарды жарып.  
Тағзым етіп басты иіп, құран оқып,  
Бет ауызды кетсе де аяз қарып.

Азаматтық бұл ісің жанға жағып,  
Тоңсамдағы сөйлемедім кіна тағып.  
Мәңгілікке ата-анаға қарыздармыз,  
Ата-анаң ғой өсірген бағып-қағып.

Мейманмын деп қарынды сипап жатпай,  
Қалатындай бармасаң таңың атпай.  
Ата-анаң еске түсіп тым толғанып,  
Келдің ғой бастарына ас та батпай.

Азаматтық, адамдық қой бұл дегенің,  
Тағзым етіп дұрыс қой елегенің.



Ата анаңды ұмытпай ер болғасын,  
Сезіледі еріккеннен келмегенің.

Азаматсың, әруақты да бағалаған,  
Болғаннан соң тым дұрыс дәріс алған.  
Ата-анаңа тым адал болғаннан соң,  
Ризамын ғой, құрдасым, әр кез саған.

Ұрпақпенен мәнді ғой мынау жалған,  
Бақыт қой ұрпақ та өзі соңда қалған.  
Ата-анаңды өсірген, тым әлпештеп,  
Нағыз ерсің тектілікпен еске алған!

Тым алыстан Тастөбені бірден танып,  
Сезіледі келгенің намыс жанып.  
Жүрегіңді одан сайын түсінгендей,  
Сөздеріңе жүрдім ғой мүлдем нанып.

Бейдахмет ағамыз еді ұстаз,  
Шәкіртіне білімді бермеді аз.  
Бұл өмірден өтті ғой ертеректеу,  
Жарар еді жүргенде әлі біраз.

О, құрдасым емеспіз көктен түскен,  
Пенде де бар кеуде қағып ісіп-піскен.  
Егеменді елдікті ойлап тектілікпен,  
Айналысқан дұрыс қой ұлы іспен.

Адамдықты ұмытпайды нағыз ерлер,  
Азаматқа қымбат қой тым туған жер.  
Сағынғанда өскен жерге құстай ұшып,  
Азаматтық көрсетіп тек келе бер.

Ел жағдайы қалды ғой тым жөнделіп,  
Қазағым жүрмегесін бос сенделіп.

Ауасы да ғажап қой туған жердің,  
Достарыңды қуанта бер жиі келіп.

Дос көңілін анық қой қимасымыз,  
Жолдауды да сәлемді тыймасымыз.  
Құстай ұшып, сағынып достар келсе,  
Дастарханды анық қой жимасымыз.

Амандықта қосылсыншы тек басымыз,  
Өрге қарай домалап тек тасымыз.  
Қонақжай ер Қазақтан туғаннан соң,  
Меймандарға дайын ғой тек асымыз.

Қазақпыз ғой мейман келсе күтетұғын,  
Мейманына дәмді асы жететұғын.  
Ер Қазағым мейманын тек күтседағы,  
Түрі жоқ қой дәмінің еш бітетұғын.

Біз емеспіз дәстүр салтты ұмытатын,  
Биік қойып жүргесін адам атын.  
Қазақтар еш уақытта тарылмайды,  
Тектілігін көрсетіп жақсы затын.

Егеменді ел болдық жақсы заман,  
Қалымыз да емес қой біздің жаман.  
О, құрдасым өскен жерге тек келе бер,  
Тілерім сол қайда жүрсең болшы аман!

Зор сенімді жүре бер, әр кез ақтап,  
Қазақтай ер халқыңды әр кез жақтап.  
Риза боп өзіңді жырға қостым,  
Жүргеннен соң адамдықты әркез сақтап.

Достарың тек жүреді еркелетіп,  
Адамдықтан жүрмегесін ешбір кетіп.  
Жақсы тілеу тілеймін ғой мен өзіңе,  
Зор табысқа жүрсін тек қолың жетіп!



## Араққа ұсталды Ғылымхан

Арақ ішті Ғылымхан,  
Ұятты қойып үй кезіп.  
Адамдықты болғасын ұмытқан,  
Ұяттығын жүрмегесін еш сезіп.

Қызып ап бөсіп сөйледі,  
Жүргесін малта тек езіп.  
Үлкенге де «әй» деді,  
Ұяттан жүргесін тек безіп.

Араққа қызып жүргесін,  
Ерлік деп мұны тым ұғып.  
Арақ алғасын тым есін,  
Тасада да ішкесін тек бұғып.

Қашқаннан соң шаруадан,  
Қызып алып ерініп.  
Сыйласын оны қандай жан,  
Еңбектен жүргесін жерініп.

Жүргендей шаруа тындырып,  
Жүргеннен соң керіліп.  
Сөз де жүрмегесін еш тұрып,  
Бос қиялға жүргесін беріліп.

Отан деп еңбек етпеді,  
Білек түріп барды сап.  
Ақылы еш жетпеді,  
Жүрмегесін үлгіні ап.

Тойып алып мен деді,  
Шаруаны еш тындырмай.  
Тектілерге ермеді,  
Отанға бүйрек еш бұрмай.

Ерлегені ерлердің,  
Жүргесін еш ұнамай.  
Ісін істемей еш ердің,  
Еш шаруаны тындырмай.

Ішкіштігі жүргесін,  
Бойындағы еш қалмай.  
Ішкіш боп өмір сүргесін,  
Жүргесін еш тіл алмай.

Ұнатқасын бос сөзді,  
Жағы да өзі еш талмай.  
Шыңға салмай еш көзді,  
Маңдайды терге еш малмай.


Басып та жүргесін айғайға,  
Айырылғасын есінен.  
Жүрмегесін еш жайға,  
Қорқатындай сесінен.

Ұяты бойда еш қалмай,  
Ұсталғасын араққа.  
Ұяттығын еске алмай,  
Ие болмағасын еш баққа.

Сотқарлықты көрді өнер,  
Жұдырықтан от шығып.  
Санап өзін нағыз ер,  
Дұрыс деп мұны тым ұғып.

Қисық жолға түскесін,  
Көрінгенге ұрынды.  
Араққа тойып іскесін,  
Бұзамын деп мұрынды.

Жоямын деп көзіңді,  
Тұмсықты бұзып қан қылды.



Құртамын деп өзінді,  
Көрсеткендей ер ұлды.

Бақанменен бас жарып,  
Қан еткесін тым басты.  
Қалардай қолы ұзарып,  
Көргендей боп қасты.

Тойғасын көзі қанталап.  
Сыйламай кәрі еш жасты,  
Жазықсызды табалап,  
Шектен шығып тым асты.


Адамдықты алмай еш еске,  
Қисық жолға түскесін.  
Ұры да болды баукеспе,  
Тойып алып бөскесін.

Ұры мысықтай ұрлап жеп,  
Қанша жесе де тоймады.  
Ойламағасын қылмыс деп,  
Ұрлығын да еш қоймады.

Адамдық жатпағасын ойға кеп,  
Дұрыс деп мұны ойлады.  
Дос сөзін жатпағасын еш елеп,  
Оңай асты жеп тойлады.

Ұрламағаны қалмады,  
Қанталап көзі тым төніп.  
Ұяттығын көңілге алмады,  
Жүргендей ісі тым өніп.

Ұрлығымен ұзаққа,  
Анық болса да бармасы.



Ие болмай еш баққа,  
Арақ болғасын жолдасы.

Түрмеге түсті боп істі,  
Екі көзі жылтырап.  
Сындырғасын сан тісті,  
Мойынды да тек бұрап.

Көрсеткесін тек күшті,  
Басқа бәле тым сұрап.  
Көрсетіп ала тым ішті,  
Өтірікті де тек құрап.

Жылтырап көзі жатқасын,  
Ішкіштігі болды сор.  
Сақтанбай еш татқасын,  
Мекені болды темір тор.

Арақ ішіп тым тойып,  
Жүргенін де болып зор.  
Кете жаздап тек жойып,  
Кісенделіп болды қор.

Тым асқанға бір тосқан,  
Бар дегенді ұмытып.  
Үлесті болмағасын еш қосқан,  
Өзін жүрген де ер тұтып.

«Неткенің бұл, ұлым?» деп,  
Жылады тым анасы.  
Жүргесін тек қамын жеп,  
Көзінен ағып тым жасы.

Жүргесін тым күйзеліп,  
Батпай ішкен еш асы.



Көзіне тек жас келіп,  
Ауырғасын тым басы.

Түрмеге түсіп жатқаны,  
Жүрегіне тым батты.  
Бола алмай ұлы мақтаны,  
Қор қылғасын ер атты.

Тоғыз ай оны көтеріп,  
Қиналып тым тапқанмен.  
Ақ сүтін де тек беріп,  
Аузынан жырып баққанмен.

Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Тербеткенмен бесікті.  
Қиындыққа тек көніп,  
Көрсеткенмен тектіні.

Ағайыннан қызарып,  
Шықпай қалды еш үні.  
Күннен-күнге тым арып,  
Түнге айналып тым күні.

Ашымай жаны анаға,  
Ата-анасын жылатты.  
Азаматтық кірмей санаға,  
Көрсетпей жақсы тым затты.

Зор сенімді ақтамай,  
Ата анасын ұялтты,  
Адамдықты сақтамай.  
Түңілдіріп тым қатты.

Ішкенді санап ерлікке,  
Өзінше боп бөскесін.



Жараспаса да жігітке,  
Бетіменен кеткесін.

Темір торға түскесін,  
Зығырданы қайнады.  
Жинағасын тез есін,  
Бармағын тым шайнады.

Шайнағанмен бармағын,  
Өкінгені кеш еді.  
Байлағасын өз бағын,  
Опықты да тым жеді.

Өз басын өзі ұрғылап,  
Ісіне қатты өкінді.  
Жас баладай тым жылап,  
Бойдағы біліп көп мінді.

Денені улап арақпен,  
Өткізгесін тек күнді.  
Ойды түймей өмірден,  
Шығармай ерлеп еш үнді.

Бостандықтың қадірін,  
Торға білді түскесін.  
Жоғалтып тым сабырын,  
Жинағандай болды тез есін.

Көрсетпегесін ерлердей,  
Отаным деп ерлігін,  
Қателігін еш білмей,  
Көтермегесін ер жүгін.

Көрсеткесін жат қылық.  
Азаматтық көрсетпей тірлігін.  
Болғаннан соң іс былық,  
Ойламағасын елдігін.

## Ұлым Серікке

О, Серігім сен де тез-ақ жігіт болдың,  
Ұзарғанын біліп жүр, әкең қолдың.  
Алар шыңың алдың да көп қой әлі,  
Сен де үстінде келесің түзу жолдың.

Тек тілерім болсыншы, әр кез жолың,  
Арманыңа әр кезде жетсін қолың.  
Азамат боп шыға бер шыңдарыңа,  
Бұл күндері айқын ғой оң мен солың.

Халқын ойлар нағыз ер азаматтар,  
Азаматқа ұлы елі де сенім артар.  
Байтақ жерді қорғаған бабаларың,  
Зор үмітпен қараған таңына атар.

Надандықтар жүрекке әр кез батар,  
Сондықтанда нағыз ерлер үнді қатар.  
Азаматтар халқыменен әр кезде де,  
Ащыны да, тұщыны да бірге татар.

Нағыз ерлер сондықтан да қайтып жатар,  
Ауызға келенді айтып неғып шатар.  
Өзі текті болғасын өзі арлы,  
Отанымен тіл, дінін қайтып сатар.

Зор сенімді азаматтар әр кез ақтар,  
Кездескенмен мойымайды қиындықтар.  
Қиындықты халқыменен бірге көріп,  
Азаматтық адамдықты әр кез сақтар.

Өмір де өзі болғанмен тым күрделі,  
Нағыз ердің қайыспайды жүктен белі.  
Отанды гүлдентуге тырысқасын,  
Азамат деп қолдайды әр кез елі.

Егеменді ел болдық таңда атып,  
Ақын боп та жүрміз ғой үнді қатып.  
Өмірдегі қиындыққа төзе білдік,  
Жүрседағы ауыр жүк кейде батып.

Қиындыққа төзе білдік бабалардай,  
Байтақ жерді қорғаған даналардай.  
Азамат бол өмір сырын түсінетін,  
Серігім, жігіт болдың, сен де дардай.

Бабалардың зор еңбегін түсін, балам,  
Барлығына куә ғой байтақ далам.  
Өмірді сүру де өзі тым бақыт қой,  
Сан қырымен ғажап қой мынау ғалам.


Қызметке емессің мақтанғандай,  
Жүресің жел сөздерден сақтанғандай.  
Азаматтық, адамдықты сақтағасын,  
Болымсызға емессің шаттанғандай.

Қызметті жүрсің ғой атқара алып,  
Барды салып маңдайды терге малып.  
Азамат боп әр кезде халқыңды ойла,  
Қатардан да жүрмегесін ешбір қалып.

Еңбегіңмен жүргесін көпке жағып,  
Ешкімдер де жүрген жоқ кінә тағып.  
Азаматтық, адамдықты көрсеткесін,  
Мастанып жүрмегесін кеуде қағып.

О, Серігім жігіт болдың, сыр ашатын,  
Тыңдаудан емессің ғой сен қашатын.  
Сырымды ұлым ғой деп сеніп айтсам,  
Сырымды емессің ғой еш шашатын.

Қиындықтан болмағасын еш сасатын,  
Тым жалындап болғасын шыңды асатын.



Тектілікті келесің көрсете алып,  
Болмағасын бос сөйлеп, алжасатын.

Әкем деп тыңдағасын сөзге иланып,  
Сүйеу болдың жүргенімде мен қиналып.  
Өмір сүріп келемін халқым деп тек,  
О дүниеге жүргем жоқ мен жиналып.

Тыныстаймын туған жерде кең дем алып,  
Туған жердің көркінен әсер алып.  
Қиындықты өмір де көрсемдағы,  
Ұлы істерге ден қоямын, жүрмей налып.

Гүлдентуге жүремін мен сайланып,  
Тау соғарға кетердей тым айналып.  
Егемендік алғасын бақыт қонып,  
Жүргеніміз жарамас деп бақ байланып.

Ұлы еліме дәлелдеп ақтығымды,  
Жалындаған баса біліп аптығымды.  
Қолыма қалам алып жыр жазамын,  
Ешпір жанға көрсетпей жаттығымды.

Ер халқыма ашамын мен сырымды,  
Мың толғанып жазғасын тек жырымды.  
Адам деген атымды биік қойып,  
Азаматтық көрсетпек боп тек қырымды.

Азаматтық болғасын көкей тескен,  
Кей күншілдер болса да жолды кескен.  
Азаматтық, адамдықты тек көрсетсең,  
Айдардан да әр кезде самал ескен.

О, Серігім емессің бұрынғыдай,  
Жүргеннен соң сөзің де тек тұрғандай.

Қызметті жүрсің ғой адал істеп,  
Отаныңа жүргесін іш бұрғандай.

Елің де жүр азамат деп сені танып,  
Азаматтық сөзіңе сенің нанып.  
Ұлы мақсат болғасын көздегенің,  
Жалындап та жүргесін жүрек жанып.

Тек осылай Отан деп соқсын жүрек,  
Жетімдерге жүрші тек болып тірек.  
Ұлы елдік деп отан деп барыңды сал,  
Жүргеннен соң ойламай басыңды тек.

Оң сөздерді жүргесін құлаққа іліп,  
Жөн жосықты жүргесін әркез біліп.  
Азаматтық адамдықты қалағасын,  
Сүрінгенге жүрмегесін ешбір күліп.

О, Серігім жалғасысың өмірімнің,  
Қалмауын қалаймынғой көңіліңнің.  
Азамат боп денсаулықты сақтай білгін,  
Ұзақтығын қаласаң өміріңнің.

Көгіңде тым жарқырап тұр ғой күнің,  
Азамат боп ұлы елдік деп шықсын үнің.  
Құлақ салып үлкендердің сөзін тыңда  
Түзеледі, болса егер бойда мінің.

Азамат боп көтере біл, ердің жүгін,  
Азаматтың сездіріп жүрек түгін.  
Ақыл айтып өзіңе жүрегімен,  
Тым толғанып отыр ғой әкең бүгін.

Қыл қаламды жүргесін қолына алып,  
Ұл қызынан жүрмегесін көңіл қалып.

Бұл күндері ақсақал болғаннан соң,  
Азаматтық жүргесін ойды салып.

Қоя біліп өзіме де үлкен талап,  
Азаматтық, адамдықты жүрмін қалап.  
Ұлы елдікке қызмет қылып сен де жүрсің,  
Ездік қылып жүрмегесін бойды балап.

Кездеріңді көрмегесін сөзден тайған,  
Мың айналам бойыңнанда тым сорайған.  
Қазақтай ер халықтан туғаннан соң,  
Бәйтеректей дұрыс қой бұтақ жайған.

Ісімізде болмасыншы еш шалалық,  
Қолын бұлғап қалды ғой біл балалық.  
Азамат боп ұлы елдікке ат салысып,  
Барды салып шыңдарды тек алалық!

Азамат боп көрсете алып адамшылық,  
Ешбір жанға көрсетпей жаманшылық.  
Әр кезде де жүректі нұрлы ұстап,  
Жан біткенге тілейік аманшылық.

Қиындықтан болмағасын жасқанатын,  
Надандықтан болғасын сақтанатын.  
Азамат боп ұлы істерді атқарайық,  
Пенделік қып болмағын мақтанатын.

Талаптанып талмасын жас қанатың,  
Азамат боп шықсыншы әр кез атың.  
Оң сөз сөйлеп халқыңа жүргін жақын  
Ешкімдерден кем емес тегің затың.

Ұлы ісіңе сүйсінсін, дос пен жатың,  
Ұнағасын көпке де түр сымбатың.



Таразылап әр жайды біле білгін,  
Азаматтық ар-ождан ең қымбатың.

Жастықпенен мәз болма тым шаттыққа,  
Азаматқа керек қой тым сақтықта.  
Азамат боп әр істе табанды бол,  
Ие болып басқа қонған тек бақытқа.

Оңай емес өмірде тым күрделі,  
Талпынумен келеміз ғой ес білгелі.  
Өмірдегі қиындықты жеңе білгін,  
Келгеміз жоқ оңай өмір біз сүргелі.


Бар әлемге танылды қазақ елі,  
Егеменді ел болдық біз іргелі.  
Бабаларың қиындықты жеңе білген,  
Замандары болғанмен тым күрделі.

Азамат боп жарамас шыңдарды алмай,  
Қатардан да жүре бер ешбір қалмай.  
Еңбегіңмен әр кезде көріне біл,  
Шыңдарыңды ала бер әр кез талмай.

О, Серігім айтамын мен шынымды,  
Кейде айтсам көтере біл кей сынымды.  
Барды салып жүргесін жырды жазып,  
Ұлы елдік деп көргем жоқ еш тынымды.

Сондықтан да бос сөзге еш мән берме,  
Азамат боп құлашыңды шыңға серме.  
Ит үреді, керуен көшер деген сөз бар,  
Шыңды алып, бос сөзге еш бір ерме.

Зор міндеттер жүктелген жігіттерге,  
Ұлы істерді атқару маңызды ерге.



Азамат боп ұлы істерді атқара бер,  
Қаратып жүрмегесін ешбір жерге.

Адал жанның көтере біл сын мен мінін,  
Азаматтық шығарғасын әр кезде үн.  
Нағыз ерлер ұлы ісімен көпке жағар,  
Азаматтың күндемес шыққан күнін.

О, Серігім, иесің кең даланың,  
Сыйға тартқан жері ғой бұл бабаңның.  
Бізде өтерміз соңымызда ұрпақ қалар,  
Жері деп ұқ тастап кеткен бұл бабамның.

Азаматтық түсіне біл борышыңды,  
Айта біліп халқыңа тек шыныңды.  
Азамат боп байтақ жерді сүйе білгін,  
Бабалардай ала біліп тек шыңыңды.

Борышыңды шығарма ешбір естен,  
Азаматтық ұлы істер көкей тескен.  
Байтақ жерді қорғаған бабаларың,  
Ерлік етіп жауларының жолын кескен.

Зор сенімін ақтай бер бабалардың,  
Биіктігін көрсетіп ой-сананың,  
Бабалардың ерлігінен ойды түйгін,  
Баласы бола біліп текті адамның.

Талапты ердің істері алға басқан,  
Өмір ғой бұл ұрпақпен тек жалғасқан,  
Егеменді ел болдық бақыт қонып,  
Бұл өмірде не бақыт бар бұдан асқан.

Жарқырап тұрғанында күнің шығып,  
Зор жауапты жүрші тек әр кез ұғып.





Азаматтық шығаршы тек жарқын үн,  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір бұғып.

Отаным деп өмірге ғашық болып,  
Азаматтық жүрші тек ойды шолып.  
Егеменді, елдікті халқыңды ойла,  
Ұлы ісіңе жүрсінші көңіл толып.

Білек түріп жүрші тек биікті алып,  
Елдікті ойлап маңдайды терге малып.  
Егемендік арман еді ер халқыма,  
Отанды гүлдентейік барды салып!

### Кенже қызым Гүлжанға

О, Гүлжаным келесің сен бойжетіп,  
Асқар шыңға қарайсың тым ой кетіп.  
Тым шаттанып күлсеңдер күнге қарап,  
Әке болып жүремін ғой тәубе етіп.

Ұлы істерді атқармақ боп жүрем бекіп,  
Сөйлемедім өздеріңе қатты зекіп.  
Қолымнан қаламым да бір түспеді,  
Жырды жазып жүргесін өлеңдетіп.

Келемін ғой мақтағанға кетпей есіп,  
Бағалап жүргенменен ақын десіп.  
Ұлы мақсат – шыңдарға талпынтады,  
Жүргеннен соң ұлы мақсат көкей тесіп.

Ешкімнің жүргенім жоқ жолын кесіп,  
Келемін ғой Отанымның қамын жесіп.  
Жастық кезде ғажайып ән шырқалса,  
Тыңдаушы едік таңданып елеңдесіп.



Сан өнерге жүруші едік талаптанып,  
Жалындап жүргеннен соң жүрек жанып.  
Азамат боп жүруші едік өнер қуып,  
Өнердің ғажабына әр кез нанып.

Жүрші сен де шыңдарға көзді салып,  
Өзіңнен де жүргесін үлгі алып.  
Барды салып, сабағыңды жақсы оқы,  
Жүрмегесін қатардан ешбір қалып.

Кеуденді жүрмегесін ешбір қағып,  
Қатарыңа, ортаңа жүрсің жағып.  
Жас ұланға өзіңді қабылдапты,  
Кеудеңе жіберіпті жұлдыз тағып.

Аудандағы жарыстарда барды салып,  
Бас жұлдені жүргесін жеңіп алып.  
Өнерде озып барды сап тек келесің,  
Өнеріңе жүрмегесін ешкім налып.

Жарыста озып әкеңді қуантасың,  
Тек қадірлі болсыншы әр кез басың.  
Өнер қуып, жақсы оқып талпына бер,  
Талаптансаң домалайды өрге тасың.

Шығатұғын шыңың алда әлі жассың,  
Бағың жанса, мақтаныш еш қылмассың.  
Әкем неғып көп ақыл айтты деме,  
Әке сөзін тыңдасаң кем болмассың.

Бос сөздерді анық қой сөз қылмасым,  
Сан өнерге талаптанар келді жасың.  
Азаматтық көрсетіп талаптансаң,  
Тек биіктеп, төмендемес ешбір басың.

Бәйгеде озсаң, жүреді көңіл тасып,  
Арнасынан кетердей шапшып-асып.

Жүре бергін, адамдықты сақтай алып,  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір жасып.

Жүргендей ғой еңбегім тым ақталып,  
Сәби кезің жүрегімде жүр сақталып.  
Қиындыққа өмірдегі төзе білдім,  
Еңбек еттім маңдайды терге малып.

Жарамас деп қатарынан жүрсе қалып,  
Жүрмек болып жүргесін шыңды алып.  
Есейіп бұл күндері бой жеттіңдер,  
Арман мақсат, жүргендей орындалып.


Ұлы ісіңмен халқыңа жүрші жағып,  
Өнерде озып кеудеңе медаль тағып.  
Мақтанышы халқыңның болыңдаршы,  
Өсіргесін мәпелеп бағып-қағып.

Бұл өмірде тілерім – жансын бағың,  
Арманыңа жете бер сынбай сағың.  
Егеменді ел болдық бұл күндері,  
Бақыттысың, жарқын ғой болашағың.

Таланттарға таразы ғой әр кез халық,  
Өнер қуған талабың тым құптарлық.  
Өнерлі бол, халқыңның жұлдызы бол,  
Бола берсін өнерің тым мақтарлық.

Зор жауапты Отаның бар жүктейтұғын,  
Ел болғасын шаруалар көп күтпейтұғын.  
Егеменді ел болғасын бақыт қонып,  
Нағыз ерлер шындамаса бітпейтұғын.

Сондықтан да білімді бол бұдандағы,  
Білімдінің жарқын болар болашағы.



Елдігім деп, Отан деп әр кез толған,  
Ер қалқымның ашылсын деп әр кез бағы!

Барды салып Отаныңа қос үлесті,  
Ел қорғаған бабалардай болып есті.  
Жоғарғы оқуды да тәмамдағын,  
Мектебіңді бітіріп алып бесті.

Бақыт, шаттық тілеймін саған барлық,  
Үлгілі ісің болсыншы тек мақтарлық.  
Бұл өмірде жолың әр кез ашық болсын,  
Зор сенімін халқыңның болшы ақтарлық!

### Ақылды Мақсат

Толғанып Мақсат ойлады,  
Отаны мен халқын.  
Терең ойға бойлады,  
Азаматтық сақтап қалпын.

Жанды сыйлап тек барлық,  
Көрсетті тек кеңдікті.  
Көрсетпегсін іштарлық,  
Сақтай білді теңдікті.

Адамдық қып ұнатты,  
Адалынан асты тапқанды.  
Қысқа өмірде қымбатты,  
Тілді ұнатпай, сатқанды.

Әр кезде де сынады,  
Қарнын сипап жатқанды,  
Текті деп әр кез сыйлады,  
Азаматтық үнді қатқанды.



Сыйламады бос сөзді,  
Тым мылжыңдап шатқанды.  
Жеткізбестен еш көзді,  
Тасадан тас атқанды.

Ұнатпады және де,  
Ауыздан бәле баққанды.  
Отан деген шын ерге,  
Бәле жала жапқанды.

Даналық қып өмірде,  
Жөн сөздерге тек нанды.  
Ғашық болғасын өмірге,  
Сыйлай біліп бар жанды.

Жүректерге үңіліп,  
Адал жанды жақтады.  
Жүргесін езден түңіліп,  
Бос сөзі еш жақпады.

Отанын сүйсе нағыз ер,  
Асыл ер деп мақтады.  
Сөйлемегесін кетіп кер,  
Адамдығын сақтады.

Көрсетпеді іштарлық,  
Азаматтық ойлап тек ойды.  
Ісі болғасын құптарлық,  
Баламады еш бойды.

Ұнатпады өмірде,  
Бос сөздерді жаттанды.  
Келгесін тым көңілге,  
Ұнатпады бос мақтанды.

Ешкімді де шалмады,  
Ұнатқасын ақ жолды.



Қатардан да қалмады,  
Ісіне көңіл тек толды.

Ешкімді де шалмады,  
Нағыз батыр ер болды,  
Өзгенікіне көзді салмады,  
Азаматтық ой шолды.

Гүлдентті тек елдігін,  
Отанын тым сүйгесін.  
Көрсетті тек ерлігін,  
Азаматтық ойды түйгесін.

Өмірдегі ақ-қараны,  
Айыра алып жүргесін.  
Дүниеге ашылмай араны,  
Отан деп өмір сүргесін.

Көрсе өзінен үлкенге,  
Сәлемдескесін қол беріп.  
Ұқсағасын шын ерге,  
Менменге кетпей еш еріп.

Кермегесін кеудесін,  
Ешкімдерге еш керіп.  
Адамдыққа аударып тек есін,  
Үлгіні жүргесін тек беріп.

Көтеріліп ауылдан,  
Ауданда қызымет істеді.  
Қашпағасын ауырдан,  
Биігінен еш түспеді.

Қызметін адал атқарды,  
Байлығын Отан жемеді.  
Батылдыққа тек барды,  
Қызыметім қиын демеді.

Көмек қолды тек созды,  
Нұрлы болғасын жүрегі.  
Адамдығымен тек озды,  
Елінің болып тірегі.

Жақсы болғасын тым тегі,  
Қысылғанда келді көмекке.  
Зая кетпей еңбегі,  
Ұқсағасын шын ерге.


Ғашық болғасын өмірге,  
Отанын өзі тым сүйді.  
Дәнді еккізіп тек жерге,  
Азаматтық ой түйді.

Егеменді елдіктің,  
Білгесін тым қыбатын.  
Керектігін біліп ерліктің,  
Көрсетті жақсы тым затын.

Даналықпен оң сөзді,  
Болғаннан соң ұғатын.  
Жеткізгесін тек көзді,  
Болғасын сөзден шығатын.

Қызмет істеп көрсетті,  
Нағыз жігіт тектіні.  
Биіктерге қол жетті,  
Көрсеткесін нағыз естіні.

Елдік деп тым ой шолды,  
Жарқырап шығып тек күні.  
Нағыз батыр ер болды,  
Отан деп шығып тек үні.



## Арызқой

Тыныш жүрмейді арызқой,  
Арыз десе көзі тым жанып.  
Көп болғасын іште арам ой,  
Сөзінен де жүргесін тек танып.

Жапқаннан соң жаласын,  
Тексіздікті көрсетіп.  
Көрсеткесін іштің аласын,  
Адамдығы бойдан тым кетіп.

Кімдер жүрер үлгі етіп,  
Азамат деп тым өзін?  
Түпке де жүргесін тек жетіп,  
Кім тыңдайды бос сөзін?

Тарсынып та жүргесін,  
Ұлан байтақ даласын.  
Бос сөзге құлақ түргесін,  
Адамдықты қайтіп қаласын?

Қатарынан өзінің,  
Ілесе алмай қалғасын.  
Мәні болмай сөзінің,  
Озғандарды шалғасын.

Арыз жазып үстінен,  
Кегін де тек алғасын.  
Еш қызармай існен,  
Зар күйге де салғасын.

Кінәсі жоқ жетімнің,  
Көзін жасқа малғасын.



Бабалардың ұлы ісін,  
Қайтіп ерлеп жалғасын?

Көңіл бөлмей елдікке,  
Ойлағасын қу басын.  
Адамдықты өмірде,  
Қалай ғана талғасын?

Тектіні де көре алмай,  
Үстінен арыз жазғасын.  
Арсыздықпен ұялмай,  
Адамдықтан азғасын.

Арызымен өзінің,  
Бергендей боп жазасын.  
Мәні болмай сөзінің,  
Алғасын көптің мазасын.

Болғаннан соң іші тар,  
Көргендей боп шын қасын.  
Аз болғасын бойында ар,  
Тексіздікті қайтіп қылмасын?

Үлкеннің де сыйламай,  
Жүргесін де еш басын,  
Сөзіне де иланбай,  
Атқандай боп тек тасын.

Көрсеткесін надандық,  
Беті де еш қызармай.  
Қайдан болсын адамдық.  
Азаматтыққа еш бармай?

Қысқа өмірде тым мына,  
Көрсетпегесін тектілік.



Құлақ аспай құрбысынына,  
Қайтып көрсетсін естілік?

Жүрмегесін оң сөзді,  
Құлағына еш іліп.  
Шындыққа жеткізбей еш көзді,  
Арыз жазуды жүргесін тек біліп.

Іштарлық қылғасын озғанға,  
Көре алмай жүргесін өсектеп.  
Бұрмағасын еш қанға,  
Жүрмегесін бақ тілеп.

Қолды созбағасын арманға,  
Жүрмегесін Отан деп.  
Ергесін тек наданға,  
Жүрмегесін қамды жеп.

Жақсылық ойлап бар жанға,  
Тілеген дұрыс амандық.  
Табыс тілеп адамға,  
Көрсетпеген дұрыс надандық.

Егеменді елдік кеп,  
Жарқырап таң атқанда.  
Нағыз ерлер елдік деп.  
Барды салып жатқан да.

Мың толғанып күніне,  
Азаматтық үнді қатқанда.  
Қосылып ерлер үніне,  
Бой алдырмай мақтанға.

Ұнатпағасын арызды,  
Ездікті жүргесін тек жерлеп.



Төлей біліп қарызды,  
Жүргесін де тым ерлеп.

Ел болған да егемен,  
Ағынан жүргесін жарылып.  
Текті болады деп ер деген,  
Міндеттен жүргесін арылып.

Ұрпақтың қамын жегесін,  
Көрмегесін тарылып.  
Жақтырмай ездiң егесiн,  
Ерлігімен жүргесін таң қылып.

Адамға жасағасын жақсылық,  
Ерлікке жүргесін тек бастап.  
Көрсетпегесін жат қылық,  
Шыңға жүргесін көз тастап.

Биіктетіп сананы,  
Көрсеткесін ерлікті.  
Көрсетіп нағыз дананы,  
Ойлағасын елдікті.

Бола біліп мейрімді,  
Жүргесін тек сұрап қал.  
Көрсетіп ақ пейілді,  
Болғасын тым бауырмал.

Қолды созып арманға,  
Жүргесін тек қол жетіп.  
Жақсылық ойлап бар жанға,  
Жүргесін елі үлгі етіп.

Жетім-жесір үстінен,  
Жазбағасын арызды.

Адамдықты шығармай есінен,  
Жақтырмағасын арсызды.

Отаным менің дегесін,  
Ұнатпағасын қансызды.  
Ұрпақтың қамын жегесін,  
Көрсетпегесін жансызды.

Азаматтық өтеп парызды,  
Көмек қолды созғасын.  
Айналысып іспен маңызды,  
Қатардан ерлеп озағасын.

Санамай еш өнерге,  
Домалақ арыз жазуды.  
Нағыз ұқсап шын ерге,  
Биіктетем дегесін көк туды.

### **Достар еді шыңға да жүрген көзді сап**

Жастық кез-ай, достар жүрген жалындап,  
Жалындап жүрек шыңға жүрген көзді сап.  
Арулар да гүлдерден тым құлпырып,  
Қызғалдақтарға жүруші еді тым ұқсап.

Нұрлы жүрек шеттерінен көрікті,  
Ғашық қылған бір көргеннен жігітті.  
Жігіттер де аруларға көз салып,  
Үзбеуші еді арулардан үмітті.

Жүректері болғаннан соң тым түкті,  
Айдай болып көрінгесін тым тіпті.  
Өмір бойы тұратындай үлбіреп,  
Ойларына алмаушы еді күдікті.

Жігіттер де көрсеткесін ізетін,  
Атқарғандай тек жүргесін міндетін.  
Адамдықты көрсеткесін текті боп,  
Кім қайтарсын, азамат деп тым бетін.

Айтатұғын сырлары да жететін,  
Қиялы да тым шарықтап кететін.  
Аруларын құрбылар да еді күтетін,  
Айлы түнде сыр да емес бітетін.

Тұрушы еді тым жарасып сөздері,  
Айлы түнде нұрды шашып көздері.  
Біреу естіп қоярдай боп сыбырлап,  
Тым бақытқа бөленгендей өздері.


Әміріне жүректің тым бағынып,  
Гүлден алқа омырауға тағынып.  
Жүректегі таусылмаушы еді сырлары,  
Көптен көрмей қалғандай боп сағынып.

Арулар да тұрғаннан соң сызылып,  
Тұрғанына тұрмағасын қынжылып.  
Сөздері де тұрушы еді жарасып,  
Бүйрек бұрып тұрғаннан соң іш жылып.

Құрбыларды жүрмегесін әурелеп,  
Бозбала деп тұрушы еді сөзді елеп.  
Келем деген уәдесінен айнамай,  
Құрбыларды сөздерімен тек демеп.

Азамат болып, отау тігу де ойға кеп,  
Бір-бірінің жүргендей еді қамын жеп.  
Мәрттікпен де берген сөзден айнамай,  
Жүргеннен соң қызғалдағым гүлім деп.

Көрсете біліп жігіттер де гүлдерге еп,  
Жүргендері сезілуші еді тек ерлеп.



Жалындап жүрек ғашық еді өмірге,  
Кеуде қағып жүрмегесін тек мен деп.

Бойжеткендер де жүргесін тек күлімдеп,  
Бозбала біткен жүргеннен соң гүлім деп.  
Айлы түнде тал құрақтар да сыбдырлап,  
Тұрғаннан соң «айым менің, күнім» деп.

Кеудеге сыймай соққаннан соң бір жүрек,  
Бірақ жерден шыққандай еді тым тілек.  
Қыз, жігіт болып жүрек те өзі жалындап,  
Бозбала да гүлдерге болып тек тірек.

Азамат болып емес еді бұққандай,  
Бойжеткендер де болғасын сырды ұққандай.  
Бозбала да сөзде тұрып жігіт боп,  
Азматтығымен көңілден еді шыққандай.

Емес еді уәдесін берген жұтқандай.  
Бойжеткендер де болғасын ер тұтқандай,  
Түсіне біліп бір жерден ойы шыққасын,  
Бір соғып жүрек тектілікпен еді ұтқандай.

Сондықтан таңы бірге еді ғой атқандай,  
Асылдықпенен болмағасын сатқандай.  
Арулар да жігіттеріне сөз беріп,  
Ерлік ісі жігітінің еді мақтандай.

Өмір жүгі де батса да бірге батқандай,  
Ащы дәмін де татса да бірге татқандай.  
Білек түріп сондықтан да талпынып,  
Иссіз қамсыз емес еді жатқандай.

Жүрек сырына болғасын да тым қанық,  
Болашақты да көргендей болып тым анық.

Жалындап жүрек болашаққа қарап сеніммен,  
Зор сеніммен басылушы еді қадам нық.

Қалмағасын сыр жүректегі айтылмай,  
Қалай жүрсін асылдықпенен таң қылмай.  
Бозбалаларға қарағасын жігіт деп,  
Қалай ғана іштері жүрсін жылымай.

Шаттана күліп ақылымен еді асқандай,  
Болмағасын кеудені еш басқандай.  
Жалындап жүрек аптығып тым келсе де,  
Арулар да емес еді еш сасқандай.


Бойжеткесін емес еді қашқандай,  
Болғасын сырды жүректегі ашқандай.  
Даналықпенен тектілігін тым сақтап,  
Емес еді орынсыз сырды шашқандай.

Бос орынсыз жүрмегесін теңселіп,  
Бар құрбыға жігіттік дәуір шын келіп.  
Қол ұстасып құрбы біткен жұптасып,  
Қойғандай еді-ау табиғат ғажап тым теліп.

Арманға беттеп, қол ұстасып толғанып,  
Азаматтық істі жүргендей еді-ау қолға алып.  
Сүйетіндерін сездіруші еді қатпенде,  
Өлең-жырлар да жатушы еді жолданып.

Махаббат барына өмірдегі тым нанып,  
Жүректері жүргенненсоң тым жанып.  
Қол ұстасып көзді салып шыңдарға,  
Сезілуші еді ертеңіне жүргендері қамданып.

Жүрекпен сезіп бірін-бірі тым танып,  
Сыраға да өзі жүргеннен соң тек қанып.



Жүрек жанып, жүргеннен соң алаулап,  
Жүрмеуші еді, бос сөздерге шамданып.

Бақытқа тым жүргендей еді бөленіп,  
Заңына ғажап табиғаттың тым көніп.  
Арулар да беттерін тым қайтармай,  
Жігіттердің жүргендей еді ісі өніп.

Құрбы біткен арманға еді жеткендей,  
Аруды гүлдей бақытты бір еткендей.  
Арман қуған жастар еді барлығы,  
Қиялдары да шыңға шырқап кеткендей.

Отанына қоспақ болып үлесті,  
Шеттерінен болғасын да тым есті.  
Халық санын көбейтуді ұмытпай,  
Еш ұмытпай жүргесін де міндетті.

Отау тігіп бас қосуды жөн көріп,  
Адамдықтан жүрмегесін өзгеріп.  
Нәресте де бұл өмірге жиі кеп,  
Бос сөздерге жүрмегесін еш еріп.

Зор жауапты құрбы біткен тым біліп,  
Оң сөздерді құлағына тек іліп.  
Ұл мен қызды әкеліп еді өмірге,  
Ерлей алып жүргеннен соң шат күліп.

Отау тігіп шыңды алғасын бір жүріп,  
Шаруа десе білектерін тек түріп.  
Барлығы да ерлеп еді шетінен,  
Отаным деп өмірді де тек сүріп.

Уақыт та өте шығып білдірмей,  
Әже болды арулар да гүлдердей.



Әже болып немерелерін жетектеп,  
Өте шығады ғой қасымыздан үндемей.

Ешкімдерді жүрмегесін күндемей,  
Үндемегенім дегегесін мін демей.  
Құрбылардың да ата болғанын түсініп,  
Шал болдың деп жүрмегесін мінемей.

Бұдан артық бақыт бар ма дегендей,  
Жетектейтін сәт немерені келгендей.  
Ұрпақ қамын жегесін енді әже боп,  
Әже болып, немере қамын жегендей.


Ұрпағы үшін өмірді тек сүргендей,  
Барды салып сондықтан тым жүргендей.  
Тіл қатқанмен құрбылар тым әзілдеп,  
Бұрынғыдай құлақты емес түргендей.

Құлаққа сөзді болса да бір кез ілгендей,  
Өткенін заман іштерінен білгендей.  
Тұрмағасын қызыл гүлдей үлбіреп,  
Әзіл сөз айтсан, құрбылар тек күлгендей.

Әже болып жүргеннен соң тым ерлеп,  
Өсіргесін маңдайлары тым терлеп.  
Немерелері қалмай жүр ғой әжелеп,  
Әже болып жүргесін тек қамды жеп.

Көзбенен көріп жүрек те бәрін сезгендей,  
Құрбылар да ұяттан емес безгендей.  
Ақсақалдық келіп құрбылар да ұрпақ деп,  
Ұрпақтың қамын ата боп тек жегендей.

Ата болып толғанатын сәт келгендей,  
Қиындықтарға жүргесін тек төзгендей.



Өмір де өзі тым толғантып тебіrentіп,  
Асығып тым желісті аттай желгендей.

Жастықтың анық енді айналып келмесі,  
Сағым болып көрінгенмен елесі.  
Сол кездегі арулар енді әже боп,  
Ару болып жетекке анық ермесі.

Ата болдық жырменен мұңды шағатын,  
Бозбала кездей емеспіз төсті қағатын.  
Немере бағып көзге түсіп бұл күнде,  
Ұл менен қызға болдық біз де жағатын.

Немерелерді болғасын тек бағатын,  
Ата деп бізге емесқой кінә тағатын.  
Ақсақал болып ақыл айтамыз ұрпаққа,  
Бос сөз айтып болмағасын лағатын.

Тағдырда өзі айырмасын бұл бақтан,  
Аталайды немерелерде жан-жақтан.  
Амандығын тілеп немерелердің жүреміз,  
Атам бар деп еткеннен соң тым мақтан.

Ата болып жүреміз ғой ой салып,  
Жүрмесін деп қатарынан еш қалып.  
Олар да ерлеп мынау ғажап өмірде,  
Жүрсін дегесін әр кезде де шыңды алып.

Ойласаң терең қызық-ау ғажап өмірде,  
Адам болып келгесін ғажап өмірге.  
Отанды гүлді жырға қосып жүрейік,  
Зор құрметті көрсетейік гүлдерге.

Азаматтықпенен қосылып ақ тілекке,  
Жүрмегесін өмір сүріп бос текке.



Жыр жазып жүрміз тебіреніп толғанып,  
Ақындықпенен үңіле біліп жүрекке.

Ата болып қосағымызға жүрміз іш бұрып,  
Бұрынғыдай жүрмесекте сауық тым құрып.  
Ақсақал болдық шашы ағарған бұл күнде,  
Азаматтықпенен сөзімізде тек тұрып.

Адамдықтарын арулар бойға сақтады,  
Өсіріп ұл қыз еліде бұл кез мақтады.  
Немере бағып жүр ғой әне әже боп,  
Зор сенімді арулар гүлдей ақтады.

Құрбылардың да бар екен-ау шын бағы,  
Өсіріп ұл-қыз, шаттықты өтті жас шағы.  
Барды салып Отанға қызмет тек етті,  
Ерлей алып төмендемей еш тағы.

Өмір сүргесін қол ұстасып, жұп жазбай,  
Тектілікпенен ауыздан бәле еш бақпай.  
Отанымен ойлағасын қалығын,  
Өсірді ұрпақ адамдықтан еш азбай.

Бос орынсыз ешкімдерге мін тақпай,  
Надандық пен пендешілік еш жақпай.  
Азамат боп ерлесе де топ жарып,  
Жүре алды кеуделерін еш қақпай.

Құрбылардың болғаннан соң жаны бай,  
Іс істеді адамдыққа әр кез сай.  
Төзе біліп қиындыққа кездескен,  
Зор міндетті өтей алды ұмытпай.

Көпке бұл күн атақтары тарады,  
Атағы өрлеп одан сайын барады.



Ата-ана болып, ұл мен қызды өсіріп,  
Сол кездегі құрбыларым жарады.

Отау тігіпті құрбы біткен дер кезде,  
Тым жалындап ұқсамағасын кей езге.  
Ата-апа болып немереге де ерледі,  
Азаматтықтарын көрсете алып өмірде.

Ата-апа болып, халіміз емес еш жаман,  
Отанды сүйіп болайықшы тек аман.  
Шөберені де бағып болайық тек бақытты,  
Жарқырап күн болсыншы тек шат заман.

### Жастарға арналады

О, жастарым жалынды,  
Бірлікті әр кез сақтаңдар.  
Ойлап әр кез халықты,  
Зор сенімді ақтаңдар!

Шұғылданып спортпен,  
Өздеріңді баптаңдар.  
Адамдыққа қойып ден,  
Бос сөздерді қатпаңдар.

Ойды түйіп өмірден,  
Қарын сипап жатпаңдар.  
Шыға біліп көңілден,  
Тіл мен дінді сатпаңдар.

Әр адамның өмірі,  
Қымбаттығын ойлаңдар.  
Қалмасын деп көңілі,  
Терең ойға бойлаңдар.

Адамдықты бойдағы,  
Елдікті ойлап жоймаңдар.  
Арманға жетіп ойдағы,  
Талпынуды қоймаңдар.

Елдігін ойлап нағыз ер,  
Гүлдетуді тек ойлар.  
Гүлденсін деп байтақ жер,  
Терең ойға тек бойлар.

Сыйлап әр кез салтыңды,  
Түзу жолды таңдаңдар  
Алып биік тек шыңды,  
Елдігім деп шыңдаңдар.

Ел болған да егемен,  
Бабаларға ұқсаңдар.  
Нағыз ерлер ерлеген,  
Қиындықтан бұқпаңдар.

Соңына еріп бұзықтың,  
Көшеге тас алып шықпаңдар.  
Кімге керек қылмыстың,  
Көңілдерді жықпаңдар.

Ел бірлігін бірінші,  
Алыңдар тек назарға.  
Таза болсын ер іші,  
Сүйенгесін таза арға.

Бүлікшілер тым міншіл,  
Сүйенбейді еш арға.  
Болғасын да тым күншіл,  
Жығады ол тек жарға.

Көрсетеді арсыздық,  
Адал болмағасын Отанға.



Етеді тек қансыздық,  
Дұшпандық ойлап бар жанға.

Сатқындық пен ер сөзін,  
Жүргеннен соң тек жұтып.  
Дұрыс ұстамай еш өзін,  
Ел бірлігін ұмытып.

Көшеге жастарды шығарса,  
Жүргесін өзін ер тұтып.  
Арсыздыққа тым барса,  
Жүрендей боп тек ұтып.

Көліктерді аударып,  
Терезесін де шаққасын.  
Ақша іздегесін қопарып,  
Майды құйып жаққасын.

Жүргендей боп топ жарып,  
Көлікке де кінә таққасын.  
Қалатындай қолы ұзарып,  
Бәле жала баққасын.

Қанішерге айналып,  
Терористке ергесін.  
Бүлдіргесін сайланып,  
Көрсетіп қысқа өресін.

О, жастарым ұрандап,  
Бүлікшіге ермеңдер.  
Жүресіңдер арандап,  
Бүлікшіге тізгін бермеңдер.

Даналықты көрсетіп,  
Шыңға құлаш сермеңдер,



Отанға қызмет тек етіп,  
Гүлденгіп тек ерлеңдер.

Бола алып білімді,  
Бәле жала термеңдер,  
Меңгеріп тым ғылымды,  
Кеудені бос кермеңдер.

Мол болсын тым бойда ар,  
Шығармаңдар бүлікті.  
Терорист бар байқаңдар.  
Ойлаңдар тым бірлікті.


Егеменді елдіктің,  
Қымбаттығын ұғыңдар.  
Керектігін біліп бірліктің,  
Көңілдерден шығыңдар.

Көшеге жастарды шығарса,  
Бүлікшіні жүрмеңдер ер тұтып.  
Арсыздыққа тым барса,  
Жағаны да тым жыртып.

Арандатқан қуларға,  
Жүрмеңдер еш иланып.  
Тигеннен соң тек арға,  
Ездікке жүрмегесін қиналып.

Адамдардың өмірі,  
Ойыншыққа жатса да айналып.  
Қалай қалмас көңілі,  
Тас атқасын сайланып.

Кездескенді тек өртеп,  
Тас атқасын сындырып.



Жүргендей боп тым ерлеп,  
Жүргендей іс тындырып.

Бүлікшіден үлгі алмаңдар.  
Лаңды жүргесін тек салып.  
Обалына қалмаңдар,  
Қанды қолға тым малып.

Үш жүзге бөлген жауларың,  
Ел бірлігін көре аламай.  
Пайдаланып дауларың,  
Бір болғанын қаламай.

Көрсеткесін жаулықты,  
Қансыздықтары еш қалмай.  
Қаламай аман саулықты,  
Жақтары да еш талмай.

Жауларың бар торыған,  
Терористі бар ішінде.  
Түсті де теріс жорыған,  
Көрсететін күшін де.

Арамзалық болғасын ісінде,  
Дүниеге жүргесін көз салып.  
Батыратын тісін де,  
Жүмеңдер еш тоналып.

Халқыңның түсін жүрегін,  
Тыныштықты тек сақтап.  
Қашырмай еш сүрегін,  
Зор сенімді жүр тек ақтап.

Желтоқсан да талпынған,  
Жетеміз деп жастар елдікке.





Атып қамап қан қылған,  
Іштері толып тым кекке.

Шыдамай жастар зорлыққа,  
Отаршыл белден басқасын.  
Шыдамай мұндай қорлыққа,  
Сыйламағасын ұлттың еш басын.

Басынғасын санаспай,  
Иттіктерін қылғасын.  
Жүре алмағасын алжаспай,  
Сыйламай кәрі еш жасын.


Отаршылдың тигесін жынына,  
Аямап еді жастарды.  
Жастардың ұшырағасын сынына,  
Сақтамағасын бойға еш арды.

Жендеттер еді ысылған,  
Түпке жүретін тек жетіп.  
Иттігіне емес еді қысылған,  
Қансыздықты көрсетіп.

Қанға еді тым малған,  
Жастар қарсы шыққасын.  
Зобалаңды еді тым салған,  
Ер екенін шын ұққасын.

Көргендей боп тым қасын,  
Дүмбісімен бас жарып.  
Аямай кәрі еш жасын,  
Қансыздыққа тым барып.

Жастарым салам мұны еске,  
Біраз жасқа кеп қалғасын.



Көп жайтты білем мен беске,  
Қансыздықтарына салғасын.

Егеменді елдікке,  
Жеткен кезде тым зорға.  
Бүлдіруді санап ерлікке,  
Түспеңдерші еш орға.

Ие болайық тек баққа,  
Қызмет етіп Отанға.  
Бірлік керек Қазаққа,  
Саулық тілеңдер бар жанға.

Егеменді ел болып,  
Білейік қонған біз бақты.  
Азаматтық ой шолып,  
Егемендікті сақтайық қымбатты.

Бабаларға ұқсайық,  
Ел қорғаған атақты.  
Ақылын айтқан ұғайық,  
Ер болғасын жан-жақты.

Қорғап әр кез Отанды,  
Көрсетейік жақсы тым затты.  
Сыйлап әр кез бар жанды,  
Биік қойып адам тым атты.

Елдігім деп толғанып,  
Өмір сүрейік шаттықты.  
Ерлік етіп шыңды алып,  
Болайық тек бақытты.

Ел болғасын егемен,  
Елдік деп істейік тірлікті.  
Бүлікшіге дұрыс ермеген,  
Сақтайық тек бірлікті.

## Жөңкілген ала бұлт

О, ала бұлт көгіңде,  
Төгіп өтіп барасың.  
Мынау ғажап өмірде,  
Ғажапсың ғой дарасың.

Найзағайың жарқылдап,  
Көкті де тіліп жарасың.  
Көк аспанда жалтылдап,  
Батылдыққа барасың.


Орман талды даламды,  
Тым нұрыңа маласың.  
Гүлдентіп сай мен саламды,  
Ерлігіңе саласың.

Нәсеріңді тым төгіп,  
Көштен қайтып қаласың.  
Кімдер жүрер тым сөгіп,  
Мың алғысты аласың.

Далам қалыпты шөліркеп,  
Шыға келді жайқалып.  
Қандырғасын шөлін кеп,  
Құдіретің тым байқалып.

Жүргесін тек қамды жеп,  
Ерлігіңе тым салып.  
Құйғасын тек өссін деп,  
Егістік тұр ырғалып.

Жомарттығыңнан өзіңнің,  
Тұрмынғой тым үлгі алып.  
Растығын дәлелдеп сөзімнің,  
Нұрыңмен барасың ой салып.



Төгіп өтіп нұрыңды,  
Бара атқасын қандырып.  
Білеміз біз құныңды,  
Жүргесін бақты жандырып.

Шелектеп тым құйғасын,  
Одан сайын дала көгеріп.  
Шөлдерін тым тыйғасын,  
Түрленгесін тым өзгеріп.

Кемпірқосақта иіліп,  
Шыға келді көз тартып.  
Қойғандай өзін көкке іліп,  
Беделі де тым артып.

Бозторғай да биікке,  
Шыға келді шырылдап.  
Жеткендей қолы билікке,  
Барды салып жыр жырлап.

Төккеніңді тым қолдап,  
Шат болып тым тұрғандай.  
Жырымен сәлем тек жолдап,  
Сауықтарын құрғандай.

Арықтар да суға тым толып,  
Сылдыр қағып ағады.  
Көрген жандар шат болып,  
Риза боп көзбен бағады.

Мың алғысты айтамын,  
Мыңғырғасын мал өріп.  
Қайтып беттен қайтамын,  
Құйғаныңды көз көріп.

Туған жер де шат болып,  
Жүргесін өсіп тек өніп.

Азаматтық ой шолып,  
Қиындыққа жүрмегесін еш көніп.

Өзенді де тасытып.  
Барды салып жауғасын.  
Жүрмегесін жасытып,  
Қандырып шөлді ауғасын.

Өзіңе қарап сүйсініп,  
Даламның жұтам ауасын.  
Азаматтық ойды түйсініп,  
Білгесін тым дауасын.


Сусындарын қандырып,  
Шөлдерін тек басқасын.  
Бақтарын тек жандырып,  
Домалатқасын өрге тек тасын.

О, ала бұлт нұр төгіп,  
Көрсете бер ерлікті.  
Кетпеспіз біз еш шөгіп,  
Ойлағасын елдікті.

Ел болғанда егемен,  
Орындайық міндетті.  
Ерлей алдық дегенмен,  
Отанға етіп еңбекті.

Ризамын мен өзіңе,  
Гүлдендірдің даламды.  
Шабыт бердің өзіме,  
Жырға қостырып ғаламды.

Жүрейін тек шабыт ап,  
Айырмасын бұл бақтан.



Биік шыңға көзді сап,  
Өзіңді етем тым мақтан.

О, ала бұлт жарқылдап,  
Тек осылай төге бер.  
Өзендер ақсын сарылдап,  
Болғасын өзің нағыз ер.

Зәм-зәміңнен сусыны,  
Елімнің жүрсін тек қанып.  
Ерлік деп ұғып тым мұны,  
Бағы жүрсін тек жанып.

Көк аспан да асығып,  
Келе бер жиі жөңкіліп,  
Төккен де нөсер аптығып,  
Құдіретіңді жүр іш біліп.

Құдіретіңді ғажайып,  
Жыр етейін тек айтып.  
Көрмессің мұны еш айып,  
Жүрмегесін мұңайтып.

Ақынмын ғой жыр жазып,  
Мен еліме үн қатқан.  
Жырға қосам толғанып,  
Ерлігіңді етіп тым мақтан.

Бұрайықшы тек жарап,  
Елмен жерге тек бетті.  
Атағың жүр тек тарап,  
Атқарғасын міндетті.

Ер Қазағым көрсетті,  
Елдігім деп ерлігін.

Әлемде тек үлгі етті,  
Гүлдеңткесін елдігін.

Отаным деп соққасын,  
Қазағымның жүрегі.  
Домалаттың өрге тек тасын,  
Бағаланып еңбегі.

Қуанта бер тек елді,  
Нұрды төгіп қамды жеп.  
Ерлікке байлап тым белді,  
Соққанда жүрек елдік деп.


Нұр сепкесін тек ерлеп,  
Шөлдерді тек баса бер.  
Шөлдеген де әр кез кеп,  
Гүлдесін деп байтақ жер.

### Ұрпағыммен бақыттымын өмірде

Балалар келсе үйім ғой деп жан-жақтан,  
Айырмасын дейсің басқа қонған бұл бақтан.  
Шат күлкіге үй іші тез-ақ толады,  
Шаңырақты биік еткесін бәрі тым мақтан.

Нұр сәуле шашып, жанарлар да шаттықтан,  
Ұл қызың келіп немерелеріңмен аптыққан.  
Кеудеңде өзі көтеріліп тым қалады,  
Бас айналғандай, басыңа қонған бақыттан.

Шаңырақтарын ұшқан болмағасын ұмытқан,  
Қиындықтан ерлеп болмағасын еш бұққан.  
Ата-анам деп сыйлағасын әр кезде,  
Борыштарын да болғаннан соң тым ұққан.



Қиындықтан болмағасын еш бұққан,  
Көңілдерді болмағасын еш жыққан.  
Адамдығын сақтай алып жүргесін,  
Тектілікпен қашпағасын шындықтан.

Жанардағы мұң ғайып болып жасытқан,  
Көтеріліп көңіл болғасын тым тасытқан.  
Шыға келесің қайтадан тым жалындап,  
Іздеп келгесін ата-анам деп алыстан.

Көрініп көзге өзгешелеу болып таң атқан,  
Бұлақтарда жібігендей болып мұз қатқан.  
Ұл-қызыңменен бір дастарқанда отырып,  
Шаттана күліп сіңімді ғой дәм татқан.

Ата-ана деген не бар биік атақтан,  
Ұрпағың барда кем де емессің-ау мадақтан.  
Әкеміз деп жүргеннен соң тым қолдап,  
Өмір жүгі де жеңілдегендей тым батқан.

Отаның да болмағасын еш сатқан,  
Болғасын әр кез азаматтық үн қатқан.  
Тырысқасын гүлденуге Отанын,  
Азаматтықтарын етесіңғой тым мақтан.

Отырғасын ағынан тым жарылып,  
Қаласың ғой сағыныштан арылып.  
Жолға қарап жүргеннен соң әр кезде,  
Ұл мен қызды күткеннен соң сарылып.

Сағынғасын жүресің бәрін айналып,  
Көргесін көзбен, көңілің де жайланып.  
Үлгі-өнеге көрсетпек боп бәріне,  
Ерлетуге жүресің тек сайланып.

Үлкен шаңыраққа құстай ұшып жеткесін,  
Атақтары да шыңға шырқап кеткесін.



Көңіл толғасын жүресің ғой риза боп,  
Отанына қызметті тек еткесін.

Ақталғандай болып өмірдегі еңбегің,  
Азамат болып қамдарын да жегенің.  
Ұмытылып біраз жасқа келгенің,  
Орындалсын арман, мақсат дегенің.

Көтеріліп кеуде, тыныс та өзі кеңейіп,  
Келсе де қарттық жүресің қалай еңкейіп?  
Кеткендей болады айналаң тез-ақ гүлденіп,  
Жүресің қалай тым шаттанбай сен кейіп?


Амандықтарын шаттанғанын көріп көзбенен,  
Бақыттың өзін жеткізу қиын сөзбенен.  
Аман-сау болып бұдан да өсіп, ер жетіп,  
Жетсе дейсің армандарына көздеген.

Ұят қой өзі қиындықтарға төзбеген,  
Таусылмас өзі, айта берсең сөз деген.  
Нағыз ерлер еңбек етсе ерлеген,  
Кездері аз ғой қиындықтарды жеңбеген.

Білегін түріп, еңбек етіп терлеген,  
Жамандық деген атауларды жерлеген.  
Халқының да болады әр кез мақтаны,  
Болады ғой, міне осындай ер деген.

Жүреді әр кез зор еңбегіңді еткен бағалап,  
Дұшпандарыңдай жүректі жүрмей жаралап.  
Мақтау сөздерінде жүреді ғой аямай,  
Асқар тау көріп ата-анам деп даралап.

Таразылап, жақсы-жаманды саралап,  
Адал болғасын сөйлемегесін еш қаралап.



Тектілікті көрсеткесін әр кез өмірде,  
Жүргесін де талай жерді аралап.

Бар болғасын бойларында мол талап,  
Ата-ананың амандығын тек қалап.  
Өсіргесін өздерін тек барды сап,  
Азаматқа өзіңді жүреді ғой тек балап.

Немерелерің де жан-жағыңнан аталап,  
Асқар тауға жүреді ғой тек балап.  
Ұл мен қызың да өсіре алып ұрпағын,  
Болғасын бойда азаматтық мол талап.

Азамат болып, болғандай енді тірегің,  
Ақ тілегін сезеді бәрін жүрегің,  
Қымбаттығын ата-ананың білгесін,  
Керектей әлі ұзақ өмір сүргенің.

Қуантқандай аман-сау тірі жүргенің.  
Елдігім деп білекті әр кез түргенің  
Азамат болып жүрседағы тек ерлеп,  
Керектей әлі ақыл-кеңес бергенің.

Ата-анам деп келгесін әр кез тек елеп,  
Немерелерің де жүреді ғой еркелеп.  
Қалғаныңды сезгесін ептеп кәртеіп,  
Жылы сөздерімен жүреді ғой тек демеп.

Азамат болып, ата-ана болғанын көз көріп,  
Дауыстары да тым жуандап өзгеріп.  
Қатарларынан жүрсе дейсің еш қалмай,  
Жамандық деген атаулыдан тек жеріп.

Білсең де өмір тез өтерін жалғанын,  
Қалайсың ғой ұрпақтың соңда қалғанын.

Білек түріп, Отаным деп барды сап,  
Тілейсің ғой шыңдарды биік алғанын.

Қалайсың ғой жолсыздан жолды салғанын.  
Барды салып, маңдайды терге малғанын.  
Елдігім деп білек түріп жүргесін,  
Елемей ешбір шаршағанын, талғанын.

Жүрмесе дейсің, бос сөздермен малта езіп,  
Жүрмесе дейсің жұмыссыз, іссіз ел кезіп.  
Тәубе дейсің тіршіліктерін тек көріп,  
Азаматтықтарын жүрегіңмен тек сезіп.


Ақыл мен кеңес жүресің ғой тек беріп,  
Пенделікпенен жүрмесін деп өзгеріп.  
Елжіреп жүрек әке деген сезіммен,  
Қарайсың ғой әлі жастықтарын ескеріп.

Ұл-қызың келіп, еңбегің еткен еленіп,  
Арманға жетіп, босқа жүрмей сенделіп.  
Асыр салып немерелерің де аталап,  
Бақытқа зор жүресің ғой кенеліп.

Тіл мен жақтарына жүрмегесін сүйеніп,  
Әлі тез-ақ азамат боларларына тым сеніп.  
Немереге де отырған соң ата боп,  
Отырасың ғой бақытты бір күйге еніп.

Көтере алмай бақытты қонған теңселіп,  
Ауыр ойларды да тастайсың тез еңсеріп.  
Биік болса дейсің арман-мақсат, ойлары,  
Қуантса дейсің аман-сау үйге тек келіп.

Шын жүрекпен тілейсің ғой амандық,  
Аман-сау болып көрмесін деп жамандық.



Сүрінуден тәңіріміз әр кез сақтасын,  
Басылған өзі болсыншы тек қадам нық.

Түпке де жетер байқамасаң аңғалдық,  
Ақсақал болып оң менен солды аңдадық.  
Азамат болып халқына тисе пайдасы,  
Ұл менен қызға түзу жолды тек таңдадық.

Отаным деп шыңдарға тек көз салдық,  
Дей алмаймын қатарымыздан біз қалдық.  
Азамат болып биіктерге талпындық,  
Жеткенше шама биіктерді тек алдық.

Қиындықтардан жүрмегесін еш бұғып,  
Азаматтықпенен адамдықты тек ұғып.  
Ұрпақтың жайын ойлаумен әр кез келеміз,  
Жүре алсақ деп азаматтық сөзден тек шығып.

Қатардан қалмай ұл менен қызды өсірдік,  
Аруға гүлдей жар бола біліп өмірлік.  
Бақытқа жеттік шаруаны қоймай күттіріп,  
Тым жалындап көңілге алмай еш күдік.

Бұл күнде таттық бейнеттің көрген жемісін,  
Ата-аналықтың атқара алып ұлы ісін.  
Шыңдарға әр кез білекті түріп талпындық,  
Ұрпақтарым менің жігерсіз бізді демесін.

Шыңдарға құлаш ұрпақтарым да сермесін,  
Бос сөздермен, өсек сөзге ермесін.  
Көк туымыз биіктей берсін әр кезде,  
Бабалардай елдігім деп ерлесін.

Жауыздықтарды өмірдегі жерлесін,  
Ат салысып ұлы елдікке терлесін.

Азамат болып, атқара алып ұлы істі,  
Елдігім деп намысты қолдан бермесін!

Түсінемін ғой, өмірдің оңай емесін,  
Ұрпақтың қамын ата-ана қалай жемесін?  
Әкеліктің борышын әр кез өтейін,  
Өтемеу деген ойға ешбір келмесін.

Аларым көп қой әлі де менің өмірден,  
Аман-сау өзі болсыншы тек әр кезден.  
Бақыттымын, ұрпақ барда өмірде,  
Ұлы істерді атқарайыншы ерлеп мен.


Жүректе сөз көп әліде жүрген айтылмай,  
Елдікті ойлап жүрсек те ездiк еш қылмай.  
Ұрпаққа сырды жасырмай айтып кетейiк,  
Көз жұмсақ мәңгі қаламыз ғой айта алмай.

Жазайын жырды мағынасын сөздің кетiрмей,  
Мақтаса кей жан мақтады деп есiрмей.  
Азаматтық iстi жүрейiн тек қолға алып,  
Ұрпағымның бәрiн көрiп тек бiрдей.

Толғантады ой, тебiрентедi тым менiде,  
Егемендiк алып сыналар сәттiң кезiнде.  
Ұрпақтарым менiң, ұлы елдiкке ат салыс,  
Азаматтық деген зор жауапты сезiн де.

Азамат болып жамандықтан безiн де,  
Ұлан байтақ ата бабаңның жерiнде.  
Келедi ғой бақыт, шаттық еңбекпен,  
Аямағын маңдайдың аққан терiн де.

Ұрпақтарым менiң, сенiммен қара өмiрге,  
Адамдықпенен қарауда керек көңiлге.



Азамат болып адам болып тек жүргін,  
Еңбегіңмен, бар қырыңмен көрінде.

Асыл жандар жөн сөзге құлақ түреді,  
Азамат болып тек тура жолмен жүреді.  
Азаматтар ұлы елдіке барын сап,  
Сенімді ақтап азамат боп өмір сүреді.

Ұрпағымменен халқым менің, қымбатым,  
Ұрпағымменен шығады ғой зор атым.  
Халқын сүйген өсіре алсақ ұлмен қыз,  
Ұлы іс бұл деп сүйсінбей ме дос жатым?!

Ұрпақтарым менің еңбек етіп тынбасын,  
Азаматтықпенен сағы да ешбір сынбасын.  
Қызмет етіп жүрсе әр кез тек ерлеп,  
Шыңдарды алып дейміз ғой тек шындасын.

Ұлы істермен шығады ғой тек атың,  
Бұл өмірде болса жақсы тым затың.  
Жүрегі кең далаңдай дархан халқың бар,  
Ұлы халқың, байтақ далаң, қымбатың.

Ақыны бізде халқымыздың болғасын,  
Жырды жазып азаматтық ойды шолғасын.  
Ұрпақтарым арқаны кеңге еш салмай,  
Елдігім деп күніне мың толғансын.

Білек түріп жолсыз жерден жол салсын,  
Отаным деп маңдайды терге тек малсын.  
Барды салып өркениетті елге тез жетіп,  
Алынбаған шыңдарды биік тек алсын!

## Мысық балаларын құтқарғанда

Келмек болып серуендеп,  
Табанын шаңғы майладым.  
Саф ауа жұту ойға кеп,  
Аяққа шаңғы байладым.

Байлағасын шаңғыны,  
Таусоғарға айналдым.  
Болмақ болып тым мықты,  
Көтеріліп көңіл жайландым.

Денсаулық жақсы болсын деп,  
Саулықты тым ойладым.  
Серуендеу тым ойға кеп,  
Терең ойға бойладым.

Ержетіп мен де қалғасын,  
Шынығуды ойға алдым.  
Көңіліме толғасын,  
Далаға ғажап көз салдым.

Қолға ұстап таяқты,  
Екі қолға күш салдым.  
Байқап басып аяқты,  
Даланы ғажап бетке алдым.

Шаңғы тіліп ақ қарды,  
Бәтеңке де суланды.  
Ақ ұлпаны тым жарды,  
Қар беті күнмен буланды.

Қар басқан дала көз тартып,  
Жүрек те өзі тым жанды.



Құштарлық та тым артып,  
Құмар да өзі тым қанды.

Ғажапқа санап даланы,  
Келемін тым көз салып.  
Көрсетіп ер баланы,  
Ғажаптығына тым таң қалып.

Шаңғымен келем сырғанап,  
Таяғымды тым сермеп.  
Өзімді тым ер санап,  
Ержеткесін менде ерлеп.

Кеттім қатты тым терлеп,  
Маңдайдан тер тамшылап.  
Енжарлықты тым жерлеп,  
Өзімді келем қамшылап.

Жүргесін спорт тым ұнап,  
Ынтық болғасын күреске.  
Білек күшін тым сынап,  
Азаматтық түсіп тым еске.

Күрескесін тек шындап,  
Ұқсамақ боп нағыз жігітке.  
Жүрмегесін ыржыңдап,  
Бой алдырмай күдікке.

Шаңғы ізі қалды соңымда,  
Қар үстінде тым сайрап.  
Екі таяқ қолымда,  
Өзімді келем тек қайрап.

Торғайлар отыр бұтақта,  
Аяздан тоңып бүріскен.





Кейбіреуі бірақ та,  
Жем іздеуге кіріскен.

Қарғалар жүр қарқылдап,  
Аяғымен теуіп көңді жеп.  
Қауырсыны жарқылдап,  
Талтаң басып менмін деп.

Жүр өздері талтаңдап,  
Қатқан көңге тіс батпай.  
Жүргеннен соң мазаны алып,  
Қарқылын келем ұнатпай.


Қанатын кейде көтеріп,  
Тым қарқылдап қояды.  
Қарғалықтан өзгеріп,  
Қарғалығын қайтіп жояды?

Кеуделерін тым керіп,  
Жүргендей тым тәубе етіп.  
Жегесін жемін тек теріп,  
Қарқылдауға күш жетіп.

Еріп шыққан күшігім,  
Қарғаларды үркітті.  
Ерлегендей өзі тым,  
Қуғандай боп бүркітті.

Жүгіреді далақтап,  
Көрсеткендей ер күшікті.  
Қуғасын тым жалақтап,  
Жүрегі сияқты боп тым түкті.

Іші де өзі тым толып,  
Құстардың алды мазасын.



Қарғаға батыр тым болып,  
Бермек болып жазасын.

Қуалап көрмей тынымды,  
Іші пысып қалғасын.  
Келтірдің дегендей жынымды,  
Қарқылын көңілге алғасын,

Тілі кеткен салақтап.  
Жүргендей іс тындырып.  
Көзі де тым алақтап,  
Кететіндей тым қырып.

Керектігін ерліктің,  
Жүргендей тым ұғынып.  
Жетегіне еріп желіктің,  
Алмай ешбір тынығып.

Құс біткенді үркітіп,  
Ер күшікпін дегендей.  
Өзіне тым жан бітіп,  
Қамды емес жегендей.

Шәуілдеп қоймай үреді.  
Өзінен маза тым кетіп,  
Дыбысқа құлақ түреді.  
Бойда жатқандай күш жетіп.

Секіре алмай арықтан,  
Омбы қарға сүңгиді.  
Дауысы да қарлыққан,  
Шақарлық көрсетіп тым күйді.

Арықтан өзі шыға алмай,  
Қыңсылға да салады.



Бейшаралығы еш қалмай,  
Басты да қарға малады.

Арасын да алады,  
Салақтап тілі қарды асап.  
Ерлігіне салады,  
Өзінше ерлік тым жасап.

Жан-жағына тым қарап,  
Көрдің бе мені дегендей.  
Жүргендей ерлеп тым жарап,  
Ерлейтін сәті келгендей.


Өзінше боп жүргендей,  
Ерлік іске тым бастап.  
Өмірді ерлеп сүргендей,  
Шыңға көзін тек тастап.

Қалың жауған омбы қар,  
Жиі өзін шалғандай.  
Көзінде өзі оты бар,  
Өзімнен емес қалғандай.

Даланың жазық даласы,  
Ақ тонды тым киінген.  
Бұтақтардың тым басы,  
Ақ ұлпа басып иілген.

Айрылып жасыл жапырақтан,  
Сияқты іштей күйінген.  
Жазғы айрылып тым бақтан,  
Сияқты ойды түйінген.

Ақ ұлпаны бұтақтар,  
Жел соқса ептеп сілکیدі.



Естілмейді сан жырлар,  
Қар басып дала мүлгиді.

Бұтақ басынан ұлпа қар,  
Сырғиды жерге себелеп.  
Жазына тым болып зар,  
Тұрғандай өзі «бұл не?» деп.

Көзбен көріп түсініп,  
Қараймын мен қамын жеп,  
Тебіреніп тым күрсініп.  
Азаматтық ойға кеп.

Толғаныс шіркін қала ма,  
Жүрекпен сезіп білгесін.  
Қараймын аппақ далама,  
Көзіме тым ілгесін.

Жердің бетін аппақ қар,  
Қалың жауып жапқасын.  
Бетті қарып тым ызғар,  
Қаһарына тым басқасын.

Күннің көзін аң мен құс,  
Жылы ма деп баққасын.  
Көрсетіп ызғар суық сұс,  
Тоңдырып кеуде қаққасын.

Аң мен құстар азайған,  
Жылы жаққа қайтқасын.  
Қыстағаны мұңайған,  
Амандыққа тәубе айтқасын.

Сақтай біліп құс атын,  
Қанат қағып ұшқасын.

Білгесін жақсы тым затын,  
Күлімдеп күн де құшқасын.

Бұлақтар жазда сылдырлап,  
Ағушы еді бұралып.  
Бозторғай көкте шырылдап,  
Тұрушы еді ән салып.

Құлақ сап құстар үніне,  
Тыңдаушы едік таң қалып.  
Риза боп шат күніңе,  
Зор әскерді тым алып.


Шырылдап қанат тым қағып,  
Биігінде ұзақ тұратын.  
Құлаққа әні тым жағып,  
Болғасын бүйрек бұратын.

Қараушы едім көз талып,  
Көрікті дала, ғажапқа.  
Бұлбұлдар да ән салып,  
Көрік бергесін тым баққа.

Бұлақтар бопты айдын мұз,  
Балалар жүр сырғанап.  
Қыс болмайды ызғарсыз,  
Жүргендей қысын бағалап.

Шат болады шуылдап,  
Даланы басқа көтеріп.  
Мұз үстінде дуылдап,  
Кеуделерін тым керіп.

Даланың ғажап ауасын,  
Қанбай жұтып келемін.



Білгесін жанға дауасын,  
Емдігіне тым сенемін.

Далаға аппақ көз салып,  
Түрлі ойға енемін.  
Тынысты келем кең алып,  
Ауаның біліп тым емін.

Жүрек те өзі тым жанып,  
Кеудеде қатты дүрсілдеп.  
Кәусарын жұтам тым қанып.  
Азаматтық тым ойға кеп.

Шынықтырып денені,  
Сырғанап келем шаңғымен.  
Тебірентеді дала тым мені,  
Ой түйгесін өмірден.

Пайдалысын тым біліп.  
Шыққаннан соң көңілден,  
Даламды келем көзге іліп.  
Қойғасын да қатты ден.

Далам әсем, ұнады,  
Тон жамылған көркімен.  
Тер де қатты ағады,  
Маңдайым мен денемнен.

Жүретіндей мін тағып,  
Барды салып шындаймын.  
Саф ауасы тым жағып,  
Өзімді-өзім шындаймын.

Тым жарқырап аппақ қар,  
Көзді тартып жатқасын.

Көрсетпейді пейіл тар,  
Жарқырап таңы атқасын.

Тым биік көрдім маяны,  
Иесі қырлап тым салған.  
Тапқандай малдар саяны,  
Пана қылып тым алған.

Қалайша пана қылмасын,  
Тойғаннан соң асап жеп.  
Шайқап қойып тым басын,  
Тойынғасын менмін деп.


Көрдім мысық баласын.  
Мияулаған мая үстінде.  
Басқа көтеріп даласын,  
Тым үрей бар түсінде.

Әкеп тастағасын далаға,  
Тұрып ем көңілге тым алып.  
Не дерсің іші алаға,  
Жүргесін көңіл тек қалып.

Қысқа өмірде қымбатты,  
Ойламағасын адамдық.  
Көрсетпегесін жақсы еш затты,  
Көрсеткесін надандық.

Маған ауып назары,  
Мияулайды тым қатты.  
Мұңды болғасын жанары,  
Жүрегіме тым батты.

Бағаламай байтақ даласын,  
Болғасын да қатігез.



Көрсеткесін де іштің аласын  
Болмасын ол қайтіп ез?!

Маяға әкеп тастаған,  
Ашымағасын еш жаны.  
Қансыздыққа бастаған,  
Қара болғасын тым қаны.

Көрсеткесін тексіздік,  
Орындалғандай арманы,  
Білдіргендей ессіздік,  
Қатыгездік болғасын ұққаны.

Мүшкіл боғасын тым халі,  
Сұрайтындай көмекті.  
Құрығасын амалы,  
Ішке сақтап тым кекті.

Тауып бәрі амалды,  
Маяға биік шыққандай.  
Тапқандай боп қамалды,  
Құлықпен тым ұтқандай.

Күжірейтіп тым жалды,  
Қасқыр, түлкі жортқандай.  
Сұрамағасын еш қалды,  
Жыртқыштардан қорққандай.

Жүрекпен сезіп, аядым,  
Тастағанын әкеп білгесін.  
Маяға жақын таядым,  
Аяп көзге ілгесін.

Жетімдікті кім қаласын,  
Мияулайды өздері.



Мияуға бөлеп даласын,  
Тым жәутеңдеп көздері.

Қауіпті тым сезеді,  
Аш аңдар да жортқасын.  
Қайтып дала кезеді,  
Кішкене боп қорыққасын.

Қорғайтындай тым басын,  
Шығып алып маяға.  
Көрсеткендей көз жасын,  
Кеткесін бастан тым баға.

Сақтықты да тым ойлап,  
Маяға биік шыққандай.  
Терең ойға тым бойлап,  
Қауіп барын ұққандай.

Басқандай тым амалға,  
Айласымен ұтқандай.  
Алынбайтын қамалға,  
Маясын тым тұтқандай.

Жыртқыштан қорқып түнімен,  
Үстінде мая бұққандай.  
Аянышты тым үнімен,  
Уайым-қайғы жұтқандай.

Анасы да еш көрінбей,  
Іздейтіндей анасын.  
Не істерлерін еш білмей,  
Үрей билеп санасын.

Сүректері де қашқандай  
Ешкім көрмей көз жасын.

Мияулап сырды ашқандай,  
Бағаламағасын еш басын.

Кім екен әкеп тастаған,  
Қар басқан суық далаға?  
Қансыздыққа бастаған,  
Ұқсағасын іші алаға.

Ой салдырып балаға,  
Шаңғы тепкен далада.  
Не дерсің іші алаға,  
Түңілгесін бала да.

Көргесін тым көңіл қап,  
Тастады деп ем неліктен.  
Бәрі мені көріп ап,  
Мияулады тым тіптен.

Қарап едім сезіп мен,  
Созбақ болып көмек қол.  
Азаматтыққа қойып ден,  
Таңдағасын түзу жол.

Сияқты мені тым күткен,  
Танитындай мияулап.  
Айыққандай сезіктен.  
Мияуына тымақ сап.

Жаурағасын түнімен,  
Қарындары ашқасын.  
Жалынышты үнімен,  
Сүректері де қашқасын.

Көтеріп зорға тым басын,  
Қалған бәрі бүрісіп.

Ішпегесін де еш асын,  
Зар күйге тым түсіріп.

Сұрайтындай тым көмек,  
Жалынышты үнімен.  
Қолдарынан не келмек,  
Түсініп ем мұны мен.

Болсаң егер шын текті,  
Ұқ дейтіндей тым зарды.  
Бер дейтіндей көмекті,  
Жоғалтпасаң еш арды.

Тұрғандай бәрі құтқар деп,  
Өмірді тым сүйгесін.  
Құтқару сонда ойға кеп,  
Азаматтық ойды түйгесін.

Маяға шықтым өрмелеп,  
Шөптерді қолмен қатты ұстап.  
Қарағасын адам деп,  
Альпинистерге мен ұқсап.

Азаматтық бойдағы,  
Кетпесін деп жоғалып.  
Міндетті өтеп ойдағы,  
Адамдықпен ой салып.

Құтқарам деп сендерді,  
Салып едім қойынға.  
Көрсеткендей шын ерді,  
Алғасын ерлеп мойынға.

Үн қатқасын адам деп,  
Азаматтық қолды созып ем.



Қоятындай жыртқыш жеп,  
Жүрмесін деп болып жем.

Үйге қайтып келемін,  
Толтырып ап қойынды.  
Кейбір кезде желемін,  
Еш жаққа бұрмай мойынды.

Биіктетіп ойымды,  
Істегесін адамдық.  
Тіктеп алып бойымды,  
Басамын алға қадам нық.

Қойында келеді мияулап,  
Тырнақтары тым батып.  
Аш болғасын тым аяп,  
Қоямын кейде үн қатып.

Амандықтарын тек қалап,  
Жүргесін ерлік тым ұнап.  
Келе жатса да тырналап,  
Келемін өзім тым шыдап.

Далаға кімдер тастаған,  
Адам деуге бола ма?  
Қансыздыққа бастаған,  
Ездікке көңіл тола ма?

Жайшылықта жүреді-ау,  
Ондай ездер көлгерсіп.  
Бос сөзге құлақ түреді-ау,  
Бөсіп сөйлеп тым ерсіп.

Болғаннан соң іші тар,  
Ауырсынып мысықты.

Қайдан болсын сұмда ар,  
Көрсеткесін сұмдықты.

Пейілін жүрек тым ұқты,  
Көңілді тым жыққасын.  
Мысыққа болып тым мықты,  
Далаға тастап зытқасын.

Азаматтық көкейді,  
Жүрмегесін еш тесіп.  
Қамды қалай тым жейді,  
Жүргеннен соң тек бөсіп.

Іштей келем қынжылып,  
Назаланып ісіне.  
Адамдықты жүрмегесін еш қылып,  
Батырғасын тісін де.

Осындай іс болама,  
Адамдықты жоғалтқан.  
Ездікке көңіл толама,  
Жүрекке ісі тым батқан.

Көрсетсе де арсыздық,  
Қансыздық қып саспаған,  
Көрсеткесін қансыздық,  
Ісі де оңға баспаған.

Үйіме жеттім асығып,  
Барды салып аптығып.  
Жүргендей боп күш тасып,  
Ерлігіме мен басып.

Нар тәуекел еткесін,  
Құтқармақ боп мысық баласын.



Құтқаруға ой жеткесін,  
Көрсетпей істің шаласын.

Жіберіп ем жылы үйге,  
Дегесін тез жылынсын.  
Түспесін деп зар күйге,  
Ісімнің біліп дұрысын.

Жаудырғандай алғысты,  
Далада қалмай болып зар.  
Елемейтіндей еш қысты,  
Әлі кішкене мысықтар.

Естіп еді ата-анам,  
Болған жайттың барлығын.  
Төмен емес деп еді ой-санаң,  
Көрсетпегесін іштің тарлығын.

Адамдықты көрсетсең,  
Боласың деп кімнен кем.  
Адамдықпен шық деп көңілден,  
Беріп еді маған дем...

Биік болса ой-санаң,  
Қуантасың деп еді халқыңды.  
Риза болады деп ата-анаң,  
Адамдық сақтасаң қалпыңды.

Әкем менің тосылмай,  
Бол деді балам мейрімді.  
Бос сөздерге қосылмай,  
Бол деді және білімді.

Адамдықты көрсетіп,  
Меңгер деді ғылымды.

Жүрейін деді үлгі етіп,  
Мақтан етейін деді ұлымды.

Адамдықтан жүрме деді еш кетіп,  
Тектілікті тек сақтап.  
Биікке жүрсін деді қол жетіп,  
Зор сенімді тек ақтап.

Адам дейін деді әр кезде,  
Азамат деп ұлымды.  
Ғашық бол деді өмірге,  
Меңгере алып ғылымды.


Қалып еді бірақ мұңайып,  
Қансыздың көріп ездігін.  
Бағы жүрмесе де еш тайып,  
Көтергесін ер жүгін.

Адамдық ісімді құптады,  
Мейрімді бол балам деп.  
Азаматтық сөзді жұтпады,  
Қамды жүргесін әр кез жеп.

Мысықтарға қарады,  
Кішкене екен деп өздері.  
Баламыз деді жарады,  
Дұрыс деп айтқан сөздері.

Ұқсады деп жігітке.  
Көрсетті деп адамдық.  
Бой алдырмай ездікке,  
Басты деді қадам нық.

Аш болғасын сүт бердім,  
Дәу кесеге толтырып.



Тойғандығын жөн кердім,  
Келсемдағы болдырып.

Сыйлайтындай өзімді,  
Кетпегесін мен тастап.  
Тыңдайтындай сөзімді,  
Ерлікке жүрсін деп тек бастап.

Алғандай бәрі ес жиып,  
Жылынғасын денесі.  
Тыңдайтындай сөзді ұйып.  
Жиналғасын тез есі.

Ауыздан беріп, тек жырып,  
Көрсеткесін адамдық.  
Жүргесін тек іш бұрып,  
Көрсетпегесін надандық.


Сүтке тойып сезгендей,  
Соңымнан еш қалмады.  
Малтаны емес езгендей,  
Берген асты жалмады.

Көздерін жасқа малмады,  
Дәмді асты тек бергесін.  
Берекені еш алмады,  
Соңнан әр кез ергесін.

Болғаннан соң үй жылы,  
Пеш түбінде ұйықтады.  
Жөн көргендей тым мұны,  
Тышқанды да ұстады.

Нағыз ерге ұқсады,  
Мияулап еріп еркелеп.





Мейірімді сезіп бұқпады,  
Ас бергесін тым елеп.

Қарындары тек тойды  
Жүргесін жебеп, тек желеп,  
Тойғасын түзеп тым бойды,  
Бірін-бірі қуды өкшелеп.

Салды бәрі ойнақты,  
Пеш түбінде жылынып.  
Көрсеткендей қайратты,  
Қылықтарымен таң қылып.


Жасағасын жақсылық,  
Айтатындай алғысты.  
Көрсеткендей шат қылық,  
Елемей үйде еш қысты.

Тез арада-ақ оңалды,  
Өздерін тым күткесін.  
Асырды олар тым салды,  
Аулақ салмай іргесін.

Құтқарған сол шат күнді,  
Есіме жиі аламын.  
Шығарғасын тек үнді,  
Ұрпаққа ойды саламын.

Бала күнгі сол мейірімді,  
Алмасам деймін жоғалтып.  
Көрсетейік ақ пейілді,  
Ел болғанда таң атып.

Егеменді елдік деп,  
Жүрейік тек үн қатып.



Азаматтық ойға кеп,  
Адамдықты жүрейік ұнатып.

Аң мен құстың қамын да,  
Адамдық қып тек жейік.  
Ұмытпай Отан заңын да,  
Қорғау керек тек дейік.

Адамдық кетпесін еш бойдан,  
Мынау ғажап өмірде.  
Шығармайық мұны еш ойдан,  
Адам боп келгесін өмірге.

Көмек қолды созуды,  
Еш уақытта қоймайық.  
Биіктетіп көк туды,  
Адамдықты бойдан жоймайық!

### Рушыл бір ініге

О, інішек сен де өзі едің бе қу,  
Өзіңді мастандырып тым жастық бу.  
Отанды ойлап, бірлікті ойламайсың,  
Биіктесін демегесін бірлік пен ту.

Азаматқа жараспайды бөсіп есу,  
Бос орынсыз құрғақ сөзбен отты көсу.  
Азаматтық, адамдық көрсете алып,  
Азаматтық, адамдықпен керек өсу.

Бірлікті айтпай отырғаның руды айтып,  
Бұл түріңмен боласың текті қайтіп?  
Тым шаттанып отырған қандастарды,  
Бірлікті айтпай тастадың тым мұңайтып.

Азаматтық жүрмегесін ойды түйіп,  
Мандытасың қалай ғана Отан сүйіп?  
Екі аяғың салбырап түскен жандай,  
Халқыңа да кетті ғой тілің тиіп.

Тексіздікпен қалмады күлмегенің,  
Адамдықты ұят қой білмегенің.  
Отырыста өзіңе жараспады,  
Оң сөздерді құлаққа ілмегенің.

Тектіге де отырдың кінә тағып,  
Сөйлемей жүргеннің соң ауыз бағып.  
Надандықты көрсеттің отырыста,  
Бөсіп сөйлеп жүргесін кеуде қағып.


Адамдыққа жүргесін ойың жетпей,  
Надандық ой жүргесін ойдан кетпей.  
Сыйламай үлкенді де езеуредің,  
Қоя алмадың надандыққа тәнті етпей...

Надандықпенен сөйлемедің еш ойланып,  
Інім ғой деп жүргенде тым-ақ нанып.  
Әлем танып жатқан да Қазағыңды,  
Егеменді ел болғанда бағың жанып.

Нағыз ердің болады таза ары,  
Толғандырып жетім мен жесір зары.  
Тектілікпен ойлағасын ел бірлігін,  
Ел бірлігі толғантады асылдарды.

Адамдықпен басылып қадамдары,  
Бірлікті ойлап жүргесін салып барды.  
Ойы биік болғасын халқын сүйіп,  
Ұлт бірлігі болады ғой армандары.


Жүзге бөліп жаулар да пайдаланып,  
Байтақ жерге сан кірген тым сайланып.



Әкем Нұмұхамбет, шешем Күлсін, Әпкелерім Оңласын,  
Гүлбаршын, бауырларым Байтілеу, Нұртілеу



Ағам Избасар, жеңгем Зүлипа



Әпкем Гүлбаршын, жездем Майдан






Әпкем Гүлбаршын



Жұбайым Гүлнар






Соғыс ардагері, ағамыз Оразымбет



Қайын ағам Аман



Ағам Мұхиттың балалары:  
Толқын, Махмет, Мақсат, Мақсұт, Айгүл





Жеңгем Ажар, жұбайым Гүлнар, қарындасым Гүлжан, Толқын,  
Інім Алмас, Мұхтар, қызым Әдемі, Гүлжан



Ағам Ізбасардың балалары:  
Қызы Гүлназ, күйеу баласы Қанат, ұлы Алмас,  
келіні Гүлнар, ұлы Айдос, келіні Рахат



Інім Мажит, келінім Үкілі, жұбайым Гүлнар



Жұбайым Гүлнар, қыздарым Әдемі, Гүлжан  
Немерем Ерасыл






Күйеубалам Нұрсеит, үлкен қызым Әдемі.  
Немерелерім Олжас, Ердос, Айым, Ақниет, Адиля,





Күйеубалам Марат, қызым Айжан.


Немерелерім: Алихан, Каусар, Айтөре, Абай, Айкөркем



Ұлым Серік, келінім Сандуғаш  
немерелерім Ақбота, Ернұр, Ерасыл



Күйеубалам Аман, кенже қызым Гүлжан.  
Немерелерім Айсұлтан мен Айсана



Көз қызарып, байтақ жерге көзі тұнып,  
Қансыздықпен жүре алмай еш жайланып.

Қанға қанып жүрмеп пе еді көзі жанып,  
Ғажап бір жүргендей боп сырға қанып.  
Өзге елдің жеріне көзін сүзіп,  
Қорқаулықпен жүргесін сөзден танып.

Сан ғасырлар тимеді ме тасқа шеке,  
Небір ердің іштері толып кекке.  
Жауларын да аңдыған тым ұмытып,  
Жүз руға бөлініп бекер текке.

Бастарына тұрса да ажал төніп,  
Үлкендердің сөзіне жүрмей көніп.  
Бөлінгендік болмап па еді басқа пәле,  
Бірлікпенен жүрген де өсіп-өніп.

Абылай хан жарамап па еді біріктіріп,  
Жаулар шауып жүрген де дүрліктіріп.  
Біріктіріп жауларды қумап па еді,  
Бөлінгенді пайдаланып алған кіріп.

Хан сөзіне батыр ерлер құлақ түріп,  
Арқаны кеңге салып алмай жүріп.  
Асылдық пен тектілікті көрсете алған,  
Бірікпесек кетеміз деп сүттей іріп.

Біріккесін жауларына болмай мазақ,  
Ерліктерін көрсете алған әр кез қазақ.  
Батыр ерлер құған ғой тек жауларын,  
Жауларының болғасын түйсігі аз-ақ.

Біріккесін басқа тек қонғасын бақ,  
Қырағы боп болғасын әр кезде сақ.



Мәрттікпенен жауларын жөнге салған,  
Қалығына болғасын жүрегі ақ.

Қонақжай халық бар ма ер қазақтай,  
Арандаған жаулары мұны ұқпай.  
Байтақ жерден жауларын сан қуған ғой,  
Қымбаттығын Отанның еш ұмытпай.

Азаматтық жүргесін сөзді жұтпай,  
Біріккесін жүре алсын қайтіп ұтпай?  
Ер халқымды әлем де мойындады,  
Мүмкін емес жүрулері қадір тұтпай.

Тектілікпен көрмегесін сөзден тайып,  
Бөлінгенді даналықпен көріп айып.  
Бар әлемде жүргесін әр кез қолдап,  
Өсіп-өнді бұл күнде бұтақ жайып.

Егеменді ел болып қонғасын бақ,  
Бақ қонып ел болғасын болайық сақ.  
Ер халқымды бұл күнде әлем білді,  
Жүрегіміз болсыншы Отанға ақ!

### **Далам менің көрікті, көзді тартқан**

Ұлан байтақ далам қандай, жұпар иісі аңқыған,  
Көтеріліп көңіл де өзі көрген сәтте шалқыған.  
Жетелейді сан арманға көркіменен ғажайып,  
Қанат қағып, арман-қиял биігінде қалқыған.

Бұрала аққан бұлағынан ішкен жандар қанбаған,  
Қашан көрсең бұрала ағып бағытынан танбаған.  
Көрген сәтте тым ғажайып жазиралы даланы,  
Мүмкін емес жүректе өзі жанып, от боп жанбаған.





Ғанибет қой ұзақ уақыт көзді салып қараған,  
Серуендесең көркіменен шабыт беріп жараған.  
Сырнайлатып шалғыны да тал құрағы ырғалып,  
Биігінде күн де күліп, бойға нұры тараған.

Қыз-жігіті ерлік істеп, батылдыққа бара алған,  
Бәрін көріп ғанибет-ау адам болып жаралған.  
Далам менің ғажабымен тым өзінің көркімен,  
Ақындарды толғандырып ғажап ойды сала алған.

Мұң наладан жан біткендер серуендесе арылған,  
Құшақ ашып даламда өзі емес еш тарылған.  
Қараталдың ну талында бұлбұлдар да тым сайрап,  
Ақындардай жүрегімен тек ағынан жарылған.

Қашан көрсем дархан далам кең көсіліп жатады,  
Күні де өзі өзгешелеу нұрын шашып атады.  
Тірлігіне қамданғандай бар тіршілік оянып,  
Таң атты деп белгі беріп сан құстар үн қатады.

Жандар азау көркінен тым зор әсерді алмаған,  
Тым көрікті ғажап далам қараудан көз талмаған.  
Көтеріліп көңіл де өзі мұң-наладан арылып,  
Құдіретімен жанарларда мұң-налалар қалмаған.

Жүр ғой әне, қыз-жігіттер гүлден алқа тағынған,  
Гүлжазира кең даласын, Қараталын сағынған.  
Қол ұстасып шат болады, өздері тым мәз болып,  
Әміріне жүрегінің жастар ғой тым бағынған.

Тектілікпен тым сырласып, ақтарылған ағынан,  
Ұстай біліп тым өздерін емес ешбір қағынған.  
Таң атқасын бұл күндері егеменді ел болып,  
Өміріне болмағасын өздері еш шағынған.

Бақыт, шаттық тапқандай ғой ғажап, көркем даладан,  
Қараталға шомылып жүр мейман да келіп қаладан.

Көбелекті жүр ғой, эне, балалар да қуалап,  
Құтыла алмай көбелек жүр қуалаған баладан.

Барын салып қашып барады көбелек те жалбақтап,  
Жете алмай балалар жүр қуғанменен далбақтап.  
Күшіктері бірге қуып жүр ғой, эне, бір талмай,  
Көп жүгіріп шаршағандай тілі кеткен салақтап.

Түсіргендей өздері тым балалықты тым еске,  
Айналса да балалық шақ бұл күндері елеске.  
Бал дәуренге өте шыққан тым қызығып қарайсың,  
Балалық бал дәурен де тым қызықты емес пе?!


Бар тіршілік қарайтындай олар да тым қызықтап,  
Қуат алып даласынан тұрғандай кең тыныстап.  
Екі көзі толқында боп жағалауды жағалап,  
Қара сирақ кей балалар жүр ғой, эне, қармақ сап.

Қызығына бал дәуреннің балаларда түскендей,  
Жасыл жазын тым қызықты сағынышпен күткендей.  
Асыр салып ен далада асықты да тым атып,  
Қайта оралмас бал дәуренін тым мақтаныш еткендей.

Көбелекті тым қуалап естері де кеткендей,  
Шындап қуса көбелекке түрлері бар жеткендей.  
Кешке дейін жүгірседе түрлері жоқ шаршайтын,  
Щвейцария да болмайтындай туған өскен мекендей.

Перзенті боп бағынғандай табиғаттың заңына,  
Үмітпенен қарағасын әр кезде де тек таңына.  
Ен далада балалармен келседағы жарысқың,  
Қалдырады-ау жарысқанмен енді бізді шаңына.

Асыр салған қызығамын балалардың бағына,  
Тым тез өткен бал дәуренге қарағасын сағына.



Асыр салған дұрыс-ақ қой балалық тым жас шақта,  
Ержеткен соң мінер бір күн азамат боп тағына.

Далам менің тым ғажап-ау, бақыт, шаттық сыйлаған,  
Шабыттанып өзің барда емеспін ғой қиналған.  
Қыдырсам тек кәусар жұтып бақытты бір күйге енем,  
Ақыныңмын шабыт алып құдіретіңе иланған.

Ақыныңмын шабыт алып сүйуімді тыймаған,  
Нағыз ерлер туған жерін ешқашан да қимаған.  
Қараталын жүрғой жастар тым бағалап, жағалап,  
Күнге қарап тым шаттанып езулерін жимаған.

Сондықтан да дархан далам қарыздармын мен саған,  
Әр кезде де шабыт беріп жүргеннен соң тек маған.  
Азамат боп бұл күндері жүрмін ғой мен шат болып,  
Болмағасын кездерім еш жағадан тал қармаған.

Ақыныңмын шөлікесем бұлағыңнан тым қанған,  
Әсер алып көркіңнен тым жүрегімде тым жанған.  
Құстар ұшып тым көгіңде сылдыр қаққан бұлағың,  
Кең даламды құрметтеуден емеспін ғой еш танған.

Мұратыңның дархан далам өтті өзіңде жас шағы,  
Дегенменен бар екен-ау перзентіңнің тым бағы.  
Кәусарыңды жұтып қанып, шабыт алдым өзіңнен,  
Серуендейін, қыдырайын ертең келіп мен тағы.

Дархан далам, рухыңды еліме тек бере бер.  
Рух алып болайықшы әр кезде де нағыз ер.  
Нағыз ерлер қызмет етіп егеменді Отанға,  
Бұдандағы гүлденсінші тілерім сол байтақ жер!



### Қалдарбеков Бейбіт ініме арналады

О, інім сөйлей бергін жалтақтама,  
Кейбір кезде мінесем көңілге алма.  
Мың толғанып қалам алып жыр жазамын,  
Еріккеннен жазды деп ойлап қалма.

Болмасыншы арамызда інім өкпе,  
Ұстаз болып танылдың жалпы көпке.  
Аға болып өзіңе жыр арнасам,  
Артығырақ сөз айтты деп мені сөкпе.


Жүретін бар досқа да жауып жала,  
Тым жалақор болғасын іші ала.  
Әр ісіңе әр кезде ұқыптысың,  
Тектілікпен болмағасын ісің шала.

Азаматсың, емессің інім бала,  
Қараталмен көз тартады туған дала,  
Тастөбеңде сылдырлаған бұлақтар көп,  
Сылдырлайды суға толып сай мен сала.

Бағында тым сайрайды бұлбұл жырын,  
Туған жердің жырлайтындай ұғып сырын.  
Бозторғай да шырылдайды биігінде,  
Көрсететін сияқты ол да қырын.

Атырғандай ерлердің ерте күнін,  
Барды салып жүргесін қосып үнін.  
Арқаларын өмірде кеңге салған,  
Қарағанмен жүресің көрмей бірін.

Нағыз ерлер Отаным деп арпалысқан,  
Барды салып жүреді аямай жан.  
Нағыз ерге Отанның орны бөлек,  
Гүлдентсем деп дұрыс қой ат салысқан.



Қараталдың жағасында малдар қаптап,  
Малшылар жүр тұлаларын мініп баптап.  
Азаматтар биігінен көріне алып,  
Жүрмегесін бос бекер жерін таптап.

Ел сенімін жүргесін әр кез ақтап,  
Халқы да жүр емеспе ер деп мақтап?  
Көріне алып жүргесін биігінен,  
Азаматтық адамдықты жүр ғой сақтап.

Қараталдың ну орман ғой жағалауы,  
Көрген жанның бекер емес бағалауы.  
Тұлпарларын ерлері көкке орғытып,  
Бекер емес тұяқтарын тағалауы.


Інілердің дұрыс қой есен-сауы,  
Болмағасын ешкімдерге ешбір дауы,  
Қараталым ағып жатыр сылдыр қағып,  
Көзді тартып жайқалып бақша-бауы.

Ақындардың мүмкін емес жырламауы,  
Баладай жырын арнап шат болмауы.  
Шалғыны да жайқалып жағасында,  
Көңілдерге мүмкін емес тым толмауы.

Туған жер ғой жүректің де тым қалауы,  
Бекер емес Швейцарияға тек балауы.  
Биіктерге көтеріп рухтарды,  
Отанымның биіктеуде көк жалауы.

Көк туым мен туған жерім рух беріп,  
Шыңға қарап жүремін ғой кеуде керіп.  
Жүрегім де нұрланып гүлденгендей,  
Кең даламда өскесін гүлді теріп.

Туған жерде жүрміз ғой өсіп өніп,  
Кептер ұшып көрмегесін қауіп төніп.



Азаматтық адамдықты көрсете алып,  
Қиындыққа жүргеміз жоқ ешбір көніп.

Туған жердің бағасы тым қымбат қой,  
Азаматтық әр кезде салғсын ой.  
Туған жердің аялаған арқасын да,  
Тек ерлеп азамат боп түзедік бой.

Бейбіт інім, айтамын ғой толғанғасын,  
Аға болып сыйлағасын іні басын.  
Текті інім деп інілерін бағалайды,  
Адалынан жүргесін ішіп асын.

Адамдықтан жүрмегесін ешбір безіп,  
Іні болып жүресің ғой бәрін сезіп.  
Туған жердің арқасында шабыттанып,  
Қиял ойда жүргесін көкті кезіп.


Туған жерді көрмесең сағынасың,  
Бұйрығына жүректің бағынасың.  
Бірге жүрген қасындағы інілерге,  
Шетте жүрсең сағынып, шағынасың.

Толғанып сағынғаннан еске аласың,  
Шер тарқатсаң, серігіп тым қаласың.  
Туған жерді сағынып толғанғасын,  
Туған жерге арнап та ән саласың.

Тек түзу болғаннан соң көзқарасың,  
Азаматтық, адамдыққа тек барасың.  
Тым ғажап саф ауасын жұтып алып,  
Рухтанып жарыстарда топ жарасың.

О, інім туған жерге жер жете ме,  
Шетте жүрсең есіңнен бір кетеме?





Азаматқа туған жердің орны бөлек,  
Толғанбаса ақын ағаң жыр етеме?

Тез ұмытып туған жерде өнгендерін,  
Жүрген де бар сағынбай туған жерін.  
Туған жерге ат ізін де бір де салмай,  
Тапқанды да көріп жүрміз өз жөндерін.

Тез арада-ақ ұмытып өскендерін,  
Көріп жүрміз қулыққа көшкендерін.  
Бабасының бағаламай өскен жерін,  
Ұмытқасын маңдай терін төккендерін.

Ат ізін де жүргесін бір де салмай,  
Ездік ісін жүргесін көңілге алмай.  
Ұмытқасын туған жерді ездігінен,  
Қалай ғана көңілің жүрсін қалмай?

Еш сағынбай келгесін тек қонаққа,  
Туған жерде тигенмен аузы аққа.  
Ағайынды, туған жерді тез ұмытып,  
Аз күнгі мәз болғасын қонған баққа.

Ерлер де бар жүретұғын келіп кетіп,  
Адамдыққа жүретұғын тәнті етіп.  
Туған жерді шын жүрекпен сағынатын,  
Азаматтық, адамдыққа ойы жетіп.

Азамат деп жүресің ғой сосын нанып,  
Тастөбесін жүргесін бірден танып.  
Көңілі де тым қатты көтеріліп,  
Саф ауасын жүргесін жұтып қанып.

О, Бейбіт інім ризамын тектілерге,  
Даналығын көрсете алған естілерге.

Азамат деп қадірлеп құрметтеймін,  
Ат басын бұрып жүрсе туған жерге.

Сөзді қор қып қайтесің кейбір езге,  
Азаматтық қосылмайтын тілектерге.  
Азаматтар әр кезде өкпелі ғой,  
Кейбір ездер ермегесін нағыз ерге.

Сондықтан да азаматтар үн қатады,  
Үн қатпасаң қалайша таң атады.  
Егеменді ел болғанда бақыт қонып,  
Ақын ағаң қалайша тек жатады?

Ұстаз болып келесің Тастөбең де,  
Көріне алып азамат боп бұл өмірде.  
Ақындардай шабыт алып туған жерден,  
Шәкіртіңе ерлей бер дәріс бер де.

Азаматтық дұрыс қой ойға енде,  
Адамдықтан емессің ешбір кем де.  
Отаның ды гүлдентуге тек үлес қос,  
Бұтақ жайып бәйтеректей өсіп өн де.

Зор табысты жырлайын әркез менде,  
Мың толғанып шабытым тым келгенде.  
Аласыны ала біліп тек өмірден,  
Шыға біліп әр кезде көңілден де.

Тек білейік туған жердің біз бағасын,  
Інімсің ғой тыңдайтын тым ағасын.  
Шабыттанып өлең жазып толғанғанда,  
Жағалаймын Қараталдың мен жағасын.

Жағаласам көңілім менің шалқып,  
Қиял ойым жүреді ғой көкте қалқып.



Жал толқынның иісі қатты аңқып,  
Жұпарына жүреді ғой жүрек балқып.

Қалықтаған бағалаймын шағаласын,  
Көктеде тойғызатын тым баласын.  
Қараталдан жүзіп, сүңгіп еш кетпейтін,  
Үйректің де көремін көк аласын.

Қараталға білгесін көзқарасын,  
Көп нәрсенің айырғасын ақ-қарасын.  
Қараталдан дәмді асын тек тапқасын,  
Қалайша ерлігімен таң қылмасын?

Жүзіп сүңгіп жүреді ғой қуаласып,  
Өр толқында жүзгесін көңіл тасып.  
Өздерінің ерліктерін көрсеткендей,  
Қаратал арнасынан жатса да асып.

Өр толқын да көрмегесін ешбір жасып,  
Қорқақтық қып жүрмегесін ешбір сасып.  
Нуында бұлбұлдар да барды салып,  
Өнеріне жүргесін әр кез басып.

Көк құтанда ұшып-қонып, тым сорайып,  
Шабактарды іліп алып көрмей айып.  
Тастағын да сорайып тым олар да,  
Тұрмаса егер кететіндей бағы тайып.

О, Бейбіт інім біраз жасқа келді жасым,  
Өніп-өсіп домалады өрге тасым.  
Азамат боп туған жерді еш сатпаспын,  
Өзіңе аян қара жерге қаратпасым.

Азамат боп ездiктi жаратпаспын,  
Ездiкпенен бос сөздi таратпаспын.

Туған жерде жүргенде жоталанып,  
Аңғалдық қып ешқашан шоқ баспасын.

Пенделік қып болдым деп мен аспасын,  
Егделік келседағы алжаспасын.  
Қолдайтұғын жүрген де інілерім,  
Жоталанып әр кезде еш саспасын.

Туған жерге айнамайды көзқарасым,  
Арқасын да толып тұр ғой алдым да асым.  
Туған жерді жүрегіммен сүйгеннен соң,  
Тебіреніп мүмкін емес жырламасым.


Домалатып Қараталым өрге тасын,  
Шағала да тауып жүр ғой ерлеп асын.  
Қараталым ағады көкке шапшып,  
Таңдандырып жандардың үлкен жасын.

Өр толқыны жатады ғой шапшып көкке,  
Ерлігіне өрлігіне жоқ қой өкпе.  
Бар тіршілік шөлдесе сусындаған,  
Аян ғой бағасыда жалпы көпке.

Өрлігімен рух беріп ер жігітке.  
Шыңды алатын көбейеді мүмкіндік те.  
Тым шаттанып тынысты кең аласың,  
Азаматтық жеңілдеп міндет жүк те.

Көтеріліп одан сайын тым көңілде,  
Құштарлығың арта түсіп бұл өмірге.  
Түсінгенге туған жер өскен жерге,  
О, Бейбіт інім, не жетеді бұл өмірде?

Қымбатына ағаңның жетті көзі,  
Туған жерде шат болып әр кез өзі.



Туған жерді бағалап жүргеннен соң,  
Ағаңның айтатұғын көп қой сөзі.

Ұстаз болып көрсеттің табандылық,  
Азаматтық көрсете алып тек даналық.  
Мектепті де тым жақсы бітіргесін,  
Ұстаз болып көрсеттің адамшылық.

Қызыметті ете бер Отаныңа,  
Көзді салып ақ басты шыңдарыңа.  
Білім бергін әр кезде барды салып,  
Сүйенгесін тым таза тек арыңа.

О, Бейбіт інім, жете бер арманыңа,  
Еш мастанбай биіктерді алғаныңа.  
Барды салып шәкіртіңе дәріс беріп,  
Не жетеді адамдық ой салғаныңа!

Қараталың ағып жатыр асып тасып,  
Ерлігіне аққасын әр кез басып.  
Қараталды жағалап рух алда,  
Әр кезде де мәртебең жүрсін асып.

Шәкіртіңнің бола берсін көзі ашық,  
Жат қылықтан өмірдегі болып қашық.  
Талантты боп сан өнерге бейім болып,  
Азамат боп бұл өмірге болсын ғашық.

Інілері көрсеткесін жақсы қырын,  
Толғанады ағаң саған ашып сырын,  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір қашып,  
Жыр жазады інісіне арнап жырын.

О, Бейбіт інім, риза ғой Мұрат ағаң,  
Төмендемей жүрсінші әр кез бағаң.



Бұтақ жайып туған жерде тек өсе бер,  
Бақытты боп, сау болып бала шағаң.

Ер Қазағың ерлігімен таң қылғанда,  
Ерлеймін деп тұршы тек әрбір таңда.  
Азаматтық адамдықты көрсетейік,  
Қазақстан бар әлемге танылған да.

### Қызықты жаз айы

Уа, неткен қызықты едің жаз айы,  
Көкірек керіп қараймын мен маңайды.  
Биік өскен көк шалғының көз тартып,  
Сұқтандырып қақтырады таңдайды.

Ғажабыңа кімдер өзі нанбайды,  
Қарағанмен құмар, шіркін, қанбайды.  
Көзді тартып ғажаптықтан танбайсың,  
Көрген сәтте ақ жүрек қалай жанбайды?

Бар тіршілік көзді қалай салмайды,  
Қарағанмен жанар да өзі талмайды,  
Мекендеген мұң біткендер жанарды,  
Бір қарасақ жұрнағы да қалмайды.

Нағыз ерлер шыңды қалай алмайды.  
Маңдайларын терге қалай малмайды,  
Спортшылар рух беріп тұрғасын,  
Жарыстар да алдыға жан салмайды.

Азаматтық ойды қалай шолмайды,  
Қалай ғана шат-шадыман болмайды?  
Ғажап жазын жүрегімен сүйгесін,  
Көңіліне қалай жазы толмайды.



Көк шалғынның иісі жұпар аңқиды,  
Жұтқаннан соң жүрек те өзі балқиды,  
Жүрегімен жасыл жазын сүйгесін,  
Көтеріліп көңіл де тым шалқиды.

Қараталда жастар да жүр шомылып,  
Жаз шыққасын, ысығасын күн жылып.  
Барды салып жал толқын да малтиды,  
Биік жардан секіргесін таң қылып.

Сушылар да жүр ғой әне су салып,  
Биіктерді жүргеннен соң тек алып.  
Отаным деп түргеннен соң білекті,  
Еккен өнім тұр ғой әне ырғалып.

Тым алыстан көзді тартып байқалып,  
Тұрғаннан соң егістігі жайқалып.  
Кетпендері күн нұрымен жарқылдап,  
Көрген жандар жүр ғой әне таң қалып.

Малшылар да құрықтарын сүйретіп,  
Ерліктерін жүргеннен соң үлгі етіп.  
Мал қайырып жүр ғой әне шат болып,  
Зор табысқа жүргеннен соң қол жетіп.

Естіледі құстардың да тым жыры,  
Жырларынан білінгесін сан қыры.  
Бұлбұл құста барды салып тым жырлап,  
Білінгендей жүректегі бар сыры.

Бозторғай да көз ұшында бұлдырап,  
Кейбір кезде төмен қарай құлдырап.  
Барды салып жүргеннен соң жыр құрап,  
Биігін де жүр ғой әне жыр жырлап.

Баурап алып жырыменен жүректі,  
Биігінде білдіргендей ақ тілекті.

Барды салып бол дейтіндей тым текті,  
Білек түріп сүй дейтіндей еңбекті.

Қызғалдақ та көзді тартып алаулап,  
Кең далада өскеннен соң тым қаулап,  
Одан сайын түрлендіріп даланы,  
Тұр ғой әне жүректерді тым жаулап.

Бал арада гүлдерге кеп жабысып,  
Жүргеннен соң тез арада-ақ табысып.  
Түніменен таңды күтіп жатқасын,  
Қалғандай боп тым қарыны қабысып.


Гүлді сорып жүргеннен соң бағы асып,  
Жүргендей-ақ ерлігіне тым басып.  
Қоймай жұтып жүргеннен соң шырынды,  
Күштері де жүргендей ғой тым тасып.

Көңіліне гүл шырыны толғасын,  
Барды салып тым шырынды сорғасын.  
Сорып алып ұшып кетіп барады,  
Гүл шырыны өте дәмді болғасын.

Білгеннен соң шырындардың тым дәмін,  
Даланың да келтіргесін тым сәнін.  
Көз қызарып гүлді сорып жүргесін,  
Өмірдің де түсінгендей тым мәнін.

Биік өскен шалғын да сәл теңселіп,  
Тал құрақпен тұрғой бірге тербеліп,  
Ғажап сазды шығарып тым дыбысты,  
Шабытың да тұрғандай ғой тым келіп.

Қиял ойдың жетегіне тым еріп,  
Жүргенменен тым сабырды ескеріп.



Жоғалтқандай тұрмын ғой мен теңдікті,  
Тұрғаннан соң рухты да тым беріп.

Ауыр ойды жүрсемдағы еңсеріп,  
Кеудемді де жүрмесем де еш керіп,  
Сақтай алып жүрсемдағы сабырды,  
Адамдықтан жүрмесем де өзгеріп.

Уа, жазым, көрсете бер кеңдікті,  
Рух алып сақтаймын мен теңдікті.  
Қалам алып жүргеннен соң жыр жазып,  
Шабыттанып ойлайын тек елдікті.

Даналықпен ойлайын тек бірлікті,  
Азаматтық көрсете алып тірлікті  
Барды салып ойлайын тым Отанды,  
Елдігім деп көрсете алып ірілікті.

Уа, жазым, құштар қылдың өмірге,  
Түрлі құстар қанат қағып көгіңде.  
Азаматтық ой түйдіріп жүргесін,  
Үміт отын ұялаттың көңілге.

Ғажабыңа жүргесін тек нандырып,  
Жүректерді жүргесін тек жандырып.  
Сылдыр қағып бал-бұлағың аққасын,  
Сусынды да жүргесін тек қандырып.

Өзгешелеу атқасын да тек таңың,  
Гүлденгендей боладығой тым маңым.  
Көркіңменен толғантқасын тебірентіп,  
Ұлғайды ғой, одан сайын арманым.

Қақтыра бер таңдайларды көркіңмен,  
Азаматтық ой түйдіріп өмірден.

Рух беріп құдіретіңмен өзіңнің,  
Шыға берші тек осылай көңілден.

Азаматтық ойды әр кез түйейін,  
Халқымды, Отанымды сүйейін.  
Құдіретіңмен гүлдендірдің жүректі,  
Рухтанып басымды тек иейін.

Жасыл жазым, бағаңды мен білемін,  
Білгеннен соң көзіме тым ілемін.  
Күнім де өзі тұрғаннан соң жарқырап,  
Мәз болып баладай шат күлемін.


Отаным деп білегімді түремін,  
Барды салып гүлдентіп тек жүремін.  
Азамат боп ойлағасын халқымды,  
Адамдықпен өмірді тек сүремін.

Уа, жазым ұлы істерге сайланып,  
Жүрмегесін бағымыз еш байланып.  
Отанымды гүлдентуге тырысып,  
Ел болғанда жүрмейін еш жайланып.

Қатардан да жүрмегесін еш қалып,  
Құдіретіңе жүремінғой иланып.  
Уа, жазым құлпырта бер даламды,  
Биік шыңды жүрейінші тек алып!

### Бір құдашаға

О, құдаша өзіңді адам десем,  
Аға болып үлкен боп қамды жесем.  
Кеуде қаққан өзің тым бөспе екенсің,  
Сақтағасын үлкендікті кетті есем.



Түскендей-ақ салбырап өзің көктен,  
Емес едім жат қылықты сенен күткен.  
Құдаша боп бет жүзге қарамадың,  
Адамдықтан кетіпсің мүлдем тіптен.

Тым мастанып сөйлейсің кеуде қағып,  
Ауызданда жүргесін бәле бағып.  
Жас кезіңде емес едің беттен алған,  
Көргенсіздік көрсеттің тілмен шағып.

Үлкендерді жарамайды сыйламаған,  
Сөздеріне үлкеннің иланбаған.  
Кіші болып ізетті көрсете алмай,  
Жарамайды құдашаға ұялмаған.

Тексіз адам жат қылықты тыя алмаған,  
Ортасына сондықтан сыя алмаған.  
Азаматтық адамдықты сақтағасын,  
Ағаң едім, көңіліңді қия алмаған.

Ағаңа тым шаптықтың кегің бардай,  
Су айналмас ішегіңе ішің тардай.  
Ес білмейтін бұрынғыдай бала емессің,  
Ұл-қызыңа ана болдың сенде дардай.

О, құдаша сияқтысың екі жүзді,  
Сен деп сөйлеп үлкенге де қойып сізді.  
Шет елдердің жат қылығын дұрыс көріп,  
Үлгі қылып жүргендейсің көргенсізді.

Адамдықты сияқтысың ұмытқандай,  
Дегендей боп адамдықта жұмыс қандай?  
Ақсақалдар үлкендік сөзін айтса,  
Тыңдамайсың көктен бір түскен жандай.

Адамдықты емессің еш ұққандай,  
Тексіздерді өмірдегі пір тұтқандай.

Ата-анасын шырылдатып еш сыйламай,  
Сөздерін де жүргесін тек жұтқандай.

Тексіздікті көресің тым мақтандай,  
Жүрегіңе емес қой еш батқандай.  
Салт-дәстүрді, тым қымбат ана тілді,  
Арсыздық қып жүргесін ұмытқандай.

Аға болып өзіңнен үміт күтсем,  
Жан екенсің, құдаша, ақылың кем.  
Егеменді, елдікті ойлап халқым деген,  
Мың толғанған күніне мен ағаң ем...


О, құдаша кемшілікті түзеші сен,  
Адамдықпен ой түйіп бұл өмірден.  
Құдашамыз ақылды тым ізетті деп,  
Аға болып жүрейін шаттанып мен.

Құдашам түзеледі деп үміт күтем,  
Бұл өмірде дегесін кімдерден кем.  
Шындықты айтып, мінеді деп көңілге алма,  
Аға болып түзеймін деп сәл мінесем.

О, құдаша емес ең мұндай бұрын,  
Мастанып көтермеуші едің көкке мұрын.  
Өзіңнен жат қылықты күтпеп едім,  
Ойлаушы едім көрсетеді деп жақсы қырын.

Менмендігің бұл күнде білінгендей,  
Ештеме де емес еді бүлінгендей.  
Қызбалық, бейшаралық қылықпенен,  
Сияқтысың көзгеде тым ілінгендей.

Сасқанымнан қалдым ғой дым үндемей,  
Алғаннан соң бетімнен «ағам» демей.



Әйел болып бетің тым ашылғандай,  
Беттен алдың, құдашалық ойға келмей.

Көрсетіп келемін ғой әр кез төзім,  
Кеуде қаққан жетіп жатыр дейтін өзім.  
Шет елдерден дәріс алып бұзылғанды,  
Жүр ғой өзі бұл күнде көріп көзім.

Бәрін көріп, ағаңда өзі қиналғандай,  
Көп жайларға жүргенмен иланғандай.  
Бас салбырап кей кезде жүремін ғой,  
О дүниеге егделік кеп жиналғандай.

Достығы да кей пенденің тым жалғандай,  
Бәрін көріп көңілде өзі тым қалғандай.  
Іштарлық қып жүргесін, күндестік қып,  
Пенделік қып бірін-бірі тым шалғандай...

Беттен алып, кей жастар да қағынғандай,  
Үлкенге де емес қой бағынғандай.  
Түзелсін деп үлкендер сөгіп ұрсса,  
Ұялудың орнына шағынғандай.

Желге ұшып жасаған жақсылығым,  
Кейбір жастар көрсеткесін жат қылығын.  
Адамдықты көрсетсем де адам санап,  
Азаматтық ұнамай кей қылығым.

Жұмыр басты болғанмен біз де пенде,  
Адамдықтан емеспіз ешбір кем де.  
Тектілікпен үлкенді тыңдадағы,  
Адамдықты көрсетіп жүрші сен де.

Ақын болып түскесін түзу жолға,  
Қарап алып тым жіті оң мен солға.



Жүргеннен соң күніне мың толғанып,  
Қаламымды аламын жиі қолға.

О, құдаша лайық бол адам атқа,  
Адамдықты көрсетіп дос пен жатқа.  
Адам болып бұл дүниге келгеннен соң,  
Тек жақсылық істейік адамзатқа.

Алдыға қойғаннан соң үлкен мақсат,  
Азаматтық адамдық ат әр кез қымбат.  
Егеменді ел болғасын бұл күндері,  
Азаматтық адамдық тек үнді қат.


О, құдаша ұнасын әркез ісің,  
Момындарға батпасын ешбір тісің.  
Үлкенге де, кішіге де мейірімді бол,  
Тектілікпен болсыншы жылы түсің.

Төмен емес еш баған, білімдісің,  
Біле білсең, білімдінің сен бірісің.  
Үлкен сыйлап көрсетші жақсы мінез,  
Азаматтық адамдықпен тек ірісің.

Жақсы адамда болмайды ешбір жаттық,  
Қысқа ойлау – адамға ақымақтық.  
Ақын болып мың толғанып жүргеннен соң,  
Отаныма керек қой әр кез ақтық.

Егеменді елдікке керек сақтық,  
Аңғалдықтың әуселесін талай таттық.  
Әр кездеде шындықты айтамын ғой,  
Дей алмаймын бос бекер кінә тақтық.

Азаматтық, адамдықты мүлдем сырып,  
Ағайынды жүретін бар шағыстырып.



Ағайынның бірлігін құртпақ болып,  
Отты тастап жүретін бар қағыстырып.

Дұшпандардың сөзіне сеніп қалып,  
Білмегесін жүргендерін әр кез шалып.  
Ағайынның арасына сызат түсіп,  
Өшігіп жүретін бар көңілге алып.

Наразылық болмайды ғой бекер жайдан,  
Ашу-ыза шығады онда қайдан?  
Іші тар, күншілдерге ұнайдығой,  
Ағайынның арасында ашса майдан.

О, құдаша пендеде бар қаны қара,  
Жүректерге жүретін салып жара.  
Ағайынның арасына от салғасын,  
Содан да ғой жүретіні суып ара.

Кей пенденің болғасын іші ала,  
Тектіге де жүретін бар жауып жала.  
Азаматтық, адамдықты білмегесін,  
Надандықпен болғасын ісі шала.

Құдаша жоғалмасын адамдығың,  
Естілікпен көрінбей надандығың.  
Даналық қып, әр кезде халқыңды ойла,  
Тым қымбат қой еліңе амандығың.

Елдіктің көтерейік бірге жүгін,  
Көрсете алып тек ерлеп жүрек түгін.  
Отанды ойлап әр кезде тебіренгесін,  
Толғанып отыр өзі ағаң бүгін.

Өтермін бұл өмірден менде бір күн,  
Періште емен, бар шығар менде де мін.  
О, құдашам жасырмай шындықты айтам,  
Шықсыншы азаматтық тек жарқын үн.

## Жанардағы мұң

Жанардағы мұңды көрсем, жұбатқым кеп тұрады,  
Торлағандай бір қара бұлт бүйрек, шіркін, бұрады.  
Жанардағы мұң далалар шашты да тез ағартып,  
Шаттанып тым қалай ғана сауық сайран құрады...

Өмірдегі мұң біткеннің жанарларма еді тұрағы,  
Бұраудың да болады ғой бұл өмірде сұрағы.  
Шыңдарды да құдіретімен қаз қалпында көрсеткен,  
Тіршіліктің жанар біткен емес пе өзі шырағы!


Жанарымен бар тіршілік емес пе өзі қырағы,  
Тым қымбат қой сондықтан да қарасы мен тым ағы.  
Мұң көзбенен табиғатты қарау да өзі азап қой,  
Қарысқандай қарағасын еш ашылмай тым жағы.

Адамзаттың жанар барда емес пе өзі шын бағы,  
Бәрін көріп өтсінші өзі бақытты боп бар шағы.  
Жанар біткен жүрсе екен, ешбір мұңсыз жарқылдап,  
Жанарларда болмаса екен, мұң-наланың жұрнағы.

Жанар барда бізге аян ғой өмірдің де сан сыры,  
Құдіретімен көрінгесін көзді салсаң бар қыры.  
Бұтағына қонып алып сайрағасын бұлбұл да,  
Көзбен көріп, естілгесін құлағыңа ән-жыры.

Қос жанарды мұңды етсе де өмірдің кей сынағы,  
Мұң басса да сынбаса екен жан біткеннің еш сағы.  
Табиғаттың тіршіліктің ғажаптарын тек көріп,  
Тек биіктеп төмендемей жүрсе екен еш тағы.

Табиғаттың ғажабына жүрейікші таңырқап,  
Жанарға мұң ұялатып жүрмейікші жабырқап.  
Шаш та өзі ағармасын мезгілсіз тым ертерек,  
Жанар барда жүрейікші, күндей күліп жарқырап.



Мұң-наласыз жүру де өзі түсінгенге қандай бақ,  
Бос нәрсені көңілге алмай жүрейікші болып сақ.  
Ауыр салмақ түсірмейік жүрекке де ешқашан,  
Біздің баққа тым жарқын деп келешек пен болашақ.

Жанарлардан жүрейікші ұға алып сырларды,  
Тыңдайықшы ормандағы бұлбұл салған жырларды.  
Неткен бақыт мұң басса да жанар барда тым өмір,  
Тым шаттанып серуендесең шыңға қарап қырларды.

Құпия сыр тұнып тұр ғой зер салсаңыз жанарда,  
Отаным деп болғаннан соң бұл өмір де таза арда.  
Барды салып гүлдентейік, елдігім деп Отанды,  
Бұл өмірде тым жалындап жүректе өзі от барда.

Мұң наланы ұялатып жүрмейікші жанарға,  
Сүйенгесін азамат боп әр кезде де таза арға.  
Көтеріңкі көңілменен Отаным деп жүрейік,  
Алғаннан соң осы жағын әр кезде де назарға.

Мұң наласыз жүру де өзі түсінгенге бақ қандай,  
Тым бұралып бұлақтарда көзді тартып аққандай.  
Орман, талда көк шалғында самалменен тербеліп,  
Шабыт беріп жан біткенге құлаққа тым жаққандай.

Табиғатта көркіменен қақтырады таңдайды,  
Жарқыратып тастайды ғой тез арада-ақ маңдайды.  
Жұпар атқан ауасында қанып, жұтып армансыз,  
Көкірек кере қараймын мен рухтанып маңайды.

Ел болғанда жарамайды жанарларды мұң басқан,  
Елдігім деп түзу жолдан болмағасын адасқан.  
Талпынумен шыңдарды да барды салып біз алдық,  
Көре алып шыңдарды да емеспіз ғой еш сасқан.

Бұл ғұмырда өтседағы түрлі жайлар сан бастан,  
Орман-тауды көріп өстік арқанда тек біз жастан.

Жалындатып жүректі де шыңды алуға талпынттың,  
Арқанда біз бәрін көріп келеміз ғой саспастан.

Ақынмын ғой елдігім деп шыңға биік қараған,  
Қазағымның аты әлемге бұл күндері тараған.  
Елдігім деп, ұрпағым деп, жыр жазамын толғанып,  
Ерлегенім қажетіне жырым болса жараған.

Арқанда тек жан біткендер ұлы істерді атқарған,  
Білек түріп барды салып әр кезде де топ жарған.  
Ер халқым барды салып шыңды биік алғасын,  
Оттай жанып жанарлары ерлік іске тек барған.

Ақынмын ғой шабыттанып биік шыңға көз салған,  
Көріп алып жанарменен биіктерді тек алған,  
О, жанарларлар мұң-наласыз жүріңдерші жарқылдап,  
Ақынмын ғой жанарларға амандықты қалаған.

Тілерім сол жанарлар да болмасыншы мұң-нала,  
Отанды ойлап болмағасын ешқашан да іш ала.  
Бұлбұл сайрап құйқылжытып орманым мен нуым да,  
Тым құлпырып, гүлденсінші, ұлан байтақ, кең дала!

Асып-тасып, суға толсын көк шалғынды сай сала,  
Егеменді елдігім деп болмағасын іс шала.  
Отанымды әлем білді бұл күндері көз салып,  
Астанадай бой көтерсін кең далам да, сан қала!

Сақтанғасын Отаным деп кейбір іші аладан,  
Басымызда аман болсын бәле менен жаладан.  
Қызғалдақтар тұрсыншы тек көзді тартып алаулап,  
Рух алып жүрейкші ұлан байтақ даладан!

Асқар тауды көріп әр кез өзенді аққан сарқырап,  
Елдігіміз тым гүлденсін көзді тартып атырап.  
Аман сау бол, ие болып көру деген бақытқа,  
Мұң наласыз жанар біткен жүрсінші тек жарқырап!

## Шабыт келіп есігімді қаққандай...

Шабыт келіп тереземді қаққандай,  
Ақындарға пейілі де ақ қандай.  
Белгі беріп есікті де қаққасын.  
Шабыттанып жыр жазуда бақ қандай!

Ақындар да жыр жазатын сақ қандай,  
Енжарлықтың көп зиянын татқандай.  
Қалам алып менде өзі толғанып  
Жыр жазамын жүрегіме жаққандай...

Жыр жазғасын таңым да ерте атқандай,  
Жүргеннен соң халқыма үн қатқандай.  
Қызықтырып одан сайын өмірге,  
Іссіз қамсыз мен де емеспін жатқандай.

Шабыт келіп мазалайды жанымды,  
Жаз дегендей жақсы жырлар нанымды.  
Толғандырып, шабыт беріп, ой салып,  
Азаматтық көрсете ал деп танымды.

Одан сайын жарқыратып таңымды,  
Гүлдендіріп түлдендіріп маңымды.  
Білек түріп қаламымды қолға алам,  
Сыйлай біліп жүргесін де заңымды.

Қыздырғасын шабыт келіп қанымды,  
Баурағасын жүрегім мен жанымды.  
Барды салып жырымды мен жазамын,  
Кешігіп қап соқпайын деп санымды.

Азаматтық ой билеп тек санамды,  
Тым бақытты түсінгесін заманды.  
Егемендік көзді тез-ақ ашқасын,  
Айырғасын жақсы менен жаманды.

Көрсетпек боп жырды жазып адамды,  
Азаматтық жасаймын мен қадамды.  
Өркениеті елдерге тез жетпек боп,  
Ақын болып жасамақ боп тек қамды.

Сондықтан да жаз дегендей жырыңды,  
Жаз дегендей жүректегі сырыңды.  
Үлесінді ұлы елдікке қосып бір,  
Азаматтық көрсет дейді қырыңды.

Жаз дегендей жүректегі шыныңды,  
Азаматтық айта біл деп сыныңды.  
Міней біл деп өмірдегі жат жайды,  
Шындықты айту түсірмес деп құныңды.


Жазған жырың болсын дейді маңызды,  
Оқырмандар түсінсін деп жаныңды.  
Азамат боп тек шындықты жырла деп,  
Пайдасы аз жырлама деп аңызды.

Еш қалғымау керек дейді ақындар,  
Тектілікпен сақталғасын бойдағы ар.  
Шабытта өзі белгісін тек бергендей,  
Жырла дейді кезінде бұл жалындар.

Биік шынды дегесін тек алындар,  
Отаным деп дейді барды салындар.  
Барды салып білекті тек түргесін,  
Маңдайды да дейді терге малындар.

Болсын дейді әр кезде де таза ар,  
Халқыңды ойлап болмағасын ішің тар.  
Қалам алып, жыр жаз дейді толғанып,  
Кезінде бұл күш-қуатың бойда бар.

Ақын болып салайыншы барымды,  
Отаным деп қаламгер боп қарымды.



Ұлы елдікке үлес қосу бақ қандай,  
Жыр жазайын таза ұстап арымды.

Азамат боп ойлағасын елдікті,  
Білек түріп етейін тек ерлікті.  
Елдігім деп көрсеткесін тірлікті,  
Отаным деп ойлайын тек бірлікті!

### Кішкене екі көжек

Асырадым көжекті,  
Ерлік іске мен бастап.  
Қалағасын еңбекті,  
Шыңға көзді тек тастап.

Жақтағасын өжетті,  
Жүрмегесін ыржақтап.  
Болайын деп тым текті,  
Құрбыны жүрмей сықақтап.

Азамат деп тек ер деп,  
Тектіні жүргесін тек жақтап.  
Азаматтық ойға кеп,  
Сенімді жүргесін тек ақтап.

Ұнамағасын еріншек,  
Жатпағасын көп ұйықтап.  
Жалқаулықты көріп жек,  
Жүрмегесін үлгіні ап.

Көк көжегім ерледі,  
Өскесін тек көжектеп.  
Сүтін жиі тек берді,  
Көжегінің қамын жеп.



Бауырдан жұлып түбітін,  
Қойыпты орап көжегін.  
Суық болғасын әлі күн,  
Сүйсіндім көріп еңбегін.

Көрсеткендей тым ерді,  
Көжектегесін тек ерлеп.  
Есейіп өзі өзгерді,  
Өсіп-өну ойға кеп.

Жәшіктен ұя мен жасап,  
Шылап тұрып жем бердім.  
Жемді жеді тек асап,  
Тойғандығын жөн көрдім.


Сорайып тым құлағы,  
Құлақ түрді сыбдырға.  
Ашылғандай тек бағы,  
Қаныққандай тым сырға.

Еденді теуіп елеңдеп,  
Көрсетті кейде тым сесін,  
Жүргендей ерлік ойға кеп,  
Ерлік іс алып тым есін.

Жалындайтын жасқа да,  
Тым өздері келгесін.  
Қауіп төнгесін басқа да,  
Жыртқыштар барын білгесін.

Тез арада-ақ ет алып,  
Тойынғасын жемді жеп.  
Салған жемге көз салып,  
Жүргендей жемін дәмді деп.

Ыдысын күнде тексердім,  
Толтырып жемді бергесін.



Амандығын ескердім,  
Оң сөзге әр кез ергесін.

Көжектерім де түк қоймай,  
Ашқарақтығын көрсетті.  
Жеседағы еш тоймай,  
Қомағайлығын тек етті.

Тойғаннан соң керілді,  
Еткендей боп міндетті.  
Ұйқыға тым берілді,  
Көзі ілініп тез кетті.

Жыбырлатып ерінді,  
Тым керіліп жатып ап.  
Жат қылықтан жерінді,  
Тектілікке әр кез сап.

Жоңышқаны да ұнатты,  
Оны да жеп сүйсініп.  
Қысқа өмірді қымбатты,  
Сезе біліп түйсініп.

Күн көзі түссе сүйсінді,  
Қыздырынды жата қап.  
Жақсы болғасын тым күйі,  
Күннен де әр кез қуат ап.

Өмірді біліп қымбатты,  
Тектілігін білдірді.  
Тойып алып тек жатты,  
Қыздырынып көзді ілдірді.

Атып тұрды орнынан,  
Құлақ түріп сыбдырға.

Болғаннан соң тәтті жан,  
Қашпақ болып тек қырға.

Шошынғандай түсінен,  
Сақтығын тек көрсетті.  
Еш қызармай ісінен,  
Сақтығына тәнті етті.

Секемденіп тек жүрді,  
Қауіп барын сезгендей.  
Сыбдырға құлақ тым түрді,  
Болмағасын жаннан безгендей.

Капуста да тым ұнады,  
Түгін қоймай тек салсаң.  
Барды салып шындады,  
Сабағы қалды тек алсаң.

Көңілге оны еш алмай,  
Қомағайланып жегесін.  
Қояндығы еш қалмай,  
Мен қоянмын дегесін.

Тойып жесе қуандым,  
Күнге қарап шат болып.  
Шаттықтарын құп алдым,  
Іштері жүрсе тым толып.

Қалса егер жем бітіп,  
Тағы да әкеп тек салдым.  
Жемін беріп тек күтіп,  
Күтімідеп қолға алдым.

Алдыға мақсат қойғасын,  
Маңдайды терге тек малдым.



Жем-шөпке жақсы тойғасын,  
Тез өсті көжек таң қалдым.

Ұяға жәшік үйренді,  
Су мен жемді бергесін.  
Тым шаттықты күйге енді,  
Жинағандай тез есін.

Қамқорлықты білгесін,  
Жем әкесең жақындап.  
Өздерін көзге ілгесін,  
Салған жемге көзді сап.

Сөйлемедім мен қатты,  
Алмайын деп үркітіп.  
Сақтап адам тек атты,  
Асырадым мен күтіп.

Су да құйдым ыдысқа,  
Шөлдегенде ішсін деп.  
Шығардым кейде мен тысқа,  
Жүргенмен сақтық ойға кеп.

Жүрсе де иттер қаптаған,  
Көжектерді тым аңдып.  
Бақша-бауды да таптаған,  
Жүргесін күнде тек қаңғып.

Жейтін асын тек іздеп,  
Сұқтанып тым жүргесін.  
Кеуде қағып тым біздеп,  
Құсқа да ұшқан үргесін.

Жейтін асын өзінің,  
Иісінен тым білгесін.

Жанатынын біліп көзінің,  
Көрсеткесін тек сесін.

Қоян етінің дәмдісін,  
Қалай ғана білмесін?  
Жинай алмай еш есін,  
Білсе де істің ерсісін.

Мысықтар да жағалап,  
Жүріп еді тым торып.  
Жүргендей-ақ бағалап,  
Жүргендей-ақ тек қорып.

Көзді сүзіп мысық та,  
Көрсек құлақ тым тікті.  
Болғанмен құлақ тым қысқа,  
Ішке сырын тек бүкті.

Торығанын білдіртпей,  
Қулығына тым салып.  
Тышқан да оңай ілдіртпей,  
Жүргесін көңіл тым қалып.

Жүргесін еш іс бітпей,  
Көңіліне тым алып.  
Жүрмейін деп күлдіртпей,  
Ауызды қанға тек малып.

Қаңғыбас иттер де қағынып,  
Қызыл тілі салақтап.  
Тәтті етті сағынып,  
Жүріп еді жалақтап.

Қарындары ашқасын,  
Көжектерге қарап сұқтанып.



Таяқты көрсе қашқасын,  
Ұрады ма деп сақтанып.

Көрген жанға үргесін,  
Ерлігіне тым салып.  
Таяқ жерін білгесін,  
Көңілдері тым қалып.

Шақырғандай қонаққа,  
Шүйіліп еді қырғи да.  
Мастанғандай тым баққа,  
Ілгеннен соң ылғи да.

Көрсө торғай тығылып,  
Өзінен тек жүргесін.  
Жүндері де жығылып,  
Аулақ ұстағасын іргесін.

Аңдығасын ерінбей,  
Жыртқыштықпен барды сап.  
Қорқаулықтан жерінбей,  
Жегеннен соң боршалап.

Түсі кеткен сұстанып,  
Жыртқыштығын көрсетіп.  
Екі көзі тым жанып,  
Көргесін есі тым кетіп.

Жүргесін әлі тек жетіп,  
Әкеткесін тек іліп.  
Ілгенін мақтан тым етіп,  
Жыртқыштығын тым біліп.

Қырғилықпен күш тасып,  
Бермегесін еш маза.

Көрмегесін еш жасып,  
Алмағасын еш жаза.

Ұяға қырғи жабысты,  
Жыртқыштық ойды түйгесін.  
Ұямен тез-ақ табысты,  
Дәмді етті сүйгесін.

Темір торға тұмсығын,  
Сұққанменен өтпеді.  
Көрсеткенмен сұмдығын,  
Шоқуға тұмсық жетпеді.


Өзін ерге тым балап,  
Қырғилық үнді қатқанмен.  
Дәмді етті тек қалап,  
Тұяғы тек батқанмен.

Көрген сәтте көз жанып,  
Дәмді етті татқанмен.  
Жүргесін қанға тым қанып,  
Қырғилықпен таңы атқанмен.

Мені көріп тым састы,  
Ұрмаққа белді буғасын.  
Ойлап еді тек басты,  
Таяқты алып қуғасын.

Ұяға жүрдім жолатпай,  
Күнді қалап шаттықты.  
Шүйілуге еш батпай,  
Ойлайтындай сақтықты.

Жапалақ та жеткендей,  
Таяқты алып қусамда.



Нар тәуекел еткендей,  
Ерлікке белді бусамда.

Тап-тап беріп ұяға,  
Жапалақтығын көрсетті.  
Салғандай көзді қияға,  
Көжекті көріп ес кетті.

Қанатын алып тым жайып,  
Жемек болып жүргендей.  
Мұнысын көрмей еш айып,  
Келсе ыңғайы бүргендей.

Көжектерге ерсініп,  
Жыртқыштығын білдірді.  
Қаһарына тым мініп,  
Жапалақтығымен күлдірді.

Қуып едім күзетіп,  
Зор қауіпті сезгесін.  
Жапалақтарға да тым зекіп,  
Ұяттан мүлдем безгесін.

Жауының сезіп көптігін,  
Жыртқыштардан түңілдім.  
Көтергесін ер жүгін,  
Сақтығымды білдірдім.

Кіргізіп едім қораға,  
Зор қауіпті білгесін.  
Болсамдағы мен бала,  
Көжек деп көзге ілгесін.

Көп екенін біліп жауының,  
Жемек боп ит-құс жүргесін.



Қаламай ешбір сауының,  
Көздерін ит-құс сүзгесін.

Қиынын білдім ұстаудың,  
Жүргесін жауы тым қаптап.  
Керектігін біліп жатпаудың,  
Жемін бердім тек баптап.

Жемін беріп тек ұстап,  
Жүріп едім ерінбей.  
Жыртқыштарды жөнге сап,  
Еңбектен ешбір жерінбей.


Көрсеткесін сақтықты,  
Көжектер аман қалғандай.  
Өмірін қиып шаттықты,  
Еді ғой қанға малғандай.

Жібермедім далаға,  
Көптігін біліп жауының.  
Ұқсамадым балаға,  
Амандығын қалап сауының.

Көжектерім тез өсті,  
Шыға келді өзгеріп.  
Көрсеткендей тым сесті,  
Кеуделерін тек керіп.

Туатын жерін таңдады,  
Толғатқандай тым жиі.  
Тектілікпен аңдады,  
Жақсы болғасын тым күйі.

Көжектерім де жарады,  
Тез есейіп көжектеп.



Көжегіне қарады,  
Жоңышқамен жемді жеп.

Жүргендей еді бөпем деп,  
Көжектерін тойғызып.  
Ақ сүтін беріп жиі кеп,  
Қарны ашқанын қойғызып.

Өздеріне алғыс тым жауып,  
Жүргендей еді шатттаным.  
Көжегіне көңіл тым ауып,  
Сұқ көздерден сақтаным,

Атасы жүрді күшке еніп,  
Жиі теуіп еденді.  
Өз күшіне тым сеніп,  
Көрдің бе деп сен мені.


Көжектеріне мақтаным,  
Жүргендей боп тым кеуіп.  
Қарайғаннан сақтаным,  
Еденді жүргесін тек теуіп.

Көжектігін бұрынғы,  
Ұмытқандай тым мүлдем.  
Шүйіргендей мұрынды,  
Көжектеріне беріп дем.

Жегеннен соң күнде жем,  
Жүні де тым жылтылдап.  
Саф ауа да болып ем,  
Ерлігіне тымақ сап.

Тістей ме деп көжегін,  
Қамап едім бөлек мен.





Еденнен алып тым кегін,  
Болғасын тым еріккен.

Қамағасын бөлектеп,  
Жүргендей өзі көңілге ап.  
Еденді теуіп жыны кеп,  
Жүргендей тым жыны ұстап.

Әбестігін жүргендей,  
Көңіліне еш алмай.  
Сыбдырға құлақ түргендей,  
Қояндық әдет еш қалмай.

Қызылшақа көжекті,  
Анасы тек тойдырды.  
Босқа кетпей еңбегі,  
Қарын ашқанын қойдырды.


Уызына жарыған,  
Көжектер тез есейді.  
Емес еді арыған,  
Оларда жемді бір жеді.

Анасына тек ерді,  
Көжектері еш қалмай.  
Анасы үлгі тек берді,  
Туғаннан соң тек салмай.

Аналығын көрсетіп,  
Көжегін ертіп еледі.  
Жүргендей мақтан тым етіп,  
Өздерін жебеп желеді.

Көжегінің қасынан,  
Бір елі де кетпеді.





Құс ұшырмай басынан,  
Аңқаулықты етпеді.

Көжектеп қоян көбейді,  
Ұясына тым симай.  
Көжегі жемді бір жеді,  
Қомағайлықтарын еш тыймай.

Әкем көріп шаттанды,  
Зор еңбекті көргесін.  
Жарадың деп мақтады,  
Қояндар қаптап өргесін.

Бойында бар деп зор талап,  
Қиындыққа төзгесін.  
Нағыз ерге тым балап,  
Ақыл-кеңес бергесін.

Өз көзімен көргесін,  
Қаптағасын көжектер.  
Енесіне ергесін,  
Көргендей боп нағыз ер.

Шешем де тұрды тым құптап,  
Риза болып өзіме.  
Жүргесін сенім тек ақтап,  
Шындықты айтып көзіме.

Көжектері еш қалмай,  
Енесіне ергесін.  
Көжектегесін тек салмай,  
Жем, жоңышқа бергесін.

Мақтаныш қылып еркесін,  
Сипады менің басымнан.



Рақметтен басқа не десін,  
Ұзақ кетпей қасымнан.

Үйреткесін шаруаға,  
Кішкенедең жасымнан.  
Жарады деп қарауға,  
Сипай берді басымнан.

Деді балам жарадың,  
Жалқаулықты көрсетпей.  
Жақсылап деді қарадың,  
Еңбегің сенің еш кетпей.

Қалай ғана өзіңді,  
Жүрейін деді үлгі етпей.  
Шыңға сал деді көзіңді,  
Көз салу ерге міндеттей.

Әкенің сөзін тыңдадым,  
Бол дегесін текті адам.  
Түзу жолды таңдадым,  
Сүрінбей жасап тек қадам.

Барды салып қарадым,  
Ержетіп менде қалғасын.  
Өсіріп ерлеп жарадым,  
Әкемнен бата алғасын.

Жарадың сен дегесін,  
Бағалағасын баласын.  
Ұрпақтың қамын жегесін,  
Азаматтық ойды салғасын.

Болуға тырыстым тым текті,  
Жүрмегесін еш ыржақтап.  
Ұнаттым әр кез еңбекті,  
Зор сенімді тек ақтап.

## Бір кездері едік-ау біз де бала...

Бір кездері едік-ау біз де бала,  
Болғанменен баланың ісі шала.  
Көбелекті қуалап жүрсектағы,  
Болмаушы еді ешкімнен ешбір нала.

Ойын деп жүгірсек те тұра сала,  
Шақырғандай болғасын гүлді дала.  
Сақтықта өзі ойға еш кірмеуші еді,  
Жаппағасын ешкім де ешбір жала.

Құрбылардың болғасын жүрегі ақ,  
Сүрінгенде жүретін болып тек жақ.  
Асыр салып жүргесін кең далада,  
Балалықта шат болған емес пе бақ!

Іштеріне кірмейтін күндеу деген,  
Бір-бірінің еді ғой қамын жеген.  
Асық атып, шат болып жүретұғын,  
Күндеу, мінеу болмағасын ойға келген.

Не десек те қызық еді балалық шақ,  
Қазіргідей емес едік ауызға сақ.  
Асыр салып ен далада тым жүгіріп,  
Қызықтырмай жүргесін тәж бенен тақ.

Шаттанып жүруші едік, асыр салып,  
Бірін-бірі жүрмегесін ешбір шалып.  
Шыбықты ат қып мінгесін жоталанып,  
Жүргендей-ақ жүруші едік биікті алып.

Балалардың болатын еті тірі,  
Қайтатұғын ештемеден жоқ еді түрі.  
Су-су болған балақты түріп алып,  
Қуалапта жүргесін бірін-бірі.

Ауыздан да жүрмегесін бәле іздеп,  
Үлкендерге жүргесін әр кез «сіз» деп.  
Құлақ салып жүргесін сөзді елеп,  
Кеуде қағып жүрмегесін ешбір біз деп.

Бірін-бірі көретін әр кезде тең,  
Даласындай еді ғой іштері кең.  
Асыр салып ен далада шат болғасын,  
Балақ пенен жүретін түріліп жең.

Бірін-бірі жүргесін сөзбен демеп,  
Сүрінгенде жүргесін көмекке кеп.  
Ен далада ойнаушы едік еш алаңсыз,  
Асықты атып жүргесін дәлдеп көздеп.

Балалардың мұрнынан суы ағып,  
Жатпағасын ешкім де кінә тағып.  
Жеңімен де мұрынды сүртетұғын,  
Бұл қылығы жатпаса да ешбір жағып.

Сонда да жүруші еді болып, толып,  
Азамат боп жүргендей-ақ ойды шолып.  
Құрбылардан жүрмегесін көңіл қалып,  
Асыр салып жүргесін тым шат болып.

Толғанбай жүргеннен соң Отанды ойлап,  
Жүргендей боп жүргесін күнде тойлап.  
Тебіреніп жүрмегесін балалықпен,  
Жүрмегесін терең ойға ешбір бойлап.

Сақаларын ататын таңдап сайлап,  
Асықпай-ақ, аптықпай-ақ жүріп жайлап.  
Асыр салған ең қызықты балалық шақ,  
Жүрмегесін шаттығымен бақты байлап.

Отаным деп жүрмегесін бас қатырып,  
Толғанып жүрмегесін күн батырып.



Азаматтық ойға еш келмегесін,  
Жыр жазып жүрмегесін таңды атырып.

Толғану мен ойлануды мүлдем сырып,  
Жүргендей-ақ жүруші еді сауық құрып.  
Ойнаймыз деп уәдені бергеннен соң,  
Сөзімізде жүргесін әр кез тұрып.

Даланың саф ауасы жанға жағып,  
Жүрмегесін ешкім де кінә тағып.  
Сона менен масаны да еш елемей,  
Жүргенменен маса мен сона шағып.

Ағушы еді бұлақтар да сылдыр қағып,  
Бағытынан айнымай сәнмен ағып.  
Көзді тартып ағатын мың бұралып,  
Жағасын да тұрғасын сырын бағып.

Даланың саф ауасы жалындатып,  
Қараталда жал толқынын аспанға атып.  
Асыр салып ен далада шат болушы едік,  
Азаматтық жүргендей-ақ үнді қатып.

Қызыққа жүруші едік тым-ақ батып,  
Ақ бұлақтың мөлдірін жиі татып.  
Өзімізді бақытты санаушы едік,  
Шомылғасын құмға да аунап жатып.

Кішкене боп жүруші едік сырға қанып,  
Ғажабына табиғаттың мүлдем нанып.  
Табиғат одан сайын іңкәр қылып,  
Сұқтанып жүруші едік жүрек жанып.

Елдік бірлік емес еді ойға енгендей,  
Болмағасын бала деп тым сенгендей.



Асыр салып балалар да рух алып,  
Кеуде қағып жүргенмен мен дегендей.

Бал дәуренге жүргесін мән бергендей,  
Құрбыларға жүргесін тек ергендей.  
Асыр салып ен далада шуласақ та,  
Көрген жандар еді ғой жөн көргендей.

Әлі шала балалықты ескергендей,  
Кендік қылып емес еді тексергендей,  
Жүретұғын үлкендер мінді тақпай,  
Әлі жас деп жүргесін ой бөлгендей.


Емес еді адамдықтан өзгергендей,  
Бәле-жала емес еді еш тергендей.  
Бала деп қолдағасын күн күлімдеп,  
Кеудемізді едік қой тым кергендей.

Жүрмегесін ешкім де түсіп ізге,  
Нұр ұялап жүруші еді әр кез жүзге.  
Тез-ақ бұлар өседі деп азамат боп,  
Зор сеніммен қарағасын әр кез бізге.

Балаларда шығармай ешбір дауды,  
Көрсетіп жүруші еді дені сауды.  
Табиғаттың көркіне қарап қойып,  
Ойлағасын адамдықты ұмытпауды.

Қалағасын бір-біріне мін тақпауды,  
Жайқалған тамашалап бақша-бауды.  
Ақбас шыңға көз тартқан қараушы еді,  
Тым ғажап деп көзді тартқан асқар тауды.

Асыр салып құрбылар көпті таңғып,  
Жүрмегесін ешкім де ізін аңдып.



Қарағасын әлі тым бала ғой деп,  
Мін тақпаушы еді жүрсе де түзде қаңғып.

Ен даланы жүрсе де шулап даңғып,  
Шыбықты ат қып жүгіріп жолды шаңғып.  
Құрбыларды ен далада асыр салған,  
Ешкім де сөйлемейтін надан аңғып.

Асыр салған балалық та өте шығып,  
Ержеткенді жүріп едік жақсы ұғып.  
Бозбала боп мұрт қойып жалындап ек,  
Қиындықтан жүрмегесін ешбір бұғып.

Асыр салған балалық та өткесін тез,  
Отан деп жалындайтын келгесін кез.  
Бозбала боп тебендеп мұрт шыққасын,  
Тырысып ек болмауға жасық бір ез.

Қатардан да жүрмегесін ешбір қалып,  
Биік шыңды жүрмек боп әр кез алып.  
Кездесе де көре алмай шалатындар,  
Биік шыңға жүріп едік көзді салып.

Сынау-мінеу көбейгендей ер жеткесін,  
Балалық шақ қол бұлғап тез өткесін.  
Тастағандай еді бізді ойландырып,  
Кей пенделер іштарлықпен сөз еткесін.

Ер жеткесін өмір де өзі күрделеніп,  
Азаматтық жүргесін тек ойға еніп.  
Еш ұмытпай жүргесін зор жауапты,  
Азамат деп жүргесін елің сеніп.

Зор табысты жүргесін әр кез елеп,  
Азамат деп жүргесін бақыт тілеп.

Қиындықты өмірдегі жеңе білдік,  
Жүруге тырысқасын әркез ерлеп.

Азаматтық жүргесін тек ойға кеп,  
Білек түріп жүргесін Отаным деп.  
Бұл күндері жас келіп ақсақал боп,  
Жас ұрпақтың келеміз тек қамын жеп.

Азаматтық жүргесін күйге енгендей,  
Тым ертерек сондықтан ес кіргендей.  
Надандықты келеміз сынап-мінеп,  
Қызыл тілмен жүргесін түйрегендей.


Қиындықтан жүргесін ешбір бұқпай,  
Көңілдерден ұят болар жүрсек шықпай.  
Егеменді елдіктің жайын ойлап,  
Адамдықты келеміз еш ұмытпай.

Артта қалып, асыр салған шат балалық,  
Ақсақал боп сөз айтамыз ой саларлық.  
Қалам алып Отан деп жырды жазып,  
Жырымыз болсын дейміз үлгі аларлық.

Адамдық қып силайық жанды барлық,  
Тектілікпен көрсетпей пейіл тарлық.  
Жүргенге не жетеді адам болып,  
Адамдықты бауырлықты ұмытпалық.

Тыныштықты қалайды барлық қалық,  
Ұлы істерді ойлаудан жалықпалық.  
Азаматтар оң сөйлеп қалқым десе,  
Азаматтық жөн сөзін мақұлдалық.

Астанадай қаланы тек салайық,  
Гүлденуін Отанның тек қалайық.



Егеменді ел болғасын барды салып,  
Биік деген шыңдарды тек алайық.

Бала кезді жүргенмен тым сағынып,  
Жүрмегесін өтті деп еш шағынып.  
Барды салып Отанды гүлдентейік,  
Заңымызға елдік деп тек бағынып.

### Өмір де керек адамдық

Болғасын жас бозбала,  
Арман көп еді тым бойда.  
Көзді тартып кең дала,  
Гүлденту болғасын тек ойда.

Келе жаттым мектептен,  
Мұз еді жол көкпеңбек,  
Аяқты басып тым еппен,  
Шыңдағасын тым еңбек.

Өмірге құштар болғасын,  
Қайтпағасын еш беттен.  
Азаматтық ойды шолғасын,  
Қашпағасын міндеттен.

Жарқырап күн тұрғанмен,  
Еді жауын тым төккен.  
Бүйректі тым бұрғанмен,  
Жаумағандай тым көптен.

Жолды еді тым кескен,  
Дұрыс ұстасам да өзімді.  
Қашпасам да міндеттен,  
Шыңға салсам да көзімді.

Адамдықты тек сақтап,  
Болмасам да еш бөскен.  
Момынды жүрсем де тек жақтап,  
Адамдықты шығармай еш естен.

Жақсы қырдан көрініп,  
Босқа өткізбесем де еш күнді.  
Жөн-жосықты тек біліп,  
Шығарсам да Отан деп тек үнді.

Келе жатқан дүкеннен,  
Атайды көрдім кәртейген.  
Сумканы ауыр көтерген,  
Сәл жотасы еңкейген.


Ордендері жарқырап,  
Аяғын тым нық басқан  
Жүрмегесін қалтырап,  
Болмағасын еш сасқан.

Жөн сөз айтып ұрпаққа,  
Болмағасын алжасқан.  
Ие болып тек баққа,  
Болғасын сан шыңды асқан.

Біраз жасқа келсе де,  
Жүргендей күші тым тасып.  
Кәртейіпсің десе де,  
Көрмегендей еш жасып.

Жүрседағы демей мен  
Тайғанақтап атай сүрінді,  
Ерлікті тек еткенмен,  
Ерлікпен өткізсе де тек күнді.

Қауіптісі мұздың білінді,  
Тайып құлағасын көк мұзға.



Көзге де тез ілінді,  
Келтіріп көк мұз тым ыза.

Тайып кетті аяғы,  
Қалғасын біраз жасқа кеп.  
Қолдан ұшып таяғы,  
Жүргенмен әлі ермін деп.

Мың толғанып жүргенде,  
Ұрпақтың тек қамын жеп.  
Отан деп өмір сүргенде,  
Ер деп жүрген де елі елеп.

Фашизiмдi жеңiп келенмен,  
Медальдi тағып кеудеге.  
Ерлiгiмен шықса да көңiлден,  
Тұратын болса да ер деуге.

Үлгi берiп жүрсе де,  
Елдiгiм деп тек ерлеп.  
Отан деп бiлек түрсе де,  
Надандықты тек жерлеп.

Азаматтық болса да ойға енген,  
Болса да қарттың данасы.  
Өзiне болса да ел сенген.  
Биiк болса да санасы.

Жүрсе де биiктi тек алып,  
Ерлiгiне көңiл тым толып.  
Азаматтығына тым салып,  
Елдiк деп жүрсе де ой шолып.

Сумка толы ақ наны,  
Қанты да аппақ шашылды.

Асқақ болса да арманы,  
Сумканың аузы да ашылды.

Қолдан түспей жүрсе де,  
Артқа тастап сан жылды.  
Пайдасы тигенмен шын ерге,  
Ауызы ашылып жер қылды.

Тұра алмады орнынан,  
Тұрмақ болғанмен талпынып.  
Көп болса да бойда арман,  
Келе жатқан да асығып.

Құлағасын тым қатты,  
Ауыртқасын жанбасын.  
Қысқа өмір де қымбатты,  
Адалынан ішсе де тек асын.

Біраз жасқа кеп қалғасын,  
Мұң басқандай жанарын.  
Көңіліне ептеп алғасын,  
Таза ұстағанмен тым арын.

Ақсақал боп арманға,  
Барды салып жетсе де.  
Амандық тілесе де бар жанға  
Жақсылықты тек етсе де.

Отаным деп салса да,  
Күш-қуаттың тым барын.  
Ұрпағы үлгі алса да,  
Таза ұстағанмен тым арын.

Құлағасын аяғы қайырылып,  
Тобыққа зақым келгендей.

Теңдігінен қалса да айрылып,  
Емес мұз қамды жегендей.

Қаталдыққа тым салып,  
Көк мұзбын мен дегендей.  
Қарттың қырын тым алып,  
Қансыздықты еткендей.

Көк мұздың бойдан мейірімі,  
Шыныменен кеткендей.  
Жоғалтқасын мейірімді,  
Тәлкі, мазақ еткендей.

Тайғанақ боп жатқасын,  
Бағасына емес жеткендей.  
Азаматтық үнді қатқасын,  
Кегі де тым кеткендей.

Бәрін де көзбен көргесін,  
Жүрегіме тым батты.  
Білгесін биік өресін,  
Төмендетпегесін ер атты.

Жүргесін күш тым тасып,  
Бермек болдым көмекті.  
Қалды ма деп тым жасып,  
Болғасын ата тым текті.

Халқына бұрғасын,  
Әр кезде де тек бетті.  
Сөзінде де тұрғасын,  
Орындағасын тек міндетті.

Бермек болып тез көмек,  
Тұрғызбақ боп ұмтылдым.



Ойламағасын басты тек,  
Адамдықты мен қылдым.

Бермек болып қол ұшын,  
Болғасын ата нағыз ер.  
Жаралғасын ата елі үшін,  
Отан деп аққасын маңдай тер.

Дұрыс деп ұғып бұл істі,  
Борышым деп тым ұғып.  
Жылы ұстап тым түсті,  
Тасаға қалмай мен бұғып.


Кей құрбылар өткенмен,  
Қасымыздан ыржиып.  
Мойын бұрмай кеткенмен,  
Мысқылдағандай жылмиып.

Көмекке де жарамай,  
Тексіздікті ішке тым жиып.  
Кеткеннен соң қарамай,  
Адамдықты тым тыйып.

Жүргесін де ортаға,  
Зорға деп әр кез тек сыйып.  
Түспесін қайтып тым баға,  
Кеткесін де тек қиып.

Істеріне қалып ем ұялып,  
Білгесін тым қысқа ойын.  
Жүрмін деп кімге иланып,  
Балағасын да тым бойын.

Тексіздікті көрсетіп,  
Бұрмағасын еш мойын,



Кімдер жүрер үлгі етіп,  
Арманы болғасын тек ойын.

Айырбастағасын ақшаға,  
Азаматтық көмекті.  
Қайдан түспесін тым баға,  
Болмағасын тым текті.

Бойды балап жүргесін,  
Сүймегесін еш еңбекті.  
Бос сөзге құлақ түргесін  
Азаматтық білмей міндетті.

Ұрпағы боп үлкенге,  
Көрсетпегесін ізетті.  
Қаратқасын тек жерге  
Бұрмағасын елге еш бетті.

Адамдықты көрсетіп,  
Жүрмегесін еш ерлеп.  
Қайдан жүрсін ой жетіп,  
Жүргесін бөсіп тек мен деп.

Жүрмегесін жаны ашып,  
Көңілге жүрмегесін еш қарап.  
Көмектен жүргесін тек қашып,  
Қайдан жүрсін тым жарап.

Атасы құлап жатса да,  
Кірмегесін еш ішке.  
Жанына қатты батса да,  
Ұқсамағасын текті жігітке.

Тұрғызып ем атаны,  
Барды салып көтеріп.

Биіктетіп тым сананы,  
Адамдықтан жүрмей өзгеріп.

Сыйлағасын қарт дананы,  
Көмектескенді жөн көріп.  
Қымбат болғасын аمانы,  
Жүргесін үлгі тек беріп.

Ауырып қатты қалғандай,  
Қарт атаның жанбасы.  
Жүргенмен ойды салғандай,  
Келгесін біразға тым жасы.

Көк мұзға аяғы тайғанмен,  
Кеудесін алды тез тіктеп.  
Кәрі солдат қой дегенмен,  
Жүргесін тек елдік деп.

Ақсақалдықты көрсетіп,  
Жүргесін ұрпақ қамын жеп.  
Жүргесін жастар үлгі етіп,  
Ерлігіне жүргесін еліктеп.

Қиындықтар бастан өткесін,  
Ақсақалдық жүргесін ой түйіп.  
Биікке қолы жеткесін,  
Отанын жүргесін тым сүйіп.

Шашылған нанын тез дем де,  
Сумкасына салып мен бердім.  
Көмектесіп шын ерге,  
Көмектескенді жөн көрдім.

Атаның ерлігін бағалап,  
Беріп едім көмекті.

Жүргесін ерге тек балап,  
Болмақ болып тым текті.

Болғасын ата ақылды,  
Ұқсамақ боп атаға сабырлы.  
Ұнатпай бос дабырды,  
Көрсетпек боп жақсы тек қырды.

Сыйламақ боп үлкен тек жасты,  
Адамдықты сақтап әр кезде.  
Төмендетпейін деп еш басты,  
Ұқсамайын деп кей езге.

Ұрпаққа беріп қол үшін,  
Алғасын көп алғысты.  
Сарқа жұмсағасын бар күшін,  
Алмағасын қарғысты.

Отан деп әр кез жүргесін,  
Ерлігімен түсіп тек көзге.  
Адамдық қып өмір сүргесін,  
Жуық болмағасын бос сөзге.

Талпынғасын әр кезде,  
Гүлдептпек боп отанды.  
Ғашық болғасын өмірге,  
Құрметтегесін бар жанды.

Қашпағасын еңбектен,  
Отан деп түргесін білекті.  
Көзге түскесін ерлікпен,  
Болғасын ата тым текті.

Көрсеткесін нағыз адамды,  
Созғасын тек көмек қол.

Анық басып қадамды,  
Таңдағасын түзу жол.

Көрсеткесін ерлігін,  
Соққасын жүрегі Отан деп.  
Бағалап едім еңбегін,  
Азаматтық ойға кеп.

Қолына ұстатып таяғын,  
Бел буып едім ерлікке.  
Баса алмағасын аяғын,  
Ұқсамақ боп нағыз жігітке.

Азаматтық міндетті,  
Жүрейін деп атқарып.  
Халыққа бұрып тек бетті,  
Батылдыққа мен барып.


Үйіне дейін арқалап,  
Апарып едім атаны.  
Болғасын бойында зор талап,  
Гүлдену болғасын арманы.

Қарамай кей езі кеткенмен,  
Қаратпап едім еш жерге.  
Қансыздықты еткенмен,  
Ұқсамақ боп шын ерге.

Жетім менен жесірге,  
Ашығасын тек жаны.  
Көмектесіп шын ерге,  
Бұрғасын да тек қаны.

Гүл еккесін тек жерге,  
Жарқырап атқасын тек таңы.





Малынып дене тым терге,  
Алып қайтып едім батаны.

Риза болып еді әжей де,  
Мың алғысын тым айтып.  
Алғыс айту кеп көкейге,  
Тастап кетпегесін мұңайтып.

Нағыз ерлер бата алып,  
Негізі әр кез жарыған.  
Ерлігімен ой салып,  
Ұрпаққа ерлігі дарыған.

Батаны алып көгеріп,  
Кем болмадық қатардан.  
Сөздеріне тек еріп,  
Жұда болмай еш ардан.

Ерлігінен үлгі алып,  
Азамат болдық топ жарған.  
Шыңға көзді тек салып,  
Батылдыққа тек барған.

Созғасын тек көмек қол,  
Қатардан кем болмадым.  
Бата алып болды жол,  
Болдым деп бірақ толмадым.

Дұрыс дегесін әр кезде,  
Еңбегіммен озғаным.  
Қарағасын көңілге,  
Дұрыс деп көмек қол созғаным.

Өзімізде болдық бұл күні,  
Шашы ағарған ақсақал.



Азаматтық қостық тек үнді,  
Болмақ болып есті шал.

Рух беріп сарылдап,  
Аққасын тек Қаратал.  
Жүргесін бұлбұл жыр жырлап,  
Жаман болсын қайтып қал.

Немерелер жүр аталап,  
Атасының алып батасын.  
Бойларында бар зор талап,  
Қуантады тек атасын.

Азаматтық үнді Отан деп,  
Олар да ерлеп тек қатсын.  
Қол үшін беру ойға кеп,  
Жарқырап таңы тек атсын!

### **Жалындадық жас кез де**

Жалындап тым жас кезде,  
Зор сенімді ақтадық.  
Ұқсамағасын кей езге,  
Адамдықты сақтадық.

Әр кезде де тектіні,  
Адамдық қып жақтадық.  
Азамат деп естіні,  
Үлгі етіп мақтадық.

Шұғылданып сап барды,  
Күреске де баптадық.  
Сақтап әркез бойға арды,  
Бекер үнді қатпадық.



Көрсетпегесін еш ездiк,  
Қарын сипап жатпадық.  
Жүрекпенен тек сездiк,  
Ауыздан бәле бақпадық.

Келгендi айтып ауызға,  
Бос сөдi айтып шатпадық.  
Сыйғызам деп қауызға,  
Құрбыларды сатпадық.

Жастыққа кейде мәз болып,  
Жас баладай шаттандық.  
Жүргенен соң ой шолып  
Кей қулардан сақтандық,

Қаладым мен ақ жолды.  
Ұнағасын тым шындық,  
Шыңға создым тек қолды,  
Болмайын деп ез ынжық.

Бiлдiк бұл күн оң-солды,  
Талаптанып жүргесiн.  
Ерлiкке көңiл тек толды,  
Отан деп өмiр сүргесiн.

Аяқты басып әр кез нық,  
Азаматтықты көрсеттiк.  
Әскерге де аттандық,  
Көрсетпек боп тек ерлiк.

Бiзде тез-ақ ер жетiп,  
Адамдықты сақтап тек бойға.  
Азаматтықты тек етiп,  
Ерлiк ету келiп тек ойға.

Шалсадағы кей езбе,  
Сөзiмiзде тек тұрдық.





Құлақ аспай бос сөзге,  
Отанға бүйрек тек бұрдық.

Адамдықты ұнатып,  
Едік бәле бақпаған.  
Азаматтық үн қатып,  
Кеудені едік қақпаған.

Азаматқа тексіздік,  
Болғаннан соң жақпаған.  
Көрсетпегесін ессіздік,  
Нағыз ерді едік жақтаған.


Керекпін деп халқыма,  
Жел сөзден едік сақтанған.  
Құрметпен қарап салтыма,  
Болмағасын бос шаттанған.

Адамдықты сақтап жүргесін,  
Ұят қой деп мастанған.  
Азаматтық қып өмір сүргесін,  
Болмағасын сөзден еш танған.

Болса да жүрек тым жанған,  
Ұстадым әр кез өзімді.  
Болсамда сырға тым қанған,  
Бола біліп тек төзімді.

Жеткізгесін көзімді,  
Едім әр кез тек нанған.  
Жөндеп сөйлеп сөзімді,  
Болмағасын сөзден еш танған.

Көрсетпегесін ездікті,  
Тәтті демедім бойда жан.



Ойлағасын елдікті,  
Гүлденуде болды тек арман.

Зор жауапты ұят қой,  
Азаматқа ұмытқан.  
Болу керек биік ой,  
Қымбат болғасын тым Отан.

### Бір келінге


Келін шырақ, қаға жаздап өте шықтың,  
Көкесін көрсеткендей зұлымдықтың.  
Көргенсізге еліктеп жүргеннен соң,  
Жат қылықты дұрыс деп әр кез ұқтың.

Сан түрін білгеннен соң сен сұмдықтың,  
Қасынан өткендей боп бір ынжықтың.  
Қазаққа жараспайтын жат қылықпен,  
Тексіздікпен әр кезде көңіл жықтың.

Ақсақалдар сөкпейді бекер жайдан,  
Сынады деп жүрмегін ашып майдан.  
Егделік кеп болдық біз де сынайтұғын,  
Жат қылықтар өзіңе жұқты қайдан?

Ата-енеңді жүргенің өкпелетіп,  
Жүргеннен соң ар-ұят бойдан кетіп.  
Үлкеннің де алдында тайраңдайсың,  
Биігіңе жүргендей-ақ қолың жетіп.

Шолақ ойлап жүргесін есіргендей,  
Оңайлықпен емес қой ес кіргендей.  
Аз табысқа жүргенің өзіңше боп,  
Үлкен шаруа жүргендей бітіргендей.



Жолды кесіп емессің ғой кідіргендей,  
Арсыздықты, бетсіздікті білдіргендей.  
Тәрбиеден болғасын мүлдем жүрдай,  
Сүйреңдеп те емссің тек жүргендей.

Сасқалақтап қалдымғой шықпай үнім,  
Тым жарқырап тұрғанмен шығып күнім.  
Қайын ағанды, келін бала, сыйламадың,  
Құдай қосқан қосағың болса да інім.

Ата-енеңнің өзіне де айғайлайсың,  
Ата-енем деп қашан елеп, бағалайсың?  
Құдай қосқан қосағыңның ата-анасын,  
Қолды жайып жоқ кезде тек жағалайсың.


Тектілерден өмірдегі үлгі алмайсың,  
Той, жиыннан барды киіп еш қалмайсың.  
Келін болып түскелі сан жыл өтті,  
Жас келінге неге, шырақ, ой салмайсың?

Бабалардың ұрпағымыз үлгі алған,  
Дәстүр салты азаматтық ойды салған.  
Мақалы мен мәтелі де үлгі беріп,  
Қатардан емеспіз ғой ешбір қалған.

Қазағыңның сыйламадың дәстүр-салтын,  
Біраз жасқа келсең де ұға алатын.  
Тым жақында түссе де текті келін,  
Сақтай алып жүрсе де адам қалпын.

Жәнедағы өсек-аян жүрген жерің,  
Бір-біріне еш жұқпай еріндерің.  
Тым дұрыс көрсеңдағы өсек сөзді,  
Естілерден бар емес пе көргендерің?!

Құрбыңа да жүресің жауып жала,  
Тым тарлау болғаннан соң ішің ала.



Өзіңнен өзгелерді аңқау санап,  
Жүргендейсің әуелі көріп бала.

Тайраңдап жүргеннен соң шектен шығып,  
Оң сөзді де жүрмегесін дұрыс ұғып,  
Дәрекілік көрсетіп «тәйт» дегенде,  
Балаң тұрмақ жүргесін ерің бұғып.

О, келін шырақ кез келді өзгеретін,  
Иманды боп адамдықты жөн көретін.  
Егемендік алғасын бұл күндері,  
Кезден өттік жалтақтық қып сөзге еретін.

Жат қылығын өзгелердің үйренетін,  
Үйреніп бір ғажап тым күйге енетін.  
Егемендік алғасын көз ашылып,  
Бос сөздерге емеспіз ғой еш сенетін.

Ер халқың өркениеттікке бұрды бетін,  
Даналықпен білгесін өз міндетін.  
Әлем де бұл күндері тым сыйлауда,  
Тектілікпен болғасын жөн білетін.

Ер қазағың жүргесін биікті алып,  
Жат қылықтар бұрынғы мүлдем қалып.  
Егемендікті көре алмады бабаларым,  
Жауларын өткенменен жөнге салып.

Болып жатыр Отанымда өзгерістер,  
Гүлденуде бұл күнде тым байтақ жер.  
Текті келін бос сөзден тез арылып,  
Барды салып кез келді ұлы елдік дер.

О келін шырақ, тектілікпен сөзді түсін,  
Көрсете алып келіннің білімдісін.

Ғылым қуып, құрбыңдай талап қылып,  
Келіндердің көрсетші ұлы ісін!

Тектілікпен ұмытпайық зор міндетті,  
Ұлы елдікке бұрғасын ерлеп бетті.  
Егеменді ұлы елдік оңай емес,  
Өркениеттікке бұрайық енді бетті.

Көз салатын кез келді биік шыңға,  
Түрен салып жүр ғой әне ерлер тыңға.  
Отаны үшін, ұрпағы үшін жан аямай,  
Нағыз ерлер татығасын әр кез мыңға.


Өмірде не жетеді ұқсаң шынға,  
Тыңдайды оң сөз айтсаң ұғатынға.  
Мініңді түзейді ғой тым әділ сын,  
Сондықтан да құлақ ас әділ сынға.

Үлкен сыйлап, ұмытпайық еш ізетті,  
Азаматтық біле біліп тым міндетті.  
Толғанып, тебіреніп халықты ойлап,  
Ойлайық егеменді ұлы елдікті.

### Өмірде бол төзімді

Аңдитын бар өзіңді,  
Бақырайтып та көзіңді.  
Іштарлық қып өсектеп,  
Құлаққа ілмей сөзіңді.

Бағаламай ісіңді,  
Көрмейтіндей жүзіңді.  
Көрсетсең де інілік,  
Түсінбей еш сізіңді.



Жақтырмай шыққан күніңді,  
Шығарғысы келмей үніңді.  
Сыртыңнан тек сөз қылып,  
Бетке айтпайтын мініңді.

Болмағасын білімді,  
Алмады деп тілімді.  
Іште аласы болғасын,  
Жарылқар дейсің ол кімді?

Білмегесін еш дымды,  
Қайдан ұқсын ғылымды.  
Қысқа киіп шалбарды,  
Тартқаннан соң шылымды.

Ұшырып бастан тек бақты,  
Босқа өткізіп жас шақты.  
Күйесін де тым жағып,  
Қара дегесін тек ақты.

Болғасын бәле іздеген,  
Көкірек қағып біз деген.  
Кемшілікті бойдағы,  
Болмағасын түзеген.

Азаматтық ойға келмеген,  
Болмағасын ерлеген.  
Бұл өмірде ұят қой,  
Отанның қамын жемеген.

Толғану керек жігітке,  
Көкірек қақпай бос текке.  
Отанға пайда тигізіп,  
Араласып еңбекке.

Бой алдырмай күдікке,  
Қайыспай бел еш жүкке.

Қу басты тек ойлаған,  
Тұрмағасын еш түкке.

Азаматтық кірмей еш ішке,  
Не дерсің кейбір ішкішке.  
Тойып алып сөз бермей,  
Айналғасын білгішке.

Сондықтан бол төзімді,  
Тыңда демей тек өзімді.  
Адамдықты биік қой,  
Тыңдасын десең сөзімді.


Адамдықпен көрсет өзіңді,  
Алартпай жанға көзіңді.  
Тектілікпен оң сөйле,  
Зор санамай өзіңді.

Азаматтық шығар үніңді,  
Бағалап шыққан күніңді.  
Кемшілікті айта біл,  
Түзете біліп мініңді.

Жылы ұстап жүзіңді,  
Тәрбиелеп ініңді.  
Отанға тек қызмет қып,  
Азаматтық қалдыр ізіңді.

Отан деп соқсын жүрегің,  
Болғасын Отан тірегің.  
Бар болғасын Отаның,  
Қашпасын еш сүрегің.

Қиындықты дұрыс жеңгенің,  
Жақсы болса шын тегің.



Отанға қызмет тек еткін,  
Бағаланар тым еңбегің.

Еңбегіңмен бол атақты,  
Шығармай ешбір шатақты.  
Отанды сүйіп талпынып,  
Бола біліп жан жақты.

Азаматтық шығар тек атың,  
Жақсы болса тым затың.  
Қызмет ет Отанға,  
Болғасын Отан қымбатың!

### **Азамат боп бұл ғаламға толғаныс**

Тым шаттықты ғажап бұл дүниеде,  
Кейде түсіп ұлылардың күйіне де.  
Көп жайларға қарайсың сүйіне де,  
Жайсыз жайтқа қарайсың күйіне де.

Ғажап ғалам сырға толы, жырға толы,  
Қыр-сырымен көз тартқан оңы-солы.  
Шаттығы бар, аңсатар бақыты бар,  
Дауылы бар аунатар және долы.

Сан салалы және бар түрлі жолы,  
Биігіне кей жандардың жетіп қолы.  
Кекірік атса кей жандар тым барлықтан,  
Бұл ғаламда кей пенденің болмай жолы.

Жүрегіне жоқшылық қатты батып,  
Жоқшылықтың жүр емес пе дәмін татып.  
Жүр емеспе тек көріп кедейлікті,  
Жоқшылықты жүрмесе де еш ұнатып...



Лаңкестер жүргесін қанды шашып,  
Сирияда жүр емес пе елден қашып.  
Көмек қолын созуда бар адамзат,  
Босқындарға адамдық қып жаны ашып.

Елден қашып жүргесін шетел асып,  
Жау оғынан қалғасын қатты сасып.  
Аш болғасын ұзақ жолда көзді жұмып,  
Жылап-сықтап жүр емес пе қатты жасып...

Снарядтар от шашып жарылғасын,  
Пейілдері террористтің тарылғасын.  
Көп жиналған жерлерге от та жарып,  
Тапқандай боп жүргесін нағыз қасын.


Сорларынан емес қой арылғандай.  
Ғалам,шіркін, жүргесін тарылғандай.  
Отанынан жүргесін айырылғандай,  
Ерлік қылып емес қой таң қылғандай.

Жауыздықтар толғантады тым адамды,  
Сан саққа жүгіртеді ой-санамды.  
Көзбен көріп көкірегіме сырғып түйем,  
Бұл өмірде не жақсы, не жаманды.

Көп болғанмен таңданарлық ғажайыптар,  
Олқы жайда жоқ емес-ау тым айыптар.  
Аңғарлылар көреген дөп басатын,  
Зерек жандар түсінер сөз байыптар.

Лаңкес пен террористтей бәле шығып,  
Адамзат дегендей боп жүрсін бұғып.  
Алмақшы боп жандардың жанын сығып,  
Жер қойнына тажалын жүр ғой тығып.

Террористтер сонда да қамқорсынып,  
Адамзаттың нағыз бір досы сынып.



Бейбітшілік жақтаған жандар болып,  
Өзге елдердің байлығына көзі тұнып.

Адамдық азайған соң бойдағы ар,  
Дей алмаймын адамзаттың тым бағы бар.  
Жүреміз ғой жаратқаннан тілеу тілеп,  
Болсын дейміз әр кезде Алламыз жар.

Қауіп барын бұл ғаламда жүрміз ұғып,  
Жамандықтар жүрмесінші еш бір жұғып.  
Қансыздарға шындықты айтып қарсы шықса,  
Біздерін тұмсықтағы жүр ғой сұғып.

Жанкештілер жүргесін қанды төгіп,  
Кейбір жерлер жарылыстан қанға бөгіп.  
Қанқұйлы жанкештінің әрекетін,  
Әлемде өзі айыптап жүр ғой сөгіп.

Бойларынан жоғалғасын адамшылық,  
Ойлары тек болғасын жаманшылық.  
Адамзат бұл күндері айыптау да,  
Қанқұйлы әрекетін ісін былық.

Жиі жарып түскесін бәсекеге,  
Келісе алмай бір ғана мәселеге.  
Азаматтық, адамдықты сақтай алмай,  
Тажал жарған бола ма екен бәсеке де.

Айыптауда қауіптерді тұрған төніп,  
Жүргеннен соң оң сөзге жүрмей көніп.  
Жанкештінің әлем де лаңынан,  
Сан жанарлар жүр емеспе ерте сөніп.

Жауыздықпен не пайда өрт ашқаннан,  
Қансыздықпен не пайда қан шашқаннан.



Өзге елдің байлығына көзді сүзіп,  
Бәле жала не керек тым баққаннан.

Өзгелерге не пайда көз сатқаннан,  
Желдей ескен бос сөз бен бос мақтаннан.  
Терористтің қанды қол тырнағынан,  
Сау емес қой көп елдер тіс батқаннан.

Жанкештінің құтыла алмай зорлығынан,  
Таба алмай жүр, бағыттарын қорлығынан.  
Кімдер жүрер қанды ісін жақтап сөйлеп,  
Еш ұялмай жүргесін қылығынан.


Дұрыс іс деп ұққасын зорлықтарын,  
Көрсеткенін қансыздық пен қорлықтарын.  
Өзге елдің байлығына көз тіккесін,  
Адамдық байлап алып белге арын.

Адамға азап мұның бәрін ойлауда,  
Адамға азап мұндай кезде тойлауда.  
Көрінеді кейде мүлдем сүреңсіз,  
Тұңғиығына ой-қиялдың бойлауда.

Азат елміз, бұл күнде егеменді,  
Ұлылықпен үлгі болдық әлемге енді.  
Қазақстан атомнан да басты тартты,  
Ұлы ісіне бұл күнде әлем сенді.

Дәлелдеуде ұлы халық екендігін,  
Ерлігімен тек бақытқа жеткендігін.  
Мақтан қылмай келеді ұлылықпен,  
Атағының шыңға шырқап кеткендігін.

Көмек қолын созуда әр кез жанға,  
Даналықпен құмар болмай қызыл қанға.



Ұлылыққа өмірдегі не жетеді,  
Адамзатқа адам боп бет бұрғанға.

Кір келтірмей жүргесін адам атқа,  
Амандықты тілеуде дос пен жатқа.  
Азаматтық адамдықты биік қойып,  
Ер Қазағым бақ тілеуде адамзатқа.

### Шыр етіп келдік өмірге

Бұл өмірге келдік қой,  
Белгі беріп шыр етіп.  
Келгендей бір түйіп ой,  
Шыр етуге ой жетіп.

Келгендей боп өмірге,  
Азаматтық етуге тек бекіп.  
Келседағы көңілге,  
Тумағасын қыр кетіп.

Беріппіз солай біз белгі,  
Дауысты да бергесін.  
Дүниенің сезіліп кеңдігі,  
Сезімге тым ергесін.

Анамыз келіп ақ сүтін,  
Берсін келіп дегесін.  
Үзбегесін үмітін,  
Қамымызды жегесін.

Келді ұл деп өмірге,  
Қуаныпты ата-ана.  
Шаттық ұялап көңілге,  
Биік болғасын ой сана.

Сүйгесін туған баласын,  
Келгендей боп бір дана.  
Көрсетпей іштің аласын,  
Бастарын ойламай тек қана.

Ұнатқасын өсіп-өнгенді,  
Дүниеге ұрпақ әкеліп,  
Қиындыққа қалағасын көнгенді,  
Азаматтық жүргесін тек ой келіп.

Келмей-ақ біз өмірге,  
Тал бесікті сайлапты.  
Жатқызбақ боп бесікке,  
Ерлікке белді байлапты.

Ұл келгесін өмірге,  
Ашқасын өмір есігін.  
Ерлегесін өмірде,

Жайланыпты көңілі,  
Сұрағанын бергесін.  
Ұзақ болсын депті өмірі,  
Бөбегін аңсап көргесін.

Табандылық көрсетіп,  
Көрсетіпті биік өресін.  
Арманына қол жетіп,  
Азамат болсын дегесін.

Туыппын мен мамырда,  
Шыққан кезде қызғалдақ.  
Бүлкілдеп қан, тамыр да,  
Мамырда туған неткен бақ!

Тал бесікте уілдеп,  
Жатыппын мен де болып сақ.



Бұл өмірге келдім деп,  
Болсын дегесін жүрек ақ.

Құлақ түріппін сан жырға,  
Сайрағасын бұлбұлдар.  
Қанғандай боп тым сырға,  
Жаққаннан соң тым жырлар.

Бөленіп дала тым нұрға,  
Гүлге толғасын тым қырлар.  
Асыққандай тым қырға,  
Қызықтырғасын сан сырлар.

Ынтық қылып өмірге,  
Қызғалдақтар тым қаулап.  
Ұялатып үміт көңілге  
Көзді тартыпты алаулап.

Өтсе де уақыт тым заулап,  
Сұлулығын жоғалтпай.  
Жүректерді тым жаулап,  
Тұрсадағы тіл қатпай.

Жатыпты ағып бал бұлақ,  
Аққасын тым сылдырлап.  
Түріліп үнге тым құлақ,  
Жатқан екенмін былдырлап.

Көгінде құстар ұшыпты,  
Қанаттарын тым қағып.  
Күн күлімдеп құшыпты,  
Нұрын шашып тым жағып.

Ғажап үнге елеңдеп,  
Тал бесікте жатыппын.

Неткен өмір ғажап деп,  
Қызыққа тым батыппын.

Ему сосын ойға кеп,  
Бұлқынып үнді қатыппын,  
Тойдырғасын қамды жеп,  
Балдай сүтті татыппын.

Ақ сүтке тым тойғасын,  
Жатыппын тым шат болып.  
Ұлым менің дегесін,  
Көңілдері тым толып.

Орны бөлек ананың,  
Есейсін дегесін ер жетіп.  
Биіктеуін қалап сананың,  
Тал бесікті тербетіп.

Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Емізгесін бөпем деп.  
Қиындыққа тек көніп  
Ақ сүтін бергесін қамды жеп.

Ұл келіп атақ тез тарап,  
Жасапты шат боп шілде той.  
Қас қабаққа тым қарап,  
Азаматтық келіп сонда ой.

Ағайындар жиналып,  
Көңілдері толыпты.  
Ер болады деп иланып,  
Өздері шат болыпты.

Өмірді болғасын болжаған,  
Айтқан екен оң сөзді.



Екен сон да толғанған,  
Жеткізгендей тым көзді.

Амандық тілеп тым маған.  
Жүрегімен үлкендер.  
Азаматтық болғасын ұнаған,  
Болсын депті нағыз ер.

Білек түріп өмірде,  
Ерлер екен тынбаған.  
Көтеріліп көңіл де,  
Еңбек етсе шындаған.

Фашизмді де жеңіп кеп,  
Ерлер екен шыңды алған.  
Жүргесін тек Отан деп,  
Ерлігімен екен ой салған.

Ауыздарына қаратып,  
Айтқасын әр кез жөн сөзді.  
Жөн сөзді жүргесін жаратып  
Шындыққа жеткізгесін тек көзді.

Шырқаған екен тым әнді,  
Домбыраны қолға алып.  
Сөйлегесін сөз мәнді,  
Азаматтық ойды тым салып.

Дастарқанда беріпті,  
Ақсақалдар батасын.  
Сөзіне ерлер еріпті,  
Тыңдағасын текті атасын.

Сыйлағасын тым басын,  
Ақсақалды үлкен деп.





Үлкендік қалай қылмасын,  
Ақсақалдық жасқа кеп.

Білдіріп жақсы тым затты,  
Болмағасын іші ала.  
Бұл өмірге қымбатты,  
Келгеннен соң ұл бала.

Мәз болыпты ата-ана,  
Бақ қонғанын тым біліп.  
Болғасын биік ой-сана,  
Нәрестем деп көзге іліп.


Бақ тілегесін бар жанға,  
Дастарханға барды сап.  
Жеткендей қолы арманға,  
Бірге отырыпты ән шырқап.

Дүниеге ұл әкеп,  
Шат болып тым жүріпті.  
Ұлымыз аман болсын деп,  
Оң сөзге құлақ түріпті.

Анамыз тым көз алмай,  
Алыпты жиі қолына.  
Адамдығы еш қалмай,  
Ақ тілеу тілеп жолыма.

Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Аналығын тым сақтап.  
Қиындыққа тек көніп,  
Зор сенімді тек ақтап.

Қымбатын өмір білгесін,  
Қарап алып оң мен солына.



Көзіне тым ілгесін,  
Бақыт тілегесін ұлына.

Шығарыппын кейде есін,  
Басқаннан соң шырылға.  
Тойдырғанша еркесін,  
Бергенше сүтін ер ұлға.

Тойғаннан соң қарнымыз,  
Уілдеппіз шат болып.  
Атқандай боп таңымыз,  
Тым мәз болып іш толып.

Нәрестесі болғасын,  
Бізде текті адамның.  
Көңілдеріне толғасын,  
Бірі болмас деп наданның.

Еркелетсе шат күліп,  
Бесік әнін тыңдаппыз.  
Мейрімділігін тым біліп,  
Қас қабағын аңдаппыз.

Білгеннен соң келерін,  
Тойдырарын ананың.  
Ұлым деп тым елерін,  
Арқасында биік сананың

Алғаннан соң құшаққа,  
Еркелетіп ерке ұлын.  
Қонғандай боп бас баққа,  
Деген екен құлыным.

Жылы сөзге іш жылып,  
Періште қылық көрсетіп.

Жатқан екенбіз мәз қылып,  
Бал күлкімен шат етіп.

Күннен-күнге есейіп,  
Құлақ асыппыз біз үнге.  
Қарын ашса тым кейіп,  
Қарамай да еш түнге.

Өскеннен соң бопты тар,  
Бізге де өзі тал бесік.  
Болғаннан соң бойда ар,  
Өмір ашыпты кең есік.


Айдардан самал тым есіп,  
Ата-ана қамды жегесін.  
Күннен-күнге біз өсіп,  
Ұлымыз біздің дегесін.

Келіп бірге біз тез-ақ,  
Тәй-тәй басыппыз талпынып.  
Қонғандай басқа үлкен бақ,  
Жүрген екенбіз таң қылып.

Сүрінсекте тез тұрып,  
Аяқты да нық басып.  
Жүргесін ана іш бұрып,  
Жүрмеппіз өзі еш жасып.

Жүргендей-ақ күш тасып,  
Күн көрсетпей мысыққа.  
Мысық қашыпты тым сасып,  
Ұстатпай еш пысыққа.

Қуалаппыз мысықты,  
Тұрмағасын жан ашып.



Көрсе құйрық қысыпты,  
Құтылғасын тек қашып.

Ұстасақ алып құлақтан,  
Мияулатқасын жібермей.  
Етіп мұны тым мақтан,  
Жүргесін обал ойға енбей.

Жүргендей ерлік тек етіп,  
Болмағасын қамды жегендей.  
Бағасына жүрмей еш жетіп,  
Болғасын мен дегендей.

Желісті аттай уақыт,  
Болғасын тез желгендей.  
Өмір сүру – шын бақыт,  
Ерлейтін жасқа келгендей

Қорқып мысық сасыпты,  
Қолына сотқар түскесін.  
Мияуына басыпты,  
Құтылу алып тек есін.

Көрсеткесін көкесін,  
Жібер депті анамыз.  
Балаға басқа не десін,  
Биіктесін деп санамыз.

Жүргеннен соң талтаңдап,  
Сан іске ой бөліппіз.  
Жүрмегесін жалтаңдап,  
Ерлікті жөн көріппіз.

Құлатыппыз күбіні,  
Орындық қойып пісем деп.

Болмаса да еш міні,  
Жатпаса да қолдан кеп.

Есті жиыппыз тез тұрып,  
Үстіден қымыз тамшылап.  
Діңкеміз де тым құрып,  
Тұрғаннан соң тым жылап.

Төгілседе қымызы,  
Көрсетіпті әже кеңдікті.  
Жеңіл деп мұның тым тұзы,  
Сақтай біліп теңдікті.

Желге ұшса да еңбегі,  
Бала ғой деп тимепті.  
Жақсы болғасын тым тегі,  
Жат қылықты сүйемпті.

Түссе де қымыз тым құны,  
Көрсетіпті кеңдігін.  
Не қыламыз демей тым мұны,  
Сақтай біліпті теңдігін.

Әкепті үйге жетелеп,  
Көрші әжеміз тым күліп.  
Долыдай жүрмей желкелеп  
Ес жоқ екенін әлі іш біліп.

Жүргесін тек кешіріп,  
Адамдықты тек қалап.  
Бүлдірісек те есіріп,  
Бойда бар деп зор талап.

Еркелікті көрсетсек,  
Кешіріпті көрші әже.



Артықтау да тым кетсек,  
Тимейік деп шын ерге.

Көрсетсек те ерлікті,  
Түскенді көзге құлатып.  
Сияқты жүрек тым түкті,  
Кішкенелерді де жылатып.

Көңілге келмей еш күдік,  
Жүрсектағы бүлдіріп.  
Үзілмей бойдан еш үміт,  
Батылдықты тым білдіріп.

Жасаппыз солай тірлікті,  
Күніне мың сүрініп.  
Көрсеткендей ерлікті,  
Ерлікті тым білдіріп.

Тез арада ер жетіп,  
Жүгіріппіз далада.  
Талпынысты тек етіп,  
Тумағасын қалада.

Көзді тартып қызғалдақ,  
Тым алыстан көз тартып.  
Өмір сүру неткен бақ,  
Жүргесін сенім тек артып.

Аулада жүрмей сүрініп,  
Шыққасын ғажап далаға.  
Өскендікті білдіріп,  
Үлкендеу еріп балаға.

Қызғалдақты искесек,  
Көтеріп көңіл шалқытты.

Иісі ғажап тым десек,  
Жүректі де балқытты.

Көтеріліп тым кеуде,  
Иіскеуді тым құмартып.  
Болғасын көзге ілуге,  
Құштарлық та тым артып.

Асыр салдық жүгіріп,  
Үлкендеу балаға біз еріп.  
Табанға шөңге тым кіріп,  
Дәдемізді тым беріп.


Туған жердің ауасы,  
Рух берді тым бізге.  
Сезілді тым дауасы,  
Нұр ұялатып тек жүзге.

Бұлбұлдардың үніне,  
Және тостық тым құлақ.  
Шаттанғандай күніне,  
Сылдырлады ақ бұлақ.

Іңкәр қылды тым бізді,  
Туған жердің даласы.  
Сал дегендей тым ізді,  
Болмағасын іштің аласы.

Уақыт та тез өтіп,  
Оқитұғын келіп кез.  
Тез-ақ біз де ер жетіп,  
Өткеннен соң уақыт тез.

Кірдік біз де мектепке,  
Аяқты да нық басып.



Кірмегесін бос, текке,  
Көңіл де өзі тым тасып.

Азамат боп ой түйдік,  
Ұстаздан алып білімді.  
Отанды да тым сүйдік,  
Бағалаймын деп тілімді.

Атырды тез күнімді,  
Ұстаздар дәріс бергесін.  
Шығарып жарқын үнімді,  
Сөдеріне ергесін.

Бойды да тез түзедік,  
Ұстаздарға тек қарап.  
Күдерді еш үзбедік,  
Дәріс алып біз жарап.

Болғаннан соң ерге сын,  
Барды салып оқыдық.  
Сөйлегесін сөзді шын,  
Білімді миға тоқыдық.

Түзеттім мен де мінімді,  
Биіктегесін ой-сана.  
Босқа өткізбей күнімді,  
Болмақ болып бір дана.

Достардың бойы сорайып,  
Өскендігі тым сезілді.  
Дауыстары зорайып,  
Азаматтықты білдірді.

Жақсы оқыды сабағын,  
Сабақтан да еш қалмай.



Ашып жүрді қабағын,  
Екілікті еш алмай.

Достарды жүрді еш шалмай,  
Көрсете алып тектілік.  
Оқыды шаршап, еш талмай,  
Білдіргесін естілік.

Бес алғасын ұялмай,  
Көтерілді көңілі.  
Құштарлықты тыя алмай,  
Сүйгеннен соң өмірді.


Ұстаздың сөзін тыңдады,  
Көрсетпей еш балалық.  
Өзін-өзі шыңдады,  
Болмай істе шалалық.

Ұнатқасын ғылымды,  
Дәріс алып ой түйді.  
Тартпады еш шылымды,  
Отанын да тым сүйді.

Құрбылар жүрді еліктеп,  
Бестікті тым алғасын.  
Адамдық тек ойға кеп,  
Азамат болып қалғасын.

Қоштасатын мектеппен,  
Уақыт та тез келіп.  
Құрбы біткен тым тіптен,  
Толғанып еді теңселіп.

Жүргендей еді барлығы,  
Ауыр ойды еңсеріп.



Шыққаннан соң жарлығы,  
Білімдерін тым беріп.

Мектептерін қия алмай,  
Жүріп еді тебіреніп.  
Амалдары еш қалмай,  
Азаматтық ойға еніп.

Ғашық болғасын өмірге,  
Өмірді тым сүйгесін.  
Келгендей тым көңілге,  
Азаматтық ойды түйгесін.

Ұстаздар жүрді шаттанып,  
Ұшырмақ боп шәкіртін.  
Тіл мен көзден сақтанып,  
Болғасын жөнді білетін.

Жүргеннен соң шәкіртке,  
Амандықпен бақ тілеп.  
Адам бол деп өмірде,  
Жүргеннен соң қамды жеп.

Шәкірттер мектеп бітіріп,  
Аттанып еді жан-жаққа.  
Білекті де тым түріп,  
Мән бергесін жас шаққа.

Қызмет етіп Отанға,  
Қоспақ боп өз үлесін.  
Бақ тілегесін бар жанға,  
Азаматтық алып тек есін.

Жоғарғы оқуды да бітіріп,  
Құрбының көбі ерледі.

Отаным деп өмір тек сүріп,  
Маңдайлары тым терледі.

Надандықты тек жерлеп,  
Отан деп ат салысты.  
Шыңға құлаш тым сермеп,  
Жақын қылып алысты.

Қызмет етіп Отанға,  
Сыңарын тауып өмірден.  
Жетіп қолы арманға,  
Шыға біліп көңілден.


Болды бәрі ата-ана,  
Шаңырақты көтеріп.  
Болғасын биік ой-сана,  
Адамдықтан жүрмей өзгеріп.

Ұл мен қызды өсірді,  
Отаным деп барды сап.  
Көрсете алып тек ерді,  
Жүргесін әр кез биікті ап.

Шеттерінен барлығы,  
Табандылық көрсетті.  
Көрінбей іштің тарлығы,  
Зор табысқа қол жетті.

Атақтары шырқап тым кетті,  
Азаматтық ойды түйгесін.  
Атқара алып міндетті,  
Отандарын сүйгесін.

Ата, апа болды бұл күні,  
Немерені де тым бағып.



Ақсақалдық шығып тым үні,  
Еңбегімен тым жағып.

Арқасын да төзімнің,  
Бақытына қол жетті.  
Төзімділігімен өзінің,  
Отанға етті еңбекті.

Қымбаттығын Отанның,  
Одан сайын түсінді.  
Мың толғанды күніне,  
Ойламағасын бір күнді.

Қуанамын жастардың,  
Ерлегенін көргенде.  
Арқасында тым ардың,  
Дұрыс қой өсіп-өнген де.

Адал болайық Отанға,  
Азамат деп сенгенде!  
Бақыт тілеп бар жанға,  
Азамат бұл дегенде.

Егемендік алып Отаным,  
Бұл күндері гүлденді.  
Орындалды арманым,  
Гүлденсінші тек енді!

Ақсақал боп жүрейін,  
Отанымды тым ойлап.  
Адамдықты білейін,  
Терең ойға тек бойлап.

Мың толғанып келеміз,  
Ойлағасын Отанды.

Азаматтық шығып үніміз.  
Сыйлағасын бар жанды.

Жарқырап тұр ғой күніміз,  
Ел болғасын егемен.  
Азаматтық шықты үніміз,  
Бағымыз бар дегенмен.

Аман болсын еліміз,  
Жүрмесін еш мұңайып.  
Гүлденіп тым жеріміз,  
Бақ көрмесін еш тайып.


Азаматтық ойды шолайық,  
Бұтақты да тым жайып.  
Ірі мемлекет болайық,  
Бұдандағы ұлғайып!

### **Жанар құдашаға арналады**

О, Жанаржан қадірлі құдашамыз,  
Тойыңызда жыр арнап, сыр ашамыз.  
Құдашам деп ардақтап жүргеннен соң,  
Жыр арнаудан қалайша біз қашамыз?

Ең жақын құдашасыз, таза ары,  
Құдаларға көрінбеген пейіл тары.  
Азаматтық адамдықты сақтағасын,  
Тым құрметтеп сыйлайтын құдалары.

Сондықтан да құдашамен санасамыз,  
Сан асудан әлі-ақ біз бірге асамыз.  
Жанаржан, қырық жасың құтты болсын,  
Бірге тойлап, ән-жырға біз басамыз.



Жырменен де шашуды біз шашамыз,  
Жақсы өтсінші бүгінгі кеш – тамашамыз.  
Гүлденуге Отанды тек тырысып,  
Тек ұнасын жаңа заман жаңашамыз.

Құдашаны аққуға да баласамыз,  
Амандығын құдашаның қаласамыз.  
Тойыңызда жыр арнап толғанғасын,  
Құдаңыз боп несіне біз сасамыз?

Құдамызға көрінгесін аққудайын,  
Бағаңызды әрқашан ұмытпайын.  
Өзіңізді жүргесін тек құрметтеп,  
Толғанғанда өзіңіз жырсыз дайын.

Көп нәрсенің жүргесін біліп жайын,  
Құдамыздың тудырғасын әр кез айын.  
Би де билеп жүргесін құда біткен,  
Өзіңізге жырды қалай арнамайын?

Зор әсерді қалай ғана мен алмайын,  
Би де билеп, ән де шырқап еш талмайын.  
Тойыңызда жүргесін тым шат болып,  
Маңдайды терге қалай мен малмайын?

Құттықтап сондықтан да жыр арнаймын,  
Тойыңызда қалайша топ жармайын?  
Құда болып, құдаша боп сыйласқасын,  
Батылдыққа қалайша мен бармайын.

Тым құрметтеп, сондықтан жыр жазамыз,  
Алдыңызда әр кезде біз тазамыз.  
Азаматтық, адамдықты сақтағасын,  
Адамдықтан қалайша біз азамыз?

Жалындап биік шыңды тек аламыз,  
Мың толғанып, азаматтық ой саламыз.

Шыңды алмақ боп, талпынып жүргеннен соң,  
Қалай ғана тойыңыздан біз қаламыз?

Құда болып, әзіл де әр кез жарасқасын,  
Жағдайға да адамдықпен қарасқасын.  
Мың жылдығын құдалықтың түсінгесін,  
Тойыңызда тек құрметтеп тарасқасын.

Сыйластыққа өмірде не бар жеткен,  
Асылдарын халқым да мақтан еткен.  
Ағаңызды әр кезде кешірерсіз,  
Кезім болса жалындап, артық кеткен.


Тектілікпен келесіз алмай беттен,  
Құр алақан болмағасын еш ізеттен.  
Асылдықпен қырық жасты тойлай алып,  
Даналық қып қашпағасын еш міндеттен.

Не жетеді өмірде адамдыққа,  
Текті жандар бой алдырмас надандыққа.  
Адамдықты көрсетіп тек келесіз,  
Мол болғасын бойыңызда адамдық та.

Сыйластықта өмірде бар ғой маңыз,  
Не болады сыйластықты ұмытсаңыз.  
Дұрыс-ақ қой сыйласқан бұл өмірде,  
Жарқырап атсыншы өзі тек таңыңыз.

Адамдықты бойдағы жүрсіз жоймай,  
Қызығына өмірдің және тоймай.  
Еркелеп құдамызға жүргеннен соң,  
Сыйластықты жүріңіз ешбір қоймай.

Азаматтық жүргесін ойлап ойды,  
Баламай да жүргесін ешбір бойды.



Құда-жекжат ақ тілегін білдіруде,  
Құдашам деп келгесін сыйлап тойды.

Басты қосып, қырық жасты тойлағасын,  
Амандығын халқыңыздың ойлағасын.  
Ағайынның бастарын қоса алып,  
Даналықпен терең ойға бойлағасын.

Биікті алып ашылғасын тек бағыңыз,  
Құлпырып, сынбағасын еш сағыңыз.  
Бұл өмір де өзіңізге тілерім сол,  
Шаттықты боп өтсінші бар шағыңыз.

Жақсы тілеу тілейді ғой тек ағаңыз,  
Аға барда аман болар тек жағаңыз.  
Құдаңыздан жүріңіз қолдау көріп,  
Бұдандағы биік болсын тым бағаңыз.


Адамдықты өмірде тек сақтаңыз.  
Тектілерді өмірдегі тым жақтаңыз.  
Адал болып құдамызға бұл өмірде,  
Құдамыздың зор сенімін тек ақтаңыз.

Ағаңызбын, биік шыңды армандаған,  
Ғажап өмір ой салады әр кез маған.  
Ақынмын деп қылқаламды қолға алғасын,  
Өмір де кезім аз ғой толғанбаған.

Құдашасын аққуға да тек балаған,  
Құдаңызбын амандықты тек қалаған.  
Жүрейін өзіңізге жырды арнап,  
Құдашаға өзіңіздей ағалаған.

Болғаннан соң күніне мың толғанған,  
Ағаңызбын қаламымды қолға алған.





*Мұрат Нұрмұханбетұлы*

Бізденде өтер бір күні қолын бұлғап,  
Қимасақ та тым ғажап мынау жалған...

Жыр жазып, сондықтан да көзім талған,  
Кездерім көп маңдайды терге малған.  
Дұрыс қой ұрпақтарға сөз қалдырған,  
Даналықпен ұрпақтарға ойды салған.

О, Жанаржан, жүрейін аққу тұтып,  
Азаматтық сөзімді жүрмей жұтып.  
Құда болып әр кезде құдаша боп,  
Адамдықпен жүрейік әр кезде ұтып.


Қызбалықты бойдағы әр кез тиып,  
Сан қызықты жүргесін әр кез қиып.  
Қырқыңызда ұятқой жыр арнамау,  
Жүргеннен соң ортаға әр кез сыйып.

Сөз көп қой таусылмайтын, айта берсек,  
Ұят-ақ қой, кеудемізді бекер керсек.  
Даналықты көрсетпей адамдықты,  
Ездік қылып не болады бос сөзге ерсек?

Өсек-аян не болады, біздер терсек,  
Азаматтық адамдықты тек ескерсек.  
Азаматтық адамдықты еш сақтамай,  
Не болады адамдықтан біз өзгерсек?

Сондықтан да жүрейік сенімді ақтап,  
Мастанбайын ұлы елім жүрсе мақтап.  
Даналық қып құдаңыз боп бұл өмірде,  
Ағалықты жүрейін әр кез сақтап.

Құдашам деп жүрейін, сізді ардақтап,  
Шабыттанып жыр арнап, тым мадақтап.



Аяқтарын барлығы сәнмен басып,  
Құда-жекжат сізді жүр ғой, бәрі жақтап.

Тойыңызға келгесін бәрі қаптап,  
Жүрмегесін бос бекер жерді таптап.  
Микрофонды тым жақын ауызға ұстап,  
Ақ тілегін білдіруде сөзін баптап.

О, Жанаржан өзіңізді елегесін,  
Құттықтауға шын көңілмен тек келгесін.  
Би де билеп, ән де шырқап жүр ғой бәрі,  
Аққуға да өзіңізді теңегесін.

Құдашамыз біздің асыл тек дегесін,  
Құдамыз да қамыңызды тек жегесін.  
Азаматтық адамдықты көрсетуде,  
Тектілік пен ақ тілегін білдіргесін.

Қырқыңызда жүр ғой бәрі барды салып,  
Қатарынан жүрмегесін ешбір қалып.  
Кей құданың құдашалар қызбалығын,  
Той болғасын жүрген жоқ көңілге алып.

О, Жанаржан сынбасыншы еш сағыңыз,  
Бұл өмірде жансыншы тек бағыңыз.  
Отанға қызмет қып тек өтіңіз,  
Ойлайтұғын халқыңызды дер шағыңыз.

Бұдандағы биік болсын тым тағыңыз,  
Сезілсінші халқыңызға тым ағыңыз.  
Отанға бұдандағы адал болып,  
Адамдық көрінсінші тек жағыңыз.

Не жетеді бұл өмірде адамдыққа,  
Барлық маңыз жатқан жоқ па адамдықта?!

Тілерім сол жүз жаста да тойды жаса,  
Жүз жасты да тойлайық амандықта!

Құдашасын кім қияр жамандыққа,  
Бұл өмірде жетеді ғой жамандық та.  
Жақсы тілеу тілеймін сондықтан да,  
Не жетеді бұл өмірде амандыққа?

Ие болып жүрейік, қонған баққа,  
Пенделік қып қызықпай тәж бен таққа.  
Адамдықты сақтайық әр кезде де,  
Ел болып тиген кезде ауыз аққа.


Не жетеді сыйластыққа бұл өмірде,  
Сыйластықпен көтерілер тым көңіл де.  
Сыйласуға жан біткенмен тырысайық,  
Адамдық қып қарағасын тым көңілге.

Жарқырап жүріңіз тек шыққан күндей,  
Жыр арнамау өзіңізге үлкен міндей.  
Ақын болып жыр жазып жүргеннен соң,  
Бағаңызды жарамас жүрсек білмей.

Ұят болар құлақты жүрсек түрмей,  
Адамдықпен өмірді жүрсек сүрмей.  
Азаматқа өмірде ұят-ақ қой,  
Адамдық ой жүрсе егер ішке кірмей.

Бұл өмірде адамдықты таңдайын да,  
Жақсы, жаман арасын аңдайын да.  
О, Жанаржан өзіңізге тек тілерім,  
Жақсы жандар көп болсын маңайыңда.

Қиындықтың шыдайтұғын қандайына,  
Құдашамның қарайтын жағдайына.



Не десек те әр кезде сол болады,  
Тәңірім не жазса егер маңдайына.

Сондықтанда болмасын жалғанымыз,  
Шыңға көзді дұрыс қой салғанымыз,  
Құда болып құдаша боп бұл өмірде,  
Мәңгілікке дұрыс қой қалғанымыз.

Адамдықпен таза ғой тым жаныңыз,  
Құдаңыздың сөзіне тек наныңыз.  
Арманыңыз әр кезде орындалып,  
Орындалсын бұл өмірде арманыңыз.

Тек осылай болыңыз мақтанымыз,  
Азаматтық дұрыс қой үн қатқанымыз.  
Бағаңызды білгесін құда болып,  
Содан да ғой жыр арнап жатқанымыз.

Тым жарқырап шықсыншы тек күніңіз,  
Жарқын жарқын шықсыншы тым үніңіз.  
Адал болып жүріңіз құдамызға,  
Бойыңызда болмағасын еш мініңіз.

Құдамыздың биіктетіп шаңырағын,  
Балаларды оқытып, ашып бағын.  
Қатарынан қалдырмауға тек тырысып,  
Тек осылай ойлаңыз болашағын.


Білімді қылып ой-өрісін биіктетіп,  
Адамдыққа жүріңіз тәнті етіп.  
Құданың да абыройын асқақтатып,  
Зор табысқа қолыңыз жүрсін жетіп.


Көтеріп жүрмегесін бекер кеуде,  
Көк туымыз күннен-күнге биіктеуде.

*Мұрат Нұрмұханбетұлы*


Ер Қазағым барды сап жүргеннен соң,  
Биіетерге бұл күн де қол жетуде.

Зор табысты әлем де үлгі етуде,  
Тұратұғын болғасын үлгі етуге.  
О, Жанаржан арасын да тойлай біліп,  
Отанды тырысайық гүлдентуге!





**СЫН-СЫҚАҚ  
ӨЛЕҢДЕР БАЛАЛАРҒА  
БАЗАРЛЫҚ**



## Өтірікші Манап

Манап тауып күшікті,  
Жүрегі деп тым түкті.  
Сықырлап аяз тұрғандай,  
Астына салды ішікті.

Дегесін күшік тоңбасын,  
Дәмділеп беріп тым асын.  
Қарнын да тым тойғызды,  
Бағалап күшік тым басын.


Білгесін әлі тым жасын,  
Дегесін сағы сынбасын.  
Үлкейгесін шәуілдеп,  
Білгесін үріп тынбасын.

Көрсетіп тым құрметті.  
Мойнына байлап ақ жіпті.  
Сырттан деді күшігім,  
Ойламай еш күдікті.

Күткендей үлкен үмітті,  
Барды беріп тым күтті.  
Тарақпен тарап тым жүнін,  
Шөткімен жүнін тек сүртті.

Беріп күнде тек сүтті,  
Көрсетіп жомарт жігітті.  
Күшігім менің өскесін,  
Ақтайды деп үмітті.

Құрбылары құлақ тек тікті,  
Ойламай еш күдікті.  
Әкелгенін көшеден,  
Жасырып ішке тым бүкті.



Көшеде жатқанын жәшікте,  
Жарамсыз боп еш түкке.  
Әкелгенін көтеріп,  
Жаны ашығасын күшікке.

Сөзінің білмей жалғанын,  
Көшеден тауып алғанын.  
Құрбылары сезбеді,  
Алданып тым қалғанын,

Құрбыларға тек бөсті,  
Шеке тамыры тым өсті.  
Сақтамай арды бөскесін,  
Кағып қойып тек төсті.

Көрсетті күшік тек тісті,  
Көрсеткендей ерлікті.  
Жиілетті тым шәуілін,  
Асқа толтырып тым ішті.

Күшігін сырттанға тек балап,  
Аман болғанын тек қалап.  
Жармасқасын да балаққа,  
Бойында бар деп зор талап.

Табағын күшік тым жалап,  
Тойғасын жүрді абалап.  
Тауықтарға қарап тым үріп,  
Жүргендей боп табалап.

Шоқитындай өзін қамалап,  
Жүргендей өзін алалап.  
Тауықтарға маза бермеді,  
Әлін білмеи шамалап.

Бақытқа тойып кенелді,  
Тойып ішіп еленді.





Аула алдын да шәуілдеп,  
Тынбайтын болды еш енді.

Кәнденмін мен демеді,  
Дәмсіз тағам жемеді.  
Орынсыз тым шәуілдеп,  
Мазаны еш бермеді.

Шәуілін жүрсе де ұнатпай,  
Шәуілдемесе ас батпай.  
Ұшқан құсқа да тек үрді,  
Ұясын да тек жатпай.


Манап та езу жимады,  
Сөгуге еш қимады.  
Сырттан ит деп бұл күшік,  
Бөскендігін тимады.

Терісіне тым симады,  
Құрбыларын жинады.  
Сырттан болады дегесін,  
Кей құрбысы иланды.

Ғажап деді үргені,  
Таңдантады деп бүргені.  
Үйді айналып бір тынбай,  
Шәуілдеп деп жүргені.

Шәуілдеп деді үреді,  
Құлағын деді түреді.  
Қасқырды да өскесін,  
Деді бірақ бүреді.

Зор болады деп тым үні,  
Жалтырап деп тым жүні.



Тайдай болып өскесін,  
Шығады деп тым күні.

Кәнден десе кей досы,  
Сөзінің сезіліп тым босы.  
Шындық сөзді жақтырмай,  
Қызықсың деді сен осы.

Төбет болмасы еді анық,  
Ісіне болғасын тым қанық.  
Балаққа да жармасып,  
Көрсеткесін тек шақарлық.

Сырттан болады десе де,  
Жүз жасқа да келсе де.  
Қайдан болсын төбеттей,  
Қазы қарта жесе де...

Түйе сойып берсе де,  
Шәуілдеп қалмай ерсе де.  
Еді анық өспесі,  
Жүз жерден кеуде керсе де.

Бес мезгіл тамақ берсе де,  
Күшігін сырттан көрсе де.  
Күшігі бірақ өспеді,  
Танадай болады десе де.

Достары оған не десін,  
Бөспелік алғасын тым есін.  
Шындықты айтқан досына,  
Көрсеткесін тым сесін.

Ұяттығын білмеді,  
Оң сөзді құлаққа ілмеді.



Достарына тым бөсіп,  
Міз бақпады, күлмеді.

Сырттан болады тек деді,  
Қамын оның тек жеді.  
Әкесі мен анасы,  
Кәнден екенін білмеді.

Кей аңқау құрбы елеңдеп,  
Ойнауға жиі келем деп.  
Пірәндікке май жағып,  
Мен де күшікке берем деп.

Манап та берем деп таза ет,  
Орындалардай зор міндет.  
Бәскендігін еш қоймады,  
Төбет болады деп тым өжет.

Қасқырды алады деп бір өзі,  
Жанып тұр деп тым көзі.  
Ит болады деп керемет.  
Кәндені болды тек сөзі.

Түскендей-ақ сұқ көздер,  
Күшік болғандай тек сөздер.  
Күшік өспей сол қалпы,  
Түрі жоқ еді өзгерер.

Өзгерсе еді көз көрер,  
Шақ келмес еді ит нелер.  
Манаптың айтқан сөзіне,  
Еді ғой сонда шын сенер.

Манап жоқ еді сөзді елер,  
Кәнден де өзі еркелер.



Шәуіліне мастанып,  
Болмаса да еш ерлер.

Кей құрбысы күрсінді,  
Беспелігін түсінді.  
Алады деп бөріні,  
Манап бөсіп ісінді.

Кей құрбысы жақтады,  
Ішіне қулық сақтады.  
Сырттан болады деп күшігің,  
Одан сайын мақтады.

Манап сеніп мақтанды,  
Тілмен көзден сақтанды.  
Құрбыларым сенді деп,  
Жүрді әркез шаттанды.

Арқадан жүргесін тек қағып,  
Қас қабағын тым бағып.  
Қулығымен кей досы,  
Манапқа жүргесін тек жағып.

Сөйлесе де тым лағып,  
Өтірікке судай тым ағып.  
Бәлесінен аулақ деп,  
Сөйлемегесін тілмен еш шағып.

Манап кеудесін тым қақты,  
Ұнатқасын ыржақты.  
Айтқасын көп өтірікті,  
Болмағасын жан жақты.

Ұнатқасын мақтанды,  
Ұнатқасын жатқанды.



Ұнатпағасын ездікпен,  
Азаматтық үнді қатқанды.

Өзінше қулық асырды,  
Дегендей боп бас ұрды.  
Тапқандығын көшеден,  
Құрбысынан жасырды.

Босқа болып арам тер,  
Айта ма өтірік нағыз ер?  
Кәндендігі сезілді,  
Үргенінен кетіп кер.

Сырттанға қайтып тең келер,  
Тең келмеген ит нелер.  
Таласса егер жеңілер,  
Кәнден итін кім елер.

Сырттан болмай кәндені,  
Білінді енді шын тегі.  
Айтқаннан соң өтірікті,  
Кей құрбысы шын сенді.

Шындықты айту мәнді еді,  
Ұят болды-ау шын енді.  
Қою керек еді ғой,  
Ұлы істерге тек денді.

Тұру керек еді тек жеңді,  
Көтере біліп еңсені.  
Қоя тұрып бөскенді,  
Өтірікті желдей ескенді.

Манап енді бөспеді,  
Бұрынғыдай еспеді.



Сырттан деген күшігі,  
Жыл өтсе де өспеді.

Құрбылары сескенді,  
Қоймады деп ескенді.  
Алданған соң Манаптан,  
Сенбейміз деді еш енді

Қынжылып іштей кектенді,  
Жақтырмай тым бөскенді.  
Іргесін салды аулаққа,  
Кек көріп мазақ еткенді.

Құрбылары болды сенбейтін,  
Ойнауға болды келмейтін.  
Мақтағаны сырттан деп,  
Ойға екен деп енбейтін.

Кеудесін болды кермейтін,  
Құрбылары болды ермейтін.  
Кәнден болды күшігі,  
Шәуілдеп маза бермейтін.

Балақты тістеп ерлейтін,  
Болмағасын ер дейтін.  
Үйіне келсе құрбылар,  
Манап болды терлейтін.

Балаққа жүрді жармасып,  
Көзбенен де арбасып.  
Маза бермей жандарға,  
Шәуілге жүрді тек басып.

Жүргендей боп күш тасып,  
Жүргендей-ақ күші асып.

Желкеден алса төбеттер,  
Қыңсылады тым жасып.

Жеңілгесін тым сасып,  
Өзінше болғанда арбасып.  
Манап жүрді қызарып,  
Ұялып, желке тым қасып.

Қыңсылады тіс батып,  
Тырмалап жерді тым жатып.  
Шақарлықтың өмір де,  
Әуселесін тым татып.

Кәндендік үнді тым қатып,  
Жүрген де көзбен тым атып.  
Батырмын деп жүрген де,  
Балақтан тістегенді ұнатып.

Жанына батып тым сасып,  
Зор иттермен таласып.  
Әлін білмей өзінің,  
Жүргеннен соң алжасып.

Құтылды зорға тек қашып,  
Көзінен отты тым шашып.  
Манап қатты қызарды,  
Кәнденіне жаны ашып.

Құрбылары күлді іш басып,  
Қалғасын кәнден тым жасып.  
Төбетпен де ұстасып,  
Жүргендей болғасын күш тасып.

Ұясына тығылғасын тым сасып,  
Төбетпен де ұстасып.



Қызарғаннан тым Манап,  
Алақанмен жүрді бет басып.

Ашылар өтірік бір күні,  
Білінді кәнден тым міні.  
Қызарып Манап тек жүрді,  
Бұрынғыдай шықпай еш үні.

Суайт боп көзге ілінді.  
Білімсіздігі тым білінді.  
Сабақты тек жақсы оқып,  
Болу керек еді білімді.

Меңгеру керек ғылымды,  
Тартпау керек еді шылымды.  
Еңбек етіп өмірде,  
Көрмеу керек тынымды.

Айту керек тек шынды,  
Көтере біліп тым сынды.  
Өтірік айтпай құрбыға,  
Іс атқарып тек құнды.

Манапта түсінді тым мұны,  
Өтіріктің болмағасын еш құны.  
Өтірік айтпауға бел буды,  
Ой салып құрбы тым сыны.

Көрсетті жақсы тек қырды,  
Құрбыға айтып шын сырды.  
Өтірікті еш айтпады,  
Сөзінде айтқан тек тұрды.

Азаматтық істеймін деп тек тірлік,  
Халқыма керек деп тым бірлік.



Егемендікті тек ойлап,  
Істеймін деп тек ерілік.

Сөйлеймін деп орнымен,  
Шыға біліді көңілден.  
Гүлдентуге егемендікті бел буды,  
Азаматтық ой түйіп өмірден.

### Кәрімбек

Кәрімбек тек мақтанып,  
Құрбыға кеуде тек керді.  
Жүргеннен соң мастанып,  
Мендей біл деп сен ерді.

Күніне мың өзгерді,  
Сабырды еш сақтамай.  
Гүлдентпеді еш жерді,  
Зор сенімді ақтамай.

Қара деді көрсе ақты,  
Қарулықты көрсетіп.  
Тіліменен тек шақты,  
Қалсадағы ер жетіп.

Құрбылары сөзінен,  
Жүрді әр кез сақтанып.  
Түңілгесін өзінен,  
Қайдан жүрсін тым нанып.

Сөзінен де жүргесін,  
Сотқарлықпен тек танып.  
Ұнатпағасын бұл ісін,  
Қалай жүрсін шаттанып.



Құрбысындай талпынбай,  
Бағаламай жас шақты.  
Жат қылыққа қымсынбай,  
Құрбыға кінә тек тақты.

Болмағасын жан-жақты,  
Мықтысынды әлсізге.  
Сындырғасын тек сақты,  
Тең келер деп кім бізге.

Көрсеткесін сотқарлық,  
Қарамады еш жүзге.  
Ұнағасын шақарлық,  
Түсті әр кез тек көзге.

Құрбылары бір жүрген,  
Айтсадағы ақылды.  
Құлақты емес еш түрген,  
Өздерін қылжақ тек қылды.

Тастыбайды жүрді түрткілеп,  
Қолындағы шыбықпен.  
Басқа бәле тек тілеп,  
Ойды түймей өмірден.

Тоқтамағасын жөн сөзге,  
Қоймағасын ешбір ден.  
Жылтырағасын тек көзге,  
Шықпағасын көңілден.

Тастыбай жүрді ұнамай,  
Бетке мінді айтқасын.  
Жүр деді мені сынамай,  
Көргендей боп тым қасын.

Кәрімбекті сынаған,  
Намысына тым тиді.

Емес еді ұнаған,  
Қабағын өзі тым түйді.

Сынап еді Тастыбай,  
Түзелер деген үмітпен.  
Мінез көрсетіп ерге сай,  
Күдерді үзбей үміттен.

Кәрімбекті тым аяап,  
Адамшылығы болғасын.  
Қасына барып тым таяп,  
Толғанып ойды шолғасын.


Қимағасын жолдасын,  
Қалсын қалай үндемей?  
Сотқарлықты қалай қолдасын,  
Жүргеннен соң күндемей.

Азаматтықты өзінен,  
Болғаннан соң тек күткен.  
Айнымағасын сөзінен,  
Қайыспай белі еш жүктен.

Аяғанын Кәрімбек,  
Ойы жетіп білмеді.  
Ойлағасын өзін тек,  
Құлаққа сөзді ілмеді.

Қой десе де қоймады,  
Ақылды маған айтпа деп.  
Жат қылықты жоймады,  
Қаласың деп таяқ жеп.

Күресемін деп Кәрімбек,  
Тастыбайға болмады.



Шыдатпағандай өзін кек,  
Көңілге ешкім толмады.

Тастыбайдың жынына,  
Кәрімбек бөсіп тым тиді.  
Ұшырағасын сынына,  
Жаланы да тым үйді.

Сақтамады бойына,  
Кәрімбек еш сабырды.  
Келгенін істеп ойына,  
Ұнатқасын дабырды.

Ұяттығын Кәрімбек,  
Көңілге еш алмады.  
Тастыбайдай шын ерге,  
Бөсуден жағы талмады.

Кәрімбекті алды жамбасқа,  
Шошаңдатса да таяғын.  
Амалы қалмай еш басқа,  
Сереңдетіп аяғын.

Кәрімбек жерге құлады,  
Көтеріп көкке тым шаңды.  
Теректей боп сұлады,  
Шаңға бөлеп тым маңды.

Көтеріп көкке тұмсығын,  
Көрсеткенмен тым паңды.  
Дұрыс деп ұғып қылығын,  
Келтіргесін тым таңды.

Кәрімбекті Тастыбай,  
Қолына да алмады.

Көрсетіп мінез ерге сай,  
Басқа амалы қалмады.

Жерге ұрылып оң құлақ,  
Қызарып қызып ісінді.  
Ішінен ағып тым бұлақ,  
Қателікті түсінді.

Құрбылары көріп қылығын,  
Бөспелікке күрсінді.  
Қараулығын көріп былығын,  
Түзе деді тек мінді.


- Кәрімбекке бөсумен,  
Өткізбе деді еш күнді.  
Ой түй,- деді өмірден,  
Шығара біліп тек үнді.

Несі бар еді күресіп,  
Өзінен зор мықтымен.  
Өзінше боп тіресіп,  
Ой түймегесін өмірден.

Жүргеннен соң тек есіп,  
Шықпағасын көңілден.  
Жүрмегесін ер десіп,  
Шаққаннан соң тілімен.

Қарады тым алақтап,  
Іскесін құлақ, төбесі.  
Белдескенмен жалақтап,  
Ауғандай боп тым есі.

Оң құлағы қалқиған,  
Одан сайын қалқиды.



Күні өтіп шалқайған,  
Есін де өзі тез жиды.

Сотқарлықты көрсетіп,  
Білмегесін еш сыйды.  
Бөспелік түпке тым жетіп,  
Бөспелікті тез тыйды.

Кек сақтаған кей құрбы,  
Құрбыларға тез жайды.  
Ұят демей еш мұны,  
Сөздерінен тез тайды.

Кәрімбекті жүрді мазақтап,  
Құлағын іскен көрсетіп.  
Келеке қып ыржақтап,  
Жүргендей боп үлгі етіп.

Жүргеннен соң кек сақтап,  
Дұрыс болғандай мұнысы.  
Жүрсін қалай тым жақтап  
Кеңігесін тым тынысы.

Бергендей боп жазаны,  
Кәрімбектен өш алды.  
Қылжақтап бермей мазаны,  
Кекшілдікке тым салды.

Тым қызарып Кәрімбек,  
Құрбылардан ұялды.  
Азаматтық кіріп ойға тек,  
Сотқарлықты тыя алды.

– Дұрыс екен, – деді Кәрімбек,  
Жақсы оқып тек жүрген.

Момынға болып тек тірек,  
Дұрыс деп өмір тек сүрген.

Кәрімбек келді тым жөнге,  
Өзін жөнге салғасын.  
Ынтық болды өмірге,  
Тектіден үлгі алғасын.

Бөспелікті тез тыйды,  
Жығылып ес жиғасын.  
Ортасына тек сыйды,  
Жат қылықты тыйғасын.


### Марғұлан

Тыныш жүрмей Марғұлан,  
Көк алманы тек жұлды.  
Көрмейді деп ешбір жан,  
Көрсеткендей ер ұлды.

Құрбыларын жер қылды,  
Ұрлығымен қызартып.  
Құрбылары қысылды,  
Жүргенде сенім тек артып.

Көк алманы жұлмаса,  
Ас та өзі батпады.  
Ұрлық істі қылмаса,  
Тыныш тауып жатпады.

Еш сыйламай көршінің,  
Аяқтан да атты тауығын.  
Қателігін білмей ісінің,  
Көрсеткендей жаулығын.



Көтеріспей жүргесін,  
Жүктің де ешбір ауырын.  
Ұрлық алып тым есін,  
Сұрамағасын да саулығын.

Азаматтық көрсетпей,  
Көрсетпегесін еш қырын.  
Адамдықты еш етпей,  
Білдіргесін ездiк тым сырын.

Жүргеннен соң даурығып,  
Озбырлықты көрсетiп.  
Жүрегі қайтсiн ауырып,  
Көмектi жүрмегесiн еш етiп.

Көк алманы ұрлап тек жедi,  
Қойынына да тек тығып.  
Мұным ұят демедi,  
Тасада жесе де тек бұғып.

Адамдықты ер болып,  
Жүрмегесiн еш ұғып.  
Жүрдi өзiнше тым толып,  
Көңiлдердi тек жығып.

Көрген кезде алманы,  
Көзi кеттi тым жанып.  
Ашымады еш жаны,  
Сөзiнен де тез танып.

Гүлдентудi Отанды,  
Жүрмегесiн ойға алып.  
Аяғасын тым жанды,  
Жүргесiн көңiл тым қалып.

Алманы ұрлап жегенде,  
Қарамағасын әй-шәйға.



Ойдан болғасын тым кем де,  
Жүрмегесін еш жайға.

Көзі жүргесін тым тұнып,  
Көктей жүрді тек жұлып.  
Жатса да бұтақ тек сынып.  
Қансыздықты тек қылып.

Тою болғасын арманы,  
Алманы жұлуды қоймады.  
Ұрлық болып ұққаны,  
Жат қылықты жоймады.


Көк алмаға тойсам деп,  
Тоюды тек ойлады.  
Жұлу өзі ойға кеп,  
Терең ойға бойлады.

Сыйламады көршісін,  
Адамдықты еш білмей.  
Ұят көрмей бұл ісін,  
Құлаққа сөзді еш ілмей.

Жүректерге жүргесін,  
Азамат боп үңілмей.  
Құрбылары сезгесін,  
Қалай жүрсін түңілмей?

Аулақ ұстап іргесін,  
Құрбылары сескенді.  
Ұры екенін білгесін,  
Қылығынан жиіркенді.

Мұның ұят тек деді,  
Аяғасын жаны ашып.



Жүректері нұрлы еді,  
Жат қылықтан тек қашып.

Қарсы болғасын ұрлыққа,  
Мұның дұрыс демеді.  
Батпайық деп былыққа,  
Бірге ұрлау ойға келмеді.

Қойнынан алып берсе де,  
Көк алмасын жемеді.  
Досым менің десе де,  
Дос болу ойға келмеді.

Адал достың сөздерін,  
Азамат деп еледі.  
Адам деп тек өздерін,  
Жебеп сөзбен желеді.

Достары жүрді ер демей,  
Көк алманы жұлғасын.  
Сыйлау да ойға еш келмей  
Ұрлық істі қылғасын.

Көңілдерді ездiкпен,  
Әр кезде де жыққасын.  
Қарағасын сезiкпен,  
Қойынға алма тыққасын.

Інінің көрсе қолынан,  
Алманы тартып алғасын.  
Қалдырып оны жолынан,  
Сыйламағасын еш басын.

Бермесе қолын бұрады,  
Ініні де жылатып.

Өтірікті тек құрады,  
Ініні жерге құлатып.

Жүргесін тек ұрлап жеп,  
Ездікті қалай қылмасын?  
Адамдық жүрмегесін ойға кеп,  
Адалынан ішпегесін еш асын.

Қашанғы алма ұрласын,  
Ұрлаймын деп ұсталды.  
Таппақ боп жеңіл тым асын,  
Білмегесін обалды.

Көгіне еш қарамай,  
Жеп жүргенде сындырып.  
Қорғауға еш жарамай.  
Жүргендей іс тындырып.

Күжірейтіп тым жалды,  
Болғасын ұрлықшы тым бала.  
Сұрамай да еш қалды,  
Болғаннан соң іші ала.

Болғасын да ісі тым шала,  
Істегесін ұрлықты.  
Құрбыға жапқасын тек жала,  
Өзінше болып тым мықты.

Болмағасын ұқыпты,  
Гүлденсін демегесін еш дала.  
Көрсеткесін сұмдықты,  
Жақтырады қай бала?

Мақтан көріп ұрлыты,  
Жүргендей боп шыңды алып.



Сөзін де айтқан тек жұтты,  
Көңілдер де тым қалып.

Секірем деп шарбақтан,  
Шалбарын да тек жыртты.  
Алма ұрлап бақшадан,  
Адамдықты ұмытты.

Топырақ болды тым үсті,  
Құлағасын сыз жерге.  
Беделі де тым түсті,  
Ұқсамағасын шын ерге.

Асты оңай табам деп,  
Ұсталарын білмеді.  
Дәндегесін ұрлап жеп,  
Құлаққа сөзді ілмеді.

Қолды салғанда алмаға,  
Балақтан кәнден жармасты.  
Ұқсамағасын текті балаға,  
Көргендей боп албасты.

Сыймағасын тым ішіне,  
Көргендей боп тым қасты.  
Сенгендей боп күшіне,  
Лақтырғасын да тек тасты.

Рагатқымен де атқасын,  
Тауықты көрсе дәл бастан.  
Тиген тасы батқасын,  
Болғасын тек алжасқан.

Болғасын бала тым ұры,  
Түзу жолдан адасқан.



Ұнамағасын тым сұры,  
Болғасын көзін шел басқан.

Кәнден де өзі ер еді,  
Айырылмады балақтан.  
Құтылуға жол бермеді,  
Болмағасын ұрлық еш жаққан.

Қалғасын тым көңіл де,  
Айырардай тым бақтан.  
Келгесін тым көңілге,  
Ұрлығын еткесін тым мақтан.

Ұяттан болғасын безгендей,  
Ерлікке кәнден тым басты.  
Болғасын бәрін сезгендей,  
Көрмегесін көз жасты.

Марғұлан басты аттанға,  
Кәнден тісі батқасын.  
Ұқсап мүсәпір тым жанға,  
Тістелеп кәнден жатқасын.

Жібермеді кәнден де,  
Балақтан тістеп ырылдап.  
Ұят жоқ деп еш сенде,  
Тамағы да қырылдап.

Ашуға тым басқасын,  
Жетер дегендей ұрлығың.  
Көргендей боп дәл қасын,  
Ұнамады деп бұл қылығың.

Алманы ұрлап жүргенде,  
Қолға түсіп ұсталды.



Ұрлыққа білек түргенде,  
Екі аяғы тұсалды.

Көрші атасы айғайлап,  
Желкесінен тым алды.  
Сөйлегін деп абайлап,  
Басынба деп сен шалды.

Қолды салды мойынға,  
Түзету келіп ойына.  
Алма толып қойынға,  
Сеніп жүргенде бойына.

Мойынға қолы тым батты,  
Түзетпек болғасын бұзықты.  
Төмендеттің деп тым атты,  
Қойсын дегесін ұрлықты.

Дауысы зорға тым шықты  
Орнында зорға тым тұрып.  
Боп жүрген де тым мықты,  
Діңкесі де тым құрып.

Жіберіңіз деп жалынды,  
Ұрламаймын деп аталап.  
Көзі жасқа малынды,  
Ұрлықты жүрген де тым қалап.

Аяғы да тым шалынды,  
Өзін ерге жүрген де тым балап.  
Сағы да өзі тым сынды,  
Болмағасын бой да еш талап.

Қойнындағы алмасы,  
Жерге бәрі шашылды.

Көзінен ағып тым жасы,  
Қылмысы ұрлық ашылды.

Салбырады тым басы,  
Өзіне де ұнамай қылығы.  
Көршінің де боп қасы,  
Аян болып былығы.

Көрші атасы тым аяп,  
Босатып қолды жіберді.  
Ұстағанмен тым таяп,  
Танытып нағыз шын ерді.


Қысқа өмірді жүргесін,  
Жүрегімен бағалап.  
Адамдық қып өмір сүргесін,  
Жалынғасын аталап.

Адамдықты жүргесін,  
Әр кездеде тек қалап.  
Ел сенімін жүргесін,  
Еш мойымай арқалап.

Марғұланға қойды тым талап,  
Қой деді тез ұрлықты.  
Жүреді деді ерге тым балап,  
Айтсаң деді шындықты.

Азамат бол тым текті,  
Құрбыға жақсы тек қарап.  
Сүй деді тым еңбекті,  
Адамдық етуге тек жарап.

Адал атқар деді міндетті,  
Нағыз ерді көрсетіп.



Оқушы бол деді ізетті,  
Құрбың жүреді деді үлгі етіп.

Қоям деді Марғұлан,  
Түзетемін деп тек мінді.  
Қалса деді шыбын жан,  
Босқа өткізбей еш күнді.

Сөз айтам деді нанымды,  
Отанымды тым сүйіп.  
Алмаңыз деді жанымды,  
Азаматтық жүрем деп ой түйіп.

Боламын деді білімді,  
Жақсы оқып сабақты.  
Азаматтық шығарып үнімді,  
Боламын деді жан-жақты.

Бағалаймын деді жас шақты,  
Гүлдентем деді Отанды.  
Ашамын деді тек бақты,  
Құрметтеймін деп бар жанды.

Тұр деді тек сөзіңде,  
Атасы сәл жымыып.  
Ұят болса өзің де,  
Ортаңа жүресің деп тек сыйып.

Босатқасын Марғұлан,  
Алды тез-ақ ес жиып.  
Аман қалып зорға жан,  
Ұрлықты жүрді тек тыйып.

Қойғаннан соң ұрлығын,  
Ортасына тек сыйды.





Көрсеткесін жақсы қылығын,  
Оқушы болды тым сыйлы.

Атасының алып батасын,  
Болды әр кез тек жолы.  
Тыңдағасын атасын,  
Арманға жетті тез қолы.

Жат қылықтан тым бойды,  
Аулақ ұстағасын Марғұлан.  
Азаматтық ойлап тек ойды,  
Нағыз ер болды таң қылған.

Өзгенікіне тимеді,  
Адамдықты тек сақтап.  
Ұрлық істі сүймеді,  
Зор сенімді тек ақтап.

### Жалақор Жанатбек

Құрбыға жала жабатын,  
Жанатбек болды жалақор.  
Тілінен бәле табатын,  
Өзін санап әр кез зор.

Қызықтырмай түзу жол,  
Төмендеткесін ер атын.  
Қайтып болады есті ол,  
Әділдіктің білмей қымбатын.

Қара деді көрсе ақты,  
Әділдікті көрсетпей.  
Байлағандай тым бақты,  
Адамдыққа ой жетпей.

Қағынып тек жүргесін,  
Ұнағандай жаласы.  
Жалақор боп өмір сүргесін,  
Білініп іштің аласы.

Тар көрініп даласы,  
Болғасын да іші тар.  
Іштің білініп аласы,  
Сақтамағасын бойға ар.

Жанатбек текті болмады,  
Жалақорлық болып басқа сор.  
Жалындаған жастығы,  
Бекер өтіп болды қор.

Таңдамады түзу жол,  
Азаматтық ойды еш түймей.  
Құмар болып жалаға ол,  
Шындықты жүрді еш сүймей.

Адамдықты еш білмей,  
Шолақ болды тым ойы.  
Құлаққа сөзді еш ілмей.  
Өспей қойды еш бойы.

Түсінбеді Жанатбек,  
Жөн сөз айтса құрбысы.  
Ішке сақтап әр кез кек,  
Адамдықта болмай жұмысы.

Ішке кірмей адамдық,  
Көрсетпеді әділдік.  
Көрсетті ол надандық,  
Шығарғасын тек бүлік.

Құрбылары жүрді түңіліп  
Жалақорлығын білгесін,

Жүрмегесін жүрекке үңіліп.  
Жала жауып күлгесін.

Жалақорлығы білініп,  
Ұнамағасын жаласы.  
Жүргесін көзге ілініп.  
Сыйлы болмай еш басы.

Әлсіздерге ұрынды,  
Құрбысының көзінше.  
Көтерді тым мұрынды  
Болғаннан соң өзінше.

Мұрынынан суы аққан,  
Бала едің деп сен кеше.  
Болғасын бәле тым баққан,  
Өзін ұстап өзгеше.

Мықтыны көрсе өзінен,  
Тасасына тек бұғынды.  
Жас шыға жаздап көзінен,  
Зордың барын ұғынды.

Кеткесін ол мақтанды,  
Қашып кетті менен деп.  
Қорыққасын деді сақтанды,  
Қалатын еді деп таяқ жеп.

Зытты деп ол сезгесін,  
Тығылды деп сасқасын  
Жинады деп тез есін,  
Күшім деп одан асқасын.

Көргендей боп тым қасын,  
Шықырлатып тіс қайрады.



Мықтының мысы басқасын,  
Тасасын да тым сайрады.

Достарының тұрды жыны кеп,  
Естігесін өтірік бөскенін.  
Құтылғанын көріп «көке» деп,  
Көргесін бос ескенін.

Құрбылары тым сөкті,  
Жалақорлығын көргесін.  
Ақымақ санама деп сен көпті,  
Білгесін қысқа өресін.

Бол деді оған ақылды,  
Жалақорлықтан арылып.  
Азаматтыққа шақырды,  
Жүрме деді тарылып.

Азаматтықты көрсетіп,  
Ағыңнан жүр деді жарылып.  
Достарың сені үлгі етіп,  
Күтеді деді сарылып.

Тым қызарды Жанатбек,  
Бетке мінді айтқасын.  
Ойлап жүргенде өзін тек,  
Райынан қайтқасын.

Тұрып қалды толғанып,  
Қоймақ болып жаласын.  
Өзін-өзі қолға алып,  
Жоймақ боп іштің аласын.

Жанатбек қатты қызарды,  
Құрбылары сөккесін.

Сақтамағасын тым арды,  
Қараулық қып бөскесін.

Сөккесін қойып бөскенін,  
Халқына бет бұрды.  
Ойының көріп өскенін,  
Сөзінде де тек тұрды.

Қызартпады достарын,  
Сабағын да жақсы оқып.  
Азаматтық сақтап тек арын,  
Алғасын миға тек тоқып.

Білек түріп тек жүрді,  
Гүлдепек боп Отанын.  
Мағыналы өмір тек сүрді,  
Орындамақ боп арманын.

Жүрмеді еш паңданып,  
Егемендігім деп жүргесін.  
Достары жүрді таңданып,  
Отан деп өмір сүргесін.

### **Пысық бала Құмарбай**

Пысық бала Құмарбай,  
Ер деуге нағыз аты сай.  
Ғылымға тым құмартты,  
Қарамағасын ешбір жай.

Жүргені тек мақтанбай,  
Бос сөздерге еш нанбай.  
Тектілік қып жүреді,  
Берген сөзден еш танбай.



Гүлденуде егеменді Қазақстаным!

Бестік деген баға алып,  
Биік шыңға көз салып.  
Құрбылары жүреді,  
Құмарбайға таң қалып.

Жүрмейді бос еш налып,  
Жүрседағы қиналып.  
Сыпырады ауласын,  
Маңдайды терге тым малып.

Ауласын таза ұстайды,  
Папасына ұқсайды.  
Кездескенмен қиындық,  
Қиын ғой деп бұқпайды.

Ата-анаға беріп көмегін,  
Көрсетеді жақсы тым тегін.  
Ата-анасын сыйлайды,  
Бағалай біліп еңбегін.

Еңбекке қойып тек денін,  
Түріп тастап тым жеңін.  
Көрсетеді ерлігін,  
Көрсетіп іштің кеңдігін.

Сақтай біліп теңдігін,  
Оздым демей мен бүгін.  
Көтере алып жүргені,  
Азаматтың тек жүгін.

Үйретеді білгенін,  
Білдіріп жақсы тілегін.  
Еңбекке әр кез ден қойып,  
Түргесін тым білегін.

Ата-анасын құрметтеп,  
Жүргесін тек қамын жеп.

Тілін алып жақсы оқып,  
Жүреді «папам, мамам» деп.

Оң сөзіне құлақ түреді,  
Ақылын тыңдап жүреді.  
Азаматтық, адамдық,  
Ойына әр кез кіреді.

Әлі тез-ақ өсем деп,  
Арманға биік жетем деп.  
Сабағын жақсы оқиды,  
Ұлы мақсат ойға кеп.


Киімін де таза киеді,  
Азаматтық ойды түйеді.  
Кішіпейіл Құмарбай,  
Халқын да қатты сүйеді.

Жөн-жосықты біледі,  
Құлаққа сөзді іледі.  
Жақсы оқып сабағын,  
Күнге қарап күледі.

Неткен өзі кең еді,  
Отаным менің тек деді.  
Көмектесіп ініге,  
Қамын да әр кез тек жеді.

Ұстазы да сенеді,  
Зор сенімге енеді.  
Егемендік келді, Құмарбай,  
Биік шыңды ал тек енді!

Мақтан қылмай еш шенді,  
Игер әр кез мол кенді.



Азамат болып білімді,  
Елдікке қой тым денді.

Шындайтұғын сәт келді,  
Егемендік деп байла тек белді.  
Азаматтық қырдан көрініп,  
Қуанта бер тым елді!

### **Көк құтан мен бақа**

Зор бақа сөз бастады көлшігінде,  
Тым қауіп төнгендей боп өміріне.  
Көк құтанның барлығын құртпақ болып,  
Ерлік істеп көрмесе де өмірінде.

Өніп-өсіп, жеттік деп бұл күн бізде,  
Ерлікпенен түсті деп салған із де.  
Ерлік істі әр кезде істегесін,  
Бақаларға жарқын деп бұл күн жүзде.

Күш-қуат жетеді деп бұл күн менде,  
Болмағасын ерліктен ешбір кем де.  
Сенбесеңдер, барлығың сенесің деп,  
Көк құтанды қуғанымды көз көргенде.

Күжірейте алмас деп еш жүнін де,  
Қуғаннан соң шығармас деп еш үнін де.  
Жүре алмас деп біздерді аңдып, жұтып,  
Барлығын құртамыз деп біз түбінде.

Сағынар деп көріп жүрген бұл түсінде,  
Қылық жоқ деп оңатын еш ісің де.  
Қыр асырып өздерін қуғаннан соң,  
Батырмас деп біздерге еш тісін де.



Андып торып жүрмейді деп жақын бізге,  
Сездірмей жүреді деп түсіп ізге.  
Көк құтанды құртпақ боп бақылдады,  
Көрсетем деп сорайған көргенсізге.

Түпке жетіп болды деп жүріп бірге,  
Тым жақындап кетті деп мүлдем ірге.  
Көзге түскен бақаларды жұта берсе,  
Бақа біткен жойылады мүлдем бірде.

Ертерек тастайық деп жолын кесіп,  
Зор бақа кеңес берді бөсіп, есіп.  
Көкқұтан ежелден-ақ жау дегесін,  
Бар бақалар шуылдады дұрыс десіп.

Көкқұтан ежелден-ақ бізге деп қас,  
Бас жаратын қойында да жүрсін деп тас.  
Кей бақалар көздеріне алып тым жас,  
Бақылдады барлығы жармақ боп бас.

Жеттік деп өніп-өсіп біз бүгінде,  
Шындасақ қоймаймыз деп еш түгін де.  
Қоштаған соң зор бақаның алқымы ісіп,  
Зор сенім пайда болып тым үнінде.

Қалмастан түсейік деп енді ізге,  
Ерліктен тең келер деп кімдер бізге.  
Қайратына зор бақа тым сендірді,  
Күш-қуат жетеді деп бойда бізде.

Бата алмас деп, бұдан былай енді сізге,  
Көрсетеміз әлі деп көргенсізге.  
Тым сорайтып әуелі үндемесек,  
Қылғып жұтып дәндеген деп түсіп ізге.

Құлақ аспай жүр деп олар ешбір мінге,  
Тығылар деп олар енді іннен-інге.



Мойындары сорайып күш көрсеткен,  
Зар болар деп бұдан бұлай осы күнге.

Тимей жүрген жақсылықты білмейді деп,  
Жүр деп өзі тым қатты көңілге кеп.  
Семіздіктен талтандап зорға жүріп,  
Бұдан былай құртамыз деп өздерін жеп.

Басынып болды өзі деп, үндемесек,  
Қайтармасақ болмас деп біздер де кек.  
Жүнін енді бір талдап жұламыз деп,  
Жақындап көрсін енді бізге деп тек.

Бөсемін деп қауіп барын тым ұмытып,  
Аларында көкқұтанның жанды сығып.  
Зор бақа керемет боп көрінбек боп,  
Жүргенменен көкқұтанды көрсе бұғып.

Сөз қылғанмен тасасынан тым сығалап,  
Кіжініп жұлса ғой деп жүнін талдап.  
Зор бақа бақаларға бөсіп еді,  
Құлықпенен құтылып жүрсе де алдап.

Бәрін де естіп бір көкқұтан жақын жүрген,  
Бақаларды тым торып құлақ түрген.  
Зор бақа тым басынып сөйлегесін,  
Қай бақа деп сыртымыздан ит боп үрген.

Намыстан қаны шапшып, басқа бірден,  
Табады деп бұл иттер басқа тілден.  
Дәмді асымыз өздері болсадағы,  
Зормыз деп бөсуін деп қара бізден.

Бақа емес деп бұлар өзі жөнді білген,  
Тажалдары бізбіз деп шоқып ілген.

Ашуменен ұзын мойны тым сорайып,  
Емес еді бізге өзі бақа күлген.

Шыбын-шіркей жұтса да ішке кірмей,  
Санайтынын қарашы деп өзін бірдей.  
Арқаны кеңге салып жүрген кезде,  
Жер қылды деп бұл иттер тым тірідей.

Діңкемізді болды деп бұлар құртып,  
Тойынғасын алды деп тым құтырып.  
Шуылдап, мазаны алып, ұйқы бермей,  
Қырқылымен жүргендей боп сыр ұқтыртып.


Бақалық жат қылығын қоймады деп,  
Бізді кім деп өздері ойлайды деп.  
Бақылдап күндіз-түні мазаны алып,  
Жат қылығын бойдағы жоймады деп.

Садаға кетпей ме деп басқан ізден,  
Тым төмен деп өздері мүлдем бізден.  
Сырымызды жалпы көпке ашатұғын,  
Мінімізді кім еді деп жіпке тізген.

Иттер ғой деп шалшықта әр кез жүзген,  
Сона тұрмақ шіркейге де көзді сүзген.  
Жұтпақ үшін бақаларды мінеп-сынап,  
Бола қалып бақалардан күдерді үзген.

Шіркей менен масаны қоймай жұтып,  
Өздерін жүр екен деп тым зор тұтып.  
Несі бар деп сыртымыздан жыбырлайтын,  
Тым жамандап жүр екен деп әр кезде ұтып.

Жау екен деп сыртымыздан өсектейтін,  
Болғаннан соң өздерін қылғып жейтін.



Аясақ та қан шығармай бірақ жұтып,  
Бақа екен деп жақсылықты еш білмейтін.

Жамандап нең бар еді деп жыбырлайтын,  
Бізді құрт деп өзгелерге сыбырлайтын.  
Жыртқышсың деп, сен де өзі қаны қара,  
Шыбын-шіркей жұтудан бір тынбайтын.

Кеңірдегің тым кең деп еш тоймайтын,  
Көз қызарып жұтуыңды еш қоймайтын.  
Сендер де өзі шалшықтағы итсіңдер деп.  
Қорқаулықты бойдағы еш жоймайтын.

Ортасында орнағандай бақталастық,  
Тіл тигізіп бақаларды деп те сасық.  
Сасықтығың мүңкіген аз болса деп,  
Тырбаңдаған бақасың деп сен бір пасық.

Көкқұтан тым сорайып жүргенде асып,  
Өзен-судай жүргенде көңіл тасып.  
Бақалардан ішті тартып қалып еді,  
Мін мен сыннан қалғасын қатты жасып.

Зор бақа отырғанда тым толғандай,  
Көкқұтан таяғанда жым болғандай.  
Тым таяп қалғанында сезбей қалып,  
Қиялмен де отырғанда көк шолғандай.

Бөсемін деп кешігіп тым қалғандай,  
Отырған да көкқұтанды тым шалғандай.  
Зор бақаның бақаларға бөскендігін,  
Көкқұтан да көңіліне тым алғандай.

Бақа біткен қолдаған сүңгіп, қашып,  
Секіргенде шолпылдатып, суды шашып.

Құтанмын деп жүргесін кеуде қағып,  
Емес еді көңілдерден шығатұғын.

Зор бақаның кек көріп айтқан сынын,  
Келтіргендей одан сайын қатты жынын.  
Зор бақаға одан сайын тым шүйлігіп,  
Ұнатпай қалғаннан соң айтқан шынын.

Зор бақа сөйлегесін бөсіп, есіп,  
Ерлігі жүргендей-ақ көкей тесіп.  
Көлшіктегі бар бақа қоштағасын,  
Көкқұтанның тастайық деп жолын кесіп.

Ерлігінен зор бақаның күмәнданбай,  
Жүргендей-ақ зор бақа сөзден танбай.  
Құртатұғын бойда күш жетеді деп,  
Тым бөскесін жүре алсын қайтып нанбай.

Бөсіп, есіп жүргесін ой салғандай,  
Тым жалындап еді ғой құп алғандай.  
Зор бақаның өтірік бөскеніне,  
Көңілдері көп бақаның тым қалғандай.

Өлеріне зор бақаның көз жеткесін,  
Түскеннен соң ауызға қыр кеткесін.  
Кей дұшпаны көре алмай жүргеннен соң,  
Іштарлық пен күншілдікті тек еткесін.

Тым сорайған көкқұтан деп еді жесін,  
Зор қарында жинайды деп тез-ақ есін.  
Көлшіктегі бар бақаны жинап алып,  
Көрсетіп жүруші еді деп әр кез сесін.

Кез келді деп бізге де кек алатын,  
Қыз бақаға еді деп көз салатын.



Шықпайды деп көкқұтанның енді аузынан,  
Сәт келді деп бізге де тым шалатын.

Қылығынан еді деп ми талатын,  
Басымызды суға еді деп тым малатын.  
Тізгінді енді өзіміз ұстаймыз деп,  
Билік бізде болды деп шын қалатын.

Сәт келді деп басымызға бақ қонатын,  
Зор бақа емес еді деп сөзді ұғатын.  
Айта алмай жүруші едік деп бетке мінін,  
Болғаннан соң өзінен тым бұғатын.

Қорқушы едік деп айтуға жаман затын,  
Атауға да батпағасын иттің атын.  
Жат қылығын жүруші едік тек жасырып,  
Кез келді деп бұл итке тас ататын.


Кез келді деп мінін де тым айтатын,  
Болғаннан соң бізді тым мұңайтатын.  
Көкеміз енді мұны құтқармас деп,  
Шыныменен болды деп кек қайтатын.

Шыңға құлаш жүреміз деп енді сермеп,  
Бөсіп, есіп жүреміз деп бізде ерлеп.  
Көкқұтанға сөйлеп еді тым естіртіп.  
Зор бақаны күндегесін тез жұтсын деп.

Кез келді деп жаланы тым жабатын,  
Болды енді деп тілінен шын табатын.  
Зор болған соң өзінен қорқушы едік,  
Кез келді деп ит құсап шын қабатын.

Тым мақтаншақ еді деп төс қағатын,  
Емес едік өзіне еш жағатын.





Екі жүзді кей бақа тым қуанып,  
Өлетұғын күткендей еді тым сағатын.

Басатұғын болды деп тым желігін,  
Зор бақаның кешірмей еркелігін.  
Жүрседағы өмірге ұрпақ әкеп,  
Көтерісіп жүргенмен өмір жүгін.

Зор бақаның көбейткендей тым-ақ мінін,  
Сүрінген соң батырғандай тез-ақ күнін.  
Қарсыласы, көлшіктегі бақталасы,  
Көкқұтан өшірсін деп мәңгі үнін.

Сондықтан да жауып еді тым жаласын,  
Сүрінген соң бастағандай шын таласын.  
Сездіргендей пасықтығын, іштарлығын,  
Сыртына шығарғандай іште аласын.


Көкқұтанның болады деп енді асы,  
Осылай деп қуанғандай кейбір қасы.  
Тым тырбаңдап көкқұтанның ауызында,  
Істесе тұра ма деп өстіп басы.

Зор бақаға лақтырғандай еді тасты,  
Бұл иттің тым өзін деп қара басты.  
Сездіргендей көкқұтанға жағынғанын,  
Жақыннан-ақ тапқандай боп нағыз қасты.

Қарны шығып кетіп еді, иттің өсіп,  
Көкқұтанның дұрыс деп құртқаны өстіп.  
Жағалауға шығып алып кейбір жауы,  
Жағынып отырып еді отты көсіп.

Зор бақадан жүргенмен өсіп-өніп,  
Аманын да жүргенмен сөзге көніп.





Күншілдік қып кей бақа тым сатқандай,  
Зор бақаға тұрғасын қауіп төніп.

Тезірек алса екен деп сығып жанын,  
Шашса екен деп отырғасын жұтып қанын.  
Қорқаулықпен көкқұтан бақалардың,  
Жоқ қылса да қорқаулықпен жұтып санын.

Зор бақаның өлеріне көзі жетіп,  
Жауларының қуанғаннан есі кетіп,  
Жағалауда шағыстырып отырып еді,  
Көкқұтанның барлығына тәубе етіп.

Дұрыс деп көкқұтанды зор тұтқанда.  
Қауіп төнсе дұрыс деп тез бұққанда.  
Кей бақалар намысты ұмытқандай,  
Айдап салып дұрыс деп тек ұтқанда.

Көкеміздің құтылмас деп құрығынан,  
Зорлығын емес еді еш ұғынған.  
Тойынып кетіп еді тым құтырып,  
Көкемізге бірінші кеп өзі ұрынған.

Тым әділ кей бақалар көңілге алып,  
Қимаған соң көздерін жасқа малып.  
Екі жүзді тым сатқын кей бақадан,  
Құлағымен естігесін көңіл қалып.

Өлімнен де дейді ғой ұят күшті,  
Зор бақа мақтанам деп болып істі.  
Намысына тигесін көкқұтанның,  
Көкқұтан да батырғандай қатты тісті.

Зор бақаның денесіне тіс батқандай,  
Батқаннан соң емес еді таңы атқандай.



Көкқұтанның аузында үні шықпай,  
Бақаларға болғанмен үн қатқандай.

Өкініштің ащы дәмін тым татқандай,  
Зорлығынан қысылып та тым жатқандай.  
Көкелеген сеніп жүрген кей қандасы,  
Зор ауызда жатқасын шын сатқандай.

Сүрінген соң зор бақаға жабылғандай,  
Сияқты боп зор бақадан шағылғандай.  
Басшылық қылғанын да көре алмай,  
Дұшпандары жақыннан-ақ табылғандай.


Сондықтан да түрлі кінә тағылғандай,  
Несібеден ауыздағы қағылғандай.  
Зор бақа жатқанменен тым тыпырлап,  
Болғанменен көзден жасы ағылғандай.

Маса, сона, шіркей де тым дызылдап,  
Қан сорғыштық, масалық әдетке салып.  
Келіп еді көзінің жасын бұлап,  
Қағып алып жұтатынын көңілге алып.

Көкқұтанға маса, сона шағымданып,  
Жатқанына ауызда айыз қанып.  
Көк құтанға тезірек жұтыңыз деп,  
Бізін сұғып, қан сорғанмен көзі жанып.

Көкқұтан да сөздеріне тым-ақ нанып,  
Айтқан сөзден жүрмеңдер деп ешбір танып.  
Маса, сона, шіркейді мәз қылып еді,  
Арыз, шағым тез арада-ақ қабылданып.

Шағымданып жаулары қаптағандай,  
Ар-ұжданын барлығының таптағандай.



Өздерінен әлдеқайда зор болғасын,  
Әуелі тіл қатуға батпағандай.

Шіркей де кеп дұшпандары көбейгендей,  
Тездеп жұтса бәрінің де ісі өнгендей.  
Басу айтып тұрғанмен кей қандасы,  
Оң сөзге де емес еді еш көнгендей.

Қанішерге зор бақаны айналдырып,  
Жайшылықта жүргенмен жайландырып.  
Барлығы да көкқұтанды айдап салып,  
Тез жұтуға жүріп еді сайландырып.

Зор бақаны нағыз сұмға теңегендей,  
Кегі кетіп әлдері келмегендей.  
Бақылдаған сона жұтқыш азайса деп,  
Жұтқаныңыз тезірек жөн дегендей.

Жәбір көріп зор бақадан қиналғандай,  
Шағым айтып сондықтан да жиналғандай.  
Көкқұтан да тезірек жұтпақ үшін,  
Сөздеріне еді тым иланғандай.

Одан сайын көзі де тым жанғандай,  
Біраз сырға болғасын тым қанғандай.  
Қан сорғыштар келсе де шағымданып,  
Жұтпақ үшін сөздеріне тым нанғандай.

Зор бақа нағыз жауға айналғандай,  
Жақ ашылмай тілі де байланғандай.  
Семіз бақа түскесін шын ауызға,  
Көкқұтан да жұтуға тез сайланғандай.

Жаңа ғана бөскен де еді жарағандай,  
Барлық бақа ауызына қарағандай.

Шыққан сөзін аузынан қағып алып,  
Тез арада-ақ айтқан сөзі тарағандай.

Барлық бақа тыңдап еді тым сүйсініп,  
Зор бақаның сөзінен ойды түйіп.  
Көк құтанның аузына түскеннен соң,  
Жаланы жауып еді тымақ үйіп.

Тосқанменен құлақты ерлік үнге,  
Бәрін құртып жетеміз деп азат күнге.  
Көкқұтанға қайтадан жағынғасын,  
Жарық күні айналғандай қара түнге.


Көңіл бөліп жүргенде қатты мінге,  
Кей қандасы тығылғандай мүлдем інге.  
Қателікті зор бақа да жібергендей,  
Қызбалық қып, ие болмай қызыл тілге.

Көтеріліс қылып отырғанда алқымы ісіп,  
Зорлығына жүргенде ісіп-пісіп.  
Тыпыр етпей кең ауызда жатып еді,  
Көкқұтанның аузына тез-ақ түсіп.

Зор бақа жатып еді дегендей қап,  
Тісі батып көкқұтанның зар күйге сап.  
Өңешіне аяқ тіреп жатып еді,  
Жатқаннан соң ауызда қулық жасап.

Кей қандасы көкқұтанды көке қылып,  
Сатқаннан соң қайдан жатсың іші жылып.  
Көкқұтанға сүрінгесін құбыжық қып,  
Терісін ал дегесін иттің сылып.

Көкқұтан қоймаса да бақа жеуін,  
Жібермей жеседағы ешбіреуін.



Намысы бар кей бақалар ыза болып,  
Көкқұтанды қарашы деп көке деуін.

Наразы боп жағымпаз кей қандасқа,  
Қандары көтеріліп шапшып басқа.  
Зор бақа шыға алмай тым тыпырлап,  
Жатқаннан соң екі көзі толып жасқа.

Жемек үшін түрлі кінә тағылғандай,  
Екен деп маған ғана бағылғандай.  
Зор бақаны сілкілеп арлы-берлі,  
Жемесе тым тәтті еттен қағылғандай.

Көкқұтан көзі жайнап қағынғандай,  
Болғанменен зор бақа шағынғандай.  
Көп бақалар ұстатпай көптен бері,  
Бақа етін тым өзі сағынғандай.

Зор бақаны көрмеппін деп бұрын мұндай,  
Жатқанын қарашы деп болып жымдай.  
Бәле-жала жапқасын бар дұшпаны,  
Одан сайын көрініп еді нағыз сұмдай.

Зор бақаның көзін енді жоятындай,  
Асқазан да бөспелігін қоятындай.  
Зор бақаның ұнап еді семіздігі,  
Көкқұтан шынымен-ақ тоятындай.

Зор бақа масқара бір күй кешкендей,  
Көкқұтан жемек болып тым шешкендей.  
Айдарынан көкқұтанның жел ескендей,  
Көкқұтан өзіне тым өшіккендей.

Болмағасын жөн сөзге еш көнгендей,  
Емес еді деп бұл иттің ісі өнгендей.

Іс түскенде кей қандасы сатқаннан соң,  
Басынып көкқұтан да тым төнгендей.

Жұтпаса егер тезірек кешіккендей,  
Аңғалдық қып зор бақаны есірткендей.  
Жанды қи,- деп зор бақа жалынғанмен,  
Емес еді көкқұтан кешіргендей.

Зор бақа кешірмесін түсінгендей,  
Түсінгесін тым қатты күрсінгендей.  
Жүргенін де өзінің әлін білмей,  
Тым семіріп жүргенде ісінгендей.


Қандастың да кейбірінің сырын білмей,  
Кішкене деп көбісін көзіне ілмей.  
Тым сатқын қандастың да барын біліп,  
Аманын да жүретін ешбір күлмей.

Зор бақа айналғандай тез-ақ жауға,  
Сау басы айналғандай тым-ақ дауға.  
Көкқұтанның аузына түскеннен соң,  
Тірідей-ақ түскендей еді мықтап ауға.

Қаз-үйрек те қоштағандай қасына кеп,  
Көкқұтанның үйренген қалдығын жеп.  
Көк құтан сілкілесе айыз қанып,  
Тезірек жұтқаныңыз тым дұрыс деп.

Зор бақа да бұрыннан-ақ кегі бардай,  
Көкқұтанға жағынып болып дардай.  
Балаларын зор бақаның қылғып жұтып,  
Тым тойынып жүрсе де болып жардай.

Көкқұтанға білдіргендей тілектерін,  
Өздерінің бергендей боп кеңестерін.



Тырбаңдатып бұл иттерді жұта берсек,  
Бізге де қояды деп күлгендерін.

Құлағын да қояды деп түргендерін,  
Қояды деп өсектеп жүргендерін.  
Күндіз-түні орынсыз тым қырқылдап,  
Көрсеткендей болады деп өнерлерін.

Бақалық істейді деп тірліктерін,  
Көлшігінде істейді деп білгендерін.  
Қырқылдап алып болды мазаны деп,  
Мүсәпірдің түр енді деп киіп кебін.

Білмейді деп өздері өлер жерін,  
Тым күндеп деп көкқұтандай нағыз ерін.  
Тым көзіне шел қаптап кетіпті деп,  
Тек осылай таныт деп көкелерін.

Осылай деп сездіріп еді өкпелерін,  
Дем беріп қолдағандай көкелерін.  
Зор бақаны жағынып келемеждеп,  
Бетін шымшып шығарып еріндерін.

Көкқұтанға деп еді жұтқан дұрыс,  
Ісіңізді демес деп ешкім бұрыс.  
Зор бақаны аузыңыз да салақтатып,  
О, көке деп еді өзі бұл не тұрыс.

Жөніңді біле ме деп бұл нақұрыс,  
Біз де естідік шығарды деп өзі ұрыс.  
Қолға түсіп жыласа да аяма деп,  
Тек жұтсаңыз бітеді деп үлкен жұмыс.

Ұрпақтарын жүргенмен қылғып жұтып,  
Оң сөйлемей тұрып еді шатып-пұтып.



Әкелік зор еңбегін бағаламай,  
Жағынып өздерін бір зор ғып тұтып.

Ұрпағын жеп жүргенмен қоректеніп,  
Күштеріне тұрып еді тымақ сеніп-сеніп.  
Құбыжық қып зор бақаны сасық қылып,  
Арашалау жатпағасын ойға еніп.

Көкесіне табалап еді тым шіреніп,  
Қалдығын тек жегесін көңілденіп.  
Шалқайып екеуі де тұрып еді,  
Тез арада-ақ қалғандай тыныс кеңіп.


Мас сона шыбын-шіркей бәрі қаптап,  
Өш алмаққа келгендей өзін баптап.  
Көкқұтанның үстінде қаптап ұшып,  
Кете жаздап көкқұтанның өзін таптап.

Кей бақалар зор бақаны жүрген мақтап,  
Басшымыз деп әр кез де жүрген жақтап.  
Оларда тым растап шулап еді,  
Зор бақаға жүргесін кегін сақтап.

Бұдан былай жүріңіз деп бізді бастап,  
Биік шыңға жүрсіз деп көзді тастап.  
Зор бақа тұрғаннан соң тым салақтап,  
Ерлігін тұрып еді тым растап.

Зор бақадан кек алатын сәт келгендей,  
Сөздерінде емес еді елегендей.  
Әуелі көкқұтанды айдап салып,  
Тым дұрыс жұтқаныңыз жөн дегендей.

Көп сырларда болғандай енді анық,  
Көп сырларға болғандай еді қанық.



Сүрінгесін тым шындыққа көз жеткендей,  
Сезгендей еді ісі жоғын мақтанарлық.

Бар жаланы жапқандай оған барлық,  
Кей қандасы көрсеткендей тым іш тарлық.  
Көкқұтанға кей сатқын жағынғандай,  
Көк құтан шығарғандай дұрыс жарлық.

Жайшылықта екен өтірік мақтағандай,  
Іштарлық қып кектерін де сақтағандай.  
Екі жүзді көрсеткесін зор бақаға,  
Зор сенімді емес еді ақтағандай.

Көрмей қалса екен өтірік сағынғандай,  
Құлдық ұрып екен өтірік жағынғандай.  
Көк құтанның өңешіне түскеннен соң,  
Жала жауып көкқұтанға шағынғандай.

Сатқындықтың ұяттығын көңілге алмай,  
Жүргеннен соң бойда да ұят қалмай.  
Сөзін сөйлеп көкқұтанның жағалауда,  
Кей бақаның отырып еді жағы талмай.

Бұл мінезін өздерінің көрмей айып,  
Тез арада-ақ кеткесін сөзден тайып.  
Зор бақаның еркелігін, кейбір мінін,  
Сездірмей де жүргесін көпке жайып.

Сүрінгесін зор еңбегі желге ұшқандай,  
Қолдағанда еді ғой күн құшқандай.  
Аузына көкқұтанның түскеннен соң,  
Қолдаған кей қандасын тым ұққандай.

Қайрап-қайрап зор бақаны тым ұтқандай,  
Аманын да өтірік, жалған ер тұтқандай.



Жүргенменен құтандарды құртпақ болып,  
Берген сөзбен уәдесін де тез жұтқандай.

Көкқұтанға жарамай үн қатуға,  
Оқты көзбен ең болмаса бір атуға.  
Көкқұтан да әдейі жаралғандай,  
Бақалардың дәмді етінен тек татуға.

Көкқұтан жұта алмай зорланғандай,  
Көзі аларып ақ тер боп қорланғандай.  
Тәлтіректеп тұншығып құлай жаздап,  
Аспанды да қара бұлт торлағандай.

Күшенгенмен жұта алмай сорлағандай,  
Зорлығымен зор бақа қорлағандай.  
Көкқұтан да қолдау сөзге тым мастанып,  
Тұрғанында сорайып тым толғандай.

Сонда да бір ештеме болмағандай,  
Қаз бен үйрек тұрғасын қолдағандай.  
Жұтуға тұрмын деп еді қатты аяп,  
Көңіліне тұрғандай боп толмағандай.

Көп күшеніп жұта алмай болдырғандай,  
Мән жатқандай зор бақаның зорлығындай.  
Көкқұтанның қара терге малынғаны,  
Көрсеткен зор бақаның қорлығындай.

Зор бақаны көрмегендей бұрын мұндай,  
Көрініп еді жұту да өзі нағыз сындай.  
Зор бақа да аяқ тіреп жатып еді,  
Көкқұтанның аузында болып жымдай.

Көкқұтан да қоймайтындай жұтпай тынбай,  
Көрінген соң зор бақа нағыз сұмдай.



Өңешке енбей зор бақа тұрып қалып,  
Бақаларды жұтқанмен қиынсынбай.

Көзіне ілмей кішкене деп бақаларды,  
Ашқарақ боп сақтамай бойда арды.  
Кеңірдектен зор бақа өтпеп еді,  
Күшенгенмен жұтпақ боп салып барды.

Кеңірдекте тұрып қалып тым кептеліп,  
Жұтпақ болып тұрғанда сәті келіп.  
Ауа жетпей тынысы тарылғасын,  
Көзі аларып тұрып еді тым теңселіп.

Сирағына жүргенде бойға сеніп,  
Сақтануың жатпағасын ойға еніп.  
Бір тоятын болдым деп шат болғанда,  
Шоқып алып мәз болған да көңілденіп.

Зор бақаны көп бақамен көріп бірдей,  
Жұтамын дегенін де тым тірідей.  
Қаз-үйрекке қолдаған мақтанам деп,  
Зор бақаның зорлығы ішке кірмей.

Көкқұтанның аузынан да жыны шығып,  
Жиіркенгеннен қаз-үйрек те шетке ығып.  
Жиіркенсе де көкқұтанды қолдамаса,  
Алардай көрініп еді жанын сығып.

Сан түрлі зор бақаға мінді тағып,  
Аузынан тұрсадағы жыны ағып.  
Зор бақа мүсәпірлік күй кешкен соң,  
Қаз-үйрек те тұрып еді тілмен шағып.

Көкқұтанның үйренгесін аузын бағып,  
Сорайған көкқұтанды қолдап жағып.



Көкқұтанның тез, лезде жұтқанына,  
Риза боп жүргесін таңдай қағып.

Қаз-үйрекке рақмет сөзін айтып,  
Қолдаусыз жүремін деп мен де қайтып.  
Сендерді менде әр кез қолдаймын деп,  
Сөздеріңнен кетпеңдер деп ешбір тайып.

Екеуіңді жүремін деп тек мақтан қып,  
Ерлігімді жүріңдер деп әр кез де ұғып.  
Бақа көрсең мен сияқты жұтыңдар деп,  
Жүргенімді көрдіңдер деп қашан бұғып.

Жүр екен деп қойнына тасын тығып,  
Аламын деп бұл иттің жанын сығып.  
Үлгі беріп жүремін деп өздеріңе,  
Ерлік істеп жүремін деп сөзден шығып.

Сондықтан да ұнатам деп жақтауыңды,  
Көкелеп қоймадың деп мақтауыңды.  
Жүрсіңдер деп сыйлағаннан алдан өтпей,  
Қалаймын деп тек сенімді ақтауыңды.

Естіп бір көрмеппін деп даттауыңды,  
Ұнатам деп достықты сақтауыңды.  
Қолдау сөзбен жүрсіңдер деп әр кез демеп,  
Қолдау сөзбен ұнатам деп баптауыңды.

Берейін деп екеуіңе ақ батамды,  
Мақтадың деп өзімменен тым атамды.  
Қол жайыңдар дегенде ауызды ашып,  
Бақа қашты түзетем деп мен қатемді.

Таптыңыз деп жейтұғын ақымақты,  
Көкесі деп тісіңіз қатты батты.



Шағыстырған қаз-үйректі сүрінгенде,  
Екеуің көрсеттің деп жаман затты.

Қор қылдың деп қаз-үйрек деген атты,  
Қателестіңдер деп еді сендер қатты.  
Тым жағынып, көкелеп көкқұтанды,  
Өмірімді қор қылдың деп тым қымбатты.

Кетіп еді секіріп суға сүңгіп,  
Жыны аққасын ауыздан иісі мұңкіп.  
Шошығасын ұстайтындай иірімін де,  
Ініне тығылып еді алған үңгіп.

Зорға деп зор бақа құтылғандай,  
Кең өңеште жатқанмен ұтылғандай.  
Зор ауыздан секіріп қашпағанда,  
Шыныменен еді ғой тұтылғандай.

Тым сақтықтың сезгендей керегін де,  
Өкінгендей жел сөздерге ергеніне.  
Шамасына қарамай сөзге еріп,  
Тыныш жүрмей бәле-жала тергеніне.

Өкінгендей бос кеңесті бергеніне,  
Бос қиялға бос бекер енгеніне.  
Келмегесін қолынан ештеме де,  
Өкініп еді бос кеудесін кергеніне.

Көкқұтан жете жаздап дегеніне,  
Зор бақаның жете жаздап тым түбіне.  
Зор бақа ініне тым тығылып ап,  
Жатып еді тым алып көңіліне.

Тым қатты ойды түйіп жүрегіне,  
Кей қандастың шамданып күлгеніне.

Сатқынның да барлығын білгеннен соң,  
Зор қауіп төнгеннен соң өміріне.

Жатып еді ие болып ауызына,  
Өзі ғажап өмірде қысқа мына.  
Көлшіктегі екі жүзді бақалардың,  
Айналып жүрмейін деп мазағына.

Көкқұтанға тең келмесін шын ұққасын,  
Сүңгіп кетіп тереңіне тез бұққасын.  
Бауыр санап жүргенде бар бақаны,  
Жауы барын ішінде тым ұққасын.


Зорлығынан тек қана шын ұтқандай,  
Сыйса өңешке еді ғой тез жұтқандай.  
Кей қандасы арандатып итермелеп,  
Зор бақаны тек өтірік ер тұтқандай.

Қайдан білсін жүргендерін өтірік мақтап,  
Сескенгесін жүргендерін өтірік жақтап.  
Күлгендерін көргесін ыржалақтап,  
Зор бақа да жатып еді кекті сақтап.

Бұдан былай серт беріп мақтанбасқа,  
Тыныш жүрмей бәле тауып тілден басқа.  
Жатып еді зор бақаға ақыл кіріп,  
Мақтанам деп маңдайы тиіп тасқа.

Ақыл кірмей келсе де біраз жасқа,  
Жем болса да көкқұтанға талай қасқа.  
Асқазан да кете жаздап қорытылып,  
Айналып кете жаздап дәмді асқа.

Тым толып жатып еді көзі жасқа,  
Сенбеймін деп бұдан былай кей қандасқа.



Тереңінде өзіне өзі беріп еді серт,  
Мақтаса да қызбалықты еш қылмасқа.

Әбестігін ісінің түсінгендей,  
Зорлығына жүрген де ісінгендей.  
Екі жүзді сатып кеткен кей қандасқа,  
Қатты ренжіп еді сонда кейігендей.

Тыпыр етпей жатып еді иірімінде,  
Аман қалып ажалдан ой түйіне.  
Көкқұтан жұтпақ болып ісінгенде,  
Шыққандай боп тұрғанда биігіне.

Жүргенім жарамас деп малтаны езіп,  
Кеткенім дұрыс еді деп дала кезіп.  
Өзінің бір масқара күй кешкенін,  
Тереңінде жатып еді жақсы сезіп.

Тым дұрыс екен ғой деп бөспегенім,  
Ұяттан тым дұрыс деп безбегенім.  
Зор бақа жатып еді бөспеймін деп,  
Малтаны тым дұрыс деп езбегенім.

Санын соғып көкқұтан да деп еді қап,  
Айырылғанын зор бақадан көңілге ап.  
Ашуменен қаз-үйрекке тым шүйлігіп,  
Зор бақаны тез ара да деп еді тап.

Үйренген итсіңдер деп мені алдап,  
Жүндеріңді жұламын деп енді талдап.  
Көкқұтанды қалшылдатып ашу қысып,  
Екеуін кетіп еді алдыға сап.

Қуалап, тым тістелеп, қырқылдатып,  
Құртамын деп ашуменен көзбен атып.

Дәмді асынан ауыздағы айрылғасын,  
Тым сұрланып екеуіне үнді қатып.

Тым асқақ ұстайды деп кеуделерін,  
Қасыма кеп қоймады деп мінеулерін.  
Зор бақаның орнына қан шығарып,  
Ас қылам деп екеуінің біреулерін.

Зор бақаның киеді деп бұлар кебін,  
Өздерінің сыпырам деп енді терін.  
Қызғаныштан әдейі ой бөлді деп,  
Көкқұтанның баспайды деп жүрген жерін.

Бақа, шаян қоймады деп жегендерін,  
Бақа ұстасам қоймады деп келгендерін.  
Бұдан былай қатынасты тиямын деп,  
Қиын қылса алсын деп бергендерін.

Соңыма қоймады деп ергендерін,  
Қоймады деп бәле-жала тергендерін.  
Тым талтаңдап өздері тыныш жүрмей,  
Жұртқа жайып жүреді деп көргендерін.

Аяқ асты жамандап сенгендерін.  
Көзге басып бақа, шаян жегендерін.  
Ашуменен көкқұтан сөзден тайып,  
Құртпақ болып батасын бергендерін.

Иттіктерін емес деп тастайтұғын,  
Тек бәлеге өздері деп бастайтұғын.  
Көлшіктегі бақаны көрсе болды,  
Қымсынбастан болды деп асайтұғын.

Көкқұтаннан болды деп саспайтұғын,  
Көкесінен болса да деп аспайтұғын.



Қылғып жұтып бақаларды талтаңдамай,  
Маңымызды болсын деп баспайтұғын.

Сырымызды болсын деп шашпайтұғын,  
Жақтарын да болсын деп ашпайтұғын.  
Көкелерін болды деп тым басынып,  
Шоқысақ та болды деп қашпайтұғын.

Қаз бен үйрек мүсәпірлік күй кешкендей,  
Айдардан да самал еді тым ескендей.  
Өзгелерге жүргенде өлім тілеп,  
Тағдырында жүргенде бір шешкендей.

Тез арада-ақ тағдырлары шешілгендей,  
Өлім жаза екеуіне кесілгендей.  
Көкқұтанды жүргенде көке санап,  
Қатал үні көкқұттанның естілгендей.

Көзбен атып өздеріне тесілгендей,  
Кімді дос қып жүргендерін кеш білгендей.  
Шығарғанмен тым достық үндерін де,  
Құлаққа да емес еді еш ілгендей.

Қаз-үйрекке тез арада-ақ ес кіргендей,  
Өздерімен жүргенде көріп бірдей.  
Ашуменен балағаттап сөйлегесін,  
Өздерін жерлегендей тым тірідей.

Көке санап жүргенде есіргендей,  
Көкқұттанның түрі жоқ еді кешіргендей.  
Жүрекке де емес еді үңілгендей,  
Қаз бен үйрек еді тым түңілгендей.

Зор бақаға тұрғанда өлім тілеп,  
Сүрінгенін пайдаланып мүлдем тілдеп.



Арашаға жарамай тым жағынып,  
Дем беріп тұрғанында көке же деп.

Көкқұтанды көке санап тұрғанында,  
Зор бақаға бірге ауды құрғанында.  
Иығын да теңестіріп көк құтанмен,  
Бүйректі де көкқұтанға бұрғанында.

Бақа жұтқыш, шын достықты ұғады ма,  
Жұтқанменен бәле жала жұғады ма?  
Көкқұтанды көкелеп қолдағанмен,  
Көкқұтаннан нағыз дос шығады ма?

Берген сертпен сөзінде тұрады ма,  
Дос еді деп шегінбей бір адым да.  
Мойын басын сорайтып қолдағанмен,  
Тектілікпен бүйректі бұрады ма?

Қаз-үйректің доспын деуі дәме еді,  
Көп нәрседен екеуі дәмелі еді.  
Өлім тілеп зор бақаға тым жағынып,  
Дәметкендей қалдықты бекер келді.

Байлағандай ерлікке сайлап белді,  
Құтылуды ойлағаны дұрыс енді.  
Көкқұтанның өтірік батасына,  
Көкелеп бос дәме етіп бекер сенді.

Доспын деуі тигендей еді намысына,  
Тым нұқсан келтіргендей дабысына.  
Жымысқы қылығынан жиренгендей,  
Көз алартып жүрген соң табысына.

Көзін сатып тигендей еді шындап жынға,  
Ұшырап еді шынымен нағыз сынға.



Тістелеп тым сілкілеп алсадағы,  
Ұқсамап ед жөн сөзіңді ұғатынға.

Өзгелерге жүргесін өлім тілеп,  
Қорқаулықты жүргесін тек ерлік деп.  
Зор бақаға қалай ғана жаны ашысын,  
Көкқұтанға жүргесін тек еліктеп.

Қаз-үйрекке зекіріп «итсіңдер» деп,  
Аяушылық жатпағасын ойына кеп.  
Көкқұтан тым шат болып тоятындай,  
Зор бақаның орнына өздерін жеп.

Жіберсе жарар енді тыңдап сөзін,  
Тым сорайып ашумен құртпай көзін.  
Босатса енді өздерін жарар еді,  
Жібермесе жарар еді жұтып өзін.

Тым мәз болып көкқұтан боп туғанына,  
Бақаны жеп, баба жолын қуғанына.  
Өзінен әлсіздерді тек қылғып жеп,  
Мастанып белді бекем бұғанына.

Сорайып, жаралған соң бақа жеуге,  
Көкқұтанды бола ма қыран деуге?  
Зор болса да бақаға әлі келген,  
Жетерлік болғанменен көкірек кеуде.

Бақа менен шаянды талшық еткен.  
Сондықтан да демейік батыр неткен.  
Арландарға түспейді қырандардай,  
Қырандарға көкқұтан қайдан жеткен?

Бақаларды көргенде есі кеткен,  
Құтыла алмай ашқарақ бойда дерттен.



Тырбаңдатып бақаны қылғып жесе,  
Құтылардай үлкен бір зор міндеттен.

Бақылдатып, татпақ боп дәмді еттен.  
Көз қызарып әркезде қайтпай беттен.  
Аңдығаны болған соң бақа, шаян,  
Сөкпейік тез айныса берген серттен.

Бақа жеп-ақ мақтанып, ісіп кепкен,  
Аңдып, торып көлшігінде жүріп еппен.  
Бабасына, атасына тартқаннан соң,  
Бақа жейді демейік не себеппен.

Өмірде көп қой жайлар шытырманды,  
Ойландырып, толғандырған әр кез жанды.  
Адамдықпен, ұлылықпен іс істейік,  
Пенделік қып көбейтпей жай бір санды.

Бұл өмірде білместікпен не болмайды,  
Көңілің кей істерге еш толмай ды.  
Даласындай жүрегі кең жандар ғана,  
Адамдық қылып сүрінгенде тек қолдайды.

Нағыз ерлер халқын тек ойлайды,  
Азамат боп терең ойға тым бойлайды.  
Жастығында халқым деп құрбан етер,  
Ойсыз ғана орынсыз тек тойлайды.

Әділ жандар ешкімді күндемейді,  
Жәнедағы надандық қып тілдемейді.  
Өмірдегі әр кезде шындықты айтар,  
Адамдық қып орынсыз мінемейді.

Сүрінсең де байқаусызда еш күлмейді,  
Бос сөздерді құлаққа еш ілмейді.



Асылдардың, даналардың ұлы ісін,  
Бабалардың ерлігін кім білмейді?

Көкқұтан мен бақаны мысал еттім,  
Дей алмаймын кей-кезде қызып кеттім.  
Ұрпағыма аздап болсын ой сала алсам,  
Арманым мен мақсатыма онда жеттім.

Асыл жандар әр кезде жөнді білген,  
Оң сөздерді құлаққа әр кез ілген.  
Ұлтымның текті ұрпағы үлкен тыңдап,  
Тек нәтиже шығарған әр кез міннен.

Текті қалқым ойламай жамандықты,  
Сынағасын жақтырмай надандықты.  
Ер халқымды жатыр ғой әлем танып,  
Бар әлемге көрсеткесін адамдықты.

### Жалқау бала Мұнарбек

Жалқау бала Мұнарбек,  
Ойлайтыны ұйқы тек.  
Сабақтан қашып жүргесін,  
Болғасын тым еріншек.

Ұнамайды еш еңбек,  
Және өзі тым тентек.  
Көзі аларып жүреді,  
Ішке сақтап әр кез кек.

Жөн сөз айтса құрбысы,  
Ұнамайды мұнысы.  
Қысқа ойлап жүргесін,  
Адамдықта болмай жұмысы.

Көп болғасын тұрысы,  
Құрбымен көп ұрысы.  
Азаматтыққа іш бұрмай,  
Адамдық болса да дұрысы.

Оқымағасын сабағын,  
Түйіп жүргесін қабағын.  
Дала кезіп жүргесін,  
Уақытымен ішпей тамағын.

Шығарғасын шатағын,  
Шығаратындай атағын.  
Ұнамсыз іспен әр кезде,  
Байлағасын өз бағын.


Көрсетпей жүрек еш ағын,  
Сындырып құрбы тек сағын  
Ерсі мінез көрсетіп,  
Мәнді өткізбегесін жас шағын.

Бала емес жан жақты,  
Қара дейді көрсе ақты.  
Қараулық қып жүреді,  
Байлағандай тым бақты.

Жақсы оқымай сабақты,  
Шығарғысы келеді атақты.  
Сотқарлық қып жүргесін,  
Тапқандай боп ақымақты.

Ұнатып шырық бұзғанды.  
Құрбысы озса қызғанды.  
Бестік алып жүргендей,  
Өзінше болып сызданды.

Ерсі мінез ұнады,  
Құрбылары да сынады.



Әділдікті айтып сынаса,  
Сынады деп жынданды,

Көтеріп басқа тым қанды,  
Сөзінен де тез танды.  
Үлкенді де сыйламай,  
Төбелес десе тым жанды.

Келтірді солай ызаны,  
Жарамады қызғаны.  
Құрбысы егер сүрінсе,  
Ашымады еш жаны.

Бос сөздерге тек нанды,  
Мінін айтса шамданды.  
Сүрінсе құрбы мәз болып,  
Айызы да тым қанды.

Құрбыға бермей мазаны,  
Бермек болып жазаны.  
Өзі былық болғасын,  
Жақтырмай еш тазаны.

Ақ деді көрсе қараны,  
Жүрекке салып жараны.  
Үйге де еш сыймады,  
Ойын болғасын арманы.

Бәле болып қазғаны,  
Шимай болып жазғаны.  
Болсадағы әлі жас,  
Жарамады қаңғып азғаны.

Адамдыққа бармады,  
Өнерімен топты жармады.

Сүйкімсіз боп ортаға,  
Жағадан тал қармады.

Жинамады төсегін,  
Тастамады өсегін.  
Тіл алмады қиқиып,  
Шығармады есебін.

Көп болса да бойда мін,  
Көтермеді білімін.  
Шығармады ездiкпен,  
Азаматтық еш үнін.


Ой-сана аз өзінде,  
Тұрмағасын сөзінде.  
Қабақ түйіп күлмейді,  
Нұр сәуле жоқ көзінде.

Сенбеді құрбы өзіне,  
Құлақ аспай сөзіне.  
Көк алманы жұлғасын,  
Түссе болды көзіне.

Мұнарбек аш қабақты,  
Жақсы оқып сабақты.  
Егеменді ел болдық,  
Түсінейік бұл бақты.

Бола біліп жан-жақты,  
Көрсетіп жүрек тек ақты.  
Жақсы оқып сабақты,  
Мәнді өткіз жас шақты.

Қырандай көкте қанат қақ,  
Отанға жүрек болып ақ.



Қызмет етсең Отанға,  
Ашылады әр кез бақ.

Жарамайды жалқаулық,  
Жалқаулық та аңқаулық.  
Жалқау болмай ғылым қу,  
Жақсы болады денсаулық.

Естисің әр кез мадақты,  
Қойсаң егер шатақты.  
Жақсы оқысаң сабақты,  
Ер боларсың атақты.

Құрбыңменен болғын дос,  
Халқыңды ойла, болма бос!  
Азамат болып білек түр,  
Отанға ерлеп үлес қос.

Гүлденсе егер Отаның,  
Жарқырап атар тым таңың.  
Жақсы оқысаң Отан деп,  
Орындалар арманың.

### **Анарбек**

Қаладан келіп Анарбек,  
Қолымен тіреп бүйірді.  
Қаланы айтып бөсіп тек,  
Ауылға түмсық шүйірді.

Орақ орып тілімен,  
Құрбыға қабақ түйдірді.  
Жұрдай болғасын білімнен,  
Өзінше іш күйдірді.



Ауылды сөйледі кемсітіп,  
Атасының ауылын сыйламай.  
Жүргесін көзге шел бітіп,  
Гүлденеді дегенге иланбай.

Кішкене деп тек күліп,  
Жүргесін езуі жиналмай.  
Жүрмегесін жөн біліп,  
Сөзіне жүргесін қиналмай.

Көрсетпей жақсы қылығын,  
Кеуде қағып бөскесін,  
Көрсеткесін былығын.  
Бәсуге ойы жеткесін.

Тұрғандығын қалада,  
Тек мақтаныш еткесін.  
Атасы тұрғандай далада,  
Шектен шығып кеткесін.

Құрбыларға өзінше,  
Көрсеткесін тым сесін.  
Ағасының көзінше,  
Бөскеннен соң не десін.

Мен мендікті көрсетіп,  
Таппағасын ақ жолын.  
Қаланы мақтан тек етіп,  
Созбағасын көмек еш қолын.

Қой десе де ағасы,  
Кеуде қағып болмады.  
Түссе де ауыл бағасы,  
Ауыл көңілге толмады.

Тілін бұрап сөйледі,  
Ана тілін менсінбей.

Үлкенге де «әй» деді,  
Шамасын да еш білмей.

Болсадағы әлі өрімдей,  
Жақсы қырдан көрінбей.  
Кімдер жүрсін түңілмей,  
Оң сөзді құлаққа еш ілмей.

Мінезді көрсетпеді ерге сай,  
Көрсеткесін надандық.  
Ана тілді де мандытпай,  
Аз болғасын адамдық.

Шықсадағы атасы,  
Кішкене осы ауылдан.  
Сыйлы болып тек басы,  
Бұқпаса да дауылдан.

Орденге толып кеудесі,  
Игерсе де тек тыңды.  
Ерлікке ауып тым есі,  
Алсадағы тек шыңды.

Айтсадағы өмірде,  
Әділ болғасын тек шынды.  
Ғашық болғасын өмірге,  
Көтере білсе де тек сынды.

Қолынан түспей кетпені,  
Екседағы тек дәнді.  
Дән болғасын еккені,  
Өмірді сүрсе де тек мәнді.

Ерлігімен табысқа,  
Көп болса да жеткені,

Тырысып ерлеп намысқа,  
Ерлік болса да еткені

Көрседағы тек күнді,  
Еңбегімен тек адал.  
Бетке айтқасын тек мінді  
Болғасын текті ақсақал.

Аулақ салмағасын іргесін,  
Ағайын, туыс, бауырдан.  
Отаным деп жүресін,  
Қашпағасын ауырдан.

Адамдыққа ұрпағын,  
Болғаннан соң баулыған.  
Ашпақ болып тек бағын,  
Болғасын тек таң қылған.

Жалқаулықты көріп тым айып,  
Ерлікке белді буғасын.  
Дауылға тұрғасын қасқайып,  
Қазақ боп нағыз туғасын.

Көрсеткесін ерлікті,  
Жүрмегесін сөзден еш тайып.  
Ойлағасын елдікті,  
Өскесін бұтақ тым жайып.

Болғасын ауылы тым әсем,  
Еді көзді тым тартқан.  
Жүргеннен соң беріп дем,  
Елі де сенім тек артқан.

Тектілікпен ерлері,  
Болмағасын дауласқан.



Жақсы болғасын тектері,  
Емес еді жауласқан.

Қымбат болғасын ауылы,  
Қалай жүрсін гүлдеңпей.  
Құрметтегесін ауылды,  
Жүргесін көп жер жетпей.

Азамат боп туғасын,  
Ерлей алғасын елі үшін.  
Ерлік деп белді буғасын,  
Аямағасын бар күшін.

Жүрмегесін сөзді еш жұтып,  
Сөйлегесін ана тілімен.  
Елі де жүргесін ер тұтып,  
Санасқасын елімен.

Ана тілдің қадірін,  
Даналықпен білгесін.  
Азаматтық көрсетіп бар қырын,  
Оң сөзді құлаққа ілгесін.

Анарбек түсінбей ездiкпен,  
Келтiрдi тым күлкiнi.  
Ауылға қарап сезiкпен,  
Азаматтық шықпай еш үнi.

Сөзiнде де жүргесiн,  
Ездiкпенен еш тұрмай.  
Бос сөзге құлақ түргесiн,  
Ауылға бүйрек еш бұрмай.

Мәңгүрт боп өмiр сүргесiн,  
Санасы да уланып.

Бос сөзге құлақ түргесін,  
Аңғалдық қып тым нанып.

Ойламады намысты,  
Келтіргесін күдікті.  
Ісі болмай табысты,  
Білмегесін еш түкті.

Ана тілмен сөйлемей,  
Көтермегесін еш жүкті.  
Қазақ боп қамын еш жемей,  
Көрсетпегесін жігітті.

Ұят мұным еш демей,  
Үзгендей боп үмітті.  
Айтқан мінді елемей,  
Болмағасын жүрек тым түкті.

Азамат болып толғанып,  
Ойламағасын елдікті.  
Ұлы істерді қолға алып,  
Етпегесін еш тірлікті.

Сөйлемегесін оң сөзді,  
Құрбыларды тыңдамай.  
Салмағасын шыңға еш көзді,  
Жүргесін өзін шыңдамай.

Шалалығы жүргесін,  
Бойынан әр кез еш қалмай.  
Аулақ ұстап іргесін,  
Текті ден жүргесін үлгі алмай

Көпті көрген атасы,  
Анарбекті қалды тым байқап.



Қатқандай боп тым басы,  
Сөзіне тұрды бас шайқап.

Анарбек қалды ұнамай,  
Атасы оның болғасын.  
Қайтып жүрсін сынамай,  
Даналықпен ойды шолғасын.

Жүргенде көзді шыңға сап,  
Отанды ойлап жүргенде.  
Немере сөзін көңілге ап,  
Ұрпағым деп өмір сүргенде.

Анарбекті шақырды,  
Кел, мұнда, – деп қасына.  
Арыстандай ақырды,  
Қауіп төндіріп басына.

Сыйлы болып жүргенде,  
Үлкен менен жасына.  
Айналғандай немере,  
Тез арада-ақ қасына.

Түргенменен құлағын,  
Көңілі толмай сөзіне.  
Ұшырғандай тым бағын,  
Өзі сенбей көзіне.

Тартпағасын тегіне,  
Кеңес бермек боп өзіне.  
Ие болмағасын сенімге.  
Мінді айтпақ боп көзіне.

Кеудеге түсіп сақалы,  
Қайтіп санды ұрмасын?

Кеткендей суға тым салы,  
Тым кейіп қалай тұрмасын?

Атасының мінезі,  
Ауыр еді салмақты.  
Өзі батыр, ер еді,  
Болғаннан соң жан-жақты.

Жүргенде бар деп немерем,  
Көрсеткесін жат қылықты.  
Деп жүргенде кімнен кем,  
Көрсеткендей тым былықты.

Әділ еді тым өзі,  
Ақ дейтұғын көрсе ақты.  
Түзу еді тым сөзі,  
Ашатұғын тым бақты.

Немереге тым қарап,  
Қашқандай боп сүрегі.  
Жүрмегесін еш жарап,  
Желге ұшқандай еңбегі.

Қарай алмай көзіне,  
Анарбек те тік тұрды.  
Зәре қалмай өзін де,  
Сайтан оны тым ұрды.

Атасынан үлгі алмай,  
Кей ездерге еліктеп.  
Маңдайды терге еш малмай,  
Жүргенін де менмін деп.

Деді сендей ездер көп,  
Жүрген деді ес жимай.



Шыққандай бір арам шөп,  
Көңілге сөзі еш сыймай.

Екі аяғың салбырап,  
Түскен жоқсың деді сен көктен.  
Бастағы шаш жалбырап,  
Артықпең деді сен көптен.

Бабаң менен атаң да,  
Ауылда деді тер төккен.  
Шаттана тұрып әр таңда,  
Атарбаны деді тек шеккен.

Білектерін түріп ап,  
Түрлі дәнді деді тек еккен.  
Көздерін тек шыңға сап,  
Отанға қызмет тек еткен.

Бұл өмірде зор табыс,  
Келгесін тек еңбекпен  
Бойда болғасын тым намыс,  
Қашпағасын деді еңбектен.

Қиындықты жеңе алып,  
Қайтпағасын деді еш беттен.  
Жолсыз жерден жол салып,  
Зор табысқа деді қол жеткен.

Мынау ғажап өмірде,  
Болмағасын кері кеткен.  
Ынтық болып өмірге,  
Қашпағасын деп міндеттен.

Азамат деген тек атқа,  
Бол деді әр кез лайық.



Көмек қылып дос-жатқа,  
Адамдықты деді қылайық.

Азамат болып, ер болып,  
Бос сөзді көр деді тек айып.  
Көңіл жүрсін деді тек толып,  
Қалдың деді сен де ұлғайып.

Анарбекті тым сөкті,  
Ауылға тек күлгесін.  
Қызартқасын тек көпті,  
Адасқанын білгесін.

Азамат боп Отанға,  
Қоссын дегесін үлесін.  
Бақ тілегесін бар жанға,  
Нағыз ер болсын дегесін.

Анарбектің күлгенін,  
Көңіліне тым алғасын.  
Үйретпек боп білгенін,  
Түзу жолға салғасын.

Немеренің сөзінен,  
Көңілі қатты қалғасын.  
Ой түйсін деп өмірден,  
Ұлы істі дегесін жалғасын.

Сеніп қатты жүргенде,  
Немерем деп мақтанып.  
Жат қылықты көргенде,  
Қалғасын тым сақтанып.

Өніп-өсіп жүрмін деп,  
Жүргенінде шаттанып.



Жүргенінде қамын жеп,  
Ер боларына тым нанып.

Қалдым деді сырыңа,  
Құлақ салып тым қанып.  
Көзім жетіп қырыңа  
Тұрмын деді намыс қып.

Анарбекті қалды жақтырмай,  
Пәтуа жоқ деп сөзінде.  
Ауылға бүйрек еш бұрмай,  
Намыс жоқ деп өзінде.

Жатыр деді ауылда,  
Әжең менен бабаң да.  
Сескентпеген дауыл да,  
Шат боп тұрған әр таңда.

Сөзімді деді тек тыңда,  
Шығам десең көңілден.  
Көзің болсын деді тек шыңда,  
Ойды түйіп өмірден.

Ата-бабаң өскен ауылды,  
Жүр деді әркез бағалап.  
Көтере біліп ауырды,  
Амандықты жүр деді тек қалап.

Кім келеді деді келмесең,  
Бабаңның жатқан басына.  
Бабам ғой деп елесең,  
Бақ қонады деді басыңа.

Келгеннен соң өмірге,  
Сенімді ақтаса деді ұрпағы.

Қосылып ақ тілекке,  
Ашылсын десе тым бағы.

Өтсем егер мен де ертең,  
Көзді жұмып мәңгіге.  
Басыма менің келмесең,  
Сенем деді мен кімге.

Іздемесе ұрпағым,  
Келгенім бекер деді өмірге.  
Ашылмағаны деді еш бағым,  
Ұрпағым деп өмір сүргенде.


Сынғаны деді тым сағым,  
Ұрпаққа сеніп жүргенде.  
Қысқа өмірде қас қағым,  
Болса ойдан тым кем де.

Бейнетпен өткенде жас шағым,  
Ұрпақ қамын жегенде.  
Қарысқаны деді тіл-жағым,  
Жеткізсем тек деген де.

Қиындығына өмірдің,  
Ұрпағым деп көнгенде.  
Намысына басып жігіттің,  
Қиындықты жеңгенде.

Көзге айтып тым мінін,  
Анарбекті салды ақ жолға.  
Түзелсін деп бойда мін,  
Алғандай боп тым қолға.

Анарбек қатты қызарды,  
Ұялып айтқан сөзіне.



Сақтамақ боп тек арды,  
Айтқаннан соң көзіне.

Анарбектің қолы ұзарды,  
Бет бұрғасын еліне.  
Батылдыққа тек барды,  
Мән бергесін мініне.

Атаның тыңдап ақылын,  
Биіктеді тым ойы.  
Ойлағасын халқын,  
Адамдыққа толды тым бойы.


Анарбек жиі ауылға,  
Босаса қолы тек келді.  
Сәлемдесіп бауырға,  
Сыйлағасын тым елді.

Бос сөзге құлақ түрмеді,  
Жүрмегесін селтеңдеп.  
Тым шіреніп жүрмеді,  
Мен қаладан келдім деп.

Еркелікті тастады,  
Тілін де сөйлеп дұрыстап.  
Азаматтыққа бастады,  
Өзін дұрыс тым ұстап.

Ауылдағы ерлерді,  
Нағыз ерге тек балап.  
Жиі келіп ерледі,  
Амандықты тек қалап.

Азаматқа нағыз бір,  
Жүрді әр кез тек ұқсап.



Ғашық қылып тым өмір,  
Көзін жүрді шыңға сап.

Атасынан үйреніп,  
Шөп шабысты шалғымен.  
Азаматтық күйге еніп,  
Кеуде қағып демей мен.

Шекесінен тер ақты,  
Шөп шапқасын тым ерлеп.  
Еңбек ашты тым бақты,  
Менмендікті тым жерлеп.

Барды салып құлаштап,  
Шалға шапқасын тек сермеп.  
Атасы жүрді тек мақтап,  
«Немерем менің – шын ер» деп.

Үстімен жүрмей ауырдың,  
Азаматтық жүргесін ойға кеп.  
Бағасын біліп бауырдың,  
Жүргесін тек қамын жеп.

Көрсете алды шын ерді,  
Соққанын елемей дауылдың.  
Гүлдептпек боп тек жерді,  
Бағасын біліп ауылдың.





**Асқар шылымға үйір болып,  
зорға тастады**

Үйір боп Асқар шылымға,  
Тырнақтарын сарғайтты.  
Үйір болмай ғылымға,  
Бос сөздерді тек айтты.

Таппағасын ақ жолын,  
Жүргендей мұрнын құрт тесіп.  
Арманға созбай еш қолын,  
Жүргеннен соң бос есіп.

Ата-анадан бұғынып,  
Шылымды өзі тек тартты.  
Дұрыс деп мұны тым ұғып,  
Көрсетпей жақсы еш затты.

Будақтатып тартқасын,  
Түтінін сорды тым қатты.  
Бос сөздерді шатқасын,  
Бағаламай өмірді қымбатты.

Көк түтінді тым сорды,  
Құрбыларға мақтанып.  
Көрсеткендей тым зорды,  
Жүрмегесін сақтанып.

Мастанып жастық тым бұға,  
Зияндығына мән бермей.  
Ілескесін кей қуға,  
Оң сөзге жүрді еш ермей.

Ойында болып тек ойы,  
Далақтап тек жүргесін.



Алмаға толып тек қойыны,  
Ойсыз боп өмір сүргесін.

Көрсетпеді текті баланы,  
Бос сөзге құлақ түргесін.  
Ұнатып бос сөз, жаланы,  
Естіден аулақ ұстап іргесін.

Қалдықты да шашылған,  
Тауып алып тек сорды.  
Ездігімен еді таң қылған,  
Көрсеткесін тым қорды.

Будақтатып түтінді,  
Мәз болып тым шат болды.  
Істегендей ерлікті,  
Ерлігіне көңілі тым толды.

Риза болып өзіне,  
Құрбы сөзіне сенбеді,  
Түсіп шылым көзіне,  
Сақтану ойға енбеді.

Үйір болғасын түтінге.  
Өкпесін түтін улады.  
Мән бермегесін еш мінге.  
Қой десе досы тулады.

Егеменді ел болып,  
Жетседағы шат күнге.  
Құрбының көңілі тым толып,  
Азаматтық қосылса да тек үнге.

Өкпесін улап жүргесін,  
Достарын тым мұңайтып.



Бос сөзге құлақ түргесін,  
Есті болады ол қайтіп?

Көк түтінді тек сорды,  
Көкке қарап шалқайып.  
Көрсеткендей тым зорды,  
Қос құлағы қалқайып.

Жүрсе де жиі күркілдеп,  
Жүргендей бұтақ тым жайып.  
Басқа бәле тым тілеп,  
Жүрерін білмей бақ тайып.

Құмар болғанын түтінге,  
Көрмегесін еш айып.  
Келседағы көңілге,  
Кететіндей тез байып.

Тартқанды мақтан көргесін,  
Будақтатып түтінін.  
Сездіріп қысқа өресін,  
Ойлғасын бір күнін.

Езуін де жинамай,  
Түземегесін еш мінін.  
Үлкенді де сыйламай,  
Азаматтық шығармай еш үнін.

Адасқасын жолынан,  
Құрбыларға қарамай.  
Шылымы түспей қолынан,  
Ерлеуге еш жарамай.

Әбестігін көңілге,  
Жүргеннен соң еш алмай.



Жай көзбен қарап өмірге,  
Жүргесін еш ұялмай.

Будақтатып түтінді,  
Ерлегендей шат болды.  
Түзетпегесін еш мінді,  
Көңіліне тым толды.

Улады тартып өкпесін,  
Зиян екенін білсе де.  
Тыңдамай еш көкесін,  
Кей құрбысы сөксе де.

Шылым шегуді тыймады,  
Ащы түтінін тым сорып.  
Тастауға еш қимады,  
Шылымын тыққан тек қорып.

Шұғылданбады спортпен,  
Жатпағасын еш ұғып.  
Ойды түймей өмірден,  
Шылым шеккесін тек бұғып.

Шылым шегетінін жасырды,  
Тартқаннан соң тек тығып.  
Қулығын солай асырды,  
Көңілден жүрмегесін еш шығып.

Күркілдеп тым жөтелді,  
Тартқаннан соң еш қоймай.  
Басы айналып теңселді,  
Жат қылықты еш жоймай.

Көрсеткендей ерлікті,  
Жүргенінде мақтанып.



Келтіргесін күдікті,  
Жүрмегесін сақтанып.

Еңкіш тартты жотасы,  
Қыры да тез кеткесін.  
Айналып та тым басы,  
Қоймай шылым шеккесін.

Шылымды сап ерінге,  
Сау болсын қайтіп тым дені?  
Ұқсамақ боп серіге,  
Өскендей боп тым шені.

Қоймағасын күркілін,  
Тастауға Ерік бел буды.  
Ойлап жарқын тым күнін,  
Білгесін зиян, тым уды.

Сарғайып тырнақ кеткесін,  
Жотасы еңкіш тартқасын.  
Тастайтын кез жеткесін,  
Елі де сенім артқасын.

Уақытымен ішті тек асын,  
АзMATтыққа аударып тек есін.  
Түтінге айналдырмай еш басын,  
Зиян екенін тым білгесін.

Сабағына ден қойды,  
Қателікті білгесін.  
Ойламай еш бос ойды,  
Жөн сөзді құлаққа ілгесін.

Денсаулығы тез оңалды,  
Шылым шегуді қойғасын.

Құрбысының болды тек алды,  
Жат қылықты жойғасын.

Қойды тез-ақ күркілі,  
Азамат болып тек ерлеп.  
Шығарып ерлік тек үнді,  
Жат істі жүрді тек жерлеп.

Елдік жайын ойлады,  
Күніне мың толғанып.  
Терең ойға бойлады,  
Ұлы істерді қолға алып.

### Жақсы бала Дауренбек

Жақсы бала Дәуренбек,  
Ұнайды оған тым еңбек,  
Ойы биік болғасын,  
Дәуренбек қалай ерінбек?

Еңбектен қалай жерінбек,  
Болады қалай еріншек?  
Сабағын жақсы оқиды,  
Алғаны да бестік тек.

Жүрмейді бос секеңдеп,  
Ұлы мақсат ойға кеп.  
Арманы асқақ болғасын,  
Інінің де қамын жеп.

Ұстазы да мақтайды,  
Зор сенімді ақтайды.  
Сәлем беріп үлкенге,  
Әдепті де сақтайды.



Екі сөзді айтпайды,  
Алған беттен қайтпайды.  
Шұғылданып спортпен,  
Күшін де әр кез байқайды.

Өтірік жалған жақпайды,  
Өтірікке судай ақпайды.  
Бұл талаппен қалайша,  
Шыңға қанат қақпайды?

Ерлікке қалай батпайды,  
Бос үнді еш қатпайды.  
Інісін де өзінің,  
Спортқа тек баптайды.

Бос еңбексіз жатпайды,  
Насыбайды атпайды.  
Сөз сөйлейді мәнімен,  
Ана тілін сатпайды.

Сабақтан да қалмайды,  
Екілік баға алмайды.  
Сабағын тым жақсы оқып,  
Алдына жан салмайды.

Озғандарды шалмайды,  
Еңбек етіп талмайды.  
Күш көрсетіп ініге,  
Көзін жасқа малмайды.

Үлгіліден үйреніп,  
Жамандықтан жиреніп.  
Күнде-күнде бес алып,  
Жүргені жақсы күйге еніп.

Көзін салып шыңдарға,  
Төтеп беріп сындарға.



Талаптың мініп тұлпарын,  
Қол созады арманға.

Көмек қылып жандарға,  
Үмітпен қарап таңдарға.  
Адал болып мастанбай,  
Бағынады шыққан заңдарға.

Міне осындай Дәуренбек,  
Болмағасын еріншек.  
Үлгіліден үйреніп,  
Отанын ойлайды әр кез тек.

Елім деп ой түйеді,  
Қазақ тілін сүйеді.  
Тілін әр кез ардақтап,  
Халқына бас иеді.

### Қарға мен бұлбұл

Бір бұлбұл құс нуында сайрады кеп,  
Бар тіршілік құлақ түрді тым еледеп.  
Құйқылжытып бұлбұл құс барын салды,  
Жырыменен жүргесін жүректі емдеп.

Бар тіршілік тыңдады жырын елеп,  
Барын салып жырлағасын әр кез ерлеп.  
Жүрекке жаққаннан соң салған жыры,  
Жырыменен жүргесін жебеп-желеп.

Бұлбұлымыз қай құстан біздің кем деп,  
Аққуға да жүргесін әр кез теңеп.  
Нуын да құйқылжытып жырлағасын,  
Бұлбұл құс та барын сап тамақ кенеп.



Бар тіршілік өнеріне тым-ақ сеніп,  
Салған әні жүрген соң түске де еніп.  
Бұлбұл құста сайрап еді барын салып,  
Зор атаққа бұлбұл деген көңілденіп.

Көңілі де көтеріліп қанаттанып,  
Тым беріліп жырлағасын жүрек жанып.  
Барын салып нуында сайрағасын,  
Бар тіршілік құмарлары тымақ қанып.

Тек бір қарға күншілдік қып қарқылдады,  
Қараулығын күншілдігін ар қылмады.  
Тұмсық былғап көңді асап тойғаннан соң,  
Жыны ағып аузынан барқылдады.

Сүрінтпек боп бұлбұлды, барын салды,  
Сайраған бұлбұлдығын көңілге алды.  
Қарашы деп сайрауын құйқылжытып,  
Бұрыннан-ақ деді өзінен көңіл қалды.

Күншілдік қып солайша қарға шалды,  
Жырлағанда болып жүр деп әр кез алды.  
Жырды жырлап жүр деп өзі көзге түсіп,  
Бұлбұлдықпен көрсетті деп сері салды.

Пана қылып алды деп орман талды.  
Бұлбұлдықпен татып жүр деп тәтті балды.  
Іштарлықты көрсетіп тым бұлбұлға,  
Қарға екең күжірейтті желке жалды.

Жырды жырлап болды деп танымалды,  
Қарғалықпен сұрамай ешбір қалды.  
Күндейтұғын басқа құсты таппағандай,  
Көңді асап күндеді бұлбұл салды.

Кеуделерді болғасын тек басатын,  
Болғаннан соң шектен шығып тым асатын.

Өзгелер де естісін деп қарқылдады,  
Күншіл қарға болғасын алжасатын.

Жырлауын қарашы деп кеуде қағып,  
Жырды жырлап алды деп көпке жағып.  
Тым қарқылдап әр кезде күндегесін,  
Сөйлегесін бұлбұлға кінә тағып.

Кеуде қағып отырып еді қарға мен деп,  
Тым қарқылдап дауысымыз кімнен кем деп.  
Тыңдарманын тыңдаған және тілдеп,  
Тыңдауын қарашы деп тым елеңдеп.


Бұлбұл құсты сайраған сынап-мінеп,  
Көре алмай жүргесін әр кез күндеп.  
Тым қарқылдап кеуде қағып отырып еді,  
Күншілдіктің ауруы кеткен дендеп.

Аузыменен жүргесін орақ орып,  
Түсті де жүргеннен соң теріс жорып.  
Озғандарды жүргесін еш жақтырмай,  
Сыртынан жүргеннен соң аңдып торып.

Бұлбұл құс сайраған соң елеңдетіп,  
Бар тіршілік тыңдаған соң есі кетіп.  
Таңданысын тіршіліктің сезгеннен соң,  
Мың құбылтып сайраған соң тыныс жетіп.

Ғажабына салған әннің тәнті етіп,  
Жырлаған соң тым шындап, әр кез бекіп.  
Күншілдік қып тек қарға қараулық қып,  
Бұлбұлды күндеп еді сөгіп зекіп.

Ауызға келгенді айтып балағаттап,  
Қарғалықпен ғайбаттап, ардан аттап.



Ар-ұяттың керектігін тым ұмытып,  
Қызғаныштан отырып еді тым-ақ даттап.

Тектілігін жүргенмен бұлбұл сақтап,  
Бұлбұл болып жүргенмен сенімді ақтап.  
Сайраған да бар тіршілік риза боп,  
Нағыз жыршы десе де әр кез жақтап.

Ажыратпай-ақ қараның ара жігін,  
Бұлбұл құстың сыйламай әншілігін.  
Қызғаныштан күйе жағып отырып еді,  
Бұлбұл болып көтерсе де өнер жүгін.

Өнеріне жала жапты айтып жалған,  
Бұлбұл құстың озғанын көңілге алған.  
Өзге құсты міней тұғын таппағандай,  
Тым күндеп бұлбұл құсты әнін салған.

Бұлбұл құсқа көрсетіп қараулығын,  
Күндестігін көрсетіп тым жаулығын.  
Озғаннан соң жарыста жыр өнерде,  
Денінің де қаламай еш саулығын.

Озғанына бұлбұл құстың іші күйіп,  
Жүрегіне арамдық ойды түйіп.  
Қара қарға көрсетіп еді іштарлықты,  
Бар тіршілік тыңдағанмен әнін сүйіп.

Жақпап еді ән салғанмен түрлендіріп,  
Жүрген жерін жібергенмен гүлдендіріп.  
Көңді теуіп қарқылдап қарғалықпен,  
Әділдігің жатпағасын ішке кіріп.

Жүрген жерін жүргесін тек бүлдіріп,  
Қылығымен жүрген соң тым күлдіріп.



Тым қарқылдап сасық көңді жұтқаннан соң,  
Жүргеннен соң тексіздікті тек білдіріп.

Жала жауып қулығын асырғандай,  
Бар тіршілік жаласына бас ұрғандай.  
Сасық көңді қорек етіп жүргеннен соң,  
Қарғекенде ар-ұят болсын қандай!

Сұм қарғадан әділ баға ала алмай,  
Нуын да сайрағанмен ешбір талмай.  
Қарғекен жүргеннен соң жала жауып,  
Қызғаныштан жүргесін соңнан қалмай.

Бұлбұл болып жасағанмен ұлы тірлік,  
Асылдықпен көрсеткенмен тек ірілік.  
Қара қарға сонда да әр кез шалып,  
Күншілдікпен көрсетпеп еді ешбір бірлік.

Сұм қарға еді озғандарды шала тұғын,  
Оңайлықпен емес еді қалатұғын.  
Озғандардың бәріне жала жауып,  
Тым қарқылдап кегін тек ала тұғын.

Озғандарға жүретұғын тұзақ құрып,  
Көрмегесін бұлбұлға да бүйрек бұрып.  
Ұялмастан ісінен жиіркенішті,  
Жүрмегесін сөзімен серт те тұрып.

Бұлбұл болып ата-анама бекер жайдан,  
Тым қарқылдап мұны қарға ұқсын қайдан?  
Қараулық қып бұлбұлды да көзіне ілмей,  
Бұлбұлға да отырып еді ашып майдан.

Өнерімен сияқты боп қарға асқан,  
Қараулыққа болған соң әр кез басқан.



Қара қарға күндеп-мінеп отырса да,  
Құқайынан емес еді бұлбұл сасқан.

Күндегенмен басын тым қайқаңдатып,  
Жала жауып әрбір сөздің басын шатып.  
Орнынан да бұлбұл құс қозғалмап еді,  
Тілдесе де, көзбен де бұлбұлды атып.

Қарғакеңді еді бұлбұл түсінгендей,  
Тым шалып отырған соң ісінгендей.  
Қарғакеңнің күншілдік қылығына,  
Бар тіршілік еді сон да күрсінгендей.

Күндегесін бұлбұлды да көзіне ілмей,  
Қарғалықпен отырғасын әлін білмей.  
Күншілдігін сезгесін қарғакеңнің,  
Қылығына отырсын қайтіп күлмей?

Әділдік жатпаған соң ішке енбей,  
Болмағасын жүректерге үңілгендей.  
Қарғакеңнің қараулық қылығынан,  
Бар тіршілік еді сонда түңілгендей.

Қарғакеңе наразылық білдіргендей,  
Осал жері болғасын білінгендей.  
Іштарлықпен, күншілдікпен, қараулықпен,  
Болғаннан соң тым көзге ілінгендей.

Сұм қарға еді өнерге бұлбұлға қас,  
Күндемесе өзіне батпайтын ас.  
Тектілікпен болса егер жүрек нұрлы,  
Қас болама бұлбұлға істесе бас.

Қалай ғана жүре алсын қарқылдамай,  
Бос қарқылын жүргесін көңілге алмай.

Бұлбұлыңды, әділдікті не қылады,  
Қарғалығы жүргесін бойдан қалмай.

Қарғекең көрсетіп еді қарғалығын,  
Ішінің де көрсетіп алалығын.  
Көңді асап жүргесін тек қарқылдап,  
Ісінің де көрсетіп шалалығын.

Жасырып та жүргесін өмір шынын,  
Қалай ғана айтады әділ сынын?  
Сасық көңді жүргесін қоймай жұтып,  
Ауыздан да ағызғасын әр кез жынын.


Сасық көңді жүргесін қоймай жұтып,  
Тойғаннан соң өзін тек батыр тұтып.  
Көре алмай бұлбұлды тек жамандап,  
Жүргендей боп жүргесін әр кезде ұтып.

Әбестігін ұқпағасын ешбір мұның,  
Бұлбұлға да жоқ дегесін ешбір құның.  
Бетіне де басқанмен әр кез мінін,  
Түзете алмай жүргесін ешбір сының.

Бұлбұлды да сөйлегесін тек қаралап,  
Қарғаларын сөйлегесін тек даралап.  
Қарғалықпен көрсеткесін тексіздікті,  
Жүректерді жүргесін тек жаралап.

Отырып еді қара қарға кеуде қағып,  
Әр қимылын бұлбұлдың жіті бағып.  
Арасын да көңді теуіп асап қойып,  
Бұлбұл құсты отырып еді тілмен шағып.

Көз жеткізіп пейілдің де тым тарына,  
Бұлбұл құстың тигесін тек арына.



Қарғалықпен тексіздікпен көңіл бөлмей,  
Бар тірліктің ғажап жырға құмарына.

Әділдікке ауырмай ешбір басы,  
Домалап тұрғандай-ақ өрге тасы.  
Бұлбұл құстың өзінде сыйламап еді,  
Біразырақ болса да үлкен жасы.

Әділдікке ауыртып қайтсын басты,  
Түңілдіріп жүрген соң үлкен жасты.  
Бұлбұлға да көзін оқтап отырып еді,  
Жақын жерден тапқандай нағыз қасты.

Деді бұлбұл сақта деп мұндай қастан,  
Өтпеді деп не құқайлар біздің бастан.  
Қарға екеңнен іргесін аулақ салды,  
Жаланы жапқаннан соң қызармастан.

Қарғалықпен білмегесін әділдікті,  
Қарға екең көрсеткесін күншілдікті.  
Естіген аңмен құстар шошып еді,  
Бұлбұлдың да күндегесін өзін тіпті.

Қарғекең көрініп еді тым күдікті,  
Көтермей де жүргесін ерлеп жүкті.  
Сайраған бұлбұлдарды тек жамандап,  
Айтқандай да болғасын тек үгітті.

Аң мен құстар қарғаға атып еді тас,  
Қарқылдап көңді асаған сенсің деп нас.  
Күншілдігі қарғекеңнің ішке сыймай,  
Бұлбұлдай жыршымызға екен деп қас.

Әділдікті еске сап ұмытпауды,  
Қуып еді көргендей боп нағыз жауды.

Іштарлықты көрсеткесін күншілдікті,  
Шығарып жүргеннен соң әр кез дауды.

Қарғаекеңнің жақтамап еді ешкім сөзін,  
Бұлбұлға оқтаса да қанша көзін.  
Іштарлықты көрсеткесін бұлбұл құсқа,  
Аң мен құстар жақтырмай мүлдем өзін.

Бар тіршілік бұлбұл құсты қолдағасын,  
Қарғаға көңілдері толмағасын.  
Қара қарға бедел түсіп сасып еді,  
Жаладан да еш жолы болмағасын.

Тасты атып басқасын бетке мінді,  
Тығылатын қарға екең таппай інді.  
Тез арада-ақ өз жөнін тауып еді,  
Қарқылдап шығара алмай жарқын үнді.

Қуғаннан соң болып еді көзден ғайып,  
Жүрмегесін күншілдігін көріп айып.  
Қарқылдап көңді асап бөсемін деп,  
Бұлбұлға да қараулық қып бағы тайып.

Қараулық қып қара қарға ұтылғандай,  
Қылығымен еді сонда тұтылғандай.  
Соңнан қалмай бұлбұлды шаламын деп,  
Болып еді зорға өзі құтылғандай.

### **Жалақор Садыр**

Садыр деген бала бар,  
Құрбысына іші тар.  
Жақсы оқитын Мақсаттай,  
Жүрмейді өзі сақтап ар.



Бос орынсыз мін тағып,  
Ауыздан бәле тек бағып.  
Адамдықты ұмытып,  
Жүргесін тек төс қағып.

Өтірікке судай тым ағып,  
Тілімен де тек шағып.  
Тыныш жүрмей еш өзі,  
Кімге жүрер тым жағып.

Оқымай сабақ селтеңдеп,  
Жүргесін тек ербеңдеп.  
Азаматтық адамдық,  
Қайдан жүрсін ойға кеп.

Көрсетпейді дананы,  
Келсе де ғажап заманы.  
Өркениетті елге жетем деп,  
Көрсетпейді ерлеп шаманы.

Сыйламайды ананы,  
Сүйрелеп бос шананы.  
Бос ойынға үйір боп,  
Көтермегесін сананы.

Жылатып кіші баланы,  
Көрсетіп іші аланы.  
Өзі маған тиісті деп,  
Жабады тек жаланы.

Ашымағасын еш жаны,  
Бұрмағасын еш қаны.  
Болғасын тым тамақ сау,  
Қолынан түспейді еш наны.

Атпайтындай еш таңы,  
Гүлденсе де бар маңы.

Шығып жатқан Отанның,  
Қызықтырмағасын еш заңы.

Кімдер үлгі алады,  
Қайтіп ойды салады?  
Өзінен тек құрбының,  
Көңілдері қалады.

Адамдықты сақтамай  
Ана тілін жақтамай.  
Ата-ананың сенімін,  
Жүргесін еш ақтамай.

Балалығы еш қалмай,  
Маңдайды терге тым малмай.  
Бос сөзді айтып лепіріп,  
Жүргесін жағы еш талмай.

Жоқ болғасын еңбекке.  
Жүргесін өзі бос текке.  
Зор сенімді ақтамай,  
Ұқсамайды нағыз жігітке.

Болмағасын білек түретін,  
Болғасын бос жүретін.  
Үлгілі істер бала боп,  
Болмағасын ішке кіретін.

Бас Садыр қадам нық,  
Бойда болсын адамдық.  
Құрбыларға бақ тілеп,  
Ойла әр кез амандық.

Отан деп әр кез шынығып,  
Көңілден жүр тек шығып.  
Егеменді елдіктің,  
Қымбаттығын жүр тым ұғып.



## Сырттан ит пен түлкі

Жалындапты бір сырттан өмір сүріп,  
Айсыз түнде сыбдырға да құлақ түріп.  
Көрсете алып өзінің сырттандығын,  
Шабаланбай аптықпай-ақ жаймен жүріп.

Сырттандықпен атағы да жер жарыпты,  
Бабасының сырттандығы тым дарыпты.  
Алысқанда бөріні де жеңгеннен соң,  
Жанып көзі, батылдыққа тек барыпты.

Бөріні алып ерлікке тым салыпты,  
Алысқан да тек жеңіп бөрі алыпты.  
Тасадан сығалаған ит біткендер,  
Сырттанның ерлігіне таң қалыпты.

Көрсете алып жүріпті батырлықты,  
Сырттандықпен көрсетпей жат қылықты.  
Өмірінде ұнатпапты қорқақтықты,  
Болғаннан соң сырттан ит өте мықты.

Сырттандықпен болыпты әр кез жолы,  
Ерлігімен ұзарыпты әр кез қолы.  
Күш-қуаты бойында көп болғасын,  
Болған екен ит аяғы асқа толы.

Иесі де барын беріп тек қарапты,  
Атағы да ұзақ жерге тым тарапты.  
Алыптығын сырттан ит те сақтай алып,  
Ерлей алып тым өзі тек жарапты.

Сырттандықпен жүргесін аты шығып,  
Не бөрілер жүріпті қорқып бұғып.



Сырттан итті төбет біткен тым сыйлапты,  
Бөрінің де алғасын жанын сығып.

Алысқасын тырп еткізбей, жерге жығып,  
Омбы қарға басын да алып тығып.  
Не төбеттер бағалап жүрген екен,  
Сырттандық қасиетін жақсы ұғып.

Сырттан итті жүріпті шын ер санап,  
Жүрмегесін ешбірін талап, қанап.  
Ит біткендер басшы қып жүреді екен,  
Ер болғасын өздері алып таңдап.

Ерлік істі болғасын әр кез күткен,  
Босамай да жүргесін белі жүктен.  
Сырттан жүгін арқалап жүргеннен соң,  
Батырлығын сыйлапты төбет біткен.

Торып жүрген бір түлкі мұны сезген,  
Есеппенен ар-ұяттан мүлдем безген.  
Кешке дейін жүргесін тышқан аулап,  
Қу түлкі болғаннан соң дала кезген.

Қанын сорып жүргесін бит-бүргесі,  
Қыры кетіп жүргесін шығып есі.  
Армандапты сырттан итпен дос болуды,  
Сырттан иттің сескендірмей ешбір сесі.

Сырттан иттің арман боп көлеңкесі,  
Жау қолына анық деп еш бермесі.  
Аңғалдықпен өмірде ер болғасын,  
Жау сөзіне анық деп еш ермесі.

Тасаланып жүргесін әр кез көзден,  
Сескенген соң әр кезде шындық сөзден.



Аш бұралып жүрседе қулығымен,  
Аштыққа да болғасын әр кез төзген.

Сезгеннен соң сырттан иттің аңқаулығын,  
Құрметтеп сұраған боп тым саулығын.  
Сырттан итке бас иіп келген екен,  
Жасырып сырттан иттен тым жаулығын.

Өмірдің көтермек боп бірге ауырын,  
Зорға деп тапқандай боп шын бауырын.  
Еңбектеп сырттан итке келгеннен соң,  
Арқаның да сездірмей еш жауырын.

Беліне байлап алып тұлкі арды,  
Алдап, арбап құбылыпты салып барды.  
Өте қу, тым жымысқы болғаннан соң,  
Сырттан итке сездірмеи пейіл тарды.

Аңғалдығын сырттан иттің жақсы сезіп,  
Сырттан итке сөйлепті малтаны езіп.  
Тышқан аулап жүргесін сырттанда аяп,  
Аш бұралып жүр ғой деп дала кезіп.

Басынан аққаннан соң бүрге биті,  
Өмірі де болған соң өте күйкі.  
Сырттан иттің ауырыпты тым жүрегі,  
Зор бір байдың болса да сырттан иті.

Дос қыл деп алдына кеп еңбектепті,  
Сізбенен бұл өмірде кім тең депті.  
Сертке берік адал дос боламын деп,  
Тұлкілік көрсетіпті қулық епті.

Ойлаған боп болашақты, келешекті,  
Сырттан итке көрініпті болып текті.



Арамзалық қулықты сездірмепті,  
Ішіне жүрседағы сақтап кекті.

Сырттан итке құйрығын бұлғаңдатып,  
Қолын созып, тым достық үнін қатып.  
Жоқшылықты тым көріп ысылғасын,  
Аштықтың да келгесін дәмін татып.

Жүргеннен соң дәмді асқа көзді сатып,  
Қиялдап та жүргесін әр кез жатып.  
Арсыздық пен сырттан итке жақындапты,  
Тым аштық жүргеннен соң жанға батып.

Тырнағын жүргенменен жасырғандай,  
Еңбектеп келгенменен бас ұрғандай.  
Алдап, арбап жүргесін арсыздықпен,  
Қулығын да болған екен асырғандай.

Достығымен болған екен таң қылғандай,  
Алдап, арбап жүргесін ысылғандай.  
Тексіздікті көрсетіп жүргеннен соң,  
Арсыздықтан емес екен қысылғандай.

Аш бұралып жүрген соң жетімсіреп,  
Дос қылыпты сырттан ит тым есіркеп.  
Өзіне тең емесін білседағы,  
Жүргендей болсадағы көкті тіреп.

Жетімдерге жүрейін деп болып тірек,  
Кеудеде тұрғанын да соғып жүрек.  
Сырттандықпен ержүректік, ерлікпенен,  
Бұдандағы болайын деп тым тектірек.

Зор болса да, қу тұлкіні көзге іліп,  
Сақтық қылып тексеріп алмай біліп.



Жалындап сырттан боп тек жүретіндей,  
Қыр кеткен де жүрер демей түлкі күліп.

Арқа тұтып жүргесін тым паналап,  
Түлкі екеңді жүріпті досқа балап.  
Адал дос боп жүргесін тым қамын жеп,  
Сырттанмын деп көрмепті ешбір талап.

Ерлік етіп жүрген екен бір қалыпты,  
Алысқанда алып-соғып бөрі алыпты.  
Сырттан иттің мықтылығын көргеннен соң,  
Күшіне одан сайын таң қалыпты.

Сездірмепті түлкі қу есеппенен,  
Байқап сөйлеп аяқ басып өте еппенен.  
Пайдаланып сырттан иттің аңғалдығын,  
Кәртейгенде көреміз деп сені кепкен.

Дос болмай жүргеннен соң шын жүрекпен,  
Болғаннан соң ұяттан мүлдем кеткен.  
Қартайғанда мен саған көрсетем деп,  
Сездірмей жүрген екен алмай беттен.

Болмаса да сырттан иттен жапа шеккен,  
Ерлік ісін сияқты боп мақтан еткен.  
Сырттан иттің арқасында біразырақ,  
Зор беделге болғанмен қолы жеткен.

Ит-аяқтан бірге ас ішіп, оңалыпты,  
Дала кезген өміріне тым налыпты.  
Асын ішіп, сырттан иттің жүргенменен,  
Түлкілік әдетіне тек салыпты.

Батыр жоқ деп сізден артық тек мақтапты,  
Сыртеке, жүрсіз ғой деп ашып бақты.



Тым жалындап кетсе де кейде қызып,  
Оғаштығын сезсе де тек жақтапты.

Тапқандай боп жүргесін ақымақты,  
Демесін дегендей боп кінә тақты.  
Жез тырнағын жүргесін жеңге тығып,  
Іштарлығын ішіне тек сақтапты.

Кулығымен тым ақтапты дос сенімін,  
Сезседағы бетке айтпай кейбір мінін.  
Қалай ғана шығарсын ерлік үнін,  
Жағынып жүргеннен соң көріп күнін.

Сөзін сөйлеп жүргесін тек жалбандап,  
Көрген кезде қалғасын тек қалбандап.  
Сөйлегесін сақтықпен әр сөзді аңдап,  
Тапқандай боп жүргесін досты тандап.

Сырттан итке келтірмепті еш күмәнді,  
Жағынып сөйлегесін сөзді мәнді.  
Жақсы қырдан тек қана көрініпті,  
Бөліп ішіп жүргесін асты дәмді.

Достыққа адал еді деп өзі неткен,  
Кезі жоқ деп өзінің артық кеткен.  
Риза боп жүріпті тым сырттан ит,  
Достығына емес деп ешкім жеткен.

Алмайды деп және де өзі беттен,  
Бас тартып көрген жоқ деп еш міндеттен.  
Кулықпенен жүргесін адал дос боп,  
Достыққа адал жоқ деп бұдан өткен.

Құйрығын жүргеннен соң бұлғаңдатып,  
Сырттан итке тек достық үнін қатып.



Сәл-пәл болсын сырттан ит сырқаттанса,  
Жүрегіне жүргесін қатты батып.

Қайта-қайта жүргесін қалын сұрап,  
Тым жағымды сөздерді алып құрап.  
Көрсетпек боп жүргенмен қартайғанда,  
Алмақ болып жүргенмен мойнын бұрап.

Озғандығын жүргесін көңілге алып,  
Болмағасын сырттандай көңіл қалып.  
Су айналмас ішегі де тар болғасын,  
Қулығына жүргесін әр кез салып.

Іштарлық қып жүргесін бармақ тістеп,  
Озғандарға жүргесін иттік істеп.  
Сырттан иттің жасын да біліп алып,  
Қартайғанда жүргесін көрсетем деп.

Тексіздікпен білмегесін жақсылықты,  
Арсыздықпен көрсеткесін жат қылықты.  
Ішке кекті тым сақтап жүрген екен,  
Ұнатқасын өмірде тым былықты.

Сырттан итпен дос болып сертке берік,  
Алдап-арбап жүріпті болып серік.  
Ер болғасын түлкіге еш тимепті,  
Қу түлкінің басында болыпты ерік.

Қалсадағы сырттан ит егделеніп,  
Жүреді екен достығына көңілденіп.  
Қу түлкінің сырттан ит достығына,  
Жүрген екен шын көңілмен қатты сеніп.

Қу түлкіні сырттан ит тым дос көріп,  
Жан досым деп жүріпті көңіл бөліп.

Сырттан иттің қу тұлкі арқасында,  
Ада болты бит-бүргеден жүрген өріп.

Қу тұлкінің аңғалдықпен сөзіне еріп,  
Жоталанып жүріпті кеуде керіп.  
Жүрегімен қу тұлкіге адал дос боп,  
Достығынан сырттандықпен кетпей жеріп.

Еңбектеп келгеннен соң бас ұрғандай,  
Сөзінде де жүргесін тек тұрғандай.  
Бұдан адал дос жоқ деп бұл өмірде,  
Бүйректі де жүргесін тек бұрғандай.

Сырттан ит сөйлемепті ешбір зекіп,  
Тұлкі екенді жүргесін жан дос етіп.  
Көңілі де жүріпті көтеріліп,  
Ерлік іске жүргесін әр кез бекіп.

Жан досым деп жүрген екен еркелетіп,  
Айнымас достығына көзі жетіп.  
Ерлік істеп жүргенмен сырттандықпен,  
Сырттан ит те қартайыпты қыры кетіп.

Қу тұлкі қартайған соң тізгін бермей,  
Бұрынғыдай сыртанның соңына ермей.  
«Кәрісің» деп сырттан итті кемсітіпті,  
Өмірінде болмаса да сырттан ердей.

Сырттан ит көрсеткенмен тектілігін,  
Қу тұлкіге көрсеткенмен естілігін.  
Қартайған соң сырттан итті сыйламапты,  
Балағаттап әкесінің қоймай түгін.

Тұлкілік көрсетіпті күншілдігін,  
Сырттан иттей көтергендей өмір жүгін.



Қу түлкі сөз сөйлепті қаһарланып,  
Мықтымын деп сен иттен мен тым бүгін.

Сырттан итке күжірейтіп желке жүнін,  
Шығармауға тырысып сырттан үнін.  
Басуға тек кеудесін тырысыпты,  
Батырмақ боп ертеректеу сырттан күнін.

Алдыдағы ойламай келешегін,  
Қарызын да ұмытып берешегін.  
Соңына еріп жүргесін тек қорланып,  
Қайтармақ боп сырттаннан енді кегін.

Бетке басып қулығын да асырғанын,  
Тырнағын да сездіріп жасырғанын.  
Түлкілік қулыпенен есеппенен,  
Арсыздықпен сездіріпті бас ұрғанын.

Жақпай қалса талағасын түлкі бас сап,  
Кеуде қағып мақтаныпты, талап тастап.  
Сырттан иттің жақсылығын тез ұмытып,  
Сырттан итке жүріпті иттік жасап.

Әл кеткен соң, сырттан итті мазақ етіп,  
Арқасында биігіне қолы жетіп.  
Әлінің де келмейтінін сезгеннен соң,  
Талап тастап сөйлепті жиі зекіп.

Ерсілігін жатпапты еш ескеріп,  
Сырттан итке жүргесін кеуде керіп.  
Сыртынан да ауызға келгенді айтып,  
Қартайғасын сырттан иттен тез-ақ жеріп.

Басыныпты жүргесін тастап, талап,  
Дос болғанмен аш кезінде қолын жалап.



Оған біреу дос бол деп бас ұрғандай,  
Аш кезінде дос қылып өзі қалап.

Қолданып сырттан итке айла шарғы,  
Сырттандарға шығарып өзі жарғы.  
Ит біткенде түлкілердің кегі бар деп,  
Бабасының қайтармақ боп кегін арғы.

Зұлымдықпен сырттанға жала жауып,  
Көп қиналмай жақын жерден жауды тауып.  
Құйрығын бұлғаңдатып іс түскенде,  
Қартайған соң сөйлепті өзін жау қып.

Сырттан итті беріпті түлкі сотқа,  
Тірідей ақ итермек боп оны отқа.  
Қорқытып құл қып мені ұстады деп,  
Тойынғанмен бірге ішіп дәмді ботқа.

Шығарыпты бар еңбегін мүлдем жоққа,  
Кеудесін тосқанменен қорғап оққа.  
Өзінің де қартаярын еш ойламай,  
Аз күнгі мәз болғасын қарын тоққа.

Зұлымдық қулығына түлкі сапты,  
Қылығынан дегендей боп өзі тапты,  
Сенімін сырттан иттің ақтамапты,  
Солайша қу түлкіден көңіл қапты.

Арсыздықпен көрсетіп түлкілігін,  
Бұрынғыдай көрсетпей еш бірлігін.  
Сырттан итке көрсетіпті қансыздықты,  
Дала кезген ұмытып ит тірлігін.

Көп болғасын түлкекеңнің бойда міні,  
Сырттан иттің жақсы болсын қайдан күні.



Бұрынғыдай күзетпей ауыл маңын,  
Басылған соң кеудесі шықпай үні.

Айсыз түнде естілмей дауысы зор,  
Тұлкекеңмен дос болып болыпты қор.  
Сотқа беріп қойған соң істі қылып,  
Қу түлкі жүргеннен соң құрғандай тор.

Ерлік ісін айналдырып тек күлкіге,  
Басқан екен түлкілік тым бүлкілге.  
Сырттан ит те санын соғып, бармақ тістеп,  
Қартайған соң мазақ болып қу түлкіге.

Көзі жетіп қу түлкі өзгергенде,  
Түлкілікпен өзгеріп сөзге ергенде.  
Достығына иланып, сеніп қалып,  
Мазақ бопты қу түлкіге тым сенгенде.

Достықтыда дұрыс қой тексерген де,  
Қырағы боп сақтықты да ескерген де.  
«Батыр – аңғал», – дейді ғой бастан халық,  
Өкініпті сырттан ит кеш білгенде.

Үйшігінде жатыпты жиі ұлып,  
Жүрмегесін досына іші жылып.  
Өмірдегі жақын досы сатқаннан соң,  
Жүре алмай бұрынғыдай ерлік қылып.

Сөзінен де кеткесін досы танып,  
Қалай ғана жүреді бағы жанып.  
Алданғанын өзінің білгеннен соң,  
Тым қатты өкініпті қуға нанып.

Жайы болмай сырттан иттің бұрынғыдай,  
Діңкесі жүрген екен құрығандай.

Өз тірлегін жүрген екен өзі шайнап.  
Тасқа барып шекесіде ұрылғандай.

Төбеден жүргесін тек түскендей жай,  
Жан дүниесі болғанмен өте тым бай.  
Қу біткеннен жүргесін түңілгендей,  
Сырттан деген жүргесін затына сай.

Қу түлкінің қылығын көңілге алып,  
Қулығына жүрген соң түлкі салып.  
Қандасы үшін жүрген соң сотқа беріп,  
Қу түлкі жүргеннен соң жиі шалып.

Солайша жүрген екен көңіл қалып,  
Жүрген екен сырттан ит қатты налып.  
Отырып алып көкке қарап тым ұлыпты,  
Өкінгеннен көзін тым жасқа малып.

Жүрегіне болғасын тым батқандай,  
Аңғалдықтың ащы дәмін ол татқандай.  
Қу түлкіге сырттан ит сеніп қалып,  
Басы да екен өзінің тым қатқандай.

Ежелден-ақ қу түлкінің сыры мәлім,  
Сырттандардан өмірдегі алмай тәлім.  
Серттен танып, шаттанып, мақтаныпты,  
Бұл итке жетеді деп енді әлім.

Жақсырақ деп бұл иттен менің қалым,  
Күжірейіп жүр бұл күн менің жалым.  
Сырттан итке бәле жауып, жала жауып,  
Қорланғаннан кетіп еді суға салым.

Жақсылығын сырттан иттің ұмытыпты,  
Қулықпенен ұнатқан соң тым былықты.



Достығынан солайша тез-ақ танып,  
Сырттан итке көрсетіпті жат қылықты.

Сырттан иттің зор сенімін ақтамапты,  
Түлкілікпен ұят арды сақтамапты.  
Сырттан итті дұшпандары сөз қылса да,  
Бұрынғыдай жағынып жақтамапты.

Бөрілермен айқастарға баптамапты,  
Ерлік іске жан дос боп таптамапты.  
Бұрынғыдай жағынып соңнан қалмай,  
Қартайғасын мазақ қылып мақтамапты.

Қойғаннан соң тым мүлдем қамын жеуін,  
Алжыса да қарашы деп менмін деуін.  
Тексіздікпен ойлағасын тек қулықты,  
Сырттан иттің қаламапты тым ерлеуін.

Сатқындықпен жүргесін қырын қарап,  
Қулығымен жүргесін аты тарап.  
Екі жүзді сырттанға да көрсеткесін,  
Шын достыққа қалай ғана жүрсін жарап.

Қартайғасын көрсетіп түлкі сесін,  
Арамзалық арамдық алып есін.  
Сырттан итті одан сайын басыныпты,  
Сырттан иттің қартайғанын тым білгесін.

Түлкілікпен қулықты тек қалағасын,  
Сырттан итті бас салып талағасын.  
Көргендей боп жүргесін нағыз қасын,  
Өзін ерге тек қана балағасын.

Кетіріпті сырттан иттің суға салын,  
Күжірейтіп жүргесін түлкі жалын.

Сырттан итті қойғасын сотқа беріп,  
Бұрынғыдай сұрамапты сырттан қалын.

Жақсылығын жасаған еске алмапты,  
Бойындағы ар-ұят еш қалмапты.  
Қайтадан кеткеннен соң тышқан аулап,  
Сырттан итке оралып із салмапты.

### Қарлығаш ұясын бұзған Есімбек түзелді


Сотқар бала Есімбек,  
Қарлығаштың көріп ұясын.  
Кеткендей боп қатты кек,  
Беттің де жумай сиясын.

Өрмелеп шығып биікке,  
Ұяны жерге құлатты.  
Адамдық кірмей ішіне,  
Төмендетіп адам тым атты.

Бұл қылығы көңілге,  
Жатпаса да еш сыйып.  
Ұқсамағасын шын ерге,  
Жіңішке мойыны қылқып.

Жамандыққа қарлығаш,  
Болмаса да еш қиятын.  
Жалбырап тым баста шаш,  
Бүлдіруді емес еді тыятын.

Қорықпады өзі қарғыстан,  
Ішке кірмей адамдық.  
Ақылды болса да сан құстан,  
Көрсеткесін надандық.



Кішкене болып тым өзі,  
Ойлағасын жамандық.  
Ұяға түсіп тек көзі,  
Көрсеткесін надандық.

Жақын болса да адамға,  
Ішке емес еді кіретін.  
Ұя да салып ол тамға,  
Болса да жақын жүретін.

Адамдардың жақынын,  
Болса да жақсы білетін.  
Көрсетіп жүздің жарқынын,  
Болса да көзге ілетін.

Есімбек еді алжасқан,  
Қорғауды еш білмеді.  
Болғасын көзді шел басқан,  
Құлаққа сөзді ілмеді.

Өзінің еш жайына,  
Текті болып жүрмеді.  
Бетін жуғасын айына,  
Адамдық ішке кірмеді.

Болғасын тек қырсыққан,  
Ашылмай еш қабағы.  
Болмағасын сөзді ұққан,  
Нашар еді сабағы.

Болғасын сабақ ұқпайтын.  
Ашылсын қалай тым бағы?  
Айтқанмен сөз жұқпайтын.  
Сынатындай тым сағы.

Ұят еді бұл ісі,  
Адамдықты ұққанға.

Шықырлады тек тісі,  
Салынғасын мақтанға.

Рағатқымен құстарды,  
Мәз болып та атқанға.  
Сақтамай бойда еш арды,  
Боялса да қолы тек қанға.

Батырға өзін тым санап,  
Шат болып сұлап жатқанға.  
Сұлатуды жүргесін армандап,  
Үйір боп бос сөзді шатқанға.

Көрсетпей ердің тірлігін,  
Зар күйге құсты салғасын.  
Көрсете алмай бірлігін,  
Көңілдер де қалғасын.

Болыпты деп тым үйір,  
Керегеге өздері ұя сап.  
Ақылы жоқ деп бір түйір  
Болды деп тым мазаны ап.

Сотқарлық алып тым есін,  
Ашымағасын еш жаны.  
Білмей жүр деп көкесін,  
Басына теуіп тым қаны.

Бүлдіру болғасын білгені,  
Бұзу болғасын арманы.  
Болмағасын көзге ілгені,  
Бос сөз болғасын ұққаны.

Жақсы оқып көңілден,  
Болмағасын шыққаны.



Ойды түймей өмірден,  
Көп болып көңіл жыққаны.

Бөсіп, есіп сөйледі,  
Бітіргендей үлкен іс.  
Үлкенге де әй деді,  
Сұрланып тым әр кез түс.

Мән бермей бойда мініне,  
Бұзудың білмей ұятын.  
Сүйкімі болмай еліне,  
Болмағасын еш сыятын.

Қарлығашты да жау көріп,  
Құс болмаса да қиятын.  
Адамдыққа жүрмей ой бөліп,  
Сотқарлықты емес еді тыятын.

Ыржалаңдап езуін,  
Болмағасын жыятын.  
Көшеде де қоймай кезуін,  
Бойға сақтамағасын ұятын.

Адамдықты еш өзі,  
Емес еді ұғатын.  
Бақырайып тым көзі,  
Зорды көрсе бұғатын.

Қансыздық қып құстарға,  
Тұзақты да құратын.  
Құлақ аспай достарға,  
Сөзде емес еді тұратын.

Мықты болып әлсізді,  
Жағадан алып ұратын.





Біліп жүр деп жөкенді,  
Емес еді бүйрек бұратын.

Үлгілі өмір сүрмеді,  
Оқуда озат досындай.  
Азаматтық ішке кірмеді,  
Сотқармын деп осындай.

Ұяны бұзды сескебей,  
Жүргеннен соң көз түсіп.  
Ұяда кегі кеткендей,  
Жүргесін ісіп тым пісіп.

Қарлығаш жүрді шырылдап,  
Қанатпен ұрып тым ұшып.  
Қайдан жүрсін жыр жырлап,  
Көзінен жасы тым ыршып.

Ұясы жатты шашылып,  
Желге ұшып еңбегі.  
Ерлік істі тым қылып,  
Кеткендей боп тым кегі.

Мынау қысқа өмірде,  
Бұзу болғасын ермегі.  
Қалып еді қатты көңілде,  
Көрініп нашар тым тегі.

Қарлығаш жиі шүйілді,  
Қанатпен ұрып басынан.  
Қабағы тым түйілді,  
Өш алмақ боп қасынан.

Қолындағы еш қорықпай,  
Кішкене боп тасынан.

Жүргеннен соң жөнді ұқпай,  
Қансыздық еткесін жасынан.

Қарлығаштар келді көмекке,  
Болған жайды түсініп.  
Тимейді ғой бос, текке,  
Бұзғасын ұяны ерсініп.

Қанатпен ұрып, шырылдап,  
Сес көрсетіп шағынды.  
Қанаттары суылдап,  
Одан сайын қағынды.

Көздері тым қанталап,  
Сұр жыландай ысылдап.  
Бұзғасын ұя табалап,  
Ерлігіне тымақ сап.

Мүсәпірлік күйге енді,  
Бұзадағы ұя сан.  
Адамдыққа бұрмай еш денді,  
Құптамағасын ешбір жан.

Кішкене боп тым өзі,  
Күші еді тасыған.  
Жасқа толып тым көзі,  
Есімбек тұрды жасыған.

Таяқты өзі тым жеді,  
Қарлығашты еді басынған.  
Ұяны бұзған ер еді,  
Рагаткасын да асынған.

Қанатпен ұрып анталап,  
Есімбекті састырды.

Басынан оның сабалап,  
Ерліктерін асырды.

Балшықты тістеп ауызбен,  
Барды сап ұя салғасын.  
Айқасқандай жауызбен,  
Берекесін алғасын.

Есімбектей қансыздан,  
Көңілдері қалғасын.  
Ұя бұзғыш жансыздан,  
Өштерін де алғасын.

Ерлік іске тым барды,  
Болмағасын бұғатын.  
Сақтасын деп тым арды,  
Адамдықты бол деп ұғатын.

Қанатпен ұрып қарлығаш,  
Адамдықты ұқтырды.  
Озбырлықтан деді қаш,  
Есімбекті ерлеп бұқтырды.

Одан сайын сұстанды,  
Кектері тым кеткесін.  
Таңдандырып бар жанды,  
Ерлікке ойы жеткесін.

Қателікті Есімбек,  
Таяқты жеп түсінді.  
Адамдықты ойлап тек,  
Қылығына күрсінді.

Қателігін ісінің,  
Таяқты жеп тым білді.



Сөзін тыңдап үлкеннің,  
Құлаққа сөзді тек ілді.

Бұзсадағы ұясын,  
Қарлығаштар кетпеді.  
Болмағасын қиятын,  
Мекенге жер жетпеді.

Жүрсе де мұңды күйге еніп,  
Ездікті олар етпеді.  
Қалғаннан соң үйреніп,  
Туған мекен тек деді.

Қарлығаш қайта ұя сап,  
Балшықты тасып асықты.  
Жүрседағы көңілге ап,  
Көрсетпеді жасықты.

Біткенінше ұясы,  
Балшықты тасып аптықты.  
Көрсетті тек ақтықты,  
Өмір сүрмек боп шаттықты.

Балшықты тасып тым тістеп,  
Басты қайта ерлікке.  
Ерлік істі тек істеп,  
Өмір сүрмей бос текке.

Жұмыртқа басып шығарды,  
Аяқтарын байлап қылменен.  
Есімбек көріп қызарды,  
Қансыз ем деп не деген.

Ісінің біліп қатесін,  
Есі кіріп қызарды.

Оң сөзді құлаққа ілгесін,  
Көрсетпегесін іш тарды.

Қатігездік істі білгесін,  
Үлкен сөзін тыңдады.  
Тыңдап үлкен кеңесін,  
Шұғылданып өзін шыңдады.

Ұят екен деді тым өзі,  
Қамдарын еш жемеген.  
Ерлікке жетіп тым көзі,  
Еді қызарып терлеген.

Бола біліп тым текті,  
Дұрыс екен деп ерлеген.  
Қарлығаштай сүйіп еңбекті,  
Жат істі дұрыс деп жерлеген.

Балапанның бастары,  
Ұясынан қылтиды.  
Көрінбей көзден жастары,  
Ұясына тек сыйды.

Ұяға еш тимеді,  
Бұзақылықты қойғасын.  
Қансыздықты сүймеді,  
Ездікті бойдан жойғасын.

Аузын ашты арандай,  
Енесі жемін әкесе.  
Шат күн жоқтай тым мұндай,  
Ұлғайып ауызы жем жесе.

Есімбек көріп көзбенен,  
Ұяны бірге қорғасты.



Әуес болмай бос сөзбен,  
Көрмейін деп көз жасты.

Қойынына тықпады,  
Бұрынғыдай еш тасты.  
Қансыздықты ұқпады,  
Азаматтығымен тек асты.

Үлгіліні көрсетіп,  
Таңдандырды құрдасты.  
Адамдықты тек етіп,  
Көрсетпеді құсқа еш қасты.

Құрбының болды тек алды,  
Қорғасып бірге ұясын.  
Адамдығымен ой салды,  
Бетінің жуып сиясын.

Құс емес деп қиятын,  
Ұясына еш тимеді.  
Сақтады әр кез ұятын,  
Сотқарлықты сүймеді.

Өзіне-өзі серт берді,  
Ұяны еш бұзбасқа.  
Жөн сөздерге тек ерді,  
Қалмайын деп көз жасқа.

Үлгілі боп жүргесін,  
Тимеді шеке еш тасқа  
Азаматтық ойға кіргесін,  
Бақ кеп қонды тек басқа.

Адамдық кетпей ойынан,  
Азаматтық ойды түйгесін.

Адамдық көрініп бойынан,  
Отанын тым сүйгесін.

Өзіне құрбы жетпеді,  
Адал болғасын тым өзі.  
Қателікті еш етпеді,  
Қорғау болып тек сөзі.

### Болат пен Дулат

Болат, Дулат – екі дос,  
Ұнатқасын еңбекті,  
Болғаннан соң қолы бос,  
Істемек боп тірлікті.

Өзен жаққа көз тікті,  
Ұстамақ боп балықты.  
Көтере алып тек жүкті,  
Азаматтық сақтап қалыпты.

Болғаннан соң тым мықты,  
Ұят көріп жатқанды.  
Ұнатқасын шындықты,  
Ұнатпай бос мақтанды.

Жүргеннен соң талап қып,  
Келмек болып қармақ сап.  
Ерлік істі тым ұғып,  
Азаматтықты тым сақтап.

Қолға алып күректі,  
Қордалы жерді тым қазды.  
Түріп тастап білекті,  
Пайдаланып тым жазды.



Шылаушынды таба алып,  
Ыдысқа алды толтырып.  
Маңдайды терге тым малып,  
Қараталға мойын тым бұрып.

Қараталға асықты,  
Қолға алып қармағын.  
Жалындап тым аптықты,  
Сынамақ боп тым бағын.

Ұстамақ боп балықты,  
Ерліктің ойлап тым жағын.  
Көрсетпегесін ынжықты,  
Босқа өткізбей жас шағын.

Болат тауып ақ жолын,  
Талпынып тек жүргесін.  
Айға созып тек қолын,  
Текті боп өмір сүргесін.

Надандықтан әр кезде,  
Аулақ ұстағасын іргесін.  
Ұқсамай надан еш езге,  
Оң сөзге құлақ түргесін.

Азаматтықты тек етіп,  
Жөн-жосықты білгесін.  
Зор табысқа қол жетіп,  
Құлаққа сөзді ілгесін.

Өздері тым асығып,  
Қараталға келеді.  
Асыққасын аптығып,  
Маңдайлары терледі.

Шырмауықта аяққа,  
Жүргізбей тым оралды.



Таралғасын жан жаққа,  
Берекені тым алды.

Маса да қалмай жабысты,  
Биік шалғын ішінде.  
Шығарып тым дыбысты,  
Көрсетпек боп күшін де.

Батырды тым тісін де,  
Тұмсықта бізі ұзарып.  
Қан құмарлық болғасын ісінде,  
Жүрмейтіндей қызарып.


Ұшып жүрген жалбақтап,  
Көбелек те кездесті.  
Қуаламады далбақтап,  
Болғаннан соң тым есті.

Алғасын әр кез тек бесті,  
Нағыз ерге ұқсады.  
Ерлік іс көкей тек тесті,  
Шақса да маса бұқпады.

Кездессе арық тоқтады,  
Сүрінерін ұққасын.  
Сақтықпен тым аттады,  
Ерлікпен тек ұтқасын.

Шегіртке де иреңдеп,  
Жолдарында тым кесті.  
Жүрмегесін ұят деп,  
Көрсеткендей тым сесті.

Маса менен сона да,  
Дызылдап соңнан қалмады.



Арсыздығын сонда да,  
Көңілге еш алмады.

Бал арада дызылдап,  
Гүлдерге барып тек қонды.  
Жүргендей тым мазалап,  
Тайдырмағасын еш жонды.

Көздері де тым жанады.  
Қонбақ болып гүлдерге.  
Құмарлары қанады,  
Ұқсағасын шын ерге.

Келеді бірге күшікте,  
Серуендесе тек ерген.  
Шаршаса да бос текке,  
Шәуілдеп үріп мен деген.

Сүрінсе де емес елеген.  
Көңіліне еш алмай.  
Жастығы ойға келмеген,  
Ергеннен соң еш қалмай.

Кірмейтіндей еш ішке,  
Қызыл тілі салақтап.  
Ақыл кірмей күшікке,  
Жүгіргесін далақтап,

Ерлігі өзі еш қалмай,  
Жүргендей сенім тек ақтап.  
Қал дегенмен тіл алмай.  
Жүргендей-ақ тым мақтап.

Шөпке оралып құлайды,  
Қуалап құсты сүрінсе.

Көздің жасын бұлайды,  
Бірдемені бүлдірсе.

Шат болады өзі тым,  
Құстарға да тым үрсе.  
Қайтып жүрер болып жым,  
Болатпенен бір жүрсе.

Жатыр екен Қаратал,  
Сылдыр қағып тым ағып.  
Жағалауы шалғын тал,  
Мұрынға иісі тым жағып.


Қараталға көз салып,  
Екі дос тұрды толғанып.  
Тынысты тұрды кең алып,  
Жүректері тым жанып.

Жұпарын жұтып тоймады,  
Ғажаптығына тым нанып.  
Таңдантпауға Қаратал қоймады,  
Жұтқасын әр кез тек қанып.

Қараталдың суы бал,  
Жүрмейді ешкім мін тағып.  
Жағалауы толған мал,  
Малшылар жүр мал бағып.

Түрлі құстар ұшады,  
Қанаттарын тым қағып.  
Жарқырап күн де құшады,  
Жатқасын тасып тек ағып.

Малшылар малын қайырып,  
Маңдайды терге тым малып.



Көрмегесін бақты тайдырып,  
Жүргендей шыңға көз салып.

Шағаласы қалықтап,  
Қаратал сұлу қарсы алды.  
Қиял да кетіп шарықтап.  
Таңданып достар тым қалды.

Жағада өскен ну талы,  
Самалменен тербеліп.  
Бетті өбіп самалы,  
Болат-ай ер шын келіп.


Достардың тұнып көздері,  
Көрген сәтте-ақ өзенді.  
Рухтанып өздері,  
Ғажаптығына тым сенді.

Азаматтық ойға тым енді.  
Зор әсерді тым алғасын.  
Қойып еді тым денді,  
Таңданып тым қалғасын.

Қаратал тасып тым ағып,  
Сылдырына басқасын.  
Құлаққа да тым жағып,  
Арнадан да асқасын.

Бақытқа бөлеп үн қатып,  
Шапшып ағып жатқасын.  
Зәм-зәмінен ерлер тек татып,  
Ерлік үнін қатқасын.

Сондықтан да таңы да,  
Тым ертерек атқасын.



Құстарымен аңы да,  
Зәм-зәмін тек татқасын.

Сырында өзі ашқандай,  
Бұрала ағып сылдырлап.  
Көбігін көкке шашқандай,  
Нуын да бұлбұл жыр жырлап.

Қырғауыл да, нуын да,  
Үнін қатып қояды.  
Балығы шоршып суын да,  
Ерлігін қайтып жояды,


Малдарда алған тым тойып,  
Қарындары тырсиып.  
Шөлдесе кетеді тез қойып,  
Ақсиып тісі ырсиып.

Қанып ішіп, ес жиып,  
Тез арада-ақ шығады.  
Шөлдерін де тез тыйып,  
Ғажаптығын ұғады.

Жомарттыққа өзен салады.  
Бас қойса болды өзіне.  
Күш жиып малдар алады,  
Нұр тұнып тез көзіне.

Сылдырына құлақ сап,  
Бар тіршілік тым ұйып.  
Қалғаннан соң тыныстап,  
Кете алмайтындай еш қиып.

Болат шешіп қармағын,  
Айдынға терең лақтырды.



Тістемейін деп бармағын,  
Жар басында сақ тұрды.

Дулатта қармақ тастады,  
Болатқа тым еліктеп.  
Ерлікке солай бастады,  
Оп-оңай ұстау ойға кеп.

Ойлап қалды оңай деп,  
Балықты көріп ақымақ.  
Көрмесе де еш ерлеп,  
Қонатындай оңай бақ.

Жүргеннен соң ерлемей,  
Болатқа да болмай жақ.  
Ұстаймын деп терлемей,  
Болғасын тым мақтаншақ.

Дулат бөсіп Болатқа,  
Ұстаймын деп лепірді.  
Не десін Болат құрдасқа,  
Күлкісін тым келтірді.

Көрсеткесін тек дөкірді,  
Дауысы да гүрілдеп.  
Аузы да тым көпірді,  
Кеуде қаққасын менмін деп.

Жүргесін тек еліріп,  
Сақтамады сабырды.  
Отырмады телміріп,  
Ұнатқасын дабырды.

Түспегенін көңілге алғасын,  
Қармағыма балық түс деді.

Берекесіздігіне салғасын,  
Қармағына балық түспеді.

Ұнатпады сылдырды,  
Ғажаптығын еш білмей.  
Ұнатқасын ыржыңды,  
Көзіне де еш ілмей.

Отырды өтірік көз сүзіп,  
Кейбір кезде есінеп.  
Ұстаудан күдер тым үзіп,  
Отырғасын ұйқы кеп.

Балықтарды боқтады,  
Ілінбедің иттер деп.  
Өзенге көзді оқтады,  
Қарын ашып нанды жеп.

Отырмады сарылып,  
Болмағасын табанды.  
Кететіндей іші жарылып,  
Аяғасын тым жанды.

Ұстаймын деген сөзінен,  
Ездікпенен тез танды.  
Төзімділік кетіп өзінен,  
Басқа көтеріліп тым қаны.

Ұнатқасын жаланы,  
Балыққа жала тым жапты.  
Көрсетті іші аланы,  
Ілінбегесін жаланы тез тапты.

Көрсетпеді текті адамды,  
Ерінгесін тым өзі.



Анық баспады қадамды,  
Мақтан болғасын тек сөзі.

Құрбыға білмей аманды,  
Кеуде қағып жүргесін.  
Айырмай жақсы жаманды,  
Бос сөзге құлақ түргесін.

Түйіп алып қабағын,  
Отырғасын дікіндеп.  
Шошытып өзен шабағын,  
Болмағасын ешбір еп.

Түспегесін зекірді,  
Балықтарға көзді оқтап.  
Берекесін кетірді,  
Жатпады сөзге еш тоқтап.

Балықтарға қоқаңдап,  
Ессіздігін көрсетті.  
Отыра алмады шошаңдап,  
Берексіздікті тек етті.

Отырмағасын сүзіліп,  
Қармағын балық қаппады.  
Кете жаздап белі үзіліп,  
Қайтуға амал таппады.

Маса, сона да қаптады,  
Тәтті қанды сезгесін.  
Қоярға жанды таппады.  
Жинағасын тез есін.

Маса, сона сабылып,  
Тәтті қан іздеп кезгесін.



Дулатқа бәрі жабылып,  
Ұяттан мүлдем безгесін.

Сорғызуға қызыл қан,  
Іздеп өзі келгесін.  
Отырып еді соғып сан,  
Қайдан келдім дегесін.

Отырды Дулат кек көріп,  
Жабылғанын сона масаның.  
Маса сона да тым төніп,  
Сезгесін иісін жас қанның.

Төзседағы Болат тек,  
Ұнамады Дулатқа.  
Кеткендей боп ыза-кек,  
Аларып қарады Болатқа.

Адамдықты білмеді,  
Құлақ аспай жолдасқа.  
Құлаққа сөзді ілмеді,  
Сөзді сөйлеп тым босқа.

Тепкіледі жағасын,  
Үркітпек боп балықты.  
Білмегесін бағасын,  
Тез арада-ақ жалықты.

Қармағын алып қолына,  
Жағалауда секірді.  
Бөгет болғандай жолына,  
Зәресін балық кетірді.

Көрсетіп ішті тарлықты,  
Балықтарға айғайлап.



Дауысы да қарлықты,  
Айғайламағасын абайлап.

Шығаратындай жарлықты,  
Қоятындай бақты тым байлап.  
Балықтар да тым бұқты,  
Жақындай алмай маңайлап.

Лақтырғасын тас сайлап,  
Жамандығын естіп сөзінің.  
Жүзе алмай тым жайлап.  
Бағасы түсіп өзінің.

Қызбалық қып ол босқа,  
Азаматтық ойға келмеді.  
Кесірі тиіп жолдасқа,  
Айғайлап маза бермеді.

Қолын да көкке сермеді,  
Қызбалыққа салынып.  
Сөзіне достың ермеді,  
Қой дегенмен жалынып.

Жүрмегесін терге малынып,  
Болаттай өзі тым ерлеп.  
Шөпке қатты шалынып,  
Балықтарды тым жерлеп.

Отырмады сарылып,  
Сабыр сақтап Болаттай.  
Кете жаздап іші жарылып,  
Қалғаннан соң ұнатпай.

Бола алмады досындай,  
Болмағасын табанды.

Болама екен осындай,  
Сөзінен де тез танды.

Есінеп жиі тым қалғып,  
Зорға деп шықты тым үні.  
Кеткеннен соң жалығып,  
Көрініп ездiк шын міні.

Төзімсіздікті көрсетіп,  
Істеді ол балалық.  
Балықтарды үркітіп,  
Істеді ол шалалық.

Қармақ салып, суды кешпеді,  
Болаттай тым беріліп.  
Туфлин де шешпеді,  
Есінеп тым керіліп.

Жүргеннен соң ерініп,  
Азаматтық көрсетпей.  
Тез арада-ақ жерініп,  
Ерлік іске тәнті етпей.

Болатты тым тұқыртты,  
Олақтықтан ұялмай.  
Кім екенін ұқтыртты,  
Далаға да сыя алмай.

Сөз сөйледі мақтанып,  
Ұстағандай балықты.  
Сөзінен Болат сақтанып,  
Тыңдаудан тым жалықты.

Білек түріп келгенмен,  
Көрсетті жат қылықты,

Мен Дулатпын дегенмен,  
Ұнатқасын былықты.

Болаттай ерге ергенмен,  
Зор сенімді ақтамай.  
Ақыл кеңес бергенмен,  
Адамдықты сақтамай.

Іштарлық қып достарын,  
Жүргеннен соң жақтамай.  
Жүргесін сипап тек қарын,  
Достарын жүргесін мақтамай.


Биік шыңға жүргесін,  
Ездікпенен көз салмай.  
Ойын билеп тек есін,  
Жалқаулығы еш қалмай.

Болат қатты түңілді,  
Жалқаулығын көргесін.  
Шыдамсыздығын тым білді,  
Білгесін қысқа өресін.

Қоймағасын балықпен,  
Түспедің деп егесін.  
Шықпаса да көңілден,  
Сонда да мен дегесін.

Жағалауды тепкілеп,  
Ұстап қайтіп тындырсын?  
Азаматтық жатпағасын ойға кеп,  
Кім құптайды мұнысын?

Төзімсіздік ашып тым сырды,  
Көрсетпеді еш естіні.



Азаматтық көрсетпей еш қырды,  
Көрсете алмады тектіні.

Төзімсіздігімен Болатты,  
Іш бастырып күлдірді.  
Көрсетпей жақсы тым затты,  
Құлатып жарды бүлдірді.

Суға көзін тек тігіп,  
Балықпен жүргесін ұрсысып.  
Ішке сырды тым бүгіп,  
Бет-ауызы жүргесін тырысып.

Көк алалы үйректер,  
Ақ айдында жүзсе де.  
Қымбат болса да туған жер,  
Қымбаттығын білсе де.

Сылдырлап ағып Қаратал,  
Көзді тартып ақса да.  
Болсадағы суы бал,  
Жарқырап ағып жатса да.

Құрақ талы сыбдырлап,  
Талай сұқ көз бақса да.  
Бұлбұлы да жыр жырлап,  
Құлаққа үні жақса да.

Бар тіршілік шөліккеп,  
Зәм-зәмінен татса да,  
Қараталға үн қосып,  
Түрлі құс үнді қатса да.

Қанып ішіп тек ерлеп,  
Жарқырап таңы атса да.



Маңдайлары тым терлеп,  
Шыңдардан ерлер асса да.

Айдынына тас атып,  
Бағасын да еш білмей.  
Күнәға өзі тым батып,  
Құлаққа сөзді еш ілмей.

Қайтуға Дулат жиналды,  
Балықтан қалып көңілі.  
Төзімсіздігіне Болат таң қалды,  
Өте ме деп осылай өмірі.

Болаттың жаны қиналды,  
Аянышты қарап күйіне.  
Көңілі де тым қалды,  
Қайтып кеткесін үйіне.

Болат зорға құтылды,  
Дулат үйіне кеткесін.  
Ұстамай балық ұтылды,  
Жалқаулықты еткесін.

Достың сырын тым ұғып,  
Болат жинады тез есін.  
Жатпағасын еш ұғып,  
Болат досқа не десін...

Қалды ішін тым біліп,  
Сезгесін қысқа өресін.  
Жүргенменен көзге іліп,  
Берекесіздігін көргесін.

Болат шыдап отырды,  
Бір орнынан тапжылмай.

Ыдысын балыққа толтырды,  
Төзімсіздікті еш қылмай.

Отырды суға үңіліп,  
Сабырды бойға тым сақтап.  
Дулаттай жүрмей түңіліп,  
Зор сенімді тек ақтап.

Жоғалтпады сақтығын,  
Қармағын жиі тек тартып.  
Қараталға көрсетіп ақтығын,  
Жүргесін сенім тек артып.

Жүрмегесін сөзге еріп,  
Ер екеніне көз жетті.  
Еңбектен жүрмегесін еш жеріп,  
Орындап жүргесін міндетті.

Азаматтықты көрсетті,  
Көрсете алып естілік.  
Ұнатқасын еңбекті,  
Көрсете алды тектілік.

Болғасын Болат сабырлы,  
Дулаттай болмады женілтек.  
Ұнатпағасын бос дабырды,  
Ойламады өз басын тек.

Болат жарап шыдады,  
Тесіліп суға сүзіліп.  
Төзімділік ұнады,  
Кете жаздаса да белі үзіліп.

Азаматтық ойға тек келіп,  
Қармағын жиі тастады.



Жүрмеді бекер теңселіп,  
Ерлікке солай бастады.

Азаматтық солай жасады,  
Көрсете алып тым өзін.  
Қиындықтан саспады,  
Айдынға салып тым көзін.

Еңбегі де тым жанды,  
Ұстап жиі шабақты.  
Құмары да тым қанды,  
Түймей ешбір қабақты.

Болғаннан соң жан-жақты,  
Еңбегі ашып тым бағын.  
Бағалай біліп жас шақты,  
Сындырмады еш сағын.

Тапжылмады орнынан,  
Маса, сона шақса да.  
Тым-ақ ұнап тәтті қан,  
Болатты тым бақса да.

Арқаға да жабысты,  
Мия менен қақсада.  
Бағаламай табысты,  
Сонадан қалмай маса да.

Ер екенін білмеді,  
Шақпақ болып дызылдап.  
Көзіне де ілмеді,  
Тым дызылдап мазаны ап.

Ұстауға балық келгесін,  
Төзімділік көрсетті.



Дызылын қайтып елесін,  
Азаматтықты тек етті.

Түсіне біліп міндетті,  
Алған беттен қайтпады.  
Болғаннан соң бір бетті,  
Бос сөздерді айтпады.

Толқынға қарап отырды,  
Толғанып мың көз сүзіп.  
Ыдысында толтырды,  
Күдерді жүрмей еш үзіп.

Болғаннан соң талапты,  
Азаматтық көрсетті.  
Шыңдағандай Болатты,  
Зор табысқа қол жетті.

Сала білді қармақты,  
Көрсете біліп шеберлік.  
Тістемеді бармақты,  
Көрсеткесін тым ерлік.

Қалайша жүрер бақ жанбай,  
Азамат болғасын табанды.  
Сөзінен де еш танбай,  
Құрметтегесін бар жанды.

Саф ауасын тым жұтты,  
Өзенін қадір тұтқасын.  
Төзімділігімен тек ұтты,  
Ерлікпен әр кез ұтқасын.

Түзу жолды таңдады,  
Тектілікпен әр кезде.



Зор сенімді ақтады,  
Ой түйгесін өмірде.

Түріп алып балағын,  
Ұстады балық ерінбей.  
Сынап көріп тым бағын,  
Еңбек етуден жерінбей.

Жүргесін еңбек тек етіп,  
Қиялы көкте қалқыды.  
Биікке шырқап тым кетіп,  
Көтеріліп көңіл шалқыды.

Болмағасын ынжық ез,  
Елемей Болат сыз ызды.  
Сезгендей боп күнде тез,  
Көтеріліп тым қызды.

Маса, сона шақса да,  
Ерлей біліп саспады.  
Қызарып көзі бақса да,  
Ездікке Болат баспады.

Жиі-жиі қармағын,  
Өзенге мөлдір тастады.  
Сынап көріп тек бағын,  
Ерлікке солай бастады.

Жинап алып қармағын,  
Дулаттай болат қашпады.  
Тістемейін деп бармағын,  
Орынсыз сырды шашпады.

Алдыға қойған көп еді,  
Ер болғасын мақсаты.

Сондықтан сыйлап тек елі,  
Шығып еді жақсы аты.

Отырды Болат үн қатпай,  
Төзімділікті көрсетіп.  
Дулаттың ісін ұнатпай,  
Азаматтыққа ой жетіп.

Бос қиялға берілмей,  
Жағада жүрмей бой балап.  
Есінеп жиі керілмей,  
Азаматтықты тек қалап.


Болғасын Болат ізетті,  
Үлкенді де сыйлайтын.  
Түсінгесін міндетті,  
Көмекті де тыймайтын.

Жамандыққа достарын,  
Нағыз ер еді қимайтын.  
Ұқсмайтын кей езге,  
Ортасына сыймайтын.

Қылығымен ұнайтын,  
Болғасын бала еңбекқор.  
Қиындыққа шыдайтын,  
Табысқа жетіп әр кез зор.

Құрбыға мен демейтін,  
Бестікті алып асса да.  
Мақтану ойға келмейтін,  
Бағы жанып жатса да.

Өзенге бекер көз сүзбей,  
Көрсете білді шеберлік.



Үміттен күдер еш үзбей,  
Істей білді тым ерлік.

Ұстаудың біліп мөлшерін,  
Өзенге зиян келтірмей.  
Ұстай біліп тым өзін,  
Мақтағанға есірмей.

Кеуде қағып мен демей,  
Адамдығын сақтады.  
Пенделік ойға еш келмей,  
Зор сенімді ақтады.

Қармағын Болат жинады,  
Дайындалып қайтуға.  
Дулаттың ісі қинады,  
Тұрмағасын айтуға.

Тым көңілді келеді,  
Балықты ұстап ерінбей.  
Дегенменен ерледі,  
Еңбектен еш жерінбей.

Жолында өзі тым бағып,  
Екі інісі қарсы алды.  
Ерлігімен тым жағып,  
Інілеріне де ой салды.

Ерлігіне Болаттың,  
Інілері таң қалды.  
Бағасын біліп ер аттың,  
Бұзғандай болып қамалды.

Еңбегі де оның тым жанды,  
Ұстай біліп балықты.

Суға кетпей еш салы,  
Азаматтық сақтап қалыпты.

Балықты Болат тазалап,  
Қабығында тез қырды.  
Інілерін жүрмей мазалап,  
Азаматтық сөзде тек тұрды.

Қазанға таза су құйды,  
Тазалап әбден жуғасын.  
Жеңе біліп қиынды,  
Ер болып өзі туғасын.

Анасы тез от жағып,  
Шабактарды пісірді.  
Піскенінше тым бағып,  
Тегешке сырлы түсірді.

Шипалысын түсінді,  
Анасы да болып шат.  
Шығарғандай тым күнді,  
Денсаулық та тым қымбат.

Сорпа иісі аңқыды,  
Мұрын жарып бұрқырап.  
Көңіл де өзі шалқыды,  
Гүлденгендей атырап.

Әжесі де еді тым кәрі,  
Сорпаны ішті сүйсініп.  
Болғасын сорпа шын дәрі,  
Кетіп еді бойға тез сіңіп.

Азаматтықты білдіріп,  
Сорпа ішкізді тым ерлеп.



Дулаттай жүрмей күлдіріп,  
Балықты ұстап тек терлеп.

Атағы тез-ақ тарады,  
Үлгілі бала атанып.  
Сүйсініп құрбы қарады,  
Еңбекқор деп шаттанып.

Ата-анасы да сүйсінді,  
Амандығын тек қалап.  
Шығарғандай тым күнді,  
Бойында бар деп мол талап.

Жалқаулық қып жатпады,  
Үлгілі боп жүргесін.  
Өзгеге көзді сатпады,  
Арлы боп өмір сүргесін.

Құрбылары да құптады,  
Болаттан тек үлгі алып.  
Болат та сөзді жұтпады,  
Азаматтыққа тек салып.

Туған жердің ауасын,  
Кеуде керіп тек жұтты.  
Сезе біліп дауасын,  
Болат ерлеп тек ұтты.

### **Жандарбек араққа құмар болды**

Жандарбек келді сабақтан,  
Қар жауғандай қабақтан.  
Қолын жумай ас ішті,  
Қолды салып табақтан.

Құр қалардай тамақтан,  
Айрылардай мол бақтан.  
Қомағайлығын өзінше,  
Көргендей боп тым мақтан.

Еді өзінше төс қаққан,  
Болмаса да ешкім ұнатқан.  
Қазанымен ішкені,  
Өзіне еді тым жаққан.

Тойғасын шығып далаға,  
Ұқсамай тәуір балаға.  
Ауылын туған менсінбей,  
Көңілі ауды қалаға.


Құмар еді жалаға,  
Не дерсің іші алаға.  
Сөзді де еш ұқпайтын,  
Не дерсің ісі шалаға.

Ауланың таптап гүлдерін,  
Ашпады деп бүрлерін.  
Гүлдерді де ұнатпай,  
Қара деп тұрған түрлерін.

Ауыртпай ешбір жүрегін,  
Істемек боп білгенін.  
Інісінің жақтырмай,  
Еңбекке білек түргенін.

Адамдық қып жүргенін,  
Құлаққа сөзді ілгенін.  
Өзінше боп жақтырмай,  
Отан деп өмір сүргенін.

Інісін шалып құлатты,  
Тым бақыртып жылатты.



Үлкендігін көрсетпей,  
Болсын демей бақытты.

Төмендетіп ер атты,  
Бос сөздерді тек шатты.  
Тас лақтырып құстарға,  
Тигендерін сұлатты.

Лайлады бұлақты,  
Жөн сөзге салмай құлақты.  
Болғаннан соң тым ерке,  
Сөзіне болмай тұрақты.

Ұнатып бос ыржақты,  
Жастығын білмей қымбатты.  
Көк алманы түсірді,  
Бүлдірді және тым бақты.

Айғайлады тым қатты,  
Таңдандырып дос жатты.  
Ортасын да сыйламай,  
Көрсетпей жақсы тым затты.

Ұмытып мүлдем сақтықты,  
Бос нәрсеге шаптықты.  
Сезілді текті бала болмасы,  
Көрсетпегесін Отанға ақтықты.

Тыңдамады әкесін,  
Тыңдамады шешесін.  
Жібергендей өзгеге,  
Тым сондай-ақ есесін.

Сөзді сөйлеп кекесін,  
Бетіменен кеткесін.





Сотқарлықты өмірде,  
Тым мақтаныш еткесін.

Жала жапты озғанға,  
Айға құлаш созғанға.  
Іштарлығын көрсетті,  
Жыны оның қозғанда.

Сыйламады құрбысын,  
Жөн көргендей мұнысын.  
Қызармады, мастанды,  
Білмеді мұның бұрысын.

Қоймады еш ұрысын,  
Ненің білмей дұрысын.  
Бос кезінде ұйықтап,  
Істемей үйдің жұмысын.

Құрбыларын күндеді,  
Еш жазықсыз мінеді.  
Жөн сөз айтпай құрбыға,  
Бос сөздерді үндеді.

Бозбала бол шаш қойды,  
Азаматтық ойламай еш ойды.  
Сорайып тым өскесін,  
Мақтан қылып тым бойды.

Адамдықты бойдан тым жойды,  
Араққа да тым тойды.  
Ішпе десе інісі,  
Жұдырықпен бір қойды.

Бағаламады мектепті,  
Шылымды да тек шекті.



Будақтатып түтінін,  
Жібергендей тым кекті.

Қыры болмағасын еңбекке,  
Ұқсамады текті жігітке.  
Будақтатқаны түтінді,  
Тұрмаса да еш текке.

Шылымды шекті ұрланып,  
Көк түтінге тым қанып.  
Шашалса да түтінге,  
Көзі жүрді тым жанып.

Бос сөздерге тым нанып,  
Жүргесін сөзден тек танып.  
Гүлдентуді Отанды,  
Жүрмегесін арман қып.

Таңдағасын қисық жол,  
Отанын қайтіп сүйсін ол?  
Құрбының жыртып жағасын,  
Көтергесін әр кез қол.

Тез арада-ақ ер жетіп,  
Ұяты бойдан тым кетіп.  
Мен көкеңмін тек деді,  
Жүргендей өзін үлгі етіп.

Отанға бұрмай еш бетті,  
Болмағасын ізетті.  
Араққа әбдән тойғасын,  
Ерсі қылықты тек етті.

Мас болып түсті тек көзге,  
Келелі іс жоқтай еш өзге.

Тым қатты өзі қызғасын,  
Жуық болды бос сөзге.

Оң сөздерге нанбады,  
Бос сөзінен танбады.  
Ішпегенді сараң деп,  
Өзін батыр санады.

Қанша ішсе де қанбады,  
Ішкіштігінен танбады.  
Мас болып қыры кеткесін,  
Бағы да еш жанбады.

Ішуге тек қамданды,  
Орындайтындай арманды.  
Ішпе деген құрбыға,  
«Кімсің сен?» деп шамданды.

Ақылды бала болмады,  
Көңілге ісі толмады.  
Гүлдентсем деп Отанды,  
Азаматтық ойды шолмады.

Құрбылары таңданды,  
Ақымақтығын аңдады.  
Халқын еш ойламай,  
Теріс жолды таңдады.

Болғасын және мақтаншақ,  
Ұшпасын қайтіп бастан бақ?  
Азаматтық тым ісіне,  
Болмағасын ешбір сақ.

Қыздырсын ненің шекесін,  
Зорға жиса күнде есін.



Маскүнем болды атақты,  
Жандарбек ер жеткесін.

Әдетін жаман тыймады,  
Арағын еш қимады.  
Көп ішкен соң арақты,  
Ортасына сыймады.

Санасын арақ улады,  
Қой десе құрбы тулады.  
Айналғасын ішкішке,  
Сақтамады еш арды.

Ата-анасы ұялды,  
Ашып жаны қиналды.  
О дүниеге кетуге,  
Тым ертерек жиналды.

Көңілдері тым қалды,  
Көңілге қатты шын алды.  
Жандары қатты күйзеліп,  
Көздерін жасқа тым малды.

Жұмыстан да қуылды,  
Араққа белі буылды.  
Ата-ананың ақ жүзі,  
Тек жаспенен жуылды.

Руға бөлді қазағын,  
Білседағы азағын.  
Ортасына от қойып,  
Қоймады еш мазағын.

Байлағандай тым бағын,  
Сындырғандай тым сағын.

Туған жерді гүлдеңтпей,  
Арақпен өткізіп жас шағын.

Надандығы дұрыстай,  
Өзгенікі бұрыстай.  
Өзгелерге мін тақпай,  
Жүре алмады тырыспай.

Қойынға тығып арағын,  
Асынғандай жарағын.  
Көзі аларып, мас болып,  
Қырардай боп жан-жағын.

Тойып ішіп арақты,  
Уақытымен ішпей тамақты.  
Құмар болып араққа,  
Арақпен байлады тым бақты.

Дұрыс деп мұны ұғынды,  
Арақты көрсе сұғынды.  
Маскүнем боп жүргесін,  
Зорды көрсе бұғынды.

Тыныш өзі жүрмеді,  
Ұлы елдік ішке кірмеді.  
Құрбысындай еңбек қып,  
Білегін еш түрмеді.

Ауласында жатты домалап,  
Өзін ерге тым балап.  
Күнде басын түзетіп,  
Маскүнемдікті тек қалап.

Жөн-жосықты білмеді,  
Құлаққа сөзді ілмеді.



Үсіді, қатты аязда,  
Одан ары күлмеді.

Аязда мұз боп қатқасын,  
Серейіп қатып жатқасын.  
Жәшігімен арақты,  
Күнде тойып татқасын.

Шектен шығып асқасын,  
Мастығына басқасын.  
Денсаулықты сақтамай,  
Әлі де білмей тым жасын.

Бағаламай өз басын,  
Ата-ананың көрмей көз жасын.  
Ата-ананы жүргесін тыңдамай,  
Серейіп қайтіп қатпасын?

Арақ жетті түбіне,  
Зар қылып атқан күніне.  
Салынғасын араққа,  
Қосылмағасын ерлер үніне.

Жүрмегесін сақтанып,  
Жүрсе де ішкіш атанып.  
Араққа тек тойып ап,  
Жүргесін тек шаттанып.

Басына елі жиылды,  
Арақ ішу тиылды.  
Тыңдамай да құрбысын,  
Қыршынынан қиылды.

Азаматтық ішке еш кірмей,  
Отан деп білек еш түрмей.

Ата-ананың еңбегі желге ұшты,  
Мәнді өмір еш сүрмей.

Ерлікке санап татқанын,  
Домалап жерде жатқанын.  
Мас болып арақты ішкесін,  
Сезбей қалып қатқанын.

Бағаламай еш өмірді,  
Арақпен көтеріп көңілді.  
Көктейінен тез солды,  
Қысқа болып өмірі.

### Сейіт түзелді

Сейіттің тісін құрт жеді,  
Жүрмегесін тазалап.  
Ауырды тым тіс деді,  
Қақсағасын мазалап.

Тазалықты еш өзі,  
Жүрмегесін бағалап,  
Аларғасын тек көзі,  
Құрттар да тісін жағалап.

Жумағасын еш тісін,  
Жегендей боп табалап.  
Жақтырмағасын бұл ісін,  
Өздерін ерге тым балап.

Көрсеткесін салақтық,  
Жегендей боп жазалап.  
Болғасын бойда шалалық,  
Болмағасын еш талап.



Болғаннан соң ұшқалақ,  
Бөспелікті тек қалап.  
Сияқты боп тым жалақ,  
Ерінін жүрді тым жалап.

Өзі қатты бөспе еді,  
Жегеннен соң тіс түсті.  
Зорға деп нанды тек жеді,  
Қызыл еті тым істі.

Сонда да тісті күтпеді,  
Көрсеткесін жалқаулық.  
Бос сөзі де бітпеді,  
Болса да қымбат денсаулық.

Тісі жүрді кетиіп,  
Қоймай тісті жегесін.  
Сонда да жүрді кейкиіп,  
Мен Сейітпін дегесін.

Білдірмей құрт та жегесін,  
Ашқарақтықты көрсетті.  
Қоймағандай егесін,  
Түбіне тістің тым жетті.

Ауыздан тым иіс шықты,  
Қарамағасын тісіне.  
Ісінен құрбы тым ықты,  
Шыдай алмай иісіне.

Болмағасын білімі,  
Құртқа жіберді тек есе.  
Аузынан шықты тек тілі,  
Құрбыларға сөйлесе.

Салақтығын сезгесін,  
Көңілі толмай ісіне.



Есіп әр кез бөскесін,  
Тектілік кірмей түсіне.

Қашуға қасынан сайланды,  
Иіс шыққасын шыдамай.  
Жиркенішті балаға айналды,  
Салақтығы еш ұнамай.

Сезсе де жүрді қызармай,  
Арсыздыққа тым барып.  
Азаматтыққа еш бармай,  
Жүргендей бір топ жарып.

Күш көрсетіп құрбыға,  
Сондада да жүрді қоқаңдап.  
Тидің деп қатты сен жынға,  
Сөйлемедің деп сөзді аңдап.

Келмедің деп бас иіп,  
Танымадың деп жөкеңді.  
Қабағын да тым түйіп,  
Сыйламадың деп көкеңді.

Жатпағасын ісіне,  
Еш құрбысы сүйсініп.  
Адамдық кірмегесін түсіне,  
Қылығына жүргесін күрсініп.

Басындағы кепкасын,  
Шекеге басып тек киіп.  
Көргендей боп тым қасын,  
Қабағын жүргесін тым түйіп.

Көрсеткесін тарлықты,  
Озса құрбы іш күйіп.



Ойламай еш халықты,  
Отанын жүрмгесін еш сүйіп.

Көрсе өзінен әлсізді,  
Батыр боп мойнын тек қысты.  
Біл дегендей тек бізді,  
Көрсетіп суық тым сұсты.

Жүрседағы қиқиып,  
Бола қалып тым мықты.  
Зорды көрсе ес жиып,  
Тасаларға тек бұқты.

Әлі жетпесін білгесін,  
Дұрыс деп мұны тым ұқты.  
Көрсете алмай еш сесін,  
Көрсетсе де ынжықты.

Кеткесін дауысы тек шықты,  
Қаһарына мінгендей.  
Көңілдерді тек жықты,  
Болмағасын жөнді білгендей.

Зор кеткесін сызданды,  
Түйіп қайта қабақты.  
Беспелік тым ұнады,  
Ашатындай тым бақты.

Жақсы оқыса достары,  
Іштарлық қып қызғанды.  
Ойынға қанбай құмары,  
Жеңіліп қалса жынданды.

Кешке дейін ойнаса,  
Құмары оның қанбады.

Білімде болмай ойы аса,  
Бағы да еш жанбады.

Оң сөз айтса құрбысы,  
Теріс сөйлеп нанбады.  
Ұят болса да мұнысы,  
Қиқарлықтан танбады.

Танауын көкке көтеріп,  
Кеуде қағып мен деді.  
Адамдықтан өзгеріп,  
Мұным ұят демеді.


Інінің қамын жемеді,  
Мен Сейітпін дегесін.  
Азаматтық ойға келмеді,  
Бөспелік алып тым есін.

Кішкене болып тым өзі,  
Сөйледі тым шалқайып.  
Төбелес болып тек сөзі,  
Қос құлағы қалқайып.

Інілері тісті сұрады,  
Түскенін білу ойға кеп.  
Өтірікті Сейіт құрады,  
«Ломмен бандит ұрды», – деп.

Шіреніп тұрып ұрғанда,  
Ұшты деді сонда тіс.  
Бандитке тұзақ құрғанда,  
Көрсетті деді ездiк іс.

Жүр екен деді қағынып,  
Адамдықтан тым жеріп.



Жұдырықты сағынып,  
Сұлаттым деді бір періп.

Келтірдім деді тәубаға,  
Дәделерін тым беріп.  
Санағасын балаға,  
Кеуделерін тым керіп.

Құтылды деді өздері,  
Зорға деп менен тым қашып.  
Аянышты болғасын сөздері,  
Жібердім деді жан ашып.

Жүргесін бойда күш тасып,  
Тастадым деді мен қуып,  
Ерлігіме тым басып,  
Ерлікке белді тым буып.

Жетеді деді менде күш,  
Інілерге тым дікіңдеп.  
Жүрсін деді біліп іш,  
Жүрмін деді қамды жеп.

Бандиттерді қуғасын,  
Орындалды деді зор міндет.  
Батыр болып туғасын,  
Қайтқан жоқ деді әлі бет.

Кей інілері таңданды,  
Ломмен ұрды дегесін.  
Одан сайын паңданды,  
Бандитте таяқ жегесін.

Кеудесін керіп тыныс алып,  
Ерлігіне тым сендірді.

Бандитті де жөнге сап,  
Азаматтық ойға ендірді.

Шындай қылып бөскесін,  
Келтірмеді еш күдікті.  
Бандиттің жолын кескесін,  
Танытқандай жігітті.

Інілерге бөскен де,  
Алдыға жан салмады.  
Желдей болып ескенде,  
Сенбеуге амал қалмады.

Жағы да өзі талмады,  
Ініге айтып ерлігін.  
Әбестігін көңілге алмады,  
Көтергендей ер жүгін.

Жақтырмағасын ерлікпен,  
Азаматтық үнді қатқанды.  
Бос сөзге еді желіккен,  
Өтірікті сөйлеп жаттанды.

Бандиттер таяқты жегесін,  
Жүр деді маған бағынып.  
Қоймай өздері егесін,  
Таяқты жүр екен деді сағынып.

Естерін жинап келгесін,  
Жүрмесін деді шағынып.  
Қорқақтар сөздеріне ергесін,  
Жүрмесін деп қағынып.

Ломмен ұрды деді жабылып,  
Білмегесін шын ерді.



Нағыз ері табылып,  
Тәубасына түсті деді өздері.



Мықты екеніме жеңгесін,  
Жетті деді көздері.  
Шектен шығып кеткесін,  
Дөкір екен деді сөздері.



Сөйледі ернін жымқырып,  
Көрмесін деп кетікті.  
Шындығыңды тым сырып,  
Өкшесінен басып етікті.

Ұнатпағасын еңбекті,  
Үйір болғасын бос сөзге.  
Болмағасын тым текті,  
Бәспелікпен түсіп тек көзге.


Бөскесін біраз күн өтті,  
Ерлігі көпке тарады.  
Атқарғандай міндетті,  
Кей аңқау ер деп қарады.

Одан сайын тым есіп,  
Сейіт бөсіп мақтанды.  
Бәспелік көкей тым тесіп,  
Мақтағасын шаттанды.

Інілері жүрді таң қалып,  
Көп бандитті жеңгесін.  
Ерлігі оның ой салып,  
Өтірігіне тым сенгесін.

Көрсө болды төбесін,  
Кей қорқақ жүрді тым бұғып.





Шындай қылып бөскесін,  
Өтірікті шын деп тым ұғып.

Кей інісі жалбаңдап,  
Соңынан еш қалмады.  
Сейіт жүрді талтаңдап,  
Әбестігін көңілге алмады.

Азаматтық еш ойды,  
Інілерге салмады.  
Балағасын тым бойды,  
Жағыда еш талмады.

Не десе де Сейітке,  
Жүргесін басты тым шұлғып.  
Сенгеннен соң өтірікке,  
Нағыз батыр ер ұлғып.

Шындықты айтты ағасы,  
Інісіне жаны ашып.  
Інісінің түссе де бағасы,  
Суайттықтан тым қашып.

Інісінің көңілін,  
Жүрседағы қия алмай.  
Гүлдепек боп өмірін,  
Өтірік айтқасын ұялмай.

Жөн-жосықты білгесін,  
Тектілікті көрсетіп,  
Отанға қосқасын үлесін,  
Елі жүргесін үлгі етіп.

Мәрттігіне тым салып,  
Биікке жүрсін деп қол жетіп.





Маңдайды терге тек малып,  
Жүрмесін дегесін қыр кетіп.

Жүргенін де Сейіттің,  
Өтірігіне көңілі тым тасып.  
Деді ағасы кейіттің,  
Ашуына тым басып.

Болмағасын адамға,  
Өтірігінің еш құны.  
Адамдық барып қадамға,  
Ұят деп ұғып тым мұны.

Қымбат болғасын тым іні,  
Өтірігіне еш төзбеді.  
Жарқырап шықсын деп тек күні,  
Малтаны бос езбеді.

Адамдықты көрсет тек деді,  
Азаматтық шықсын деп тек үні.  
Інісінен еш безбеді,  
Түзелерін біліп бұл міні.

Інілері тез-ақ естіді,  
Ағасынан шындықты.  
Шықты солай өтірігі,  
Боп жүргенде тым мықты.

Бөсемін деп солайша,  
Көңілдерді тым жықты.  
Ренжімесін қалайша,  
Әбестігін тым ұқты.

Өрге қарай домалап,  
Жүргенінде тым тасы.



Жүргенде ер деп бағалап,  
Бағаланғанда тым басы.

Өтіргімен жүргенде,  
Өзінше боп топ жарып.  
Батыр деп құлақ түргенде,  
Азаматтыққа тым барып.

Шоқты басты аңдамай,  
Жаманын білмей өтіріктің.  
Түзу жолды таңдамай,  
Мәрттігін көрсетпей жігіттің.

Бөсемін деп сақтамай,  
Бойындағы тым арды.  
Зор сенімді ақтамай,  
Сейіттің беті қызарды.

Батыр емесін білгесін,  
Қорқақтың да тілі ұзарды.  
Сейітке бәрі күлгесін,  
Алдады деп ұлдарды.

Сақтамады деп тым арды.  
Көңілге тым алғасын.  
Жөнге саламыз деп қуларды,  
Сейіттен көңіл қалғасын.

Сейітті алды ортаға,  
Беделі тым түскесін.  
Өтірігімен түсті тым баға,  
Батыр боп тек іскесін.

Өтірікшілігін өзінің,  
Құрбылары білгесін.



Мәні болмай сөзінің,  
Малтаны бекер езгесін.

Кей достың сырын тым ұқты,  
Сүрінгесін шалғасын.  
Қалады тым шындықты,  
Өштерін де алғасын.

Шықпай қалды тым үні,  
Құрбылары сөккесін.  
Бетке басқасын тым мінді,  
Сейіт жинады тез есін.

Достарын Сейіт тыңдады,  
Айтпауға өтірік сөз беріп.  
Өзін-өзі шыңдады,  
Үлгіліге тек еріп.

Өтірікті болды айтпайтын,  
Түзу жолға түскесін.  
Болды әр кез тек жолы,  
Адамдықты білгесін.

Сабағын жақсы оқыды,  
Еңбекті де тым сүйіп.  
Миына тек тоқыды,  
Азаматтық ойды тек түйіп.

Шұғылданып спортпен,  
Өзін-өзі шыңдады.  
Қашпағасын еңбектен,  
Шұғылданып тынбады.

Ініге үлгі тек беріп,  
Қас-қабакқа қарады.

Үлгіліге тек еріп,  
Сейіт ерлеп жарады.

Алдамады достарын,  
Ұрды деп бандит ломмен.  
Қосып жүрді бастарын,  
Кеуде қағып демей мен.

Адамдықты үйренді,  
Түзу жолға түскесін.  
Азаматтық күйге енді,  
Адамдықты білгесін.

Отанын әр кез ойлады,  
Ойлағасын бірлікті.  
Терең ойға бойлады,  
Азаматтық істеп тірлікті.

Солайша Сейіт түзелді,  
Өтірікті қойғасын.  
Сүйсіндірді тым елді,  
Жат қылықты жойғасын.

Болды текті әдепті,  
Үлкендерге сіз деді.  
Шығарып әр кез есепті,  
Шығару жолын іздеді.

Болашағым жарқын деп,  
Күдерді еш үзбеді.  
Азаматтық ойға кеп,  
Кемшілікті түзеді.

Болды азамат ұқыпты,  
Болғаннан соң табанды.

Көңілдерден тек шықты,  
Сыйлағасын адамды.

Сейіт болды бақытты,  
Айтқасын тек шындықты.  
Өмір сүрді шаттықты,  
Болды азамат тым мықты.

### Адал бала Мейрамбек

Адал бала Мейрамбек,  
Ойламайтын өзін тек.  
Кешірімді болғасын,  
Сақтамайтын ішке кек.


Аулақ боп жат әдеттен,  
Жоқ еді ездiк еш еткен.  
Ақылын тыңдап үлкеннің,  
Алмағасын еш беттен.

Емес еді кер кеткен,  
Қашпағасын міндеттен.  
Болғаннан соң тек елі,  
Зор үмітті тек күткен.

Достары еді тым сенген,  
Адамдық болғасын ойға енген.  
Үлгілі бала болғасын,  
Болмағасын мен деген.

Сенімге еді тым кірген,  
Болмағасын шіренген.  
Үлгілі болып құрбыға,  
Болғасын өмір тек сүрген.





Ой түйгесін өмірден,  
Шыға біліп көңілден.  
Жүргеннен соң әр кезде,  
Адамдық қып демей мен.

Әжейді көрді кәртейген,  
Келе жатқан көшемен.  
Еңкейгесін жотасы,  
Сияқты ептеп кейіген.

Дорбаны ауыр көтерген.  
Болмаса да жөн көрген,  
Төзімді тым болғасын,  
Емес әжей сыр берген.

Кәрілік жасқа келгенмен,  
Кәрілікке емес берілген.  
Зор сумканы көтеріп,  
Болмағасын ерінген.

Жастығы тез өткенмен,  
Кәрілікті емес елеген.  
Әжей өзі өжеттей,  
Еңбек етіп терлеген.

Болғасын талай ерлеген.  
Надандықты да жерлеген.  
Еңкейсе де жотасы,  
Сүріну ойға келмеген.

Шыңға құлаш сермеген,  
Намысты қолдан бермеген.  
Болғасын ойы тым терең,  
Ұрпақтың қамын тек жеген.

Қызмет етіп Отанға,  
Қол созғасын арманға.



Егделікке жеткендей,  
Міндет етпей еш жанға.

Бір қолында таяғы,  
Тая жаздап аяғы.  
Кәрілік жеңіп жүре алмай,  
Жас кезгідей баяғы.

Жастық дәурен өткендей,  
Қолын бұлғап кеткендей.  
Кәрілік шіркін білдірмей,  
Әжейге де жеткендей.

Жетседағы тек ерлеп,  
Ұрпағының қамын жеп.  
Қиындыққа мойымай,  
Жүргедей маңдай тек терлеп.

Кете жаздаса да сүрініп,  
Өжеттігі тым білініп.  
Жақсы көрмесе де көзі де,  
Қайсарлығын білдіріп.

Асылдықпен сақ жүріп,  
Алғасын білек тым түріп.  
Қартайса де ешкімді,  
Жүрмегесін күлдіріп.

Мейрамбек жайды түсініп,  
Бөспедей жүрмей ісініп.  
Тұрып қалды толғанып,  
Қартайғанын көріп күрсініп.

Әжейдің жайын тым біліп,  
Бағалап еңбегін көзге іліп.

Жүрмегесін кей ездей,  
Қарттарға да тым күліп.

Мейрамбек қуып жетті де,  
Әжейге тәжім етті де.  
Үлкен сыйлап жүргесін,  
Бұра біліп бетті де.

Алдында тұрды еңкейіп,  
Азаматтық ой тым келіп.  
Көмектеспек болды әжейге,  
Қалғаннан соң есейіп.

Оң сөзге құлақ түргесін,  
Адамдықты сақтап жүргесін.  
Етпек болды тым көмек,  
Адам боп өмір сүргесін.

Білдірді ақ ниетін,  
Азаматтық біліп міндетін.  
Адамдықпен әр кезде,  
Болғасын ойды түйетін.

Қарттарға басты иетін,  
Ер еді Отан сүйетін.  
Суығы мен ыстыққа,  
Болғасын әр кез күйетін.

Адамдықпен озғасын,  
Көмек қолын созғасын.  
Адамға жасап жақсылық,  
Ойламағасын тек өз басын.

Адамдығы білініп,  
Кете ме деп сүрініп.



Сумкасын алып көтерді,  
Адамдықпен жөн біліп.

Көтеріп ерлеп келеді,  
Мейрамбек неткен ер еді.  
Қарттарға тек осылай,  
Қол ұшын әр кез береді.

Маңдайдан тері тамшылап,  
Өзін өзі қамшылап.  
Тым ауыр сумканы,  
Көтеріп келеді тым шыдап.

Өзін-өзі тым сынап,  
Барды салып тек шындап.  
Риза боп әжей қарайды,  
Адамдығы тым ұнап.

Жүргеннен соң биікті ап,  
Ерлік еткесін барды сап.  
Жүрмегесін далаңдап,  
Көмегіне демей қап.

Тоқтады әжей осы үй деп,  
Қалғаннан соң тез-ақ кеп.  
Мейрамбек тым ерледі,  
Қарт әжейдің қамын жеп.

Әкеп салды түсініп,  
Адамдық ойды түйсініп.  
Алғысты айтты әжесі,  
Азаматтығына сүйсініп.

Зор алғысты тым үйіп,  
Азаматтық жүр деп ой түйіп.



Мейрамбекке айтты алғысын,  
Отанды жүр деп тек сүйіп.

Шыңға тұрды тым қарап,  
Мейрамбек ер тек жарап.  
Жақсылық етіп адамға,  
Жүргесін атағы тым тарап.

Әр жайдың біліп ретін,  
Азамат еді жүретін.  
Адамдық ой санаға,  
Ер болғасын кіретін.


Батасын берді қол жайып,  
Азамат бол деп ұлғайып.  
Қол ұшын беріп жүргесін,  
Жүрмегесін сөзден еш тайып.

Көздегі мұңы азайып,  
Болды көзден тез ғайып.  
Жан дүниең әр кезде,  
Жүрсін деді тек байып.

Басыңа қонсын деді бақ,  
Адамға бол деп әр кез жақ.  
Қызмет етіп Отанға,  
Жүрегің болсын деп әр кез ақ.

Шыңға деді қанат қақ,  
Қаққаныңда болып сақ.  
Жүргін деді әр кезде,  
Қызықтырмай тәж бен тақ.

Сыйла деді адамды,  
Аңдап басып қадамды.



Айыра біл деді өмірде,  
Жақсы менен наданды.

Көтер деді санаңды,  
Түсіне біліп заманды.  
Қара деді көңілге,  
Үлгі етпей наданды.

Тілеймін деді амандық,  
Көрме деді жамандық.  
Адамдықты көрсетіп,  
Баса бер деді қадам нық.

Мейрамбек ерлеп бата алды,  
Маңдайды терге тек малды.  
Көмектесіп қарттарға,  
Құрбыға да ой салды.

Биіктерді тек алды,  
Шыңға биік көз салды.  
Теңдігін сақтады әр кезде,  
Құрбылары таң қалды.

Сүрінгенге күлмеді,  
Надандықты білмеді.  
Бос сөздерді өмірде,  
Құлағына ілмеді.

Қалтаға қол сап жүрмеді,  
Жалқау боп өмір сүрмеді.  
Ер болғасын әр кезде,  
Ездік ой ішке кірмеді.

Мейрамбек өсті сорайып,  
Жан дүниесі тым байып.

Адамдық жасап жүргесін,  
Ездікті көріп тым айып.

Жүрмеді ешкім мұңайып.  
Жүрмегесін сөзден еш тайып,  
Халқының көңілі тым толды,  
Өскесін бұтақ тым жайып.

Азамат болды топ жарған,  
Ерлік іске тек барған.  
Бабалардың ерлігі,  
Болғасын бойға дарыған.

Жомарттықтан емес арыған,  
Болмағасын еш тарылған.  
Отан сүйген ер болды,  
Ағынан әр кез жарылған.

### Тастады Бекет шылымды

Қаламай Бекет еңбекті,  
Темекіні тым шекті.  
Шылымын шегіп ұмытты,  
Азаматтық міндетті.

Шылымды мақтан тым етті,  
Адамдықтан тым кетті.  
Білек түріп талпынбай,  
Адамдыққа бұрмай еш бетті.

Құрбы алдында түсті беделі,  
Жұмыс істесе ауырды тек белі.  
Темекі шегіп уланды,  
Есті деп жүргенде тым елі.



Құрбылары кекетті,  
Ыза қылып тек кетті.  
Кекеткесін құрбысы,  
Сақтап жүрді тек кекті.

Болмағасын тым текті,  
Көрсетпеді ізетті.  
Серік етіп жүргесін,  
Шылым деген індетті.

Көтермей өзі ер жүгін,  
Ермін деді мен бүгін.  
Шылым шеккеніне мақтанды,  
Көрсеткендей жүрек тым түгін.

Ұнатпады еңбекті,  
Болмағасын бала тым текті.  
Жинамады ерініп,  
Жатқан өзі төсекті.

Ұят қой мұным демеді,  
Інінің қамын жемеді.  
Жемегесін еш қамды,  
Азаматтық ойға келмеді.

Құрбыға да сенбеді,  
Адамдық ой енбеді.  
Кеуде қағып құрбыға,  
Кеуде қағып мен деді.

Құрбылары ерлесе,  
Еңбек етіп терлесе.  
Сыртынан оның күндеді,  
Кеткендей боп тым есе.

Біреу оны ер десе,  
Шаттанды оны жерлесе.

Азаматтық, адамдық,  
Не дерсің ойға келмесе.

Жөн сөздерге ермеді,  
Күндеп маза бермеді.  
Жөн сөз айтса құрбысы,  
Аулақ деп қолын сермеді.

Бос сөзді айтып тым шатты,  
Құрбыларын мұңайтты.  
Білмегесін өмірде,  
Надандықпен көп жайтты.

Жөтелсе де тым қатты,  
Кеудеге күркілі тым батты.  
Шылым шегіп қор қылды,  
Адам деген тым атты.

Көрсетпеді жақсы тым затты,  
Сүйсіндіріп дос жатты.  
Бағаламай өмірді,  
Қысқа өмірді, қымбатты.

Ауырғанын түсінді,  
Бойдағы біліп тым мінді.  
Шылымын шеккен лақтырды,  
Шығарып ерлеп тек үнді.

Күркілінен айықты,  
Болмағасын айыпты.  
Ұнатпады шылымды,  
Сөз сөйледі байыпты.

Тастап шылым – сұмдықты,  
Адамдықты тек ұқты.



Тастағасын шылымды,  
Азамат болды тым мықты.



Көрсетпеді ынжықты,  
Ұнатқасын шындықты.  
Оң сөзге құлақ тек түрді,  
Көңілдерден тек шықты.



Сеніммен таңға қарады,  
Бойдағы күдік тарады.  
Берген сөзде тұра алып,  
Ер болып Бекет жарады.

Биіктетіп ой сананы,  
Тыңдап ата ананы.  
Сабағын да жақсы оқып,  
Көрсетті тек дананы.

### **Батыр бала Аманбай**

Батыр бала, Аманбай,  
Бабасындай Қабанбай.  
Уәдесінде тұрады,  
Айтқан сөзден еш танбай.

Жүреді және мақтанбай,  
Мақтағанға еш мастанбай.  
Шындықты көзге айтады,  
Тура қарап жасқанбай.

Емес өзі сасқандай,  
Ерлігімен асқандай,  
Батыр бала болғанмен,  
Кеудені емес басқандай.



Таңы да ерте атқандай,  
Отан деп үнді қатқандай.  
Жақсы оқып сабағын,  
Емес іссіз жатқандай.

Ауыр жүк емес батқандай,  
Тілін де емес сатқандай.  
Құрбыларын тым сыйлап,  
Ерлігімен жаққандай.

Өзі әнші, жезтаңдай,  
Ақылды бала кең маңдай.  
Оң сөзге құлақ түреді,  
Сабыр сақтап паңданбай.

Кеудесін емес қаққандай.  
Батыр өзі сақ қандай?!  
Ойланып сөйлеп әр сөзді,  
Емес бәле баққандай.

Ерлігімен ойды салғандай,  
Шындаса шыңды алғандай.  
Оқығасын жақсы сабағын,  
Емес көңіл қалғандай.

Күрескенін жығады,  
Тайсалып қалай бұғады?  
Үлгерімі тым жақсы,  
Сабақты жақсы ұғады.

Сөзінен тек шығады,  
Несіне бекер ығады?  
Осындай ұл өсірген,  
Ата-ананың бар шын бағы.

Сабағын жақсы оқиды,  
Миына тез-ақ тоқиды.



Мақтау қағаз алады,  
Алып жүреді тек сыйды.

Аманбай, міне, осындай,  
Сөз сөйлейді тосылмай.  
Үлкендерді тыңдайды,  
Бос сөздерге қосылмай.

Озаттардан еш қалмай,  
Талпынады тек талмай.  
Басылмайды арыны,  
Ерлікпенен шыңды алмай.

Отанға қоспақ боп үлесті,  
Азаматтық көкей тым тесті.  
Кеуде қаққан бөспенің,  
Жолдарын да тек кесті.

Алғасын да тек бесті,  
Отанның қамын бір жесті.  
Биіктеуін қалауда көк тудың,  
Бала болғасын тым есті.

Дегесін Отан гүлденсін,  
Қымбатын Отан білгесін.  
Бестікпен оқып сабағын,  
Қосуда өз үлесін.



## Бар ұлтты Ерік сыйлаған

Бар ұлтты Ерік силайды,  
Азаматтығын көрсетіп.  
Біліп әр кез хал-жайды,  
Достықты жүргесін үлгі етіп.

Адамдыққа әр кезде,  
Жүргеннен соң ой жетіп.  
Сыйлы болғасын тым елге,  
Жүрмегесін қыр кетіп.

Арқасында достықтың,  
Емеспіз деп қиналған.  
Ісін істемей ынжықтың,  
Болғасын достыққа иланған.

Достығымен өзінің,  
Болғасын тек ой салған.  
Растығымен сөзінің,  
Болмағасын көңіл еш қалған.

Текті болғасын тым өзі,  
Сөйлемегесін сөз жалған.  
Шыңға түсіп тек көзі,  
Ұстаздан болғасын үлгі алған.

Адамдықты жүргесін,  
Бірлікті жүргесін тек сақтап.  
Арманға жүргесін қол жетіп,  
Зор сенімді жүргесін тек ақтап.

Бабаларымыз өткен деп,  
Ұлы істерге тек бастап.  
Ұрпағының қамын жеп,  
Шыңға көзін тек тастап.



Ұлан байтақ далаға,  
Болғаннан соң тек сиған.  
Ұқсамай іші алаға,  
Ұрпағым деп жан қиған.

Ойлағасын бірлікті,  
Бекер жанды қимаған.  
Көрсеткесін ерлеп тірлікті,  
Адамдығын деп тыймаған.

Барлық ұлтты құрметтеп,  
Сөйлемеген деп сөз жалған.  
Азаматтық әр кез ойға кеп,  
Шыңдарды деп тек алған.

Құрбысын да тыңдайды,  
Болғасын ер шын Ерік.  
Өзін әркез шыңдайды,  
Сөзіне болғасын тым берік.

Еңбек етіп үйінде,  
Бір сәтке де тынбайды.  
Құштар болғасын білімге,  
Табандылығымен ұнайды.

Өресі биік болғасын,  
Еңбек етсе шыңдайды.  
Азаматтық ойды шолғасын,  
Түсіне біліп көп жайды.

Құрбысынан озса да,  
Кеудесін еш қақпайды.  
Шыңға қолын созса да,  
Адамдығын сақтайды.

Тектілігін сақтап өзінің,  
Бәле-жала бақпайды.  
Мәні болғасын сөзінің,  
Бос сөз өзіне жақпайды.

Оқушы деп тым озат,  
Ұстазы кінә тақпайды.  
Сөйлемегесін сөзді жат,  
Құрбылары да жақтайды.

Бар ұлтты сыйлап жүрекпен,  
Зор сенімді де ақтайды.  
Болмағасын кер кеткен,  
Ұстаздары да тым мақтайды.





**МАҚАЛ-  
МӘТЕЛДЕР**



## Жарың жақсы болса

Жарың жақсы болса, бақыттысың,  
Басқа қонған емес пе бақыт құсың?  
Сыйламасаң қанат қағып, ұшып кетер,  
Көрінбесін сондықтан суық сұсың.

Жарың жақсы болса, көгересің,  
Бұтақ жайып бәйтеректей тек өнесің.  
Арман-қиял биіктейді одан сайын,  
Жарқынына болашақтың тым сенесің.

Жарың жақсы болса, бақытқа қол жетті де,  
Айналдырып жүрген қырсық бәле кетті де.  
Ұл мен қызды өсіріп, еңбек етіп,  
Ұрпағыңмен халқыңның тек қамын же.

Жарың жасы болса, атағың асады,  
Ерім деп қолдағасын кім алжасады?  
Пенделік бойындағы қызбалықты.  
Ақылменен, сабырменен тек басады.

Жарың жақсы болса сөзіңе иланады,  
Басың ауырса бірге қиналады.  
Ата-анамның барып халін білем десең,  
Бармақ болып өзіңмен бірге жиналады.

Жарың жақсы болса, тастап кетпейді,  
Тастап кетіп, өзіңді мазақ етпейді.  
Бірлік болса басыңнан бақ ұшпайды,  
Жақсы жарға өмірде ештеме жетпейді.

Жарың жақсы болса, ешкіммен ұрыспайды,  
Бет-ауызы бір уыс боп тырыспайды.  
Үлгі-өнеге жүргесін тек көрсетіп,  
Тексіздікті көрсетіп қырсықпайды.



Жарың жақсы болса ойлайды ұрпағын,  
Өсіріп ашпақ боп тым бағын.  
Адамдығын өмірде тек көрсетіп,  
Ұрпағына арнайды бар шағын.

Жарың жақсы болса, болмайды ұрыс,  
Басқа қонған қашпайды бақ пен ырыс.  
Анасы деп ұл-қызымның әр кез сыйла,  
Түсінуге жарыңды сен де тырыс.

Жарың жақсы болса, ашады бағыңды,  
Тектілікпен сындырмайды еш сағыңды.  
Құрбы алдында беделінді биіктетіп,  
Даналықпен төмендетпес еш тағыңды.

Жарың жақсы болса, биікке қол жеткені,  
Адал жар боп болмағасын кері кеткені.  
Даналығын әр кезде көрсеткесін,  
Әр ісінен білінер дана екені.

Жарың жақсы болса, үйді кезбейді,  
Үйді кезіп, ұяттан еш безбейді.  
Өзі арлы, білімді болғаннан соң,  
Бос сөз сөйлеп, малтаны еш езбейді.

Жарың жақсы болса, қас-қабакқа қарайды,  
Өмір бойы өзіңмен сыйласуға жарайды.  
Бірге өзіңмен шаңырақты биіктеткесін,  
Жақсы атағы көпке тез-ақ тарайды.

Жарың жақсы болса, бұтағыңды жайдырады,  
Даналық қып, жақсы-жаманды айырады.  
Азаматтық, адамдықты көрсеткесін,  
Тексіздік қып бақты қайтіп тайдырады?

Жарың жақсы болса, сырыңды шашпайды,  
Дана, текті болғасын құпияны ашпайды.

Шаңырақтың жүгін бірге көтерісіп,  
Төркініне сәл кейісе қашпайды.

Жарың жақсы болса ерлегенің,  
Жамандық атаулыны жерлегенің.  
Отан деп еңбек еткенің желге ұшпайды,  
Адал болғасын ақталады тек еңбегің.

Жарың жақсы болса, бақытты етер,  
Болмағасын қаратып жерге кетер.  
Бақытты қып бірге өзіңмен өмір сүріп,  
Жүз жасқа да қол ұстасып бірге жетер.

Жарың жақсы болса, түзейді тұрмысты,  
Ерім деп сыйлап білмейді ұрысты.  
Азамат деп әр кезде сыйлай білер,  
Басқа қонған ұшырмағасын бақ-ырысты.

Жарың жақсы болса, ойлайды тек бірлікті,  
Көрсете біліп өмірде тек тірлікті.  
Өсек-аяң айтпайды, үйді кезіп,  
Адал жар боп көрсетіп ізгілікті.

Жарың жақсы болса, атағыңды асырады,  
Ұсақ түйек кемшілігің болса, жасырады.  
Құдай қосқан өмірдегі қосағым деп,  
«Арыстаным» деп сөзінде тек тұрады.

Жарың жақсы болса, бағыңды ашады,  
Күндей күліп, жанарынан нұр шашады.  
Ерім деген қолдауынан қанаттанып,  
Жанарыңды мекендеген мұң қашады.

Жарың жақсы болса, ашуыңды тез басады,  
Даналықпен өзіңнен ақылы асады.



Шаңырақты тек биіктетсем деп жүргесін,  
Ашуға жеңдіріп қайтіп алжасады?

Жарың жақсы болса, қырың кетпейді,  
Беттен алып бейшаралық еш етпейді.  
Азаматтық ісің алға басқасын,  
Бақытқа қолың қалай жетпейді.

Жарың жақсы болса, беделің түспейді,  
Болдым деп, толдым деп ісіп-піспейді.  
Үйді өте асылдықпен таза ұстайды,  
Тағамды да өте дәмді істейді.

Жарың жақсы болса, байытады,  
Көзіңе шындық сөзді тек айтады.  
Түнеріп жауар бұлттай жүріп алмай,  
Ренжісе райынан тез қайтады.

Жарың жақсы болса, ағынан жарылады,  
Адал жарың болғасын қалайша тарылады?  
Жоқтан барды жасайды құрастырып,  
Жоқ демейді жоқтан құрап, бар қылады.

Жарың жақсы болса, рахмет айтады,  
Жақсылығың жасаған күнде қайтады.  
Ақылымен адамдықпен ықпал етіп,  
Нұрландырып жүрегіңді байытады.

Жарың жақсы болса, еш сатпайды,  
Жан-жарың боп көзімен еш атпайды.  
Нәзік жанды, әйелдігін сақтай алып,  
Әдеп сақтап ащы судан еш татпайды.

Жарың жақсы болса, кешіреді,  
Сүрінсең де мұқатпай көзге іледі.



Қысылғанда өзіңе ақыл айтып,  
Ерім деп адамдықты тек біледі.

Жарың жақсы болса, сүйенішің,  
Жақсылығын жүреді біліп ішің.  
Қолдауынан әр кезде қанаттанып,  
Еңбек етсең жүреді артып күшің.

Жарың жақсы болса ұяттан безбейді,  
Ұяттан безіп малтаны езбейді.  
Адамдық тектілігін көрсеткесін,  
Асылдығын жүрек қалай сезбейді?


Жарың жақсы болса қызартпайды,  
Өсек-аян, бос сөзді ұнатпайды.  
Тектілікті, адамдықты сақтағасын,  
Қолыңды қалай ғана ұзартпайды?

Жарың жақсы болса, көңілің тасып,  
Көп алдында жүреді мерейің асып.  
Жарың болып жүргесін жайыңды ойлап,  
Қалай ғана жүреді көңіл жасып.

Жарың жақсы болса, мұңайтпайды,  
Таң атқасын керіліп еш жатпайды.  
Шәйін қойып, дастарқанға ас қойғасын,  
Қалай ғана өзіңе ас батпайды?

Жарың жақсы болса, кері кетпейді,  
Тектілікпен ерін мазақ етпейді.  
«Ерім, ерім» деп сыйлағасын,  
Зор табысқа қолың қалай жетпейді?

Жарың жақсы болса, кезде де қиын,  
Жол табады пайдаланып әркез миын.



Төзе біліп, ұл мен қызын өсіреді,  
Ұрпағынан алады сосын сыйын.

Жарың жақсы болса сөзіңе ұйып жүреді,  
Даналық қып сөзіңе құлағын түреді.  
Отанының ұрпағының жайын ойлап,  
Адал жар боп адамдық қып өмір сүреді.

Жарың жақсы болса, адамдықты жаратады,  
Жаратқасын жерге қалай қаратады.  
Қызбалық қып, кейбір кезде қабақ түйсең,  
Күндей күліп ашуыңды таратады.

Жарың жақсы болса, өсекті жақтырмайды,  
Жалақорға жалған кінә тақтырмайды.  
Бағаңды біліп, ерім деп сыйлағасын,  
Адамдық қып қанаттыға қақтырмайды.

Жарың жақсы болса, кем-кетікті түзейді,  
Жарқынынан болашақтың күдерді үзбейді.  
Жарына адал боп барды сап жүргесін,  
Адал жар боп ұрпақтың қамын жейді.

Жарың жақсы болса қатардан озасын,  
Талпынып, қанаттанып айға қолды созасын.  
Ерім деп қолдап әр кезде жүргесін,  
Ездік қып қалайша азып тозасың?

Жарың жақсы болса, үлгі боп жүреді,  
Жарының сөзіне құлағын түреді.  
Өзі текті болғасын, өзі ақылды,  
Адамдық қып бақытты өмір сүреді.

Жарың жақсы болса, адамдық ойды түйеді,  
Шанырақты биіктетіп, өмірді сүйеді.



Ауланы гүлдентіп, шаңырақты биіктетіп,  
Шаңырақтың ыстығы мен суығына күйеді.

Жарың жақсы болса, сөзіңді екі етпейді,  
Дәріптеуге адамдығын тіл жетпейді.  
Өсекпенен аяңға сөзге еріп,  
Тұра қашып төркініне еш кетпейді.

Жарың жақсы болса, сөзін баптар,  
Бойындағы ар-намысын әр кез сақтар.  
Түймедей табысыңды түйедей қылып,  
Беделіңді өсіріп әр кез мақтар.

Жарың жақсы болса, мен демейді,  
Арамзалық ой – ойына еш енбейді,  
Тектілікті көрсеткесін тек өмірде,  
Ұрпағының қамын қайтып жемейді.

Жарың жақсы болса еркелігіңді көтереді,  
Еркелігіңді көтеріп, үлгі-өнеге береді.  
Ұрпағымен қосып ерін де тәрбиелейді,  
Тәрбиелегесін бос сөзге қайтып ереді.

Жарың жақсы болса, арды сақтар,  
Бос сөзге ермей, ерім деп жақтар.  
Азаматтық өмірдегі маңдай терді,  
Адал жар боп адамдықпен әр кез ақтар.

### Жақсы адам

Жақсы адамның жаны жаз болады,  
Халқым деп азаматтық ой шолады.  
Даналықпен өзін сабырлы ұстайды,  
Кемеңгерлік ақылына көңіл толады.



Жақсы адам ақылымен шыңды алады,  
Ақыл айтып, ұрпағына ой салады.  
Білек түріп, Отанын гүлдетсем деп,  
Барды салып, маңдайды терге малады.

Жақсы адамның болады жүзі жарқын,  
Даналықпен білгесін сөздің нарқын.  
Отаным деп жалындап шыңды алғасын,  
Ұлы істері жүреді алып қарқын.

Жақсы адам ақылымен топ жарады,  
Отаны үшін батылдыққа тек барады.  
Азамат деп, адам деп елі сыйлап,  
Бата алып, қолы да тек ұзарады.

Жақсы адам жамандыққа бармайды,  
Дойырлықпен басты еш жармайды.  
Азаматтық, адамдықты қалағасын,  
Қайтып жағадан тал қармайды.

Жақсы адам берекені алмайды,  
Тектілікпен ешкімді шалмайды.  
Болғасын өмірде тым арлы,  
Адамдықтан алдына жан салмайды.

Жақсы адам көтере біледі мадақты,  
Болсадағы танымал, атақты.  
Даналық қып өмірде әділ болады,  
Тектілікпен қара демейді еш ақты.

Жақсы адам ойлайды ұрпақты,  
Ұрпағым болсын деп жан-жақты.  
Отанды ойласын деп оқытып,  
Даналықпен ашады тек бақты.

Жақсы адам аздырып-тоздырмайды,  
Теріс сөйлеп, жыныңды қоздырмайды.

Рухыңды көтеріп тек жүргесін,  
Қатарыңнан қалайша оздырмайды?

Жақсы адамның сәлемінен білесің,  
Білгесін сөзін құлаққа ілесің.  
Оң сөз айтып тұрғасын даналықпен,  
Надандық қып сөзіне қайтып күлесің?

Жақсы адам толғанып жүреді,  
Адал әділ боп тектілікпен өмір сүреді.  
Сөзіңді құлақ салып, таза тыңдайды,  
Үлкен тұрмақ балаға да құлақ түреді.

Жақсы адам Отан деп тұрады,  
Адамдыққа мойынын бұрады.  
Табанды, ақылды болғасын,  
Сауықты да тым сирек құрады.

Жақсы адам ұлы іспенен айналысады,  
Айналысқасын кімдермен байланысады.  
Отанын сүйгесін азамат боп,  
Ерлермен бірге ұлы істерге сайланысады.

Жақсы адам көзін шыңға салады,  
Талпынып ер болғасын шыңды алады.  
Әркез де ерлеп талпынып жүргесін,  
Асылдықпен қатардан қайтып қалады.

Жақсы адамның жүрегі нұрлы болады,  
Нұрлы болғасын, іші толған сырлы болады.  
Жан дүнісі болғасын өте тым бай,  
Отаны мен халқын ойлап ойды шолады.

Жақсы адам жала жаппайды,  
Жала жауып бойыңнан мінді таппайды.



Нағыз адам болғасын тегі жақсы,  
Ауыздан да бәле жала бақпайды.

Жақсы адам досын сатпайды,  
Ауызға келгенді айтып шатпайды.  
Тектілікпен болғасын жақсы адам,  
Халқым деп бос үнді еш қатпайды.

Жақсы адам үлкенге сіз дейді,  
Бауырмал боп ағайынын іздейді.  
Білегін түріп еңбек етіп,  
Маңдай терлетіп тұрмысын түзейді.

Жақсы адамның болады іші де кең,  
Адамдарды жүргесін көріп тек тең.  
Азаматтық адамдықты көрсеткесін,  
Істері де болады тым өміршең.

Жақсы адам ойды түйіп тек өмірден,  
Адамдыққа қояды әр кезде ден.  
Гүлдентсем деп Отанды тек жүргесін,  
Ерлігімен шығады тым көңілден.

Жақсы адам Отанды сүйеді,  
Қымбаттығын жүрекке түйеді.  
Гүлдентсем барды салғасын,  
Халқы да алғыстарын үйеді.

Жақсы адам тектілікпен ез болмайды,  
Даналық қып бос сөзге көңілі толмайды.  
Отанымды гүлдентсем деп жүргесін,  
Терең ойлап, ойды қалай шолмайды?

Жақсы адам ерсең адастырмайды,  
Сөйлесең сөзіңнен шатыстырмайды.

Ездердей араға отты тастап,  
Ағайынды бір-бірімен атыстырмайды.

Жақсы адам жалаңдамайды,  
Бос сөзге еріп далаңдамайды.  
Алыста жүрсе де шаруасымен,  
Жан ұясы сенгесін алаңдамайды.

Жақсы адам кетпейді сөзінен танып,  
Халқым деп жүргесін намысты жанып.  
Елі де әр кез риза боп жүреді,  
Азаматтық ісімен сөзіне нанып.

Жақсы адам сөзінен танбайды,  
Танбағасын сөзіне кім нанбайды.  
Ортасына әр кез сыйлы болғасын,  
Асылдықпен бағы қалай жанбайды?

Жақсы адам күншілдік қып шалмайды,  
Бөсіп сөйлеп мазаны алмайды.  
Азаматтық, адамдықты ойлағасын,  
Қансыздық қып зар күйге салмайды.

Жақсы адам оғаш мінез көрсетпейді,  
Сондықтан кімдер оны үлгі етпейді?  
Азамат деп тым өзін мақтағанмен,  
Мастанып шектен шығып еш кетпейді.

Жақсы адам «халқым» дейді,  
Толғанып халқының қамын жейді.  
Ұрпақтың да ойлағасын болашағын,  
Білек түріп, еңбек етіп ерінбейді.

Жақсы адам сүйеді еңбекті,  
Өмірде болғасын тым текті.



Өзі кешірімді болады,  
Ішіне сақтамайды еш кекті.

Жақсы адам болады тым ізетті,  
Орындап жүргесін тек міндетті.  
Адамдықпен арын да сақтай біледі,  
Биігіме демейді қолым жетті.

Жақсы адамның жанары нұр шашады,  
Даналықпен халқына сыр ашады.  
Адамдықпен көңілдерді көтергесін,  
Жанарды мекендеген мұң қашады.

Жақсы адам қысылғанда табылады,  
Тексіздердей қалайша жабылады?  
Жазатайым байқаусызда сүрінсең де,  
Азаматтық адамдығын тек қылады.

Жақсы адам бергенін дауламайды,  
Дауламағасын, көңілді қалай ауламайды?  
Өмірде асыл текті жан болғасын,  
Қалайша жүректерді жауламайды?!

Жақсы адам бос, бекер аптықпайды,  
Қызбалық қып надандардай шаптықпайды.  
Даналық пен пенделікке бой алдырмай,  
Азаматтық, адамдықты ұмытпайды.

Жақсы адам күншілдікті жақтырмайды,  
Бос сөйлеп елдің басын қатырмайды.  
Адамдықты әр кезде көрсете алсаң.  
Даналық қып қанаттыға қақтырмайды.

Жақсы адам адамдығымен танылады,  
Азаматтықпен намысы да жанылады.



Ұлы істерді атқарып жүргеннен соң,  
Алынбайтын шыңдар да алынады.

Жақсы адам туған жерін сағынады,  
Әуелі «сағындым» деп шағынады.  
Дана болғасын сезімтал болады,  
Әміріне жүректің бағынады.

Жақсы адам адамдарға бақ тілейді,  
Текті болғасын күндеуді еш білмейді.  
Іштарлық қып күншіл күндесе де,  
Күншілдің сөзін құлаққа ілмейді.

Жақсы адамның көп болады арманы,  
Жетімдерге ашып тұрады тек жаны.  
Адамдарға тек жақсылық істейді,  
Бауырым деп бұрғасын тек қаны.

Жақсы адам оң сөйлесең жөн дейді,  
Өмірдегі қараулыққа көнбейді.  
Азаматтық адамдықты сақтағасын,  
Өмірде ісі қалай өнбейді?

Жақсы адам ұмытпайды жақсылықты,  
Жақсылыққа көрсетпей жат қылықты.  
Тектілік, адалығын көрсетеді,  
Ұнатпай жүргеннен соң еш былықты.

Жақсы адам ұмытпайды аманды,  
Айыра алып жақсы менен жаманды.  
Даналықпен болашақты болжайды,  
Тереңірек түсіне алып заманды.

Жақсы адам сыйлайды адамды,  
Адамдықпен тек басып қадамды.



Даналықпен озса да мастанбайды,  
Тектілікпен білем деп шамамды.

Жақсы адам ешкімді мазақ етпейді,  
Адамдықты сақтап артық кетпейді.  
Адамдарға тек жақсылық жасағасын,  
Бақытқа қолы қалайша жетпейді.

Жақсы адам жақсылықты ұмытпайды,  
Қолдан келсе тудырсам деп әр кез айды.  
Жырақта жүрсеңде сыйласады,  
Сәлем айтып біліп жүреді жайды.

Жақсы адам ұнатады өлең-жырды,  
Халқына айтып жүргесін жүректегі сырды.  
Бойында өнері көп болады,  
Азаматтық көрсеткесін әр кез қырды.

Жақсы адам жүреді сөзбен демеп,  
Жылы сөзбен жүректі жанды емдеп.  
Жан біткенге жақсылық ойлағасын,  
Азаматтық, адамдық тек ойға кеп.

Жақсы адам қысылғанда береді көмек,  
Сондықтанда жақсының орны бөлек.  
Адамдық қасиетті сақтағасын,  
Адамзатқа жақсылық ойлайды тек.

Жақсы адам бақ тілейді адамзатқа,  
Лайық болғаннан соң адам атқа.  
Халқым деп толғанып жүргеннен соң,  
Бөгде тілеу тілемейді дос пен жатқа.

Жақсы адамның сақталады адам қалпы,  
Сондықтанда құрметтейді әр кез халқы.

Адамдықпен Отанын сүйгеннен соң,  
Ұлы ісі ұнағасын көпке жалпы.

Жақсы адам болады кешірімді,  
Бойындағы білсе де кейбір мінді.  
Отанға гүлдетсем деп еңбек етіп,  
Босқа өткізбей жүргесін әрбір күнді.

Жақсы адам адамдықты сақтайды,  
Әр кездеде зор сенімді ақтайды.  
Жазатайым байқаусызда сүрінсең де,  
Адамдығын білдіріп жақтайды.

Жақсы адам сүйенбейді жағына,  
Халқының туғаннан соң бағына.  
Отанына тек адал қызмет етеді,  
Еш мастанбай астындағы тағына.

Жақсы адам талпынуды қоймайды,  
Адамдығын бойындағы жоймайды.  
Отанын гүлдетсем деп жүргесін,  
Білек түріп еңбекке еш тоймайды.

Жақсы адам болады өте текті,  
Адамдықпен сақтамай ішке кекті.  
Халқына әр кез адал болады,  
Ойлағасын ұрпақты, келешекті.

Жақсы адамның болады талабы зор,  
Сондықтанда болмайды ешқашан қор.  
Бойдағы адамшылық мол болғасын,  
Тектілікпен қазбайды ешкімге ор.

Жақсы адам жетімдерге көмектеседі,  
Азаматтық, адамдық ой көкейін теседі.



Асылдық пен теңдігін сақтағасын,  
Елі де біліп жақсы адам деседі.

Жақсы адам адамдықты қалайды,  
Ерлесең нағыз ерге балайды.  
Атбегідей сыншы болады,  
Таразылап білгесін талайды.

Жақсы адам дүниеге көз салмайды,  
Дегдар болады, берсең де алмайды.  
Тектілігін көрсетіп жүреді,  
Асылдықпен ешкімді шалмайды.

Жақсы адам қараулықпен озбайды,  
Сондықтан көйлегі де тозбайды.  
Сабырлы, ақылды кең болады,  
Жынына тисең де, жыны қозбайды.

Жақсы адам ұнатпайды бос әңгімені,  
Азаматтық адамдыққа ауғасын дені.  
Отаным деп тау қопарса да,  
Кеуде қағып көрдің бе демейді мені.

Жақсы адам өзгеге ор қазбайды,  
Жала жауып, домалақ арыз жазбайды.  
Азаматтық, адамдықты сақтағасын,  
Адал болып адамдықтан азбайды.

Жақсы адамның киімі де тозбайды,  
Тозбағасын қатардан қайтіп озбайды?  
Білек түріп, тау қопарып жүргесін,  
Айға қолды қалайша созбайды?

Жақсы адамның ісіне көңілің толады,  
Азаматтықпенен көк жүзін көзбен шолады.



Мың толғанып жүргесін халқын ойлап,  
Азаматтығына халқы да риза болады.

Жақсы адамның жылы болады жүзі,  
Кеуде қаққан болмағасын бізі.  
Ұлы істерді атқарғасын Отаным деп,  
Ұрпаққа үлгі болады салған ізі.

Жақсы адам озсаң да, күндемейді,  
Күншілдер күндесе де, үндемейді.  
Жазатайым сүрінсең, аяқ тайып,  
Жаны кіріп, күншілдей мінемейді.

Жақсы адам еңбегіңді бағалайды,  
Сенгеннен соң інілері ағалайды.  
Адам санап жүргесін тым құрметтеп,  
Ағамыз деп құрметтеп жағалайды.

Жақсы адам алмайды берекені,  
Тектілікпен бүлдірмейді мерекені.  
Адамдықты көрсеткесін тек еліне,  
Әр ісінен білінеді текті екені.

Жақсы адам сәлемдесіп, бол дейді аман,  
Жүрегімен тыныш болсын дейді заман.  
Адамзатқа амандықты тілегесін,  
Өмірде адам болады қайтып жаман.

Жақсы адам текті болсаң ардақтайды,  
Көзіңнің тірісінде-ақ тек мақтайды.  
Азамат деп, адам деп сырыңды айтсаң,  
Мәрттікпенен, тектілікпен сыр сақтайды.

Жақсы адам жамандыққа қимайды,  
Азаматтық адамдығын тимайды.



Өзі асыл болғасын өзі текті,  
Ортасына жүрген қайтіп сыймайды?

Жақсы адам ұйықтап жатпайды,  
Ерте тұрғасын таңы қалай атпайды?  
Шылым шегіп, арақ ішпейді,  
Арам астан аузына татпайды.

Жақсы адам іштарлық етпейді,  
Азаматтығы бойдан еш кетпейді.  
Адамдықты сақтап әр кез жүргесін,  
Зор табысқа қолы қалай жетпейді?

Жақсы адам күндемейді дарындарды,  
Дарындар да жүргесін салып барды.  
Даналықпен түсінгесін қолдау жасап,  
Қолдамайды күншілменен іші тарды.

Жақсы адамның нұрлы болады жүрегі,  
Жетім менен жесірдің болады тірегі.  
Шын жүрекпен әр кезде қорған болады,  
Бұл өмірде жақсы болғасын тым тегі.

Жақсы адам ойлайды ертеңін,  
Ұлы істердің білгесін өміршеңін.  
Азаматтық адамдықты тек істейді,  
Тектілікпен сездіріп іштің кеңін.

Жақсы адам жамандыққа қимайды,  
Адамдарға жақсылығын тимайды.  
Азаматтық адамдығын көрсеткесін,  
Қалайша ортасына сыймайды?

Жақсы адам ерлесең, атағыңды асырады,  
Азаматтық сөзінде де тек тұрады.



Адамдығы бойында мол болғасын,  
Талантың ды күншілдей қайтып жасырады?

Жақсы адамды тыңдаған болады зор,  
Тыңдағасын алжасып болмайды қор.  
Тал түсте адасып, теріс жолға түспейді,  
Ата-ананың басына болмайды сор.

Жақсы адам өзгенікін малданбайды,  
Қуларға аңғалдық қып алданбайды.  
Жүрегі де тым нұрлы болғаннан соң,  
Тексіздік қылып ешкімді алдамайды.

Жақсы адам бос сөзге ермейді,  
Өзгенің сыртынан бәле-жала термейді.  
Азаматтық адамдық қып жүргесін,  
Тоғышарлық надандыққа жол бермейді.

Жақсы адам жақсы тілеу тілейді,  
Тектілікпен жаман тілеу білмейді.  
Күншілдер құлаққа сыбырласада,  
Бос сөзін асылдықпен құлаққа ілмейді.

Жақсы адам орынсыз сыр ашпайды,  
Адам деп сеніп айтса сыр шашпайды.  
Азаматтық, адамдықпен Отанын сүйеді,  
Білек түріп, еңбектен еш қашпайды.

Жақсы адам даналықпен еш саспайды,  
Кеуде қағып менмін деп еш аспайды.  
Адамдығын тектілігін сақтағасын,  
Сөзге еріп жамандыққа еш баспайды.

Жақсы адамның кең болады іші,  
Тау қопаратын көп болады күші.



Азаматтықты жасап тек жүргесін,  
Адам деп сыйлайды үлкен-кіші.

Жақсы адам адамдықпен қарайды,  
Кіммен болсын сыйласуға жарайды.  
Қызып кетіп кейбір кезде ашуланса,  
Ашуы да тез арада-ақ тарайды.

Жақсы адам болады жан-жақты,  
Надандық қып байламайды еш бақты.  
Іштарлық, қараулықты көрсетпейді,  
Қара демей ақ дейді, көрсе ақты.

Жақсы адам кемшілікті түзейді,  
Сүрінсеңде күдерді үзбейді.  
Өзі дана болғасын терең ойлы,  
Толғанып ұрпақтың да қамын жейді.

Жақсы адам өзін дұрыс ұстайды,  
Азаматтық адамдықты ұмытпайды.  
Асылдықпен әр кезде ерлегесін,  
Азаматтық сөзін де еш жұтпайды.

Жақсы адам бос сөзді шатпайды,  
Қарын сипап ерігіп жатпайды.  
Азаматтық көрсетіп жүргеннен соң,  
Қалайша ерте таңы атпайды?

Жақсы адам бағалайды таңын да,  
Достары да көп болады маңында.  
Тектілік пен алғысты көп алғасын,  
Адамдығымен қалдырады шаңын да.

Жақсы адам бұлдамайды тағын,  
Ешкімнің байламайды бағын.





Даналық қылып іші кең болады,  
Сындырмайды ешкімнің сағын.

Жақсы адам адамды бөлмейді,  
Даналықпен адамдықты жөн дейді.  
Адамдықты көрсетіп жүргесін,  
Азаматтық ісі қалай өнбейді.

Жақсы адам кетпейді сөзден тайып,  
Надандықты өмірде көріп айып.  
Үлкендерден әр кезде бата алғасын,  
Өніп-өсіп жүргесін бұтақ жайып.

Жақсы адам бол дейді аман,  
Ешкімге болмағасын ойы жаман.  
Адамдарға бақыт, шаттық тілейді,  
Тыныш болсын деп заман.

Жақсы адам Отанын сатпайды,  
Азаматтық үнді бекер қатпайды.  
Өзі жақсы болғасын тым ақылды,  
Бос сөздерді өмірде ұнатпайды.

Жақсы адам зор сенімді ақтайды,  
Адамдықпен текті болсаң жақтайды.  
Даналығын, мәрттігін көрсеткесін,  
Азаматтық, адамдығын сақтайды.

Жақсы адам әбігерге салмайды,  
Мылжындап мазаңды алмайды.  
Тектілікпен адамдарды сыйлайды,  
Адамдығынан көңіл қалмайды.

Жақсы адам сыйлайды кәрі-жасты,  
Даналықпен төмендетпей ешбір басты.



Әуелі білсе де кей дұшпанын,  
Атпайды даналықпен ешбір тасты.

Жақсы адам көтереді тоқтықты,  
Кедей болса сездірмейді жоқтықты.  
Бойына адамдықты сақтағасын,  
Тектілікпен сақтайды достықты.

Жақсы адам көп алғыс алады,  
Отанға қызмет етіп барды салады.  
Отаным деп өмірде ерлегесін,  
Соңында сөзімен ұлы ісі қалады.

Жақсы адам, болдым деп мәз болмайды,  
Пенделік қып мастанып еш толмайды.  
Күніне мың толғанып жүргеннен соң,  
Даналық қып қалайша ой салмайды?

Жақсы адам адамдығыңа қарайды,  
Сыйласаң сыйласуға жарайды.  
Өзі сенімді, текті болғасын,  
Атағы да көпке тез-ақ тарайды.

Жақсы адам қайтып озбайды,  
Жақсылық қып көйлегі де тозбайды.  
Бәйгеде озып жүргесін әр кезде де,  
Айға қолды қайтып созбайды.

Жақсы адам адамдықты қалайды,  
Ерлік қылсаң нағыз ерге балайды.  
Азаматтық асылдық тектілікпен,  
Таңдандырып жүргесін талайды.

Жақсы адам қатардан қалмайды,  
Шыңға қанат қағып қанаты талмайды.

Адамдығын көрсетіп тек жүргесін,  
Жас ұрпаққа қалай ойды салмайды.

Жақсы адамның болады жылы жүзі,  
Кеуде қаққан болмайды жанға бізі.  
Ұлы істерді атқарып жүргеннен соң,  
Азаматтық өмірде қалады ізі!

### **Жақсы келін**

Жақсы келін түссе, расымен озғаның,  
Жоталанып айға құлаш созғаның.  
Білек түріп жасаған соң тірлікті,  
Жаңарады ескі-құсқы, тозғаның.

Жақсы келін түссе, үйір боп тез-ақ кетеді,  
Зор табысқа балаңның қолы жетеді.  
Шаңырақты биіктетсем деп аянбайды,  
Гүлдетсем деп еңбекті тек етеді.

Жақсы келін түссе, кердеңдемейді,  
Бетіне қарап ерінің едіреңдемейді.  
Келіндік қасиетін тым сақтайды,  
Жеңілтектікті көрсетіп ербеңдемейді.

Жақсы келін түссе, селтеңдемейді,  
Селтеңдеп қос танауы делеңдемейді.  
Өмір де сабырлы салмақты болғасын,  
Той, жиын десе елеңдемейді.

Жақсы келін түссе, менмін демейді,  
Төркініне барса кешігіп келмейді.  
Түскен үйіне тәрбиелілігін көрсеткесін,  
Шаңырақтың қамын қайтып жемейді?



Жақсы келін түссе, шығады жақсы аты,  
Өмірде жақсы болғасын тым заты.  
Түскен жері тым өзін құрметтегесін,  
Риза болады өзіне дос-жаты.

Жақсы келін түссе, бірлікті ойлайды,  
Бірлікті ойлап, терең ойға бойлайды.  
Шаңырақты бұдан да биіктетсем деп,  
Даналықпен, тектілікпен аз тойлайды.

Жақсы келін түссе, тектілігін жоймайды,  
Білегін түріп, еңбекке тоймайды.  
Арманы асқақ болғасын өте биік,  
Ұл мен қызын жеткізбей қоймайды.

Жақсы келін түссе, шыңға құлаш сермейді,  
Ақылды болып бос сөздерге ермейді.  
Өмірге бөпелерін көптеп әкеп,  
Тал бесігін бөпем деп, тек тербейді.

Жақсы келін түссе, шаңырағыңа бақ кіреді,  
Ата-енесін сыйлап, адамдық қып тек жүреді.  
Ерте тұрады төсегінде жатып алмай,  
Ата-ененің сөзіне әр кезде құлақ түреді.

Жақсы келін түссе, жерге қаратпайды,  
Жалған сөз бен өсек сөзді жаратпайды.  
Даналық қылып халқын ойлайды,  
Өсек сөзбен бос сөздерді таратпайды.

Жақсы келін түссе, түске дейін жатпайды,  
Ата-енесін көзімен еш атпайды.  
Ата-енесіне сөз қайтарып,  
Ауызға келгенді айтып шатпайды.

Жақсы келін түссе, аулаң да гүлденеді,  
Гүлденіп бір ғажайып түрге енеді.

Ортаға үлгі боп әр кез жүреді,  
Ұлағатты сөздерге қойып денді.

Жақсы келін түссе, адамдықты сақтайды,  
Адамдық қып ата-енесін жақтайды.  
Тектілікпен бойына арды сақтағасын,  
Асылдықпен зор сенімді ақтайды.

Жақсы келін түссе, ескің де жаңарады,  
Гүлдеңтсем деп салып жүргесін әр кез барды.  
Келіндік қасиетін сақтай алғасын,  
Адалдықпен сақтағасын және арды.

Жақсы келін түссе, болады қызыңдай,  
Маса сияқты құлаққа қоймас ызыңдай.  
Ата-енем деп құрметтеп тек жүргесін,  
Теуіп кетпес асың менен тұзыңдай.

Жақсы келін түссе, алжаспайды,  
Ерлік етіп, қиындықтан еш саспайды.  
Әдепті сақтап ізетті болады,  
Тектілікпен шоқты еш баспайды.

Жақсы келін түссе, жүреді бағалап,  
Беделінді көтеріп, тым сыйлап, даралап.  
Келіндігін көрсетіп тек жүреді,  
Ата-енесін жүрмейді қаралап.

Жақсы келін түссе, енесімен ұрыспайды,  
Бесігін түзеп, үй ішін дұрыстайды.  
Ата-енесін сыйлап ізетті болады,  
Бос орынсыз тыржыңдап, тырыспайды.

Жақсы келін түссе, төзімді келеді,  
Даналықпен артып, жүреді беделі.



Төзімімен талпынып шыңды алады,  
Өмірде тек іс атқарады келелі.

Жақсы келін түссе, жүреді тек қолдап,  
Ата-енесіне сәлемін тек жолдап.  
Басына шәйі орамал байлап алып,  
Ұлы істерді жүргесін тек қолға алып.

Жақсы келін түссе, келіндік ісін атқарады,  
Одан сайын биіктеп, шаңырағың жақсарады.  
Адамдықпен зор сенімге ие болады,  
Тізгінді қолға алып, бір күні өзі-ақ басқарады.

Жақсы келін түссе, ауланы да гүлдендіреді,  
Гүлдендіріп дастарқанды да түрлендіреді.  
Өзге де келіндерге үлгі болып,  
Азаматтық адамдықты ойға ендіреді.

Жақсы келін түссе, ерінің таңын атырады,  
Дана болғасын басты қайтіп қатырады?  
Бәріне үлгеріп қызметінен де қалмай,  
Ерте тұрып, шәйін қойып, дәмнен де татырады.

### Нағыз ер

Нағыз ер – тектілікпен кер кетпейді,  
Уәде берсе, сөзін де екі етпейді.  
Өмірде өзі арманшыл, ойы биік болады,  
Шыңдарға биік ерлік етіп тек беттейді.

Нағыз ер – шыңға қанат қағам деп жүреді,  
Азаматтық, адамдық қылып өмір сүреді.  
Асылдықпен күніне мың толғанып,  
Отанды гүлдентем деп тек жүреді.



Нағыз ер – мәрттікпен бос сөз айтпайды,  
Айтса болды бір бетінен қайтпайды.  
Азамат ер болғасын халқым деген,  
Бос сөз айтып елін еш мұңайтпайды.

Нағыз – ерлік етуден жалықпайды,  
Ой қиялы көк жүзін де қалықтайды.  
Қалқым деп ой түйіп жүргесін,  
Өмірдегі жат істерді айыптайды.

Нағыз ер – жалған сөзді ұнатпайды,  
Бос, бекер халқым деп үн қатпайды.  
Тілін, дінін сыйлайды, салт-дәстүрін,  
Тоғышарлық ездiкпенен еш сатпайды.

Нағыз ер – өмірде салмақты болады,  
Алмақ боп шың басын көзбенен шолады.  
Арманы асқақ болған соң, тек өмірде,  
Ерлік ісіне көңілің де тек толады.

Нағыз ер – еңбек етсе, ерінбейді,  
Білек түріп еңбектен жерінбейді.  
Отанын барды салып гүлдеңтсем деп,  
Жүрегімен әр кезде халқым дейді.

Нағыз ер – әр жайды байыптайды,  
Ақ-қарасын тексеріп, анықтайды.  
Әділетсіз істерді өмірдегі,  
Азамат боп әр кезде айыптайды.

Нағыз ер – малтаны еш езбейді,  
Іссіз қаңғып, далада бос кезбейді,  
Азаматтық адамдықтан өмірдегі,  
Арды сақтап тектілікпен еш безбейді.

Нағыз ер – жүрегімен халқым дейді,  
Халқының әр қашан да қамын жейді.



Білек түріп, еңбек етіп тек жүреді,  
Көтере алып ер жүгін ерінбейді.

Нағыз ер – болады жан-жақты,  
Талаптанып сынайды тек бақты.  
Өмірде болады өте әділ,  
Қара демейді ешқашан көрсе ақты.

Нағыз ер – еңбек етіп, ерінбейді.  
Білек түріп еңбектен жерінбейді.  
Есінеп, бойын бұлдап, еркелік қып,  
Тектілікпен ешқашан керілмейді.

Нағыз ер – ойлайды егеменді елдігін,  
Елдігім деп көрсете алып ерлігін.  
Отаным деп белі де еш қайыспайды,  
Барды салып көтере алып ер жүгін.

Нағыз ер – елдігім деп алжаспайды,  
Елдігін ойлағасын шоқ баспайды.  
Ер болғасын теңдігін сақтап жүреді,  
Кездесе де қиындықтар еш саспайды.

Нағыз ер – досын қызартпайды,  
Ер болғасын бос сөзді ұнатпайды.  
Өмірде ер болғасын өзі текті,  
Ешкімге тасадан тас атпайды.

Нағыз ер – ешкімге де бақырмайды,  
Жауын көрмесе, айбаттанып ақырмайды.  
Әр кезде де үлкен сыйлап, ізетті болады,  
Бақырып басқа бәле шақырмайды.

Нағыз ер – Отаным деп жүреді,  
Отаным деп, халқым деп өмір сүреді.



Бірлігі мен берекесін ойлап қазағының,  
Оң сөздерге әр кезде құлағын түреді.

Нағыз ер – халқым деген ер болады,  
Азаматтығына көзің жетіп, көңіл толады.  
Шыңдағы биік қырандардай дүр сілкініп,  
Қыран көзімен көк жүзін шолады.

Нағыз ер – толғанып халқын ойлайды,  
Халқын ойлап даналық қып сирек тойлайды.  
Бұрынғы өткен жауын қуған бабалардай,  
Терең ойға тебіреніп тек бойлайды.

Нағыз ер – ақылды, мақтанбайды,  
Болымсызға мәз болып шаттанбайды.  
Азамат боп теңдігін сақтағасын,  
Шыңды алса да болдым деп мастанбайды.

Нағыз ер – текті де арлы келер,  
Үлкен тұрмақ кіші айтсада сөзін елер.  
Ерлік істеп халқым деп қаймықпайды,  
Кездескенмен өмірде қауіп нелер.

Нағыз ер – сеніп айтса сыр сақтайды,  
Азамат боп зор сенімді тек ақтайды.  
Тым ғажайып жүрегінде де нұрлы болады,  
Арсыздық қып бәле жала еш бақпайды.

Нағыз ер – шын сөзге әр кез сенеді,  
Ер екенін көрсетіп зор сенімге енеді.  
Өмірде аңғарлы ақылды болады,  
Қиындықтарды ер болғасын тек жеңеді.

Нағыз ер – әр кезде де еңбекті сүйеді,  
Азамат боп халқым деп ой түйеді.



Өмірдің суығы мен ыстығына,  
Қалығымен әр кезде бір күйеді.

Нағыз ер – бос ыржындамайды,  
Жөн сөздерге тыржындамайды.  
Қазақтай ұлы халқын қолдап жүреді,  
Көп сөзді айтып мылжындамайды.

Нағыз ер – бос мін тақпайды,  
Текті болсаң әр кезде тек мақтайды.  
Азамат ер болған соң шын өмірде,  
Отан деген ерлерді тек жақтайды.

Нағыз ер – ешкімге жала жаппайды,  
Өтірік жала жүрегіне жақпайды.  
Бетіңе тек шындықты айтады,  
Жалақордай өтірікке судай ақпайды.

Нағыз ер – беделіңді түсірмейді,  
Қараулардың алдында кішіреймейді.  
Жала жауып, көп көзінше ісінбейді,  
Жағынып бөспелерді ісірмейді.

### Текті адам

Текті адам еңбегімен биікті алады,  
Отанды гүлдетсем деп барды салады.  
Тектілікпен теңдікті сақтағасын,  
Азамат адам болып тек қалады.

Текті адам бос сөзге ермейді,  
Намысты қолдан бермейді.  
Қалта толып тым байыса да,  
Кеудесін ешкімге кермейді.



Текті адам адамдығын сақтайды,  
Тектілікпен зор сенімді ақтайды.  
Жалындап албырттықпен сүрінсең де,  
Адамдығын сақтап жақтайды.

Текті адам Отанын сатпайды,  
Ешкімді көзімен атпайды.  
Тектілікпен ойланып сөйлейді,  
Ауызға келгенді айтып шатпайды.

Текті адам түске дейін жатпайды,  
Бос орынсыз үнді қатпайды.  
Тектілігін көрсеткесін тым ерлігін,  
Күндеуге күншілдер де батпайды.

Текті адам адамдықтан азбайды,  
Жала жауып өзгеге ор қазбайды.  
Адамдықты өмірде қалағасын,  
Отаным деп еңбек етіп тынбайды.

Текті адам айтса сөзінен танбайды,  
Асылдықпен бос сөзге нанбайды.  
Отанды гүлдетсем деп жүргесін,  
Жалындап бағы қайтып жанбайды.

Текті адам жетімге болады қамқор,  
Азаматтық ықпалы да болады зор.  
Сөзін тыңдап өмірде үлгі алғандар,  
Бармақ тістеп ешқашан болмайды қор.

Текті адам Отанын жақсы көреді,  
Кеудесімен қорғап жанын да береді.  
Адамдықты сақтап Отанын сүйгесін,  
Нағыз ерлер соңынан әр кез ереді.

Текті адам есіп, бөсіп сөйлемейді,  
Өзінен үлкендерге «әй» демейді.



Мың толғанып жүргесін Отанды ойлап,  
Ерлік іс қолынан қайтіп келмейді?

Текті адам еңбек етіп ерлейді,  
Еңбек еткесін, маңдайы тым терлейді.  
Өзінде азаматтық ойы мол болғасын,  
Сынап-мінеп надандықты да жерлейді.

Текті адам озғандарды күндемейді,  
Күншілдер күндесе де үндемейді.  
Асылдардың бағасын білгеннен соң,  
Озды деп іштарлық қып мінемейді.

Текті адам бағаңды біліп жүреді,  
Оң сөзге мән беріп, құлағын түреді.  
Кемеңгерлік, даналықты көрсеткесін,  
Азамат адам боп, тек өмір сүреді.

Текті адам ешкімді есеппен сүймейді,  
Жалған сөйлеп сүйіп-күймейді.  
Жүрегі нұрлы болғасын өмірде,  
Азаматтық ойды қайтіп түймейді?

Текті адам берекені алмайды,  
Берекені алып зар күйге салмайды.  
Даналық қылып, бірлікті ойлағасын,  
Азаматтық адамдығы қалмайды.

Текті адам адамдығын жоймайды,  
Білек түріп еңбекке тоймайды.  
Өмірде өзі табанды болғасын,  
Бастаған ісін бітірмей қоймайды.

Текті адам тілін, дінін құрметтейді,  
Азаматтықты көрсетіп кер кетпейді.

Адамдықты, бірлікті сақтағасын,  
Зор табысқа қалайша қолы жетпейді?

Текті адам болса да, тым атақты,  
Көтере біледі мастанбай мадақты.  
Отаным деп теңдігін сақтағасын,  
Қызмет етіп өткізеді бар шақты.

Текті адам қара демейді көрсе ақты,  
Басқа қонған күндемегесін еш бақты.  
Өзін әр кезде қарапайым ұстайды,  
Тектілікпен мақтан қылмай еш тақты.

Текті адам сақтайды арын,  
Құдай қосқан сыйлай біліп жан-жарын.  
Толғанып халқын ойлағасын,  
Гүлдетсем деп жүреді салып барын.

Текті адам біледі бағаңды,  
Қол салып жыртпайды жағаңды.  
Даналық қып жүргесін, жол көрсетіп,  
Жоқтатпайды бірге туған ағаңды.

Текті адам жақсылықты ұмытпайды,  
Адамдықпен ойламай еш ұпайды.  
Отанымды гүлдетсем деп уәде берсе,  
Тектілікпен сөзін де еш жұтпайды.

### Жақсы болсаң

Жақсы болсаң, ойлайсың тым Отанды,  
Отан үшін аямай ешбір жанды.  
Адал, текті болғасын барды салып,  
Адалынан жегесін әр кез нанды.



Жақсы болсаң, сыйлайсың әр кез заңды,  
Мылтық алып еш атпай құс пен аңды.  
Адамдықпен ақ жүзің жарқын болып,  
Қарсы алғасын әр кезде атқан таңды.

Жақсы болсаң, орындалар аманың,  
Көзді тартып, тым гүлденіп бар маңың.  
Ер халқың да азамат деп тек сыйлар,  
Халқыңды ойлап атқаннан соң тек таңың.

Жақсы болсаң сөз қылады кей күншіл,  
Күншілдікпен болғаннан соң тым міншіл.  
Күндегенмен, іштарлықпен көре алмай,  
Азаматтық адамдықты әр кез біл.

Жақсы болсаң түсер саған көп көзі,  
Адам екен азамат деп тым өзі.  
Азаматқа рух берер әр кезде,  
Тектілердің бағасымен оң сөзі.

Жақсы болсаң халқың да тым мақтар,  
Көре алмай күншіл ғана қылжақтар.  
Азаматтар Отаным деп толғанған,  
Азаматтық, адамдығын тек сақтар.

Жақсы болсаң, асылдардың бірісің,  
Азаматтық, адамдықпен ірісің.  
Отанымды гүлдеңтсем деп жүргесін,  
Аян болар ер халқыңа ұлы ісің.

Жақсы болсаң, бұзылмайды еш түсің,  
Момындарға батпас және тым тісің.  
Атқара алып көп істерді жүргесін,  
Азаматтық бағаланар ұлы ісің.

Жақсы болсаң, адамдықты жоймайсың,  
Білек түріп шаруаға да тоймайсың.



Гүлдентпек боп Отанды тек жүргесін,  
Азаматтық, адамдықты қоймайсың.

Жақсы болсаң, ойлайсың тым ұрпақты,  
Ашпақ болып жүргесін де тек бақты.  
Тектілікпен барды салып оқытып,  
Бұл өмірде болсын деп тек жан-жақты.

Жақсы болсаң, сыйлайды елің адам деп,  
Жүргесін тым ұрпағыңның қамын жеп.  
Ерлігіңді жүреді әр кез бағалап,  
Азаматтық жүргесін тек ойға кеп.

Жақсы болсаң, көмегіңді тыймайсың,  
Адамдық қып көңілдерді қимайсың.  
Азаматтық, адамдықты көрсеткесін,  
Орталарға қалай ғана сыймайсың?

Жақсы болсаң, боласың тым ізетті,  
Бұрғаннан соң тым еліңе тек бетті.  
Ер халқың да еңбегіңді бағалар,  
Отаным деп орындасаң міндетті.

Жақсы болсаң, ойды қалай шолмайсың,  
Болымсызға болдым мен деп толмайсың.  
Азаматтық көрсете алсаң еліңе,  
Ардақтысы қалай ғана болмайсың.

Жақсы болсаң, шыңдарды тек аласың,  
Маңдайды да терге де тым маласың.  
Тектілікті көрсеткесін өмірде,  
Ерлігінмен ойды ұрпаққа саласың.

Жақсы болсаң, ойлайсың тек ел жайын,  
Үйір болмай асқа да өзі тым дайын.  
Гүлдентсем деп жүргесін де Отанды,  
Кітап жазып тауысып та көз майын.



## Батыр

Батыр әр кезде шындықты айтады,  
Шындықты айтып, қалайша мұңайтады?  
Өзі батыр болғасын өзі текті,  
Алған бетінен қайтіп қайтады?

Батыр әр кезде ерлікті қалайды,  
Ер болып көргеннен соң талайды.  
Азамат боп ерлігін көрсеткесін,  
Елі де нағыз ерге балайды.

Батырда көп болады арман,  
Өмірде көрсеткесін ерлікті сан.  
Азамат боп әр кезде барды салып,  
Керек болса Отаны үшін береді жан.

Батыр – анадан ер боп туады,  
Ер болғасын ерлікке белді буады.  
Қылышын суырып тым ақырып,  
Шекарадан асырып, жауын қуады.

Батыр – биіктетіп көк туды,  
Айдындағы атпайды аққуды.  
Отанын шын жүрекпен сүйеді,  
Баса біліп жалындаған тек буды.

Батыр – Отанын еш сатпайды,  
Бос бекер үнді қатпайды.  
Отанын гүлдетсем деп,  
Талпынғасын еш жатпайды.

Батыр – азаматтығын сақтайды,  
Сенім артса зор сенімді ақтайды.  
Адамдық әділдігіне риза болғасын,  
Халқы да батырым деп жақтайды.





Батыр – ер болғасын екі айтпайды,  
Айтса болды сөзінен еш қайтпайды.  
Өзі батыр болғасын өзі текті,  
Ездік қылып халқын мұңайтпайды.

Батыр – берген сөзін еш жұтпайды,  
Тектілікті, шындықты тек құптайды.  
Адамдық қылып істесең жақсылықты,  
Азаматтық, адамдықты ұмытпайды.

Батыр – ер болғасын жасқанбайды,  
Қарайғаннан бұғынып сақтанбайды.  
Отаным деп ерлігін көрсетсе де,  
Кеуде қағып, бөспедей мақтанбайды.

Батыр – ерлеп, тура айтады көзіңе,  
Мәрттікпенен мән бергесін сөзіңе.  
Жазатайым кетсең егер сүрініп,  
Сүрінгенде сүйеу болады өзіңе.

Батыр – Отаны үшін жанды да қияды,  
Ер болғасын Отанын сүюді қайтып тыяды.  
Отанының ертеңін ойлағасын,  
Бойына азаматтық ерлікті жияды.

Батыр – бос сөзді жаратпайды,  
Қаһарланса бетіне жан қаратпайды.  
Азаматтық тектілікті сақтағасын,  
Өсек-аян, бос сөзді таратпайды.

Батыр – сөзінде әр кез тұрады,  
Ер болғасын адамдарға бүйрек бұрады.  
Жауын қуып келгесін, қырды асырып,  
Ерлерменен тек бірге сауық құрады.

Батырдың көп болады жауы,  
Қызықтырмай жүргесін есен-сауы.



Шындықты әр кезде көзге айтқасын,  
Ездердің көп болғасын дауы.

Батыр – Отаным деп етеді талап,  
Гүлденуін жүргесін әр кез қалап.  
Халқын ойлап өмір сүреді,  
Халқы да жүргесін ерге балап.

Батыр – шындықты жасырмайды,  
Ез сөзін басынан асырмайды.  
Кей пендедей бас ұрып ездiк қылып,  
Озбырларға ездiк қылып бас ұрмайды.

Батыр – жауларына алдырмайды,  
Алдырып, ұятқа еш қалдырмайды.  
Ер болғасын әр кезде Отан қорғап,  
Жауларына зар күйге салдырмайды.

Батыр – жауына береді жазаны,  
Жауы шауып, бермегесін мазаны.  
Тексіздікпен көрмегесін көз жасты,  
Қансыздықпен ұнатқасын қазаны.

Батыр – жау оғын дарытпайды,  
Бетпен қолды аязға да қарытпайды.  
Батырлықпен ерлік етіп жүргеннен соң,  
Тұлпарын да астындағы арытпайды.

Батыр – бос сөзге ермейді,  
Бәле жала ешқашан термейді.  
Адамдарға әр кезде бүйрек бұрады,  
Қылышын жауына тек сермейді.

Батыр – жауға шабар да сайланады,  
Қаһарланып таусоғарға айналады.

Отанын сүйгесін жүрегімен,  
Қуғасын жауын көңілі жайланады.

Батыр – жауына арыстандай ақырады,  
Қаһарланып ерлерді ерлікке шақырады.  
Жаны шығарда жаудың тым тыпырлап,  
Ешкідей боп тым қатты бақырады.

Батыр – жауына тырнағын батырады,  
Ер болғасын таңын қайтіп атырады?  
Жаулары қансыздықты көрсеткесін,  
Жеңілістің ащы дәмін татырады.

Батыр – Отаным деп ерлейді,  
Қызмет қылып Отанына терлейді.  
Надандықты, өмірдегі тексіздікті,  
Батырлықпен барды салып жерлейді.

Батыр – сөзінен танбайды,  
Ер болғасын бос сөзге нанбайды.  
Отаным деп барды салып жүргесін,  
Гүлдеткесін бағы қалай жанбайды?

Батыр – ерлік іске болады асық,  
Кей ездердей болмағасын жасық.  
Кеудесін тосып Отанын қорғайды,  
Кеудеде қаны қалғанша бір қасық.

Батыр – Отаны үшін туады,  
Ер болғасын баба жолын қуады.  
Мың толғанып, Отанын ойлағасын,  
Көркейтсем деп белді бекем буады.

Батыр – ер болғасын қорықпайды,  
Болымсызға ездік қылып зорықпайды.

Тым ерлеп, сан сұмдықты көрседағы,  
Асылдықпен өмірден торықпайды.

Батыр жауларынан қашпайды,  
Жауларына құшағын еш ашпайды.  
Отанының құпиясын сақтай біліп,  
Ер болғасын сырды да еш шашпайды.

### Өзіне келгенде...

Өзіне келгенде, арақ ішпейді,  
Арақ ішпей дұрыс істейді.  
Өзгеге келгенде, толтырып құйып,  
«Түбіне дейін іш, іш», – дейді.

Өзіне келгенде, іш дегенді сөгеді,  
Білдірмей жерге төгеді.  
Өзгеге келгенде, ішкенін,  
Азамат деп жөн көреді.

Өзіне келгенде ішіп кетпейді,  
Амандыққа деп ештеме жетпейді.  
Өзгеге келгенде ішкенің,  
Дейді ештеме де етпейді.

Өзіне келгенде сүрінсе бақ тайып,  
Көрмейді оны өзі еш айып.  
Өзгеге келгенде сәл сүрінсе,  
Жүреді жұртқа тек жайып.

Өзіне келгенде ішпегендік жағады,  
Ішпегесін кім кінә тағады?  
Өзгеге келгенде ішпедің деп,  
Ішпегенді тілімен шағады.

Өзіне келгенде ішкізуден жан салмайды,  
Әбестігін көңілге еш алмайды.  
Өзгеге келгенде іш десе,  
Іш деді деп зәресі қалмайды.

Өзіне келгенде арақ батпайды,  
Ауырып тұрмын деп еш татпайды.  
Өзгеге келгенде ішпегенді сөгеді,  
Бұл қылығы көңілге деп жақпайды.

Өзіне келгенде ішіп қателік етпейді,  
Сақтығына ешкім де жетпейді.  
Өзгеге келгенде іштіріп, құстырып,  
Дейді оған ештемең кетпейді.


Өзіне келгенде ауызды бағады,  
Ауызды баққаны өзіне тым жағады.  
Өзгеге келгенде аузын бақса,  
«Аузымды бақтың», – деп кінә тағады.

Өзіне келгенде тентекті жайландырады,  
Жайландырып, момынға айналдырады.  
Өзгеге келгенде жайландырмайды,  
Айдақтап төбелеске сайландырады.

Өзіне келгенде өзгенікін малданады,  
Көзі түсіп қызарып, тым жанады.  
Өзгеге келгенде малдандырмайды,  
Азаматтық адамдыққа тек нандырады.

Өзіне келгенде аңқау бола қалады,  
Аңқау боп қулығына салады.  
Өзгеге келгенде аңқау болмайды,  
Ішке кіріп бермесін алады.

Өзіне келгенде ерлікке де бастайды,  
Қырандардай шыңға көзін тастайды.



Өзгеге келгенде баста десе,  
Бір адым да алдыға баспайды.

Өзіне келгенде алмасыңды алады,  
Ішке кіріп қулығына салады.  
Өзгеге келгенде өзінен сұраса,  
Сұраншақ екен деп көңілі қалады.

Өзіне келгенде білекті түреді,  
Азаматтық адамдық ішіне кіреді.  
Өзгеге келгенде білекті түр десе,  
Ақымақты таптың деп аулақ жүреді.

Өзіне келгенде жібермейді ұпайды,  
Түзетпек боп тұрмысты жайды.  
Өзгеге келгенде білмейді ұпайды,  
Саңырау болып сөзді ұқпайды.

Өзіне келгенде төрді жайлайды,  
Төрде жатып мұртын майлайды.  
Өзгеге келгенде жайлатпайды,  
Босағаға отырғызып бағын байлайды.

Өзіне келгенде бәрін де ұғады,  
Бәрін де ұғып көңілден шығады.  
Өзгеге келегенде ештеме ұқпайды,  
Ұқпаймын деп көңілді жығады.

Өзіне келгенде сөзде тұрады,  
Сөзде тұрып бүйрек бұрады.  
Өзгеге келгенде сөзде тұрмай,  
Ұмытып кетіппін деп санын ұрады.

Өзіне келгенде жол бермейді,  
Жол беріп сөзге ермейді.

Өзгеге келгенде жол бермеді деп,  
Тексіз екен деп қолын сермейді.

Өзіне келгенде есе жібермейді,  
Қарсы келгендер таяқ жейді.  
Өзгеге келгенде есе жіберіп,  
Обал ғой ұят, жас қой дейді.

Өзіне келгенде жұтса да тоймайды,  
Бойдағы жат қылығын жоймайды.  
Өзгегеге келгенде жұтып қойды деп,  
Арыз жазып үстінен қоймайды.

Өзіне келгенде кәнденін де мақтайды,  
Балаққа жармасса да жақтайды.  
Өгеге келгенде балағына жармасса,  
Тас ап қуып кәнденге де кегін сақтайды.

Өзіне келгенде ән айтады,  
Ән айтып беттен қайтып қайтады.  
Өзгеге келегенде айтпаймын деп,  
Барған үйін үндемей мұңайтады.

Өзіне келгенде жанмын дейді батыр,  
Жүз жауға жалғыз өзі татыр.  
Өзгеге келгенде батырмын демейді,  
Жанмын дейді жай бір пақыр.

Өзіне келгенде бермесіңді алады,  
Жомарттықты бергендікті еске салады.  
Өзгеге келгенде жомарттықты еске салса,  
Жомартты таптың деп көңілі қалады.

Өзіне келгенде өзіне сөз жолатпайды,  
Сөз жолатуға ешкім де батпайды.



Өзгеге келгенде сөз жолатпа десе,  
Естімеген боп үн қатпайды.

Өзіне келгенде сүрінсе де көп жатпайды,  
Сүріндің деп мазақ қылса ұнатпайды.  
Өзгеге келгенде сәл сүрінсе,  
Мәз болып сүрінді деп ыржақтайды.

Өзіне келгенде шыр ете қалады,  
Әзілді де қатты көңілге алады.  
Өзгеге келгенде шыр етпейді,  
Әзілдің де керектісін еске салады.

Өзіне келгенде күндемейді,  
Теңдігін сақтап үндемейді.  
Өзгеге келгенде күндейді,  
Күндегенім мін демейді.


Өзіне келгенде күлімдейді,  
Тым гүлім деп қамын жейді.  
Өзгеге келгенде күлім десе,  
Ұятсыз екен өзі дейді.

Өзіне келгенде түйені де жұтады,  
Жұтқасын өзін батыр тұтады.  
Өзгеге келгенде жұт десе,  
Жұт дедің деп қабағын шытады.

Өзіне келгенде төс қағыстырады,  
Қатты қысып қабырғасын қабыстырады.  
Өзгеге келгенде төс қағыстырмай,  
Араға от қойып шағыстырады.

Өзіне келгенде көңілі жарасады,  
Көңілі жарасып қас-қабаққа қарасады.





Өзгеге келгенде жараспайды,  
Бас қосылса ұрсысып тарасады.

Өзіне келгенде шатыспайды,  
Шатысып шатаққа қатыспайды.  
Өзгеге келгенде отты тастап,  
Дейді неге атыспайды.

Өзіне келгенде тыныш жүреді,  
Тыныш жүріп өмір сүреді.  
Өзгеге келгенде тек бүлдіріп,  
Төбелеспек боп білегін түреді.

Өзіне келгенде атып тұрады,  
Жақыным деп бұирек бұрады.  
Өзгеге келгенде атып тұрмайды,  
Басы салбырап зорға тұрады.

Өзіне келгенде көңілге қарамайды,  
Көзі жанып ашуы тарамайды.  
Өзгеге келгенде ашуы тарап,  
Қой деуге де жарамайды.

Өзіне келгенде алаламайды,  
Алалап бет ауызды далаламайды.  
Өзгеге келгенде алалайды,  
Алаламағанды қаламайды.

Өзіне келгенде күндемейді,  
Мылқау болып үндемейді.  
Өзгеге келгенде күндейді,  
Күндегенді мін демейді.

Өзіне келгенде кеңдігін білдіреді,  
Білдіріп көздерге ілдіреді.





Өзгеге келгенде кеңдік етпей,  
Іштарлықты көрсетіп күлдіреді.

Өзіне келгенде жақ ашпайды,  
Жасырып сырды еш шашпайды.  
Өзгеге келгенде сыр шашудан,  
Жаны кіріп еш қашпайды.

Өзіне келгенде ұйықтап жатпайды,  
Шаруам қалады деп аста батпайды.  
Өзгеге келгенде тым қорылдап,  
Қорылға басып үн қатпайды.

Өзіне келгенде бәрін де табады,  
Жолдыда тауып атша шабады.  
Өзгеге келгенде жолды тап десе,  
Ізшіл ит пе едім деп бәле жабады.


Өзіне келгенде бәрін де түсінеді,  
Кеуде қағып менмін деп ісінеді.  
Өзгеге келгенде түсінбейді,  
Не деді ол деп кіжінеді.

Өзіне келгенде шыңдағыны көреді,  
Шыңдағыны көріп көңілін бөледі.  
Өзгеге келгенде көрмейді,  
Арамзалықты көрсетіп ойға енеді.

Өзіне келгенде ұрлығын жасырады,  
Жасырып қулығын асырады.  
Өзгеге келгенде жасырмайды,  
Ұстап беріп сөзінде тек тұрады.

Өзіне келгенде біледі бағаны,  
Үлкен деп сыйлайды ағаны.





Өзгеге келгенде білмеймін деп,  
Көзі аларып жыртады жағаны.

Өзіне келгенде бүйректі бұрады,  
Ыңғайы келсе сауықты бір құрады.  
Өзгеге келгенде бұрмайды,  
Жақтырмай қалса тұмсықтан ұрады.

Өзіне келгенде ұрсыспайды,  
Ұрсысуға еш тырыспайды.  
Өзгеге келгенде көзі аларып,  
Болмашыға жыны ұстайды.

Өзіне келгенде батырға айналдырады,  
Рух беріп ерлікке сайландырады.  
Өзгеге келгенде «сайландыр», – десең,  
«Ештеме етпейді», – деп жайландырады.

Өзіне келгенде көлігін майлайды,  
Жүретін жеріне ертеңгі сайлайды.  
Өзгеге келгенде сайла десе,  
Бұзылып тұр деп күн де алдайды.

Өзіне келгенде ештеме татырмайды,  
Татырып басты қатырмайды.  
Өзгеге келгенде татырмаса,  
Татырмады деп таң атырмайды.

Өзіне келгенде қанаттыға қақтырмайды,  
Мінетіп еш кінаны тақтырмайды.  
Өзгеге келгенде мінемеді деп,  
Мінемегенін еш жақтырмайды.

Өзіне келгенде барды салады,  
Барды салып шыңды алады.



Өзгеге келгенде шыңды ал десе,  
Өлтірейін деп пе едің деп көңілі қалады.

Өзіне келгенде аттымен де жарысады,  
Жарысып біраз жерге барысады.  
Өзгеге келгенде жарыс десең,  
Үні шықпай жағы қарысады.

Өзіне келгенде бет қаратпайды,  
Өсек аяң бос сөзді таратпайды.  
Өзгеге келгенде үні шықпай,  
Таратпағанды жаратпайды.

Өзіне келгенде аттан түспейді,  
Түссе шаруасы еш бітпейді.  
Өзгеге келгенде атынан түсіп,  
Шаруаның бәрін өзіне жүктейді.

### Көп оқыған

Көп оқыған көп біледі,  
Жүректерге үңіледі.  
Білімді адам болғасын,  
Оң сөзді құлаққа тек іледі.

Көп оқыған тек жүреді,  
Адам боп өмірді тек сүреді.  
Қызмет етіп Отанға,  
Білегін де тек түреді.

Көп оқыған сүрінбейді,  
Надандық қып бүлдірмейді.  
Барды салып оқығасын,  
Сауатсыз боп күлдірмейді.



Көп оқыған адамдық етеді,  
Азаматтыққа ақылы жетеді.  
Алғысты алып жүргесін,  
Қалайша адамдықтан кетеді.

Көп оқыған етеді кеңдік,  
Сақтай алып әр кезде теңдік.  
Және де өзі кешірімді болады,  
Даналықпен ойлағасын елдік.

Көп оқыған жатпайды керіліп,  
Азаматтық адамдығын тек білдіріп.  
Өзі ақылды табанды болады,  
Әр шаруаны істегесін беріліп.

Көп оқыған ғылымды үйретеді,  
Үйреткесін қалайша қыр кетеді?  
Білімді боп жүргесін көзді ашып,  
Зор табысқа шәкіртінің қолы жетеді.

Көп оқыған артық сөйлемейді,  
Кеуде қағып мен демейді.  
Даналығын көрсеткесін,  
Кім айтқан сөзін елемейді.

Көп оқыған бос сөзге ермейді,  
Қолдан намысты еш бермейді.  
Адамдық теңдігін сақтайды,  
Ешкімге кеуде кермейді.

Көп оқыған тебіреніп ой шолады,  
Ойы биік, өзі тым дана болады.  
Білімді боп шыңдарды тек алғасын,  
Халқы риза боп көңілі толады.

Көп оқыған момынды жемейді,  
Дөкір сөйлеу ойына еш келмейді.



Өмірде жүрегі нұрлы болғасын,  
Жылы сөзбен тек жебеп желейді.

Көп оқыған жүреді сәлемдесіп,  
Кеуде қағып, кей ездей кетпей есіп.  
Әр кезде де адамдығын сақтайды,  
Азаматтық жүргесін көкей тесіп.

Көп оқыған ұнатады адамдықты,  
Ұнатпай жүргесін надандықты.  
Адамдарға тек қана бақ тілейді,  
Ойламай жүргесін еш жамандықты.


Көп оқыған жүрегімен Отан дейді,  
Қалығының толғанып қамын жейді.  
Оқығасын барды сап көзі ашылып,  
Күнге қарап шат болып күлімдейді.

Көп оқыған білімімен шыңды алады,  
Даналықпен адамдарға ой салады.  
Биікті алып талпынып жүргеннен соң,  
Ұлы ісі соңын да тек қалады.

Көп оқыған болдым деп мастанбайды,  
Мың теңгесін басына жастанбайды.  
Азаматтық тектілігін сақтағасын,  
Кеуде қағып ешкімге мақтанбайды.

Көп оқыған білімімен топты жарады,  
Топты жарғасын ерлеп қолы ұзарады.  
Атағы шықса да кеуде қақпайды,  
Азаматтық, адамдыққа тек барады.

Көп оқыған көз алмай білімге қанады,  
Ойы биіктеп, ақылды боп бағы жанады.



Өмірде көп оқығасын шаршап талмай,  
Білімді боп ойы биіктеп қалығы нанады.

Көп оқыған кісілігін жоймайды,  
Азаматтық адамдығын қоймайды.  
Оқығасын тектілігін сақтағасын,  
Көп оқып білімге еш тоймайды.

Көп оқыған болдым деп толмайды,  
Даналықпен қайтып ойды шолмайды.  
Денсаулықты сақтап жүргесін,  
Қызыл гүлдей ерте солмайды.

Көп оқыған білімімен елін басқарады,  
Басқарып қызметін жақсы атқарады.  
Қызметін тым жақсы атқарғасын,  
Қалық жайы одан сайын жақсарады.

Көп оқыған даналық қып ерінбейді,  
Барды сап еңбектен еш жерінбейді.  
Тектілікпен биік ойлы болғаннан соң,  
Бос қиялға асылдықпен берілмейді.

Көп оқыған терең ойлап Отан дейді,  
Ұрпағының әр кезде қамын жейді.  
Білек түріп еңбек етіп жүргеннен соң,  
Көкке қарап бос бекер керілмейді.

### Адал дос

Адал дос жала жауып мін тақпайды,  
Байыса да кеудесін еш қақпайды.  
Адамдық қып достықтан айнымайды,  
Тектілік қып, бос сөздер еш жақпайды.





Адал дос зор сенімді тек ақтайды,  
Айнымай адамдық қылып тек жақтайды.  
Кей күншілдер сыртыңнан күндесе де,  
Сөзге ілеспей адамдығын тек сақтайды.

Адал дос сөзінде де әр кез тұрады,  
Азаматтық адамдық қып бүйрек бұрады.  
Әрбір істі істейді орныменен,  
Орныменен сауықты бірге құрады.

Адал дос сүрінсең де, еш күлмейді,  
Пенделік қып надандықты еш білмейді.  
Кей пенделер ортаға от қойса да,  
Сөздерін құлағына еш ілмейді.

Адал дос сүрінсең де білдірмейді,  
Түймедейді түйедей қылып түңілмейді.  
Кей күншілге ілесіп сөз қылатын,  
Сақтай алып достығын күлдірмейді.

Адал дос бос сөзге құлақ түрмейді,  
Достарын күндеу деген ішке кірмейді.  
Арамзалық, надандықты еш білмейді,  
Мінеп, күндеп достарын еш жүрмейді.

Адал дос достық қолын созып жүреді,  
Достықты көрсетіп өмірді сүреді.  
Азамат деп, досым деп сырды айтса.  
Таза тыңдап құлағын тек түреді.

Адал дос сүрінгенде сүйеу болады,  
Азаматтық ісіне көңіл толады.  
Ой қиялы тек биікте қалықтайды,  
Даналықпен биіктерді тек шолады.

Адал дос ұлы ісінді тек бағалар,  
Азаматтық адамдықпен тек жағалар.



Достықтарын сақтайды әр кезде де,  
Адамдықпен қадамыңды қадағалар.

Адал дос достығымен әр кез жағар,  
Жала жауып ,ол емес, кінә тағар.  
Достыққа адал болғасын ойы биік,  
Ауыздан емес олар бәле бағар.

Адал дос болмағасын тілмен шағар,  
Жалған сөйлеп, емес олар, судай ағар.  
Азамат болғаннан соң достыққа адал,  
Оздым мен деп қалайша кеуде қағар?

Адал дос жағынып жалбақтамайды,  
Есі шығып, орынсыз далбақтамайды.  
Жөн сөз айтып тұрсаң да күншілдердей,  
Көп көзінше өтірік қылжақтамайды.

Адал дос сүрінсең де қашқақтамайды,  
Сүрінді деп басынып асқақтамайды.  
Өзінше сүрінді деп күлмек болған,  
Екі жүзді наданды еш жақтамайды.

Адал дос қуанышын бір тойлайды,  
Адал дос боп терең ойға тек бойлайды.  
Жақсы тілеу тілейді адамдық қып,  
Адалдықты достықты тек ойлайды.

Адал дос достыққа адал болады,  
Қырандай көк жүзін көзбен шолады.  
Азаматтық ісіне достығына,  
Риза боп көңілің тек толады.

## Күншіл

Күншіл – күншілдігін көрсетеді,  
Күншілдігін кімдер үлгі етеді?  
Адамдыққа ойы жетпегесін,  
Биікке қалай қолы жетеді?

Күншіл – көрсетеді надандығын,  
Тек күндеп көрсетпегесін адамдығын.  
Ойы төмен болғасын іші де тар,  
Құрбыныңда сұрамайды амандығын.

Күншіл – ойламайды еш қалығын,  
Азаматтық сақтамағасын еш қалыбын.  
Ұяттан да тым жұрдай болғаннан соң,  
Пейілінің көрсетеді тым тарлығын.

Күншіл – сүрінгеніңді қозғайды,  
Деген оймен қозғасам озбайды.  
Дарынды ерлер топ жарғасын,  
Айға қалай қолды созбайды?

Күншіл – болады өзі тым рухшыл,  
Қауіп демей өмірде өте тым бұл.  
Надандықпен текті ұлтын тым бөлшектеп,  
Өзгегеге болам демей бір күні құл.

Күншіл – жала жауып жақ ашады,  
Күншілдікпен құпия сырды шашады.  
Өзінен тым шошынып түңілгесін,  
Басқа қонған ырыспен бақ қашады.

Күншіл – күншілдігіне басады,  
Ездікпен тектіден қайтып асады.  
Тектілер сырын жақсы білгесін,  
Күншілдігінен қайтіп сасады?

Күншіл – күндеп тым тасиды,  
Деген оймен күндесем жасиды.  
Күндегенмен тектілер озғасын,  
Жер шұқылап желкесін қасиды.

Күншіл – халқым деп ауыртпайды миды,  
Білмегесін тексіздікпен сыйлаған сыйды.  
Қарғадай боп жүргесін қарқылдап,  
Ой-қиялы көкте қайтіп қалқиды?

Күншіл – тектіні де күндейді,  
Асылды да, дананы да мінейді.  
Іштарлық қылып аққа да күйе жаққасын,  
Тектілердің қадірін еш білмейді.

Күншіл – іштарлық қылып айтады өсекті,  
Өмірде болмағасын ешбір текті.  
Озғаннан соң талапты ер іші күйіп,  
Сақтап жүреді өмірде ішке кекті.

Күншіл өз басын ойлайды тек,  
Қызықтырмай жүргесін ешбір еңбек.  
Асылдарға қабағын түйіп жүреді,  
Тектілер де асылдар да кеткендей кек.

Күншіл шындықты қаламайды ұққанды,  
Шындықтан қалағасын бүққанды.  
Азаматтық, адамдықты көрсетіп,  
Жақтырмағасын көңілден шыққанды.

Күншіл оздырмауға тырысады,  
Өнерімен топты жарғанға ұрысады.  
Су айналмас болғасын ішіде тар,  
Бет ауызы бір уыс боп бырысады.

Күншіл тектіні де жүреді қылжақтап,  
Бос орынсыз жүргесін ыржақтап.



Тексіздікті көрсеткесін ездiкпенен,  
Адамдықты жүрмегесiн ешбiр сақтап.

Күншiлдiң болады көп жаласы,  
iштарлықпен болғасын iште аласы.  
Асылмен де, тектiмен де бұл өмiрде,  
Қараулықпен болғасын көп таласы.

Күншiл – шындыққа сенбейдi,  
Азаматтық, адамдық ой енбейдi.  
Күншiлдiк қараулық қып жүргесiн,  
Надандықпен кеуде қағып мен дейдi.

Күншiл – күндеп маза бермейдi,  
Айтқанменен оң сөзге еш ермейдi.  
Өзi күншiл болғасын iшi де тар,  
Қалайша бәле жала термейдi?

Күншiл күншiлдiк қып ерлейдi,  
Азаматтық, адамдықты жерлейдi.  
Күншiлдiктi серiк етiп алғасын,  
Қызартқанмен қалай ғана терлейдi?

Күншiл күндеуден ұялмайды,  
Күндеп, мiнеп жағы да еш талмайды.  
Ағайынның бәйгеде тайы озса да,  
Күншiлдiгi бойынан еш қалмайды.

Күншiл рухты да тым басады,  
Бастым мен деп өзiнше боп тек асады.  
Тектiменен асылды сүрiндiру,  
Оңай емес, бос, бекер алжасады.

Күншiл – iштарлық қып шығарады дау,  
Тектiнi де, асылды да көргендей жау.



Өзінің еңбегімен озсадағы,  
Жала жауып, күйе жағады адамға сау.

Күншіл – іштарлық қылып кімді шалмайды,  
Шалғандықтың ұяттығын көңілге алмайды.  
Сүзеген бұқадай көзі аларып,  
Соңынан озғандардың еш қалмайды.

Күншіл – бәле-жала теріп жүреді,  
Тексіздікпен бос сөзге де құлақ түреді.  
Адамдарға арамдық ойлағасын,  
Отаным деп қайтіп өмір сүреді?

Күншіл – сәл сүрінсең, күлкі етеді,  
Азаматтық, адамдықтан тез кетеді.  
Тым жымысқы болғанмен өзі күншіл,  
Тектілерге қалайша ол жетеді?

Күншіл өзінен жоғарыға бас иеді,  
Нәнсініп төменгіге тек тиеді.  
Екі жүзді болғасын тым өмірде,  
Қалай ғана халқын ол сүйеді?

Күншілдің көп болады мысқылы,  
Құлқынның да болғасын тым құлы.  
Бағы жанып, байыса зорға сөйлейді,  
Адамдық қылып, сөйлемейді сөз жылы.

Күншіл достарын да жүреді сатып,  
Озса болды аларып көзімен атып.  
Күліп-ойнап жүргенмен мәз болысып,  
Бір дастарқаннан жүрсе де дәмді татып.

Күншіл асылды да мысқылдайды,  
Іштарлық, күншілдігін ар қылмайды.



Тектілер өзін егер мысқылдаса,  
Шағынып өзгелерге зар жылайды.

Күншіл – күншілдіктен іші күйеді,  
Озғандарға күйе жағып жаланы үйеді.  
Күншілдік қылып жүргесін адамдарға,  
Азаматтық, адамдық ойды қайтіп түйеді?

Күншілдің іште таразысы болмайды,  
Сондықтан көңіліне ешкім толмайды.  
Күншілдік қып қысқа ойлағасын,  
Даналықпен ойды да еш шолмайды.

Күншіл жүре алмайды күндемесе,  
Күншілдігі ішіне сыймайды үндемесе.  
Күндеп сөйлемесе іші ауырады,  
Жүре алмайды озғандарды ез демесе.

Күншіл басынады үндемесең,  
Үндемесең жүреді кетіп есең.  
Тексіздікпен шектен шығады,  
Адамдықты көрсетіп адам десең.

Күншіл – сыйлағанды білмейді,  
Сондықтан сөзді құлаққа ілмейді.  
Жақсыны да жүргесін әр кез күндеп,  
Өзгеге қайтіп бақыт тілейді?

Күншіл – бергенін айтып даулайды,  
Даулағасын көңілді қалай аулайды?  
Күншілдікпен бағаны түсіріп жүргесін,  
Қызғалдақтай өсіп қайтіп қаулайды?

Күншіл – тексіздікпен сақтамайды арды,  
Жоқ дейді іштарлық қып барды.

Көрсете алсын қалай ғана жомарттықты,  
Күншілдікпен көрсеткесін іші тарды.

Күншіл – күндемесе ішке сыймайды,  
Бақытпенен шаттықты өзгеге қимайды.  
Надандықпен өмірді сүргеннен соң,  
Күншілдігін іштарлығын еш тыймайды.

Күншіл ойламайды халығын,  
Өмірдегі ең қымбаты – алыбын.  
Қандасында күндеп, мінеп жүргесін,  
Еш сақтамай азаматтық қалыбын.

Күншіл – адамдықты қайтып ұқтырады,  
Момындарды баладай зекіріп бұқтырады.  
Надандықты, жат қылықты көрсеткесін,  
Құрбысына жат қылықты жұқтырады.

Күншіл асылды да жүреді күндеп,  
Ездікпен надандықты жүргесін үндеп.  
Өзіндей күншілдерді жақтағасын,  
Күншілдерді қалайша жүрсін мінеп?

Күншіл жүр алмайды күндемесе,  
Озғандарға жібергендей мүлдем есе.  
Күншілдікпен, тексіздікпен басқа шығар,  
Асылдармен тектілер үндемесе.

Күншіл өсірмейді қолдан келсе,  
Азамат деп адам деп оған сенсе.  
Күншілдік пенделікті көрсетерме еді,  
Азаматтық, адамдық ойға енсе.

Күншіл қалсаң да, озсаң да күледі,  
Күншілдікпен әділдікті қайтіп біледі?  
Озғандардан гөрі қалғандарды,  
Ер екен деп риза боп көзге іледі.



Күншіл асылмен тектіні де шағыстырады,  
Ауыздан да бәле жала бағыстырады.  
Күншілдік қып ортаға от қойып жүргесін,  
Жау қылып бір-бірімен шабыстырады.

Күншіл сүрінтуге тырысып бағады,  
Тектіге де жалған кінә тағады.  
Өзі күншіл болғасын тым іші тар,  
Асылменен тектіге де күйе жағады.

Күншіл жақтырмайды табысыңды,  
Азаматтық, адамдық намысыңды.  
Озғандарға күншілдігін көрсетеді,  
Естігенмен азаматтық дауысыңды.

Күншіл білмейді еш құныңды,  
Сынасаң көтермейді еш сыныңды.  
Өзі күншіл болғасын тым іші тар,  
Айтқанменен жақтырмайды еш шыныңды.

Күншіл – жақсылықты ұмытады,  
Ұмытқасын сүрінгенде тез сатады.  
Адамдықты сақтамай жүргесін,  
Тектілерге қалайша ол жатады?

Күншіл – данаға да жала жабады,  
Жала жауып, бір бәлені табады.  
Күндеп түсіргесін бағаны,  
Күндеген де бәйге атындай шабады.

Күншіл – өрге домаласа тасың,  
Еліңе сыйлы болса тым басың.  
Көре алмай шалып жүреді,  
Тез арада-ақ болып қасың.

Күншіл – ер болмағасын өзі,  
Күншілдікпен көп болады сөзі.



Нағыз ерлер ерлеп тау қопарса да,  
Күншілдікпен ездiкпен көрмейдi көзi.

Күншіл – дос болуға жарамайды,  
Сүрінген де дос едi деп қарамайды.  
Кулықпенен есеппенен дос болғасын,  
Күншілдігі қалай көпке тарамайды.

Күншіл – ұлы істі бұрмалайды,  
Ездiкпенен сөзiн де тұра алмайды.  
Ермін деп кеуде қағып жүргенменен,  
Ұрпаққа азаматтық ойды салмайды.

Күншіл – бағыңның жанғанын қаламайды,  
Топ жарсаңда нағыз ерге баламайды.  
Байқаусыз да жазатайым сүрінгенде,  
Жабылып қалай ғана таламайды.

Күншіл – күндемесе ішке сыймайды,  
Өсектемеуге өсегiн қимайды.  
Озғанды күндемесе санды ұрады.  
Өзi күншіл болғасын өсегiн тимайды.

Күншіл – мән бермейдi тектілікке,  
Азаматтық адамдық естілікке.  
Адамдығың әділдігің бір-ақ тиын,  
Бой алдырып жүргесiн күншілдікке.

Күншіл – үлкенге де жүреді тіл тигізіп,  
Дөкірлікпен жүргізбек боп бас игізіп.  
Бойында адамдығы болмағасын,  
Қалай ғана жүре алсын ой түйгізіп?

Күншіл – дарын болсаң жала жабады,  
Іштарлық қып ойдан құрап мінді табады.  
Күндеп мінеп жүргесiн ездiкпенен,  
Балақтан да жармасып итше қабады.



Күншіл – сақтап жүреді ішке кекті,  
Ойламағасын бірлікті, келешекті.  
Азаматтық адамдықты ойласа егер,  
Кешірімді болмас па еді болса текті?!

Күншіл – асылды да, тектіні де аңдып жүреді,  
Қыраулықпен әділ боп қайтып өмір сүреді?  
Өмірде адамдықты жақтырмағасын,  
Өсек-аян күншілдік сөзге құлақ түреді.

Күншіл – күншілдік қып бәле іздейді,  
Надандықпен кеуде қағып біз дейді.  
Тектіні де тек күндеп жүргеннен соң,  
Қалай ғана сүрінгенге күлмейді?

Күншілдің болады іші тар,  
Тар болғасын қайтып болады бойда ар.  
Адам деп аңғалдық қып сөзіне ерсең,  
Баспанаға боларсың бір күні зар.

Күншіл– күншілдігін көңілге алмайды,  
Күндеп, мінеп жағы да талмайды.  
Тектілерден жүргесін үлгі алмай,  
Күншілдік іштарлығы еш қалмайды.

Күншілдің көп болады міні,  
Адамдықпен шықпағасын үні.  
Жүз жылғыны қозғап жүреді,  
Күншілдікпен өткесін күні.

Күншіл күндемесе ас батпайды,  
Жағы қарысқандай үн қатпайды.  
Қабағы жүреді қыртыстанып,  
Күндегенше біреуді түк татпайды.

Күншіл озғандарды сынайды,  
Көзін құрту керек деп мұндайды.

Аңғалдық қып өзінен сақтанбаса,  
Озғандарды сүріндірмей тынбайды.

Күншіл сүрінгенді қозғайды,  
Деген оймен қозғасам озбайды.  
Дарынды ерлер топ жарғасын,  
Айға қолды қалай созбайды.

Күншіл қалғандарды жақтайды,  
Жақтағасын сенімді қайтып ақтайды.  
Қалғанына риза болғаннансоң,  
Жерге сиғызбай қатты мақтайды.

Күншіл ешкімді ер тұтпайды,  
Ер сөзін қалайша құптайды.  
Ездікпен өзі қырсық болғасын,  
Азаматтық сөзді қалай жұтпайды?

### Өсекші

Өсекші өсек іздеп үйді аралайды,  
Біреуді даттап, біреуді қаралайды.  
Өмірде өсекті тым ұнатқасын,  
Өсегімен жүректерді жаралайды.

Өсекші азаматтығыңа қарамайды,  
Қарамағасын өсегі қайтіп тарамайды?  
Өсекшілікпен көзге ілінгесін,  
Арсыздық пен достыққа жарамайды.

Өсекші өсекшілігін көңілге алмайды,  
Өсекшілік әдеті ешбір қалмайды.  
Іші толып тектіні де өсектегесін,  
Өсек деген де алдына жан салмайды.

Өсекші өсекке тым нанады,  
Өсек десе, көзі тым жанады.



Өсекпенен уақытты текке өткізіп,  
Асылды да өсектесе айызы қанады.

Өсекші ұялмай айтады өсекті,  
Өзгеге атқандай боп кесекті.  
Алжасып жүргесін тал түсте,  
Қалай ғана болады тым текті?

Өсекші жүреді тым есіп,  
Өсегі кетердеи боп іш тесіп.  
Тасасында өзінің шаттанады,  
Өсегімен жүргесін жол кесіп.

Өсекші сақтамайды теңдігін,  
Көрсете алмай адамдық кеңдігін.  
Момындарға күн көрсетпейді,  
Бағаламай іштарлық қып еңбегін.

Өсекші өсекті жүреді қуып,  
Ерлікке жүргендей белді буып.  
Құрбылары өзінен түңілгесін,  
Көңілдері қалады қатты суып.

Өсекші жүреді жылмиып,  
Өсекшілерді қасына тек жиып.  
Тектілер сөзіне еш сенбейді,  
Өсегін жүре алмағасын еш тиып.

Өсекші өсек айтса, жан салмайды,  
Өсек айтып, ар-ұят еш қалмайды.  
Ортаға да сыпсыңдап отты тастап,  
Жағы да өзі өсектен еш талмайды.

Өсекші өсекті тыңдайды ұйып,  
Құлаққа алмақ болып тым құйып.  
Өсек айтып жүргесін алжасып,  
Өсектейді досын да тек қиып.

Өсекші сөйлемейді ауызды бағып,  
Өтірікке жүргесін судай ағып.  
Өсекке тым үйір болғасын,  
Халқына жүреді қайтіп жағып.

Өсекші өсегін тыя алмайды,  
Айтпауға өсегін қия алмайды.  
Бірге бірді соққасын өсекті айтып,  
Арсыздық қып өзі еш ұялмайды.

Өсекші ойламайды адамдықты,  
Өсекті айтып көрсеткесін надандықты.  
Ауызға келгенді айтып алжығасын,  
Тексіздікті көрсетеді жамандықты.

Өсекші сөйлейді кетіп кері,  
Өсек аяң болғасын жүрген жері.  
Өтірікті құрастырып жүргесін,  
Бір-біріне жұқпайды еріндері.

Өсекші бақты тайдырады,  
Отты тастап, досыңнан айырады.  
Көп көзінше бағанды тым түсіріп,  
Шарықтайтын қанатыңды қайырады.

Өсекші ағайынмен шағыстырады,  
Шағыстырып жалған кінә тағыстырады.  
Іштарлықты көрсеткесін ағайынға,  
Бір-бірімен қалай ғана табыстырады?

Өсекші өсекпен бәле жала таратады,  
Өсек айтуды тым қатты жаратады.  
Өмірде адамдықты білмегесін,  
Досын да қара жерге қаратады.

Өсекші даланы да кезеді,  
Өсек айтып ұяттан безеді.  
Ездікпен бос сөзді айтып,  
Бос бекер малтаны езеді.

## МАЗМҰНЫ

Авордан.....	3
Егемендіктің отыз жылдығымен құттықтаймын!.....	5
Адамзат, бауырымсың менің жақын.....	11
Жаңа жыл .....	14
Қаратал .....	17
Мың толғанып ойлаймын елдігімді.....	22
Жамбыл атаға арналады.....	25
Бауыржан батыр атаға арналады .....	34
Қараталды жағалаймын мұңайған да.....	42
Әкім ініме.....	50
Қаңтар оқиғасына арналады.....	53
Соғыс ардагерлеріне арналады .....	63
Нағыз жігіт бол деуші еді әкеміз.....	68
Тұманбай ақын ағаға арналады.....	77
Солдат сағынышы .....	82
Құрдастарға.....	99
Жеңгеме.....	103
Жастарға .....	112
Қарлығаш ұя салғанда .....	117
Киесі ғой кең даланың, киіктерді атпайық! .....	126
Кеңірдектің кеңдігін тимаған – бәлеге жолығар.....	131
Ана тілің мақтанышың .....	134
Өзімменен сырласу .....	139
Бұлбұлға.....	148
Асқар досы сүрінгенде, көмек қолды созбады.....	151
Сәкен құрдастың алпыс жылдығына арналады .....	165
Өсек айтпай сақта, інім, елдігіңді! .....	185
Әлжанов Нығымет құрдасыма арналады .....	194
Араққа ұсталды Ғылымхан.....	201
Ұлым Серікке .....	207
Кенже қызым Гүлжанға.....	214
Ақылды Мақсат.....	217
Арызқой.....	221

Достар еді шыңға да жүрген көзді сап .....	225
Жастарға арналады .....	233
Жөңкілген ала бұлт .....	240
Ұрпағыммен бақыттымын өмірде .....	244
Мысық балаларын құтқарғанда .....	252
Рушыл бір ініге .....	271
Далам менің көрікті, көзді тартқан .....	274
Қалдарбеков Бейбіт ініме арналады .....	278
Қызықты жаз айы .....	286
Бір құдашаға .....	290
Жанардағы мұң .....	296
Шабыт келіп есігімді қаққандай... ..	299
Кішкене екі көжек .....	301
Бір кездері едік-ау біз де бала... ..	315
Өмір де керек адамдық .....	321
Жалындадық жас кез де.....	332
Бір келінге .....	335
Өмірде бол төзімді .....	338
Азамат боп бұл ғаламға толғаным .....	341
Шыр етіп келдік өмірге .....	345
Жанар құдашаға арналады .....	362

### СЫН-СЫҚАҚ ӨЛЕҢДЕР БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Өтірікші Манап .....	372
Кәрімбек .....	382
Марғұлан .....	388
Жалақор Жанатбек .....	398
Пысық бала Құмарбай .....	402
Көк құтан мен бақа .....	405
Жалқау бала Мұнарбек .....	435
Анарбек .....	439
Асқар шылымға үйір болып, зорға тастады .....	453
Жақсы бала Дауренбек .....	458
Қарға мен бұлбұл .....	460

Жалақор Садыр .....	468
Сырттан ит пен түлкі .....	471
Қарлығаш ұясын бұзған Есімбек түзелді .....	484
Болат пен Дулат .....	494
Жандарбек араққа құмар болды .....	517
Сейіт түзелді .....	526
Адал бала Мейрамбек .....	539
Тастады Бекет шылымды .....	546
Батыр бала Аманбай .....	549
Бар ұлтты Ерік сыйлаған .....	552

### МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Жарың жақсы болса .....	556
Жақсы адам .....	562
Жақсы келін .....	578
Нағыз ер .....	581
Текті адам .....	585
Жақсы болсаң .....	588
Батыр .....	591
Өзіне келгенде... ..	595
Көп оқыған .....	603
Адал дос .....	606
Күншіл .....	609
Өсекші .....	618



**Нұрмұханбетұлы Мұрат**

# **ГҮЛДЕНУДЕ ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАНЫМ!**

*Компьютерде беттеген Ш.Айтмұқұшева  
Көркемдеуші дизайнер Н.Жетіген*

Басуға 20.01.2023. Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі «Times New Roman». Сықтықар қағазы.  
Көлемі 39,0. Таралымы 40 дана. Тапсырыс №21.

«NURBOOK» баспасының баспаханасында басылды